

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитеті  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

XIX Әуезов оқулары аясында  
**«М.О. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ Қ. МҰХАМЕДХАНОВ:  
АБАЙТАНУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ МҰРАТТАРЫ»:**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары

*26 қыркүйек 2023 жыл*

Алматы, 2023

ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)  
М 80

**ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Ғылыми кеңесі басуға ұсынған**

*Басылым BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті  
мәселелері» іргелі зерттеулер бағдарламасы аясында әзірленді.*

**Редакциялық алқа:**

К.І. Матыжанов (төраға), А.Қ. Қалиева (төрағаның орынбасары, жауапты  
шығарушы), Т.Е. Қыдыр., М.М. Әуезов, Д.А. Қонаев  
(жауапты редактор), Г.Ж. Пірәлі, Е.Ханкей, С.Мұқатаева,  
Ш.М. Әмірбаева (құрастырушы).

**Пікір жазғандар:**

PhD Г.Р. Сәулембек,  
PhD А.Б. Кенжеғұлова.

**М 80 «М.О. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ Қ. МҰХАМЕДХАНОВ: АБАЙТАНУДАҒЫ  
ЗЕРТТЕУ МҰРАТТАРЫ»:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары / жауапты редактор Д.Қонаев, А.Қалиева (жауапты шығарушы),  
Ш.М. Әмірбаева (құрастырушы). – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты, 2023. – 288 бет.

**ISBN 978-601-08-3646-4**

Ұсынып отырған жинақта «XIX Әуезов оқулары» аясында  
ұйымдастырылып өткізілген «М.О. Әуезов және Қ. Мұхамедханов:  
абайтанудағы зерттеу мұраттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның (2023 жылы 26 қыркүйек) материалдары топтастырылды.  
Алыс және жақын шет мемлекеттердің ғалымдары мен қазақстандық  
мамандар қатысқан конференцияда М.О. Әуезов және әлем әдебиеті, Абай  
мұрасы және Алаш қайраткерлері, Абай және М.О. Әуезов шығармаларының  
текстологиясы, әлемдік өркениет контексіндегі музейлендіру мәселелері,  
әуезовтанудағы Қ.Мұхамедханов еңбектері, ұстаз бен шәкірт: ұрпақ тағзымы,  
әдеби байланыс, көркемдік интеграция мәселелері, фольклортану мәселелері,  
қазақ әдебиетінің даму үрдістері сынды ғылыми аспектілер зерделенді.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен оқытушыларға, магистранттар,  
докторанттар мен студенттерге және жалпы оқырманға арналған.

**ISBN 978-601-08-3646-4**

**ӘОЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5Қаз)**

© М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2023  
© ЖШС «Литера-М»

**КЕНЖЕХАН МАТЫЖАНОВ,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының бас директоры,  
филол.ф.д., ҚР ҰҒА корр. мүшесі

## **КІРІСПЕ СӨЗ**

### ***Қадірлі әріптестер!***

Бүгінгі «Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов: абайтанудағы зерттеу мұраттары» атты халықаралық конференциямызға қош келдіңіздер!

Конференцияға отандық және алыс, таяу шет елдік жетекші ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жас ғалымдар тікелей және қашықтан қатынасып отыр. Ұстаз бен шәкірт сабақтастығы мәселесін тарих пен ұлттық мүдде, білім мен ғылым, өсиет пен аманат сынды биік адамгершілік құндылықтардың шегінде пайымдауға атсалысып, арнайы баяндамамен конференциямызға үн қосқалы отырған барша әріптестерімізге алғыс білдіреміз. Сонымен қатар бүгінгі шараны бірлесіп өткізуге мұрындық болған Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығына және оның басшысы – Дина Қайымқызы Мұхамедханға ризашылығымызды білдіреміз.

Өздеріңіз білесіздер, осыдан бір жыл бұрын Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлына ескерткіш орнатылған болатын. Бұл ескерткіштің Алаштың төрінде – Семей қаласында тұғырына орнауы тарихи уақыт пен кеңістік тұрғысында аса маңызды құбылыс болды. Ескерткіш ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың қатысуымен ресми түрде ашылғанын баршаңыз жақсы білесіздер. Зиялы қауым, білім мен ғылым әлемі ұлы Мұхаң мен Қайым Мұхамедханұлына қойылған ескерткішті бүгінгі таңда ұлағатты ұстаз бен адал шәкірттің айнымас символы ретінде бағалайды.

Бүгінгі шараның атауында ұлттық тұлғатанудағы үш әйгілі есім тоғысып тұр. Бұлай болуы заңды да. Себебі Абай – Мұхаңның да, оны адал шәкірті Қайым Мұхамедхановтың да әдеби, ғылыми шығармашылықтарының өзегі. Сондықтан конференцияны осы жерде өткізіп отырғанымыздың өзіндік символдық мәні бар. Біз бүгін Мұхтар Әуезовтің киелі шаңырағында Абай шығармаларының текстологиясы, ақындық мектебі, шығармашылық байланыстар,

Абай мұрасы және Алаш қайраткерлері, абайтану мен әуезовтанудағы Қ.Мұхамедханов еңбектері, әлемдік өркениет контексіндегі музейлендіру мәселелері төңірегінде сан тараудан тоғысатын абайтану, әуезовтану, қайымтану проблемаларын жан-жақты зерделемекпіз.

Ал енді бүгінгі алқалы жиынды ресми түрде ашық деп жариялаймын!

## ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
ф.ғ.д., профессор

### АБАЙДЫҢ БІР СӨЗІ ТУРАЛЫ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ БІР АУЫЗ ТҮСІНДІРМЕСІ

Абай «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңінде «мені» мен «менікі» жайындағы ойларын тарата келіп, мынадай өлең жолдарын ұсынатыны бар:

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,  
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.  
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –  
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде [1, 265].

Өлең жолдарындағы адамның қабірден әрі өткендегі *жолдасы* туралы ойдың мәнісі тереңде. Адамның қабірден әрі өткендегі *үй жолдасы* қандай жолдас. Қабірден әрі өткен адамда *үй* бола ма, *үй жолдасы* бола ма? Адам қабірден әрі өткенде қандай *үйде* тұрады? Ақынның өлеңін оқыған бүгінгі оқырман санасында осындай сұрақтар анталап тұруы ықтимал. Бұл сұрақтарға лайықты жауап беру оңай емес.

Қайым Мұхамедханов Абай өлеңінің осы шумағындағы төртінші тармаққа арнайы тоқталып, оның 1909 жылғы кітапта:

*Ой жолдасың* қабірден әрі өткенде, -

деп басылғанын, 1933, 1939, 1945, 1957, 1977 жылдары шыққан жинақтарда:

*Үй жолдасың* қабірден әрі өткенде, -

деп басылғанын, 1954 жылғы басылымда:

*Үш жолдасың* қабірден әрі өткенде, -

деп берілгенін көрсетеді [3, 328-329].

Қайым Мұхамедханов Абай өлеңінің осы шумағындағы төртінші тармаққа арнайы тоқталып, оның 1909 жылғы кітапта:

Ой жолдасың қабірден әрі өткенде, -

деп басылғанын көрсеткенде, «Ой жолдасың...» дегендегі **о** баспаның қате жазғаны емес пе екен деген ой туады.

Ақын кітабының 1909 жылғы басылымында осы тармақ «Ой жолдасың...» деп басталмайды, «Үй жолдасың...» деп басталады. Олай болатыны кітапта «Үй» деген сөздің бірінші әрпі **ү** екі таңбамен берілген: **ا و** Мұны **о** деп оқудың жөні жоқ. Кітаптың 55-бетінде суреті берілген төрт жолға назар аударайық:

- 55 -

(6)

كوك طوعان آلدینكداعی كیلار زمان . اومیتندی ساوله اینب کوزکوب قادالغان  
کوب جلددار کوب کوندی آبداب کیلاجاطر \* صفاة جوق سورانده جوق کوزیم طالغان

Алдыңғы екі тармақтың қазіргі жазудағы үлгісі мынадай:

Көк тұман – алдындағы келер заман,  
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған [4, 55].

Екінші жолдағы **Үмітті** деген сөздің басындағы **ү** әрпінің жазылуына назар аударайық: **ا و** - **ү** әрпі бұл жерде де осындай екі таңбамен берілген: **ا و**

Салыстырулардан белгілі болатыны – сараптау нысаны болып отырған сөз тіркесі ақынның 1909 жылы жарық көрген кітабында да **Үй** [5, 55] **жолдасың** болып жазылғаны:

--- 55 ---

(6)

كوك طوعان آلدینكداعی كیلار زمان . اومیتندی ساوله اینب کوزکوب قادالغان  
کوب جلددار کوب کوندی آبداب کیلاجاطر \* صفاة جوق سورانده جوق کوزیم طالغان  
اول کوندار اوتکان کونین باری بر باص \* کیلار کیستار آرطیسنه اینب قالدیرماس  
صوتک بری آرناولی طاوصینجیق کون \* آرعسمین سراق الله بلادی راص  
آقل مین جان مین اوزیم تن مینیک \* مینی مین مینیک نینک معناسی ایکی  
من اولماککه تعدیر جوق اول باصدان مینیک اولسه اولسین اوغان بیکی  
چراقسدار اینطالارینک مینیکسنده \* تن قومارین ایندایسین کونی تونده  
آдалاینس آریلیق محبتین اوی جولداصینک قبردان آری اوتکانده

Ендігі тұста осы сөз тіркесінің қалған екі нұсқасының бірін таңдауға тура келеді: *Үй жолдасың* және *Үш жолдасың* деген екі нұсқаның қайсысы қисынды болмақ? Қайым Мұхамедханов кейінгі нұсқаны лайықты көреді:

Әділет пен арлылық, махаббатпен –  
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, –

деп оқысақ, ақын сөзі өзінің дұрыс қалпына келеді деп біліміз» [6, 329].

Біз Қ. Мұхамедхановтың пікірін қисынды көреміз. Ғалым осы пікірін өз зерттеулерінде бір емес, бірнеше рет айтып, жеткілікті негіздегеніне қарамастан, көрсетілген сөз тіркесі өзгерместен ақын кітаптарының кейінгі басылымдарында *Үй жолдасың* болып жазылып келеді. Біздің ойымызша, *үй* сөзін *үш* сөзімен алмастыру қисынды болмақ. Ақынның:

Әділет пен арлылық, махаббатпен –  
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, –

деуінің халықтың дәстүрлі дүниетанымына негізделген тиянағы бар. Адам баласы жерленгеннен кейін, ол үшін «қабірден әрі өткенде» үй болмайды, үй болмаған соң үй жолдас та жоқ. Пайғамбар (с.а.с.) хадистерінің бірінің мазмұны біздің заманымызға мына төмендегідей болып жеткен: *Адамның үш жолдасы болады: бірі – өлгенше жолдас; екіншісі – көмгенше жолдас; үшіншісі қияметқаймға дейін жолдас. Адамға өлгенше жолдас болатын – оның дүние-мүлкі, көмгенше жолдас болатын – оның туған-туыстары мен жақындары, қияметқайымға дейін жолдас болатын – оның тіріде істеген істері* [6, 191].

Адам баласының осы үш жолдасы туралы ілкіден бері келе жатқан ұғым-түсінік Абайды көп ойландырып, көп толғандырған. Осы сарындағы ойлар мен толғаныстар негізінде Абай өз ілімінің жүйесінде адамның тағы бір үш жолдасы туралы бұрын-соңды айтылмаған тың поэтикалық ой ұсынады.

Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде адамға қияметқайымға дейін бірге болатын жолдасы оның тіршілікте істеген істері екеніне қайта назар аударайық. Адамның тіршілікте істеген істерінің жақсысы да, жаманы да болатыны анық. Ақын өзінің көркемдік ойлау әлемінде адамның тіршілікте істеген істерін саралап жатпайды, олардың орнына өз ілімінің негізін түзген ұлттық рухани құндылықтардың қатарынан үш асыл құндылықты

таңдап алады: әділет; арлылық; махаббат. Қиаметқайымда адам баласының жанына қорған болатын, оны азаптан қорғайтын - осы үш жолдас. Ақынның поэтикалық танымында адам баласы дүние тіршілігінде осы үшеуін жолдас етіп өтетін болса, осы үш жолдасы оны қабірден әрі өтіп, Алланың алдында есеп бергенде де сенімді серігі болады. Бұл ой – Абайдың ақындық даналығынан туған ой. Мұндай даналық ойды әлем данышпандарының ешқайсысы айтпаған. Ақын даналық ойын даналық үшін айтпайды, заман адамдарының пайдасы, игілігі үшін, олардың үлгі, ғибрат алуы үшін арнайы мән беріп айтады. Пайғамбар (с.а.с.) хадистерінде айтылғандай, адамның адам баласына беретін сыйлықтарының алды – жақсы, асыл сөз. Жақсы сөз дегенде, ақиқат жолындағы жандардың ойында Құран сөзі, Пайғамбар (с.а.с.) хадистері тұрады. Жақсы сөзді естіп, ойына тоқыған кісі өзгелерге де соны насихаттап, сол сөзге лайықты іс қылатын болса, оның игілігі жаратушыға жыл бойы құлшылық қылғаннан кем түспейді [7, 78]. Халық даналығында сақталған «Жақсы сөз – жарым ырыс», - деген сөздің мағынасында осы ұғымның мәні бар. Жақсы сөзді естіп-біліп, іздеп тауып, басқаларға айтып, түсіндіру, насихаттау – дүниедегі ең ізгі, игілікті істердің қатарына жатады [7, 76-77]. Абайдың өз заманының адамдарына жан аямай жақсы сөз айтып, оларға үлгі-өнеге таратуының негізінде осындай терең танымның сәулесі бар. Осы реттен келгенде де, *үй жолдас* орнына *үш жолдас* деу орынды.

Ұсыныс: Абай шығармаларының алдағы уақыттағы басылымдырында осы сөзді Қайым Мұхамедхановтың түсіндірмесіне сай *үш жолдасың* деп жазайық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.

3. Мұхамедханов Қайым. Көптомдық шығармалар жинағы. IX том / Жауапты ред. Т.Қ. Жұртбай; құраст. баспаға дайынд., түсінікт. жазғ. Е.И. Іргебай. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. – 384 б.

4. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі (Репринттік басылым) / Жалпы редакциясын басқарған: т.ғ.д., профессор М. Ескендіров; жоба жетекшісі А. Еспенбетов; құрастырушылар:



А. Еспенбетов, А. Смағұлова, М. Өндірқан. – Нұрсұлтан: Фолиант, 2020. – 248 б.

5. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1619843&simple=true#>

6. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі. Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары. – С.-Петербург: «Восточная» электро-печатня. И. Бораганский. – 1909 г. / Жауапты ред. Ысмағұлов Ж.; баспаға әзірлегендер: Әлібеков Т. (жауапты шығарушы), Әлібекұлы А., Қосан С. – 2-бас. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2009. – 328 б.

7. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1178502&simple=true#>

8. Аль-Газали, Абу Хамид. Исследоание сокровенных тайн сердца / Абу Хамиды аль-Газали. Пер. с арабского. – 3-е изд. – М.: Издательский дом «Ансар», 2008. – 472 с.

9. Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. Ихиа улум ад-дин» (Возрождение религиозных наук). Том I. Первая Четверть о видах поклонения. Часть I / Перевод с арабского: Насыров И.Р., Ацаев А.С. – М.: Издательский дом «Нуруль Иршад», 2007. – 582 с.

**ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ,**  
Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,  
филол.ғ.д.

**ӘУЕЗОВ – «СТАЛИННИҢ ФАВОРИТІ» ЕМЕС!  
(М. ӘУЕЗОВКЕ ЖАБЫЛҒАН БІР ЖАЛА ЖАЙЫНДА)**

«Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов: абайтанудағы зерттеу мұрағтары: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасалған баяндама. 26 қыркүйек, 2023 жыл. Алматы.

Қадірлі зиялы жамағат!

Жалпы, қанша көнтерлі болсаң да, шыдамның да шегіне жететін шағымды шағы болады. Ой-пікірімізді, парасатымызды, тұлғалық ар-ожданымызды былай қойғанда, рухани қасиетіміз, ұлттық рухымыз, тарихи таным-санамыз ретінде саналатын Абай мен Әлиханның, Ахмет пен Міржақыптың, Аймауытов пен Әуезовтің жанкешті мұраларын қорлап, біз бүгінгі тағзым етіп отырған Мұхтар Әуезовті адамзат тарихындағы ең қансоқталы узурфатор «Сталиннің фавориті» еді деп жариялап, оны дүние жүзі деңгейіндегі «плагиаттық» пен «фалсификаторлықтың» үлгісі ретінде ұсынып, мазақ етіп, күресінге айналдырғанына төрт-бес жылдың ауаны болды. Соған шамырқанған, не шіміркенген бір жан, не солардың атын иемденіп, жанын бағып отырған мекеме болсашы? Сонда, кешегі кеңестік қысым қылғындырып, буындырып, атып-асып, Қайым сияқты рухы беріктерді ыстық-суық камерада қинағанда да, Абайдан, Әуезовтен бас тартпаған жанкештілердің еңбегі, шынымен де, еш кеткені ме? Міне, осы менің жаныма батады. Сондықтан да, Абай, Әуезов, Мұхамедханов мұрасына арналған осы ғылыми-тәжірибелік конференцияға біздің қазақ қоғамының намыссыз немкеттілік жайлаған қазіргі күйіне сондай бір шамырқанулы, екіұшты, шарасыз наламен келіп отырмын. Өйткені, Абайды қорғайтын – Әуезов, Әуезовті қорғайтын – Мұхамедханов жоқ. Қайым жоқ. Бірақ, сол Қайым дегдардың әрі асыранды он бірінші баласы, әрі шәкірті ретінде Қайымның орнына мен сөйлеп тұр деп есептеңіздер. Демек, менің бұл сөзімді Қайымның маған өсиеттеп кеткен тапсырмасының бірі деп қабылдаңыздар. Бұлай сөйлеуіме, сенімді, намысшыл, әке аманатына адал Дина Қайымқызы кепілдік береді және қостайды деп сенемін. Иә, Сіздер, менің мұншама таусыла шіміркеніп сөз бастауымның астарын түсініп отырсыздар. Сөзді осылай

шамырқанып бастамасқа амалым да қалмады. Өйткені, бүкіл бір ұлттың руханият киесіне айналған Абайдың жүрегіндегі бейнесін орынынан суық та сұғанақ сөздерімен суырып алып: «Абай деген де, Ибраһим деген адам да, ақын да болған жоқ! Абай деп жүргендерің қолдан жасалған идеологиялық қуыршақ!», – деген арандата ұрандаушы адам туралы бұдан өзге орайлы байлам ойыма оралмады.

Оның қылғына отырып куәландыруынша, Абай:

**«Біріншіден, «Ибрагим Құнанбай» деген адам ақын болмаған. «Абай өмір сүрген жоқ» және:**

**Екіншіден, біз қазір «Абай» деп танитын адамның ол кезде «Абай» деген лақап аты әлі болмаған.**

**«Слова назидания» побуждали казахов презирать себя, своих предков, язык и культуру» (Біз барлық дәйектерді желідегі тілдік мәтін бойынша береміз), яғнай, Абайдың «Қара сөздері» («Ғақлия сөздері») қазақтардың өздеріне, ата-бабаларына, тілі мен мәдениетіне деген жеккөрінішін оятты» – деп дүние қауымына жар салған өрекупін оқыған соң, дымымыз шықпай қалды.**

Оның бірінші үкім-қорытындысы: **«Существовал ли казахский поэт и философ «Абай Кунанбаев», выучивший русский язык за три месяца в приходской школе, а потом, будучи, как и все его соплеменники, сезонным кочевником, без какого-либо формального образования самостоятельно углубившийся в труды западных мыслителей и русских классиков? Мой ответ: нет, не существовал и не мог существовать. Этому вопросу я посвятила все 8 глав статьи «Загадка Абая» (<https://elimai.kz/zagadka-abaya-velichajshij-neizvestnyj-poet-kazaxstana-vi.html>) и две главы статьи «В поисках «Абая»: письма Адольфа Янушкевича, ещё одна советская подделка» (<https://dialog.kz/articles/kultura/2022-05-26/zaure-bataeva-v-poiskah-abaya-pisma-adolfa-yanushkevicha-eshchy-odna>)».**

Міне, осы атышулы – 3.Батаева, алты-жеті жылдан бері желқабыз желі арқылы «Абай жұмбағы: Қазақстанның белгісіз-ұлы ақыны»: 1.<https://www.zaurebatayeva.blog/post/>); 1. «Загадка Абая» (<https://elimai.kz/zagadka-abaya-velichajshij-neizvestnyj-poet-kazaxstana-vi.html>) и две главы статьи 2.«В поисках «Абая»: письма Адольфа Янушкевича, ещё одна советская подделка» (<https://dialog.kz/articles/kultura/2022-05-26/zaure-bataeva-v-poiskah-abaya-pisma-adolfa-yanushkevicha-eshchy-odna>); 3.<https://exclusive.kz/slova-nazidaniya-pobuzhdali-kazahov-prezirat-sebya-svoih-predkov->

yazyk-i-kulturu/: и 4.<https://exclusive.kz/pochemu-i-zachem-biografi-velikih-kazahov-sozdayut-rossiyane/> – деген дақпырт тақырыппен, өзгені емес, біз рухани тұлға ретінде бас иетін тура Абайдың өзін қорлап қана қоймай, сонымен қатар сол арқылы қазақты қорлап сөйлеуді тақыстық машыққа айналдырып алды. Ондай адамның да, ақынның да болмағанына ұлттық ар-ожданымыздың кепіліне балайтын Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Ж.Аймауытовты, М.Әуезовті жалған куәлікке тартып, олардың өзін – «плагиат», «фальсификатор», «Сталинның фавориті» деп жариялап, сондай бір бейпіл жаламен ешқандай именусіз дүние оқырманын арандатып келеді. Бұған да можантопайлықпен көндігіп қалып ек, оның бұл сандырақтарын әлемдік деңгейдегі жаңалық ретінде жарнамалаған, аты бізге беймағлұм Мерей Сүгірбаева деген блогерге берген кезекті «мардымсуындағы» (түпнұсқа бойынша берілді):

**«10/01/2023 Қазақстанский филолог и культуролог Зауре Батаева, давно и успешно работающая за рубежом, выступила с сенсационными статьями о том, что автором «Слов назидания» является не Абай, а Мухтар Ауэзов и один из лидеров «Алаш-Орды» политтехнолог Алихан Букейханов. В пользу ее версии говорит то, что архивы автора «эпопеи казахской жизни» засекречены до 2093 года», – деген жауапсыздықпен берілген бейәдеп таныстыруы тітіркендіріп-ақ жіберді.**

Енді қайтейік, бүкіл ғұмыр-санаңды баураған, «ақыл сусыны», «жүрек жұбанышы» деп жүрген Абай «жексұрын сөздің» иесі, ал, қазақтың рухани азаттығының кепілі деп жүрген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов – «плагиат», «фальсификатор», «Сталиннің фавориті» болып шықса. Бүкіл өміріңнің мақсаты мағынасызданып, босқа өмір сүргендей, қорланып кетеді екенсің.

Енді, жоғарыдағы «Мүнәһибтан» кейін, Абайды жайына қалдыра отырып, тақырып арқауы Мұхтар Әуезовтің жайына көшейін.

3. Батаева: 1900 жылдары қазақ тіліндегі кітаптар Санкт-Петербургте емес, Қазанда немесе Орынборда шығарылған еді. Онда Абайдың суреті жоқ еді» – дейді. Бұған тоқталып жатпаймын. Тек жапон ғалымы Томохико Уяманың бұл кітапты қайдан табуға болатыны туралы:

**«Ол Абайдың алғашқы кітабын 1909 жылы Санкт-Петербургте И.Бораганскийдің баспадан шығарғанын растау**

мүмкін емес деп айтады, өйткені Орталық академиялық кітапхананың сайтында басылымның мәліметтері бар титулдық парақ кітаптың екі электронды нұсқасында жоқ. Бірақ басқа кітапханаларда, соның ішінде Санкт-Петербургтегі орыс ұлттық кітапханасында да бұл кітап бар. Қ.Мұхамедхановтың Бораганский туралы кітабында титул парағының фотокошірмесі бар», – деп кеңес бергенін назарға сала кетеміз.

Міне, осы кеңесте З.Батаеваның:

**«Оған қоса, Мұхтар Әуезов 1940 жылдары Абайдың ешқандай суреті жоқ екенін басып айтқан еді... Ал осы кітаптардың біріндегі Абайдың суреті қайдан жүр?», – деген сұрағына да жауап берілген.**

Расында да, қайдан жүруші еді, сол 1909 жылғы кітаптің ішінде, Кәкітай жазған өмірбаянның алдында Абайдың аты-жөнімен қоса, туған-өлген жылы көрсетіліп тұрып түскен суреті бір бетке тұтас жеке берілген. Ал, осы кітаппен он үш жасынан таныс Мұхтар Әуезов ол суреттің барын білмеді – деу еш қисынға келмейді.

**«Осы аталып отырған жылдардан кейінгі уақытта Мүрсейіттің «қолжазбасы» қайда болыпты? Бұған да жауап жоқ. Бір білеріміз – Мүрсейіттің «қолжазбалары» бұқараға тек қана 1950 жылдары таныстырылды. ...Абайдың 2005-ші жылғы толық жинағын әзірлеген редакторлардың сөзіне сүйенсек, 1907-жылғы көшірмесі 1950-жылдарға дейін Мұхтар Әуезовтің жеке меншігінде болып, қазір Мұхтар Әуезовтің музейінде екен».**

З.Батаева дұрыс айтады, ол қолжазба «Әуезов үйі» мәдени орталығының қорында, сол сәреде сақтаулы тұр. Мұны, осы мұражайдың бұрынғы қызметкері ретінде растай аламыз. Ал, Орталық музейде Мүрсейіттің тағы бір қолжазбасы бар. Оны Абайдың немересі Уәсилә Мағауияқызынан сол кездегі музей директоры Әбіш Жиреншин сұрап алған. Музейдің кейінгі директоры Нұрсан Әлімбаев бұл қолжазбаның текстологиялық тұрғыдан салыстырылған нұсқасын түсініктер бере отырып жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Үш-өрт жыл бойы санамды езіп, зықымды алған ойларымды аяқтай бергенімде, Аста-фиралла! – былтыр желіден тағы да сумаң етіп З.Батаева мен М.Сүгірбаеваның:

**«12/01/2023 Опубликованная вчера первая часть интервью с филологом Зауре Батаевой вызвала бурную реакцию у читателей. Нашлись как сторонники, так и ярые противники**

выдвинутой ею версии... Сегодня мы публикуем вторую часть интервью с ней, где Зауре утверждает, что: «ни для кого не секрет, что прототипами многих текстов, вошедших в корпус «Слов назидания», являются статьи других авторов, в частности, Алихана Букейханова (Дала Уалатының гәзеті, 1889) и Жусипбека Аймауытова (журнал «Абай», 1918). Таким образом, «Слова назидания» несут в себе отпечатки как фальшивки, так и плагиата», – деген «сандырақтың сандырағы» шыға келгенде, жағамды ұстадым.

Өздерін-өздері жебеп, мардымсыған бұл сұқбатында, З.Батаева ӨЗІН енді қорытынды жасап, үкім шығаратын соттың эксперти дәрежесіне көтеріп, жоғарыда көрсетілген барлық еліре-елегізген бейбастақ қисындарын «тұжырымдапты». Желідегі жетектеуші М.Сүгірбаева:

**«Как общественность и в первую очередь исследователи-литературоведы творчества Абая, а также историки, специализирующиеся на XIX веке, восприняли ваши работы? К слову: поэту Евгению Курдакову, когда он, исследуя биографию Абая, пришел к выводу, что тот употреблял опиум, пришлось, как рассказывал культуролог Ауезхан Кодар, уехать из страны» – деген арандатушы сұрақ береді.**

Оған З.Батаева:

**«Евгений Курдаков, будучи сам поэтом, как никто другой понимал, что лирика – это внутренний мир поэта, его личный опыт и переживания, поэтому он был совершенно прав, пытаясь найти личность поэта в самих текстах», – деп жауап береді.**

Сөйтіп, Абайды апиыншы деп бүкіл елді шулатқан Е.Курдаковтың сандырағын «дұрыс» деп есептейді. Біз, Е.Курдаковтың «Смерть Абая» (Абайдың өлімі) атты («Книжное обозрение», 17 августа 1990 года) сандырағына орай кезінде «Екіестінің елегізуі немесе Абайға араша» (Қараңыз: «Ол боламын демендер!...» Астана, 2021, 584 б., 184-193 беттер) атты жауап жазғамыз. Есті ақын болатын, ақыры көптің ұятына шыдамай, «шет елге паналауға», яғнай, ол кезде шекарасы белгіленбеген Алтай өлкесіндегі іргелес жатқан ауылына кетті деп естігеміз. Кейінгі тағдырын білмеймін. Жолы болсын.

Бұған назар аударуымыздың бір себебі, осы арада бір кілтипанның ұшы шығып тұрған сияқты. Әуезхан Қодарды мен өте жақсы білетін едім, тіпті, он-он бес жылдай етене де араластық. Алайда, Николай Анастасьев дегенге М.Әуезов туралы жазғаны

кітаптарымды менің рұқсатымсыз мазмұндап жолма-жол аударып бергені үшін өкпелегенім бар.

Бұл жалған әдеп сақтағансып, жасырып қалатын жәй өкпе-наз емес. Себебі, бұл арада, Абайдың, Бөкейхановтың, Байтұрсыновтың, Әуезовтің, сонымен қатар Қайым сияқты жазықсыз марқұмдардың ар-намысы, демек, бүкіл қазақ ұлтының абырой-ұжданы талқыға түсіп тұр. Себебі, З.Батаева шығарған үкім бойынша: Абай – адам емес, қолдан жасалған «қағаз данышпан», жалған-плагиат ақын, ал Бөкейханов пен Әуезов – фальсификатор, арандатушы. Сенбесіңіз, шыдамдылық танытып оқып шығыңыздаршы (мен түпнұсқаны ықшамдап келтіремін):

З.Батаеваның мұнда көрсеткен желідегі желдіртпесіндегі сәйкессіздіктермен жоғарыда таныстыңыздар. Қайталап жатпаймын. Ал:

**«А здесь, в этом интервью, вкратце суммирую результаты анализа первоисточников», – дегендегі тұжырымы мынау:**

**«Сегодня ни для кого не секрет, что прототипами многих текстов, вошедших в корпус «Слов назидания», являются статьи других авторов, в частности, Алихана Букейханова (Дала Уалатының гәзеті, 1889) и Жусипбека Аймауытова (журнал «Абай», 1918). Таким образом, «Слова назидания» несут в себе отпечатки как фальшивки, так и плагиата».**

Ә.Бөкейханов пен Ж.Аймауытовтың қай мақаласы Абайдың қай «Қарасөзінде» жүр? «Өзінің жаласына өзі жал тауып, осылай жаламалап соға беруге бола ма? Дем алады да дем алмай:

Екінші үкім-қорытынды: **«Второй этап генезиса начинается с момента появления авторства «Абая» в начале XX века, когда Алихан Букейханов, объединив усилия с Ахметом Байтурсиновым и Миржакыпом Дулатовым, начал вводить имя «Абай», как поэта и философа, в узкий круг казахских интеллектуалов, постоянно цитируя его в своих журнальных статьях и публикуя сборники его стихов. Есть стилистические признаки, указывающие на то, что эти трое сотрудничали как в написании, так и в редактировании этих стихов... Эти данные позволяют думать, что «Абай» был неким конструктом, созданным несколькими авторами. И все же автором многих стихов и переводов, приписываемых сегодня «Абаю», был сам Алихан Букейханов, который, начиная с 1889-го по 1937 годы, под разными псевдонимами регулярно переводил произведения русских классиков на страницах разных печатных изданий», – дейді.**

Міне, Абай, осылай «қағаз қуыршақ» ақынға айналыпты. Сөйтіп, еш шімірікпестен Әлекең (Әлихан Бөкейханов) мен Жақанды (Міржақып Дулатовты) «ұрлықшы» (плагиат), арандаушы (фальсификатор) деп жариялайды. Осы әрекеті арқылы бұл екеуі бүкіл қазақ руханиятын жалған жолға салған болып шығады. Олар ұлтын алдайтындай мұндай жалғандыққа барғанша, өмірін қиюға дайын ар-ожданнның иелері. Олар жалған идеяның жанайшаптары емес, керісінше, жалған, қондырма идеяларға қарсы күрескен ар-ождан қаһармандары. Шіркін-ай, осы даурықпаға сенетіндердің соны түсінетіндей сәл сана саңлауының болмағаны ма? Сөйтіп, ойдан дұшпан (Абай) тауып, қиялдан жазалаушы қаһарман тауып (Бөкейханов, Дулатов), өзінің жалған елесімен өзі арпалысып, соңында жәйімен ғана «дей салады». Мен бұған жауап іздеп әуре-сарсаңға түспеймін. Бар нәрсе – бар, Абай өмір сүрген, өлең жазған. Жоқ нәрсе – жоқ. Әлекең өлең жазуды машық етпеген. Ал, Жақаңның көркемдік ойлау жүйесі, мәнері, сөздік қоры, ішкі ырғағы, өлеңдерінің мазмұны мүлдем басқа.

Бұған да қанағат тауып, айызы қанбаған З.Батаева енді М.Әуезовке азу білейді.

Үшінші үкім-қорытынды: **«Третий и заключительный этап появился в начале 30-х, когда советская власть с помощью Мухтара Ауэзова решила вылепить из «Абая» казахского поэта и прорусского мыслителя национального уровня, приписав ему авторство 43 прозаических текстов. Таким образом, канон «Абая», с которым мы все знакомы с детства, был успешно создан именно на этом этапе...»**

Скорее направленная на оправдание, чем на обратное, эта статья ненароком проливает свет на еще одну важную проблему – соавторства. Изучение архивных материалов помогло выяснить, что роман «Путь Абая» практически был переписан председателем цензурного комитета (Главное управление по делам литературы и издательств (Главлит) СССР Леонидом Соболевым на русском языке, а потом уже переведен на казахский. Не новость, что тотальная цензура в СССР доходила до полного абсурда, но скрытое соавторство Ауэзова с фаворитом Сталина в создании романа, где история казахов искажена и оболгана, а сами казахи изображены карикатурно безобразно, вероятно, до сих пор не мешает казахстанской филологии считать этот роман чуть ли не энциклопедией казахской культуры и образцом жанра».

Ой, тәубә, бағанағы – бағанағы ма, сорақылық мына арадан



шықты. М.Әуезовтің тауқыметті тағдырынан еш хабары жоқ адамның сөзі ғой. Сонда, «Алашорданың құйыршығы» ретінде 1919 жылдан бастап, 1954 жылдың ақпанынан дейін қуғыннан көз аспаған, 1930-1932 жылдары түрмеге қамалған, 1936-1939, 1947-1953 жылдары тұрақты түрде идеологиялық қысымға ұшыраған, 1953 жылы сәуірде Қазақстанның Орталық комитететінде тұтқынға алу туралы шешім қабылданатын сәтте Мәскеуге жасырын қашып барып, бас сауғалаған Мұхтар Әуезовті «Сталиннің фавориті» деп айтуға қандай адамның дәті шыдайды?

Бұл – сандырақтың сандырағы.

«Абай жолын» жазуылуына Л.Соболевтің еш қатысы жоқ. Оған М.Әуезовтің мұражайындағы жазушының «Абай» романының бірінші, екінші кітабінің қолжазбасы дәлел. Сонымен қатар, Т.Нұрғазиннің, ішінара М.Жанғалиннің түпнұсқаны жолма жол аударма жасаған қолжазбалары бар. Әуеліде, А.Никольская мен Т.Нұрғазиннің, Н.Ановтың аудармасы арқылы баспадан ресми түрде жарияланды. Л.Соболевтің аты кейінгі Мәскеу басылымдарында барып қосылды.

Ал, Л.Соболев пен М.Әуезовтің шығармашылық, достық байланысы Соболевтің жамағаты Михальцеваға жазған «Хаттарының» жинағында біршама қамтылған. Аударма барысында қандай қиыншылықтар мен келіспеушіліктер орын алғаны да сонда ашық баяндалады. М.Әуезовтің де Л.Соболевпен аударма туралы жазысқан, кейде қатты айтылған пікірлері бар хаттары да сақталған. Ол хаттардың мазмұнынан-ақ, «Абай жолын» жазуға Л.Соболевтің де, цензураның да еш қатысы жоқ екенін байқауға болады.

Сонымен қатар, цензураның шығармашылық процеске мүлде қатысы жоқ, ол Қауіпсіздік комитетінің жанындағы бақылаушы шағын ғана топ екенінен З.Батаеваның хабары жоқ-ау деймін. Әйтпесе, «Абай жолындай» ұлы шығарма жаза алатын адамның идеологиялық қате іздеп, біреудің жазғанын тексеріп, көз майын тауысып, цензурада істеп несі бар? Қисынсыз қиял. Оның үстіне, Соболевтің бейнелеу стихиясы – теңіз бен теңізшілер, Әуезовтің көркем әлемі – дала, көшпенді өмір. Көркем әлем стихиясы үшін мұның шешуші маңызы бар.

Ал, З.Батаеваға: 2093 жылға дейін М.Әуезов туралы Мәскеу архивінің жабық екенін жеткізген Огрызко дегеннің не «кеміріп» жүргенін және З.Батаеваға қандай ақыл бергенін білмеймін. М.Әуезовті жоққа шығаруға тырысып жүрген ол қандай әдебиетші өзі? З.Батаеваның:

«Меня наверняка спросят, как так получается, что факты ложного авторства, фальсификации и даже незаслуженные награды, полученные, мягко говоря, за мошенничество, никак не сказываются на писательской репутации Мухтара Ауэзова, а его имя гордо произносится наряду с теми, чьи имена он помог сталинскому режиму стереть с нашей исторической памяти? Чем объясняется незыблемость и живучесть его советского наследия – монументальный «Абай Кунанбаев», как сфинкс охраняющий ложь и подделки, подаренные нам Советским Союзом? Ответы на эти вопросы мы находим в статье Вячеслава Огрызко, где он пытается всеми средствами представить Мухтара Ауэзова как жертву цензуры, при этом ни словом не обмолвившись о том, что тот не может считаться автором романа, написанного коллективными усилиями», – деп мойындауына қарағанда, ол да Әуезовке «кекті» адамның бірі сияқты.

«Вячеслав Огрызконың» архивті кертіп-кеміріп жүргендегі әрекеті, сол кезде КПСС Орталық комитетінің өнер бөліміне қарасты бір бөлімшеде істейтін Л.Соболевтің жамағаты Михальцеваның: аударманың қаламақысы мардымсыз – деген мағынада жазған арызы болса керек. Ол мәселе кезінде талқыланып, арыздың дәйексіздігі туралы Л.Соболевтің өзі жауап беріп, тындым тапқан. Ал, ол әйелдің күйеуіне деген «өкпесі мен еркелігінің» М.Әуезовке және «Абай жолына» еш қатысы жоқ. Сондықтан да, З.Батаева қанша өзімшіл, өрмінез, өркөкірек болса да, әдеп «стандартын» сақтап:

«советская власть с помощью Мухтара Ауэзова решила вылепить из «Абая» казахского поэта и прорусского мыслителя национального уровня, приписав ему авторство 43 прозаических текстов;

«но скрытое соавторство Ауэзова с фаворитом Сталина в создании романа, где история казахов искажена и оболгана»;

«роман «Путь Абая» практически был переписан председателем цензурного комитета (Главное управление по делам литературы и издательств (Главлит) СССР Леонидом Соболевым на русском языке, а потом уже переведен на казахский»;

«он ... не может считаться автором романа, написанного коллективными усилиями»;

«как так получается, что факты ложного авторства, фальсификации и даже незаслуженные награды, полученные,

мягко говоря, за мошенничество, никак не сказываются на писательской репутации Мухтара Ауэзова»;

**«Чем объясняется незыблемость и живучесть его советского наследия – монументальный «Абай Кунанбаев», как сфинкс охраняющий ложь и подделки, подаренные нам Советским Союзом?»**, – деп аспанға қарап шалқақтамай, әдеби-сыни пікір айтудың нормасын сақтағаны дұрыс болар еді.

Бір ұлттың (өзінің ұлтының демей-ақ қоялық, тағы да бір ілікке қалармыз) ар-ұятына баланып бағаланған, дүние жүзі мойындаған М.Әуезовті «өтірік пен жасандылықтың ескерткіші» деп кеудесін басып, таптамай, аяғын тартып жүргені лазым.

Осындай сандырақтармен таныса отырып байқағаным, бұларға дауа жоқ екен. Күн өткен сайын «сандырақтары» күшейіп, «Біз де білеміз – деп есе бермей таласып, күре тамырын барған сайын білеулете адырайтып келеді». Бұрынғы «адырайтқан» адырайтқан ба, енді тікелей өктемдікпен үкім шығаруға көшті. Өздері «қастаншықпағыр кеңестік жүйе» деп орынды баға берген мемлекеттің жазалау жүйесіндегі үкім шығарушы жалдаптардан да асып түсетін жайы бар. Сол, З.Батаева айтып отырған абайтану ілімінің өкілі саналатын «байбаламшыл, кеңестік насихат миына сіңіп кеткен, бірақ: «арсызды – арсыз, жаланы – жала» деп айтуды ұстанған «қарғап сөйлейтін» адамны бірі біз шығармыз.

Тек бұл бағыттың ең қауіптісі әрі өкініштісі, З.Батаеваға еліктеп, Абайды жеккөрінішті, қазақтың жауы етіп көрсетуші, дүниенің бәрін жоққа шығарушы ниглист топ қалыптасып келеді.

Егерде, З.Батаеваның: **«Но есть и положительные отзывы, и не только от западных и российских, но и от казахстанских ученых, что очень важно»**, – деп жазғанындай, ғалымсымақтар бар болса және ол топтық, тобырлық сыпат алса, онда бұл бағыт – қоғамдық құндылықты бағалаушы қазақ қауымының ертең екіге бөлініп кетуіне әкеп соғуы мүмкін.

Бір таң қалдыратыны, бұлар еш нәрседен қысылып-қымтырылмайды, өзгенің пікірімен санаспайды. Сондағы сылтаулары: Абай қазақты сынайды – дейді. Қазақты емес, қазақтың бойындағы жаман қасиеттерді сынап отыр ғой. Намыстанса, түзелгені қайсы. Қазір «Қазақстан» десең шетелдіктер «Коррупция» деп ыршып түседі. Өйткені, «жалған намыспен, шынның бетін бояу» (Абай) арқылы еліміздің «жемқор, парақор, қылмыскер» атағын шығарды.

Сонау Америкада жүріп, шындыққа «жалғанның жібін жалғап» (Абай) шәкірт оқытып жүрген, өтіріктің отына оранып, өзін-өзі

күйдірген, бізді де күйінді еткен, мақсат-парқы жоқ, бас-аяғы жоқ, мән-мағынасыз, таусылмайтын бұл не қылған жеккөрініш

Қысқартып айтқанда, менің білетінім, Абайды мазақ қылғандарға, арандатқандарға қарсы арнайы тергеу жүргізіп, сот арқылы үкім шығаратын кез келген сияқты. Бұдан әрі Абайды арандатуға жол беру – мемлекеттік тұрғыдан қабылданып жатқан Қаулылардың пәрменсіздігін танытады. Мемлекетіміздің бетіне шіркеу түсіреді. Екіншісі. Өзге жол жоқ.

Мен, бұл ұсынысымды, бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференцияның қорытынды Қаулысына кіргізуді ұсынамын.

Егер, осы жолы керенаулық танытсақ, онда Мұхтар Әуезовтің есімін иемденіп отырған Институт пен мұражайдың өз міндетіне намыссыздықпен енжар қарағандығы деп түсінбеске, амалым жоқ.

**НИЗАМИ МАМЕДОВ ТАГИСОЙ,**  
Профессор Бакинского славянского  
университета, д.филол.н.

**О КНИГЕ ДИАРА КУНАЕВА «МУХТАР АУЭЗОВ  
И ВЗАИМОСВЯЗЬ ЛИТЕРАТУР» И О ДРУГИХ  
СОПУТСТВУЮЩИХ ВОПРОСАХ ПО ТВОРЧЕСТВУ  
ВЕЛИКОГО ПИСАТЕЛЯ**

В 2021 году в Алматы была издана солидная монография казахского литературоведа Диара Кунаева «Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур» [6], состоявшаяся из разделов «Роман эпопея М.О. Ауэзова «Путь Абая» в русской литературной критике» [6, 3 – 22], «Новые вершины творчества 40-х – 50-х годов XX века» [6, 23-92], «Проблемы художественного перевода романа-эпопеи «Путь Абая» (на примере переписки М.О. Ауэзова с Л.С. Соболевым)» [6, 93-267], «Мухтар Ауэзов и русская литература» (Мухтар Ауэзов және орыс әдебиеті)» [6, 268-337], «Мухтар Ауэзов и Чингиз Айтматов» [6, 338-342], «Мухтар Ауэзов и таджикская литература», «Мухтар Ауэзов и татарская литература» [6, 348-351], «Вопросы научного описания и систематизации фондов дома-музея М.О. Ауэзова» [6, 352-411].

Ровно год назад в конце сентября на Международной конференции, посвящённой 125-летию со дня рождения М.Ауэзова, состоявшейся в Алматы, нам подарили названную книгу казахские учёные. С тех пор нам удалось её прочесть и сделать соответствующие выводы ещё раз о месте и роли творчества великого писателя в истории казахской культуры XX столетия.

Диар Аскарулы Кунаев, безусловно, является одним из плодотворных учёных в области исследования отдельных аспектов жизни и творчества Мухтара Ауэзова, в частности, им ещё в 1992 г. издана монография «Мухтар Ауэзов и русская литература», появившаяся в издательстве «Рауан» в Алматы. После чего он все свои научно-исследовательские усилия направил на собирание, изучение, публикации и пропаганды творческого наследия М.Ауэзова, где рассматривал отдельные аспекты творчества великого писателя во взаимосвязях казахской литературы с мировой литературой.

В 2011 году была завершена работа над изданием 50-ти томного полного академического собрания сочинений М.Ауэзова под руководством Д.Кунаева. Кроме указанных, он активно

участвовал в создании многочисленных монографий по творчеству М.Ауэзова. К ним, в частности, относятся «Летопись жизни и творчества М.О. Ауэзова» (Алматы, «Гылым», 1997), «Биографический указатель по творчеству М.О. Ауэзова», издававшийся трижды между 2005 – 2009 гг. К научному активу учёного следует отнести также подготовленную им книгу «М.О. Ауэзов в воспоминаниях современников» (Алматы, «Жазушы», 1997), где представлены воспоминания поэтов, писателей, учёных, людей, знавших и изучавших его литературное наследие. В том же 1997 г. вышла другая книга Д.Кунаева «М.О. Ауэзов. письма к родным и близким» (Алматы, «Билим», 1997).

Итак, начнём по порядку: в разделе «Роман-эпопея М.О. Ауэзова «Путь Абая» в русской литературной критике» Д.Кунаев в большинстве случаев обращается к архивным материалам Союза Писателей СССР, или же источникам и материалам 90-летней давности, например, к работам М.Каип-Назарова «Казахская литература в борьбе с буржуазными влияниями» (Казкрайиздат, 1932); «За перестройку Каз АПП» под лозунгами партии» («Казахская правда», 1932, 27 февраля), журнал («Большевик Казахстана, 1947, с. 50), Архиву НКЦ. «Дом Ауэзова», Архиву НАН РК разным фондам и т.д. и т.пр.

Так, например, в архиве НКЦ «Дом Ауэзова» им обнаружен рукопись с замечаниями М.Ауэзова к редакционной статье, как очередная попытка изничтожения вместо критики» [6, 9], где писатель блестяще раскрывает полную несостоятельность, выдвинутых против него обвинений. В то же время М.Ауэзов выступает против попыток «осовременения» образа главного героя романа» [6, 20].

Мы согласны с утверждением автора книги о том, что «Роман о жизни великого поэта – мыслителя Абая Кунанбаева, полувековой истории, культуры родного народа, воссоздавший и процессы крушения патриархально-родового строя, и трансформации народного сознания в период социальных катаклизмов, представляет огромную философскую ценность и в свете истории его создания требует поиска подходов в изучении и оценке» [6, 22].

В таком же историко-хронологическом ключе выдержан раздел «Новые вершины творчества 40-х – начала 50-х годов XX века», где Д.Кунаев представляет ранее неизвестное выступление М.Ауэзова на совещании писателей Казахстана о состоянии

переводческой работы в 1948 г., когда сам писатель в своих статьях и выступлениях уделял достаточно внимания проблемам художественного перевода, как средству взаимообогащения литератур, расширению связей казахской литературы с литературами других народов [6, 23]. Ведь нам хорошо известно, что сам М.Ауэзов наряду с оригинальным творчеством придавал большое значение переводам не только образцов русской классической – Л.Толстого «После бала», «Булька», Н.В. Гоголя «Ревизор», И.С. Тургенева «Дворянское гнездо», А.П. Чехова «Белолобый», но и из западноевропейской В.Шекспира «Отелло», «Укрощение строптивой», Дж.Лондона «Белый клык». Помимо отмеченного, в этом разделе исследователь старается большей частью ввести в научный оборот материалы, ещё широко неизвестные читательской аудитории. Мы разделяем мнение автора книги о том, что «Национальная идея заявляет о себе в его творчестве (в творчестве М.Ауэзова – Н.Т.) как лично выстраданная, как акт открытия и прозрения, прорастает в движение текста, а не привносится как тезис или монополярная установка. Именно этот подход определил и атмосферу написанной им «Эдибиет тарихы» (1927 г.), а также пьесы «Хан Кене»... В этой монографии М.Ауэзов извлекает для себя памятные уроки [6, с. 29]. Действительно после названных работ М.Ауэзов фактически выступал не только как писатель и художник, но и как историк.

Заметим, что самым объёмным разделом монографии Д.Кунаева в названной книге «Проблема художественного перевода романа-эпопеи «Путь Абая на русский язык». Здесь автор изучает данный вопрос на материале переписки М.О. Ауэзова с Л.С. Соболевым. Этот раздел интересен во многих отношениях, в том числе до сих пор в таком углублённом и расширенном формате данный вопрос не рассматривался ни в каких источниках. Тут все подробности эпопеи, касающиеся «Пути Абая». Можно многое почерпнуть из этих информации с целью обогащения относительно переписок двух крупных писателей и драматургов.

Около 70-ти страниц книги Д.Кунаевым отведено проблеме «Мухтар Ауэзов и русская литература». Здесь говорится о взаимосвязях Мухтара Ауэзова с всемирно известным писателем Ч.Айтматовым, где подчеркивается мысль о том, что их взаимоотношения являют собой исключительный пример искренней дружбы, взаимной братской поддержки и глубокого уважения. Неслучайно, что Ч.Айтматов как-то говорил: «У меня

есть две национальные святыни, с которыми я еду в другие страны, с которыми я переступаю порог других народов. Это «Манас» и «Мухтар Ауэзов» [1, с. 71]. Автор монографии указывает и на то, что Ч.Айтматов после ухода из жизни М.О. Ауэзова оказал огромную помощь в публикации после долгих лет запрета его повести «Килы заман» («Лихая гадина») [6, 340]. А так же Ч.Айтматов писал о том, что, изображая судьбы казахского народа, которому писатель отдал весь пламен души и вдохновения, он тем самым изобразил и судьбы родственного кыргызского народа, ибо во все времена наши судьбы, наши пути, наш образ жизни были едиными [1, 71].

Неподдельный интерес в названной работе Д.Кунаева вызывает также раздел «Мухтар Ауэзов и татарская литература», в которой автор во главу угла ставит взаимосвязи казахского и татарского народов, когда они на разных периодах истории находились в составе единых государств и являются носителями древнетюркского духовного наследия. Помимо сказанного Д.Кунаев здесь же указывает на тесную связь М.Ауэзова с татарскими писателями, представителями культуры и живописи, в частности с художником Баки Урманчи, знание казахским писателем татарского языка, его близкое знакомство с татарской печатью, культурой, произведениями Габуллы Тукая, Фатиха Карими, а также в некоторых отдельных своих работах, осветивший отдельные стороны творчества Ш.Маржани, К.Насири, Г.Ибрагимова, исследовавший проблемы тюркского эпоса, в том числе татарского «Эдиге». Автор книги подчеркивает также значительную роль М.Ауэзова в присуждении Ленинской премии Мусе Джалилю за цикл стихов «Моабитская тетрадь» в 1957 г. Помимо отмеченного Д.Кунаев говорит о том, какую важную роль сыграл перевод романа «Абай» на татарский язык Саувар Агзамовой. Интересной может быть и информация, касающаяся духовного родства М.Ауэзова с выдающимся татарским писателем-диссидентом, классиком татарской литературы, долгое время жившим и творившим в Турции Галимзяном Ибрагимовым, связей с татарским миром, с писателем Гумером Башировым, с которым Ауэзов имел личные контакты и переписки [6, 347].

В монографии Д.Кунаева несколько страниц отведено изучению вопросов «Мухтар Ауэзов и таджикская литература». Здесь нашли отражение творческие и дружеские связи писателя с выдающимся таджикским востоковедом академиком Бабаджаном



Гафуровым и некоторые другие вопросы, связанные с общей историей культуры [6, 348 – 352] двух народов.

Монография Д.Кунаева «Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур» написана на необходимом научно-исследовательском уровне. Язык книги, концептуальность её решения не вызывают сомнений. Однако, на наш взгляд, в такой высокопрофессиональной монографии, выполненной со знанием дела, имеются и некоторые упущения. Дело в том, что в ней ни слово не сказано о связях Мухтара Ауэзова с азербайджанской литературой.

Тогда как, начиная с 40-х гг. XX в. имя Мухтара Ауэзова и его роман «Путь Абая» были известны азербайджанским читателям, переводчикам и критикам. О нём и об особенностях его богатого и оригинального творчества писали народный писатель, академик Мирза Ибрагимов «Великий художник народа» [5, 4], народный писатель, доктор филологических наук Халил Рза Улутюрк «Крупный представитель художественного слова» [11, 4], критик Гуламгусейн Алиев «Гордость казахского народа» [4, 49-51], поэт-публицист Гусейн Рази «Выдающийся писатель и учёный» [10, 4] и др., солидную статью о творчестве М.Ауэзова представил ежемесячный литературно-художественный журнал – орган Союза писателей Азербайджана «Азербайджан» под названием «Большой сын казахского народа» [9, 154 – 157]. А задолго до этого ещё в середине 50-х годов XX в. известные азербайджанские переводчики и критики Дж.Мамедов и И.Гезалов издали по поводу перевода названного романа М.Ауэзова на азербайджанский язык солидную критическую статью в рубрике «Критика и библиография» «О переводе романа «Абай» [7, 3].

В 1987 году в журнале «Улдуз» напечатана статья казахского критика Рустама Джангузина «Великий сын казахского народа» [3, 29-31].

28 сентября 1977 г. в Союзе писателей Азербайджана был отмечен 80-летний юбилей М.Ауэзова. На торжественном собрании об особенностях творчества писателя поделились своими мнениями Секретарь Союза писателей Азербайджана Гусейн Аббасзаде, поэт Халил Рза, прозаик Сабир Ахмедов, поэт Сабир Рустамханлы, высказавшие свои мнения относительно творчества этого крупного казахского писателя [2].

Помимо других моментов заметим, Мухтар Ауэзов уважительно относился к представителям азербайджанской литературы, в частности её классикам. Ещё в далёком 1947 г. он особо отозвался о творчестве великого Низами, называв его сияющей звездой

на небосклоне истории культуры народов, входящих в семью Советского Союза. А также высказывал свои соображения о влиянии Низами Гянджеви на литературу казахского народа. Даже говорил о том, что казахский классик Абай в одном из своих стихов Низами Гянджеви назвал своим учителем. Помимо этого, он отмечал, что до юбилейных торжеств молодой казахский писатель Касым Аманжолов, переведив поэму Низами «Лейли и Меджнун» на родной язык, представил её казахскому читателю. Выдающийся писатель и учёный добавил к сказанным и то, что Академия Наук Казахстана проводит большую и серьёзную работу по изучению богатого литературного наследия великого поэта и мыслителя Азербайджана Низами Гянджеви.

А вот в год празднования 50-летнего юбилея народного поэта Самеда Вургуну он послал в Азербайджан телеграмму следующего содержания: «...выражаю благодарность, признательную любовь читателей Казахстана родному Самеду – самому передовому художнику Советского Востока. В результате таких активных взаимных связей в Азербайджане готовилось исследование относительно романа М.Ауэзова «Абай» [8].

В 2015 г. в Азербайджане в Институте литературы им. Низами Гянджеви на Специализированном Совете защищена диссертация Т.Теймурова на тему «Эпический масштаб и художественная деталь в романе Мухтара Ауэзова «Абай» [12].

Вслед за названной диссертацией в 2020 г. была издана монография этого же исследователя Турана Теймура в Нурсултане «Вопросы мастерства в романе Мухтара Ауэзова «Абай», что совпало с годовщиной празднования 175-летия Абая [13]. Помимо перечисленных источников, около 20-ти статей и материалов опубликовали и мы; издана была также и монография автора этих строк [8] и т.д. и т.пр. Это говорит о том, что в части освоения творческого своеобразия и особенностей наследия М.Ауэзова в Азербайджане и в национальной литературной критике накоплен соответствующий опыт. К сожалению, как мы заметили, в книге Диара Кунаева ни одного слова не сказано об азербайджанском опыте восприятия творчества М.Ауэзова.

Творчество М.Ауэзова близко как нашим читателям, студентам гуманитарных дисциплин, так и исследователям, учёным. Любовь к творчеству М.Ауэзова у автора этих строк, началось ещё с начала 70-х гг., когда по предмету «Литература народов СССР», читаемого в ВУЗ-е, мы прикоснулись к богатейшему художественному миру М.Ауэзова, разнообразным темам,

мотивам и образам, описанным в его произведениях событиям, где в центре внимания писателя не только современная ему казахская действительность, но и отдельные этапы истории народа, его фольклора, эпический мир, обычаи и традиции, передававшиеся из поколения к поколению, просторы Великой степи, люди, аксакалы, известные личности, оставившие свой след в родной казахской истории.

Приведённый нами неполный перечень диссертаций, монографий, статей и материалов азербайджанских учёных относительно изучения творческого наследия Мухтара Ауэзова обязывает наших казахских друзей-учёных привлечь к исследованиям и их работы. Мухтара Ауэзова в Азербайджане любят также, как любят М.Ф. Ахундаде, М.Ибрагимова, С.Вургуна, И.Шихлы и др. наших писателей.

### Список литературы:

1. Айтматов Ч. «Слово об учителе» // Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, «Жазушы», 1972.
2. Böyük yazıçının xatirəsi // “Ədəbiyyat və İncəsənət”, 1977, 1 oktyabr.
3. Canquzin R. Qazax xalqının böyük oğlu // “Ulduz”, 1987, № 11, s. 29 – 31.
4. Əliyev Q. Qazax xalqının iftixarı // “Ulduz” jurnalı, 1977, № 9, s. 49 – 51
5. İbrahimov M. Xalqın böyük sənətkarı // “Ədəbiyyat və incəsənət”, 1977, 24 sentyabr, s. 4.
6. Кунаев Д. Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур. Алматы, 2021 434 с.
7. Məmmədov C., Gözəlov İ. “Abay” romanının tərcüməsi haqqında // “Komunist” qəzet, 1955, 2 iyul, s. 3.
8. Məmmədov Tağısoy N. Muxtar Auezovun yaradıcılığı: ənənədən novatorluğa. Bakı, “Şərq-Qərb”, 2019, 216 s.
9. Muxtar Auezov-80. Qazax xalqının böyük oğlu // “Azərbaycan”, 1977, №10, s. 154 – 157.
10. Razi H. Görkəmli yazıçı və alim // “Şərq qapısı” qəzeti, 1977, 30 sentyabr, s. 4.
11. Rza X. Bədi söz nəhəngi // “Komunist”, 1977, 28 sentyabr, s. 4
12. Teymurov T.M. Muxtar Auezovun “Abay” romanında epik vüsət və bədi detal. Filol. üzrə fəls. dokt. diss. avtoref. Bakı, 2015, 25 s.
13. Teymur T. Muxtar Auezovun “Abay” romanında sənətkarlıq məsələləri. Nur-Sultan: Beynəlxalq Türk Akademiyası, 2020, 162 b.

**ДИАР КУНАЕВ,**  
Директор НКЦ «Дом Ауэзова»  
Института литературы и искусства  
имени М.О. Ауэзова, к.филол.н.

**«ВОПРОСЫ СООТНОШЕНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ И ХУДОЖЕСТВЕННОГО  
ВОПЛОЩЕНИЯ В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ  
«ПУТЬ АБАЯ» М.О. АУЭЗОВА»**

Изучая жизнь и творчество Абая Кунанбаева на протяжении многих лет М.Ауэзов собрал огромный фактический материал, характеризующий, с одной стороны, эпоху в которой жил и творил Абай, а с другой – достоверные данные, свидетельствующие о жизни и деятельности великого поэта. По признанию М.Ауэзова многие материалы не вместились в объем романа и остались неиспользованными. Потому, что автор весьма строго относился к отбору материала, всецело подчиняясь законам художественного творчества.

Историческая действительность в ее сложном универсальном развитии является общим, единым объектом отражения для всех форм общественного сознания. Отсюда и общность пути изучения этого объекта: собирание материалов, исследование источников и фактов, а также установление объективной исторической правды, что составляет цель и задачу всех отраслей общественной науки.

Эпопея «Путь Абая», которая вобрала в свою художественную ткань традиции казахской, восточной и западной культур, стала по определению знаменитого французского писателя Луи Арагона – одним из лучших произведений XX века. В ней не только художественно воссоздана широкая панорама жизни казахского народа и развит художественный метод познания действительности, но и глубоко разработаны фундаментальные философско-этические понятия.

Назревший в середине тридцатых годов глубокий замысел создания исторического романа о великом казахском поэте и просветителе, философе и гуманисте Абае Кунанбаеве был результатом многолетнего жизненного и творческого опыта писателя, его постоянных творческих поисков, изучения документов, архивных материалов и воспоминаний очевидцев – всего того, что имело прямое отношение как к жизни Абая, так и всей его исторической эпохе. Естественно, что в лице автора

исторического романа нашли здесь счастливое сочетание с одной стороны ученого-исследователя, а с другой стороны – художника слова.

Как известно, дореволюционные письменные свидетельства об Абае крайне скупы. Основным, а порой и единственным источником для воссоздания жизненного пути Абая, явились воспоминания его современников.

В личном архиве М.Ауэзова сохранились уникальные записи рассказов современников Абая Кунанбаева о его жизни и эпохе, собранные писателем в 30-ые и 40-ые годы на родине поэта.

Наряду с источниками мемуарного характера в воссоздании эпохи Абая писатель широко пользовался исследованиями историков, освещавших прошлое Казахстана.

Вместе с тем М.Ауэзов воспроизвел близкую и знакомую ему среду, пережитую им эпоху. Он исходил из личного, непосредственного знания исторической действительности, собственной биографии, которые не могла бы восполнить ни одна историческая литература.

Эпопея «Путь Абая» содержит исключительно интересный, исторически достоверный материал, характеризующий основные особенности казахского общества того периода, а также ценные наблюдения писателя в области казахского обычного права.

На примере анализа многих первоисточников связанных с воспроизведением междоусобной борьбы, со всей наглядностью вытекает, что в целях наибольшей исторической достоверности повествования, писатель в большинстве случаев отталкивался от документальных свидетельств эпохи, стремясь раскрыть внутреннее содержание отдельных глухих упоминаний, скудных и отрывочных сведений и на основе этого дать свою самостоятельную оценку явлений.

Фактический исторический материал был отправной точкой для художественного вымысла автора, он претворял его в образных решениях с глубокой психологической мотивировкой поступков действующих лиц, целостной и яркой передачи духа эпохи.

Оценивая познавательное значение эпопеи «Путь Абая», литературная критика неоднократно отмечала ее родство с энциклопедическим научным трудом по истории дореволюционного Казахстана.

Однако эпопею М.Ауэзова качественно отличает от исторического исследования сам метод познания исторической действительности через художественное обобщение, воспроизведение

образов самых разнохарактерных персонажей эпохи, во всей широте представляющей народную жизнь.

Опираясь на традиции лучших исторических романов и исходя из принципов историзма, М.Ауэзов создал самобытное произведение, в котором приведена в единую художественную систему полувековая история народа, созданы свои новаторские традиции, которые, несомненно, обогатили жанр исторического романа.

Изучение эпопеи «Путь Абая» обнаруживает, что в ней художественно воссозданы все стороны жизни казахского общества второй половины XIX века, правдиво вскрыты сложные внутренние противоречия исторического процесса в самих глубинах народной жизни, показаны ведущие закономерности развития общества, живо отражающие дух далекой от нас исторической эпохи.

Сочетая в своей работе точность историка и воображение художника, М.Ауэзов сумел добиться соответствия правды исторической и правды художественной, такого слияния вымысла с реальной историей, которое давало возможность наиболее ярко и достоверно отобразить суть эпохи, создать правдивые исторические характеры.

Общие определяющие принципы историзма были не только исходной позицией для М.Ауэзова, но и получили в его творчестве дальнейшее развитие. Главной особенностью эпопеи явилось художественное преломление в рамках одного произведения образа выдающейся творческой личности через судьбу народа, полувековую его историю.

Мы знаем, как первоначальный замысел автора написать исторический роман «Абай» о творческой личности великого казахского поэта разросся в гигантский масштаб за почти двадцать лет титанического творческого труда, и как для того, чтобы завершить «Путь Абая», автору потребовался всеохватывающий и всеобъемлющий простор исторического романа-эпопеи типа «Война и мир» Л.Толстого, «Петр Первый» А.Толстого, «Тихий Дон» М.Шолохова.

Широта отображения конкретной исторической действительности, развернутый показ народной жизни, условий формирования национального характера, постановка значительных проблем народной жизни в эпической форме – все это в совокупности явилось новаторским решением, впервые предпринятым в таких масштабах в казахской литературе,

поднявшим ее на новую ступень, внесшим большой вклад в развитие мировой литературы.

Особенности эпопеи М. Ауэзова проявились также в своеобразии его творческого стиля повествования, характеризующегося сочетанием досконально изученных архивно-документальных источников с материалом лично собранных опросных данных, сохранившихся в народе воспоминаний об Абае и его эпохе, непосредственно пережитыми и осознанными автором явлениями и фактами бытового уклада, общественно-экономических и семейных отношений, традиций, обычаев и обрядов, материальной культуры казахского кочевого аула, где писатель провел свое детство и юность.

Изучение эпопеи обнаруживает глубину проникновения автора в жизнь Казахстана второй половины XIX века, зрелость его исторического мышления, проявившиеся в многостороннем художественном воплощении истории народа.

**ДИНА МУХАМЕДХАН,**  
Руководитель «Центра образования  
и культуры имени Каюма Мухамедханова»,  
д.п.н., профессор

**ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ТВОРЧЕСКИЙ СОЮЗ  
УЧИТЕЛЯ И УЧЕНИКА – МУХТАРА АУЭЗОВА И  
КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА ДЛЯ НАУКИ, КУЛЬТУРЫ  
И ДУХОВНОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА**

30 сентября 2022 года в городе Семей Президент Казахстана К.Токаев открыл скульптурную композицию автора Нурбола Кали «Ұстаз бен шәкәрт», посвященную Мухтару Ауэзову и его верному ученику Каюму Мухамедханову. Ауэзов сидит в кресле, а его ученик стоит рядом. Оба смотрят туда, где находится памятник Абаю. Жестом правой руки, приложенной к сердцу, ученик клянется учителю в верности, а левой рукой он закрывает спину учителя – защищает дорогого ему человека от опасности, как это и было в жизни. Стоя рядом с учителем, ученик делает шаг вперед – символ готовности продолжать их общее дело. Их путь был трудным, но верным, и всю жизнь они работали вопреки идеологическим запретам, испытали тюрьмы и пытки, жертвовали свободой и своей жизнью во имя сохранения ценностей культуры и памяти народа. А репрессии для них продолжались фактически всю жизнь. Мухтар Ауэзов и Каюм Мухамедханов оставили вечный пример искренней дружбы, преданности научной истине и исторической правде.

Президент Токаев отметил на открытии памятника: «Мухтар Ауэзов и Каюм Мухамедханов – это личности, занимающие особое место в нашей истории. Есть глубокий смысл в том, что они стоят рядом на пьедестале. Это символ духовного единства учителя и ученика, старшего и младшего брата. Они внесли неоценимый вклад в изучение и популяризацию наследия Абая. Они вывели казахскую литературу на новый уровень. Мухтар Ауэзов принес всемирную славу Абаю, а через Абая – и всему казахскому народу. Мухтар Ауэзов создал яркий художественный образ великого мыслителя и превратил его бесценное наследие в достояние всего человечества. Каждое произведение писателя занимает особое место в сердцах нашего народа. Мухтар Ауэзов – писатель, взошедший на вершину мировой литературы. А Каюм Мухамедханов – близкий соратник и ученик великого писателя.



Всю свою жизнь он посвятил исследованию наследия Абая, Шакарима и движения Алаш. Пройдя репрессии, он выдержал испытания судьбы, верно служил своему народу» [1].

По определению М.М. Ауэзова: «Мухтар Ауэзов и Каюм Мухамедханов – это великий учитель и великий ученик» [2]. Абай, Шакарим, алашординцы, Мухтар и Каюм – эти имена связаны навечно исторически и логически, они – единое и неразделимое целое в культурном пространстве казахского народа. «Қайымның аруағы разы болмай Әуезовтың, Әуезовтың аруағы разы болмай Абайдың аруағы разы болмайды! Бұл үш тұлғаны тұтас алып зерттеп, танығанда ғана олардың құпиясы ашылмақ», – справедливо показал соединение этих личностей Т. Жұртбай [3].

В одном из выступлений Каюм вспоминал: «Мухтара Ауэзова я знал с малых лет, он был другом моего отца. Отец считал его своим младшим братом, очень любил его и всячески поддерживал: Мухтар тогда был студентом Семипалатинской учительской семинарии и часто приходил в наш дом. Мальчиком я видел первые репетиции пьес Ауэзова в нашем доме». В другом выступлении он говорил: «Всегда, когда заходит речь об Ауэзове, особенно в такие волнующие, юбилейные даты, я как бы переношусь в другое измерение. Я чувствую и вижу себя молодым человеком, впереди которого шагает его наставник – широкоплечий, большой и мудрый человек с открытыми и ясными глазами, с широким светлым лбом и чуть приглушенным, бесконечно обаятельным голосом» [4].

Прошло более 100 лет, как они встретились и в нашей истории больше нет такого примера союза мудрого учителя и его верного ученика, так много сделавших для своего народа. Они – вечная ценность и духовная опора. Они открыли, сохранили и восстановили канонические тексты нескольких столетий и сотни имен, а это основа культуры народа. Их жизнь и судьба и все, что они сделали в науке, культуре, образовании, музееведении, театроведении, краеведении еще предстоит исследовать и изучать в школах и вузах, чтобы знать правдивую историю. Учитель и ученик создали первый государственный музей Абая и новое направление в науке – школу учеников Абая «Абайдың ақын шәкірттері», а Каюм включил в последователей Абая алашординцев «Абай мұрагерлер», создав единую концепцию «Абай-Алаш». Они достойно провели 100-летие Абая в трудных условиях и более 20 лет боролись за первый памятник Абаю: к поэту было неоднозначное отношение некоторых идеологов и правителей. Они работали наперекор постоянным нападкам и гонениям, и, если

бы не их титанический труд, исчезли бы целые пласты культуры казахского народа.

«Әке мен бала», «Ер қазақ», «Ұстаз бен шәкірт», «Абай-Алаш» – это наши национальные ценности и идеи, которыми жили и которые воплотили М.Ауэзов и К.Мухамедханов.

«Әке мен Бала – Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым». Все начинается с родного дома и встреча учителя с будущим учеником в доме отца Каюма – Мухамедхана Сейтқұлова (1870-1937) стала для них судьбоносной. Судьбоносной она стала для нашего народа. Отец Каюма – Мухамедхан Сейтқұлов – предприниматель и щедрый меценат Алаш, преподаватель ислама и просветитель, собиратель фольклора и старинных рукописей превратил свой дом в центр культуры, и помог становлению многих людей. Дом его находился в Семипалатинске, в Заречной слободке, рядом с мечетью Тыныбай. М. Сейтқұлов выписывал и привозил отовсюду газеты и журналы на казахском, татарском и русском языках: первый казахский журнал «Айқап» и газету «Қазақ»; татарскую газету «Уақыт», журнал «Шура»; газету «Сары-арқа» и журнал «Абай», которые издавались в Семипалатинске в 1917-1918 годах. Он финансировал журнал «Абай», выходящий под редакцией Ж. Аймауытова и М. Ауэзова, а также газеты «Сары-Арқа» и «Қазақ». В доме М. Сейтқұлова останавливались, приезжая в разное время в Семипалатинск, Абай и его ученики, Шакарим и алашординцы, певцы и композиторы. Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсунов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жусипбек Аймауытов, Мухамеджан Тынышпаев, Халел Габбасов, Султанмахмұт Торайғыров, Биәхмет Сарсенов, Ыдырыс Мұстамбаев, Сабит Донентаев, Манен Турғанбаев, Амре Кашаубаев, Алмағамбет Капсәлемов, Иса Байзақов, Жұмат Шанин, Исаин Жанбырбаев и многие другие. М. Сейтқұлов поддерживал молодые таланты и создал все условия для проведения в своём доме первых репетиций пьес М. Ауэзова «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше тоқал», «Ел ағасы». А потом Каюм исследовал историю казахского театра и, конечно, же, театральной труппы «Ес аймақ», ведь там участвовал М.Ауэзов: «1922 ж. 30 декабрь күні Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын қояды». Он нашел и переписал рукой Программу, перевел ее с арабской графики, прокомментировал: «Ойын программасында Мұхтар Әуезовтың екінші рет түзетіліп басылған «Еңлік-Кебек» қайғылығал (трагедия) Жаңасемей қаласындағы губерниялық драма труппасы ойнайды», – дейді. Қатысушылар: Ахмет Әуезов, Латиф Әшкеев, Гүлбаһрам Тәуекелова, Ахметбек

Шикібаев, Сейфолла Мұқаметжанов, Ғалиақбар Төребаев, т.б.». О доме М.Сейткулова написано немало, начиная с 1970-х годов [5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18].

«Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым» – это национальная идея, укрепляющая дух народа, сохраняющая чистоту и порядочность в жизни и делах. Они построили прочные фундаменты ряда наук и обезопасили ее от лжи и фальсификаций на все времена: «Мы с Мухтаром остались верными своим идеям до конца. Многие наши коллеги и друзья предали нас и превратились в клеветников. Тридцатилетнюю работу Мухтара хотели уничтожить. Меня называли прихвостнем Ауэзова. Шакарима называли бандитом. Била нас судьба, но не сломала. Ладно, что я... Я переживаю, что Абай, Мухтар, Алашординцы пострадали от несправедливости. На Мухтара всю жизнь нападали. Мы не отступили от своих идей. Время – судья. Оно все расставило на свои места. И сегодня наши идеи – это то, чем гордится нация» [19]. В книге «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым» впервые представлено осмысление многогранного союза учителя и ученика [20].

«Наблюдаем такое совпадение: Ауэзов увидел Абая в возрасте шести лет и Каюм увидел Ауэзова, когда ему было шесть лет. Воспитанный отцом в духе Алаш, он с подросткового возраста выполнял задания друзей отца. Другое совпадение в их биографиях. В возрасте 30 лет М.Ауэзов отправился в фольклорную экспедицию. В таком же возрасте Каюм отправился в фольклорную экспедицию от Академии наук КазССР в три области Казахстана [21]. Вклад К.Мухамедханова в абаеведение, шакаримоведение, алашеведение, ауэзоведение и другие области знания и сферы деятельности систематизирован в книге «Ұстаз бен шәкірт» [20].

«В 1937 году началось мое близкое творческое общение с Мухтаром Омархановичем Ауэзовым, которое продолжалось до последних лет его жизни. Мухтар Омарханович Ауэзов был моим научным руководителем. Именно под его влиянием наметилось основное направление моей научно-исследовательской работы... Испытания для моего учителя начались уже во время защиты мною диссертации на тему «Литературная школа Абая». Вскоре после этой защиты, через два месяца, последовала дискуссия по абаеведению», – вспоминал ученик [4].

В 1951 году под пытками ученик не отказался от учителя и от своего исследования о поэтической школе Абая: «Школа Абая есть!

Человек умирает только один раз. Даже, если я и погибну, то, что моя смерть, когда такие люди как алашординцы погибли?!». Он мерил себя меркою совести своего отца и всех, кто был в доме отца, а это наша расстрелянная интеллигенция. С детства он запомнил лица многих людей, их имена и знал наизусть их произведения, а потом писал их биографии, сохранял и восстанавливал запрещенные тексты и подписывал на фотографиях имена, чтобы помнили. Они были его первыми учителями, а М.Ауэзов стал учителем Каюма на всю жизнь.

Каюм – биограф М. Ауэзова, знал детали его жизни и судьбы, его научную и творческую лабораторию. Он написал научно-творческую биографию М.Ауэзова и по возможности исправил ошибки других авторов, надписи на мемориальных досках и т.д., а это даты, факты, детали его жизни, учебы и творчества.

Каюм – знаток рукописного наследия учителя сделал его научное описание. Он также установил неизвестные статьи М.Ауэзова за 25 лет с начала XX века. Каюм более 10 лет был научным корреспондентом М.Ауэзова во время написания им романа об Абае. Каюм создал научные основы мұхтартану – ауэзоведения и многое еще предстоит открыть.

Мало кто знает, что Каюм записал и сохранил голос своего учителя – его последнее выступление в 1957 году на родине. А телефильм «Жүрекке ыстық орындар» 1987 года остается непреходящей ценностью: Каюм ведет краеведческий экскурс по городу Семей и рассказывает о семипалатинских местах, связанных с М. Ауэзовым. Находясь в 1943 году в Борли М.Ауэзов показал ученику места захоронения родителей и родных. Каюм составил схему захоронений и сделал описание, благодаря чему именно на этом месте в конце 1980-х гг. были установлены надгробные плиты. «Мұңылы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі» и эти слова писателя предложил увековечить Каюм. «Талантты, талапты інім Қайымға. Сүйіспеншілік аға көңілмен. Мұхтар Әуезов. 1941 г. 6/II. – Алма-Ата» подписал совместную фотографию учитель ученику, который оправдал все его надежды.

### **Список литературы:**

1. Глава государства открыл памятник Мухтару Ауэзову и Кайыму Мухамедханову. 30 сентября 2022 года // <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-otkryl-pamyatnik-muhtaru-aezovu-i-kauyumu-muhamedhanovu-308545>.

2. Интервью М.М.Ауэзова агентству «Хабар» 9 декабря 2009 г.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абайтану ғылымы және Қайым Мұхамедханов» атты дөңгелек үстел өтті // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/abaitanu-gylymy-zane-qaiym-muxamedxanov\\_\\_22530](https://adebiportal.kz/kz/news/view/abaitanu-gylymy-zane-qaiym-muxamedxanov__22530)

4. Рукописи выступлений К.Мухамедханова о М.Ауэзове за 1961-1997 годы.

5. Сейсенұлы, Д. Ер қазақ [Мәтін]: деректі хикаяттар, екі бөлімді драма және сұхбат әңгімелер; пікір жазған Т. Жұртбай. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2020. - 392 б.

6. Энциклопедия «Ауэзов», Алматы, 2011. С.440-441

7. “Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников”. “Жазушы”, Алма-Ата: 1972. С. 318

8. Мұхамедханұлы [Мұхамедханов], Қ. Ақ жол [Мәтін]: [Ақжол Дайырқожа туралы тарихи мақала] / Қ. Мұхамедханұлы [Мұхамедханов] // Парасат. – 1992. - № 7. - Б. 6-7. - Әкесі М. Сейтқұлов туралы естеліктерде Сейтқұлов үйіне жиналатын қазақ азаматтары туралы, сонымен бірге, әкесі жаздырып алған газет-журналдар, әкесінің М. Әуезовке пьеса қоюға көмегі жайында баяндалған.

9. Яхияұлы, Т. Тінібай мешіті: тарихи-деректі зерттеулер. - Семей: Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы, 2005. – 187 б.

10. Мұхамедхан, Д. Әке жолы [Электронный ресурс] / Д. Мұхамедхан ; сұхбат. Б. Тұрсынбайұлы // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 27 маусым. - Мұхамедхан Сейітқұлов және абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханұлы туралы. <https://abaialemi.kz/post/view?id=143>

11. Әке мен бала – Мұхамедхан Сейтқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары [Мәтін] = Отец и сын – Мухамедхан Сейтқұлов и Каюм Мухамедханов – патриоты отечества. - Алматы : «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры, 2017. – 120 б.<http://sozvuchie.by/home/novosti/otets-i-syn-mukhamedkhan-sejtkulov-i-kayum-mukhamedkhanov-patrioty-otechestva.html>

12. Сейітқұлов Мұхамедхан [Мәтін]: [туғанына 150 жыл (1870-1937)] // ҚР Ұлттық кітапханасы; Қазақстан Республикасының 2020 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегі = Национальная библиотека РК; Календарь знаменательных и памятных дат республики Казахстан на 2020 год. - Алматы, 2019. – Б. 128-129.

13. Нүсіпұлы, Е. Оқыған азамат [Мәтін]: Қайым Мұхамедхановтың

әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов туралы / Е. Нүсіпұлы // Түркістан. - 2020. – 16 қаңтар. – Б. 1, 4.

14. Сейсенұлы, Д. Алаш меценаты [Мәтін] / Д. Сейсенұлы // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 24 қаңтар. – Б. 1, 4-5.

15. Қасым, А. Қуғын-сүргін құрбаны болған алаш меценаты – Мұхамедхан Сейітқұлов // Егемен Қазақстан. - 2020. - 2 маусым. - Пайдалану орны: <https://egemen.kz/article/237342-qughyn-surgin-qurbany-bolghan-alach-metsenaty-mukhamedkhan-seyitqulov>

16. Кәрімхан, З. Алаш қайраткері – Мұхамедхан Сейітқұлы // Мұнара. - 2020. - №10. - Пайдалану орны: <https://www.muftyat.kz/kk/articles/edification/2020-05-31/31697-alach-kairatkeri-mukhamedkhan-seiitkululy/>

17. Последний из Алаш-Орды «Новый курс» // «Хабар». - 5 июня 2020 г. - Пайдалану орны: <https://www.youtube.com/watch?v=оЕЛl-vGTPOg>

18. Аятбекова Р. Алаштың ардақты азаматтары // Мұхамедхан Сейітқұлов - 150 жыл» атты қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2020. - 15-18-б.

19. Асылбеков, А. Лишенный учеников учитель – горький вдовец: интервью с К.Мухамедхановым // Казахстанская правда. –1995. – 29 апреля.

20. Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым – Учитель и ученик: Мухтар и Каюм ( қазақ және орыс тілдерінде). Алматы, 2023. – 336 с. (кұжаттар, фотолар).

21. Удостоверение Академии наук Казахской ССР о командировании Мухамедханова Каюма в Семипалатинскую, Павлодарскую и Восточно-Казахстанскую области для сбора фольклорных материалов. 25 июня 1946 года. № 0-10

22. Біздің Мұхтар. М.О. Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1976. - 432 б. - М. Әуезовпен Семей қаласында Қ. Мұхамедхановтың әкесінің үйіндегі кездесулер туралы: Б. 376.

23. Такижбаева Н. Каюм Мухамедханов: ученый, автор Гимна Казахской ССР. 2023 – 199 с.

24. Қайым Мұхамедханов библиографиялық көрсеткіш – Каюм Мухамедханов: библиографический указатель. – Алматы: «Мектеп», 2020. – 274 б. – қазақ, орыс тілдерінде.

25. Телефильм «Жүрекке ыстық орындар». Семей ТВ. 1987 г.

**ҚАНИПАШ МӘДІБАЕВА,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институты Абайтану және  
жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің  
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д, профессор

## **ҚАЙЫМТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қайым Мұхамедханұлының ауызша айтылған әр деректің хатқа түскен түпдерегін тапқанша тыншымайтын дағдысы талай құнды, қажет мағлұматты ұмыт болып, жоғалып, жойылып кетуден құтқарып отырды. Ел тарихын, әдебиет тарихын, жеке тұлғаның ғылыми ғұмырбаянын түзуде Қайым Мұхамедханұлы іздеп, тауып, сақтап, жинаған, уақыты жеткенде жұртымен бөлісіп жарылқаған тастүйін дәлелді жазба құжаттар қазірде ел шежіресінің тұтастығына қызмет етуде. Оның нендей бір мәселеде де, қайсыбір істе де қарайлап тұрмай, жанкештілікпен жұмыс жасағаны қайран қалдырады. Сонау бір жылдарда шаруасы бастан асып жатқан Қайым аға өз әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлымен ағалы-інілі болып бір үйде тұрған қарымды қаламгер, білікті ұстаз, білімді маман Тұрлықан Қасенұлының шығармашылық өмірбаянын жазуға ден қояды.

«1982 жылы Сәду Машақовпен Тұрлықан туралы әңгімелескенімде Сәду:

– Тұрлықан ақындығымен қатар жақсы әнші еді және өзінің де ән шығаратын өнері бар болатын. Затаевичпен қашан кездескенін оған қандай ән айтып бергенін білмеймін, – деген еді.

Тұрлықан Затаевичке ән айтып берген деген сөзді естіген соң Затаевичтің қазақ әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсіріп, бастырып шығарған кітаптарын қарастырдым. Александр Затаевичтің 1931 жылы Алматыда басылып шыққан: «500 казахских песни и куйев Адаевских, Букеевских, Семипалатинских и Уральских с предисловием и 403 примечаниями автора» деп аталатын кітабы қолыма түсті. Кітаптың сөз басында 1926 жылы Семейге келгенін айта келіп: «Сначала я работал там в самом Семипалатинске, а затем выехал в Каркаралинскую степь!..» дейді.

Тұрлықанды кітаптың «Семипалатинский отдел» деп аталатын бөлімінен кездестірдім. «... Хасенов Турлыхан» депті де, оның айтып берген он үш әнін нотаға түсіріпті» (Тұрлықан ақын. Деректі жинақ. – Алматы: Ер-Дәулет, 1997, 201 бет, 14-б.).

Әрі қарай Қайым Мұхамедханұлы осы мәселені бүге-шігесіне шейін түгендеп, егжей-тегжейлі тарқата баяндаған.



Александр Затаевичтің Семейде болуы, Тұрлықан Хасеновпен қалай кездескенін Затаевичтің өз жазғаны бойынша келтірген. Затаевичтің есімі құлаққа қанша сіңген болса да бұл адамның қазақ әндерін қалай, нендей жағдайда жинап-тергенін маман зерттеушілер болмаса, былайғы жұрт қайдан білсін. Қайым Мұхамедханұлы, бір игілік көрсе басқамен бөлісуге асыққан адам, Затаевичтің өте бір жағымды, әсерлі естелігін нендей жұмысты да сүрінбей-жалықпай, бар ыждаһатымен атқаратын дағдысында жазып алған. Тұрлықан Қасеновтен Александр Затаевич жазып алған әндерді атап өтеді.

«Ардақ», «Сәулем-ай, сәулем», «Қайырма», «Үридай еккай», «Түлкі тымақ», «Қаракөз-ау», «Айби», «Аға-жай», «Айырылған», «Ақ қайың», «Лейлаш-ау», «Сәулем-ай әлиләйлім», «Сәулем».

Затаевичтің ән туралы қысқаша мәліметтеріне мән береді. «Очень красивая, так и просящая в оперу, женская песня, полная глубокой грусти!..» – депті «Қайырма» туралы.

«Үридай еккай» «Опять-таки – чрезвычайно красивая женская песня, с богатейшей мелодией, переисполненную печали», – депті.

«Түлкі тымақ» – «женская песня».

«Қаракөз-ау» – «Женская песня, в которой слышатся отзвук великолепной песни «Үкілі қоңыр үйрек».

Осы тізімдегі «Аға-жай» әнінің Алтай жақ қазақтары әкелді дейтін «Ағажай» әнімен қатысы бар ма екен деген де ой келеді.

Қайым Мұхамедханұлы қашан да халқының бір қажеті үшін қызмет етуден танбайды. Бұл Тұрлықан Қасенұлы сынды қаншама қадірлі ғұмырды қастерлеп, жоғын жоқтаған.

Қайым Мұхамедханұлы ұдайы өзіне «жау шақырып» еңбектенген адам. Жеке бас тағдырына, отбасының өміріне аса бір қатты соққы болған диссертация төңірегіндегі тартыстың; Абай музейіне қатысты қабақ шытулардың дәурені жүріп тұрған сол ХХ ғасырдың елуінші жылдарындағы қысастықтарда да қайтпаған турашылдық мінезі Қайым Мұхамедханұлының әр жылдарда жазылған жеке зерттеу мақала, тұтас еңбектерінің барлығында да бет қаратпастай өткірлігімен, қайрауы жеткен қаттылығымен ұдайы қайран қалдырып отырады.

«Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз» журналы – Қ.М.) журналындағы кейбір құнсыз шығармалар» деп жазады «сен тимесең, мен тименің» аса бір керек уақытында.

«Екпінді» газетінің 27-і қазан күнгі (1946) кезекті нөмерінде. Қазақтың бас әдеби журналындағы Бас мақаланың кемшіліктерін сол бір саяси-идеологиялық құбылулар әбден әбігерге салып



сілкілеуін бәсендетпек түгілі күш алып, қайта бір қаһарын төгуге тастүйін әзірлігін бастап жатқан, қазақ руханиятына және бір алақұйын алапат төніп келе жатқан қысас уақытта Қайым Мұхамедханұлы ортақ мүдде дегенде ештеңеден ығыспайтын «қырсық» болмысында жазған сын мақала екен бұл.

«Әдебиет және искусство» журналының 4-санын қолыңызға алғанда ең алдымен «Әдебиетіміздің жиырма бес жылы» деген бас мақаланы оқысыз. Бұл бас мақалада қазақ совет әдебиетінің 25 жыл ішіндегі табыстары айтылады. Әрине, қазақ совет әдебиеті 25 жыл ішінде елеулі табыстарға ие болғаны белгілі. Бірақ бұл мақалада жалпы «табыс деген сөздің шеңберіне ақын-жазушылардың жазғандарының бәрін әкеліп сыйғызған. Талғаусыз, таңдаусыз бірақ жауап» берген. Ақын-жазушылардың аттарын тізбектеп, шығармаларының аттарын шұбыртып тіркеп өткен де осының бәрін – «табыс» деп атаған» (көптомдық, 9-кітап, 18-бет).

Қайым Мұхамедханұлы қай уақытта болсын жауырды жаба тоқып, жалпылама сөзбен шаруа тындыруға «қаны қас» болған адам. Осы шолу, бірыңғай табыстарға марқайған мақаланың сөз ұстау беталысын ә дегеннен бір сілкіп алады.

«Ақын, жазушылардың еңбектерін дұрыс бағалап, әділ сынап, жетіскен жақтарын атап көрсетіп, кемшіліктерін айтудың орнына орынсыз мақтау «іргелі ақын», «күрделі еңбек» деп даурығу сияқты жауапсыз пікір айта салу әдетке айналған.

... Біздің жазушылардың арасында не жазса соны «творчество» деп мадақтау, бірін-бірі дәріштеп орынсыз көтеру тіпті біріне-бірі бас иіп «табыну» сияқты дөрекі мінездер бар.

*«Әбділдә, Қапан сынды алған ірге  
Ақындар жазса шығар бөтен түрде.  
Тілеме менен сөздің қызыл гүлін.  
Біз бір жан сол өлеңге әзер кірме...»*

деп Ілияс Есенберлин «Сұлтан» деген поэмасының басында Әбділдә, Қапанға «табынып», бас иеді. «Сыйға сый» дегендей Қапан да Ілиястың бұл мадақтауын еске алып, оның «Айша» поэмасына жазған «Сөз басында» орынсыз мақтап:

«Сонан соң ол (Ілияс) кейбір ақындар секілді, немісті оңбаған жау, сұмырай деп жаман сөзбен жалпылап сыбамай немістің зұлымдық сипатын дәл бергендей өзінше теңеу табады.

*«Семіз неміс бассаң кетер жарылып,  
Қандаладай қанға тойған быртиған... – дейді.*

Неміске жаңа образ береді дейді. Мақтағанның жөні осы деп жауапсыз айта салған, «семіз неміс», «қандаладай быртиған» деген сөзді естілмеген жаңалық екен, ел таңғала қояр ма екен?!» (сонда, 19-бет).

«Әдебиет және искусство» журналының 4-санында жарық көрген жекелеген шығармаларға осы бағытта тоқталып, бірқатар ескертпе, сын пікірлерін ірікпей айтқан.

Қуандық Шаңғытбаевтың «Арма, республикам!» арнау өлеңіндегі «Арма» сөзіне бөгеліп, бұл нендей қолданыс деген мәселеде ой бөліседі. «Өлеңінде не мағына, не көркемдік жоқ. Оқушы түсіну былай тұрсын, оқып шығудың өзі қиын. Өзінше жаңа түр туғызам деп өлеңнің қасиетін кетіреді. 25 жыл өмір сүріп отырған социалистік Қазақстан мүлдем көрінбейді. «Жеңешетай, сабаңа құйшы қымыз», «Тайларынды ерттеші жеткіншектер», «Той бастарға дайындал, ер жігіттер» деген сияқты бос сөздерді қайталай береді. Бұл өзімен-өзі болып орынсыз мақтанған, елігіп өмірден қалып қойған дандайсыған ақынның «шығармасы».

Бұл журналда М. Тауұлының – «Жыртық дәптер» деген шығармасын оқимыз.

Тауұлы:

«Ол тірі, бар бұл өмірде,

Өлген ажал – ол емес», – ағылшын әдебиетіндегі романтизмнің уәкілі «Шелли (1792-1822) деп эпиграф алады да әңгімесіне кіріседі (көптомдық, 9-кітап, 20-бет).

Мақалада сол уақыттың, 1946 жылғы «Звезда», «Ленинград» журналдарын сынаудың екпіні болғанымен, көркемдік талап, талғам ұстанымында бұл қалай? Неге бұлай? дегізетіндей сыңаржақ ұрда-жықтық жоқ. «Жыртық дәптерде» соғыста өлген баласының қасіретін шегіп жүрген ана туралы айтылған.

Қайым Мұхамедханұлы шығарманың қасіретті үйіп-төгіп жазғанымен, жанға жетпегендігін бірнеше мәнде талқыға салған.

Қасақана бұра тарту, бұзып сөйлеу дағдысында жоқ турашыл Қайым Мұхамедханұлы саясат көлеңкесінде жеріне жете алмай, жолынан тайған шығармашылықтағы бетінен қалқыған көтерме лепті дүниелермен, зерттеу еңбектердегі пайымдық біржақтылықпен, түпдерегін көздемей «сырттан тон пішкен» сәуегей тоқтамдармен ымыраға келе алмай, келмей ғұмыр кешкен.

«Әдебиет майданының» 4-нөміріне «Сипат сыры» деген

әңгімесі басылған Сапарғали Бегалин де, «Есек сыры» атты скетч жазған Мұстафин де сарыны, сапасы бір ұстамсыз, идеясыз «шығарма» жазған деп, қатты кетеді. Заманның шығармашылық тұлғаларды қақпайлап, тақырыпқа таңып, идеологияның «Әдебиет тарихының» жалғасы мұраттарын тықпалап отыру тенденциясы тұсаған көркемдік сапа мәселесі, бұ сын мақаланың ендігі уақыттың өткенді саралап, бағалау өзектілігінде кезендік көркемдік таныс өлшемдері фактісінде де мәні бар. Сонымен бірге осы қатты-қатты, екпіндей айтылған сын аталған, талданған шығармалардың авторларына онша ұнай қоймағандығы даусыз. Жеке бас мүддесінде ешкімге соқтықпайтын биязы болмыс Қайым Мұхамедханұлы ортақ шаруаға келгенде бас бермес бірбеткей болған ғой.

Ол Семей қаласындағы Абай музейінде әдебиет тарихы, тұлғатану бағытында, руханият мәселелерінде тұрақты түрде дәріс өткізу тәжіибесінде шығармашылық тұлғалардың рухани мұрасы; әдебиет тарихының, абайтанудың, деректанудың өзекті ғылыми негіздері, дерек, дәйегі бойынша да кең аудитория ұстап, мол танымдық жұмыс атқарып отырған адам.

Көптомдықтың 9-кітабында берілген «Ығылман ақын «1876-1931) атты мақалада Қайым Мұхамедханұлы қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде белгілібір деңгейде зерттелген аймақтық әдебиет дәстүрінен бастайды сөзді. Солай атап айтылмағанымен, мәселе әдеби мұрадағы аймақтық дәстүрлі негіздердің фактісінде қозғалған. Ығылман Шөрековты қазақ әдебиетінің тарихынан көрнекті орын алатын ділмар ақынның бірі деп бағалайды.

«Ығылман Кіші жүздің өзінен бұрын болған арғысы атақты Абыл-жырау, Махамбет, Шернияз, бергісі Мұрат, Базар жырау сияқты үлкен ақындарынан үлгі-өнеге алған толғаулы жырдың шебер жырау ақыны.

... Ығылман жас күнінен ақындық өнеріне беріліп, өзінен бұрынғы даңқты ақындардың өлең, дастандарын, халық батырлары жайындағы тарихи ерлік жырларды көп жаттаған жыршы болған. Ығылман ел қамын ойлаған ерлердің ерліктерін сипаттайтын халық жырларын, батырлық дастандарды жырлаумен қатар сол үлгіде өз жанына талай жырлар шығарған. Халық қазынасының нәрлі қасиеттері Ығылманның ақындық өмірінің негізгі суатты, кең арнасы болады» (көптомдық, 9-кітап, 24-бет).

Бұл мақала дәріс негізінде емес, арнайы 1946 жылы жазылып, «Екпінді» газетінің 14 сәуір күнгі 46-нөмерінде басылған екен. «Исатай-Махамбет» дастанына кең тоқталады. Өзі ділмәр ақын

атаса атағандай, тіл кестесі айшықты Ығылман ақынның бірнеше өлеңін үзінділер келтіріп отырып таныстырыпты.

«Қазақтың өткен ақындары» деген жыр аймақтық ақындық мектептің ел әдебиетіндегі үрдісіне екпін түсіріле шығарылған екен.

*«... Ақын болып кім өтті,  
Абай, Нұрым, Абылдан.  
Кеуделері кең еді,  
Сөзі жіпке тағылған.  
Малай. Кете-Шернияз,  
Шерлілер сөзін сағынған.  
Шекерден шырын дәмі бар.  
Тыңдағанға жағынған.  
Жаскілең Бақы тағы өтті,  
Он бесінде қағынған.  
Ежелгі жүйрік осылар,  
Мойнына тұмар тағынған.  
Беріште – Мұрат, Матайдан,  
Жандар өтсін нағылған.  
Дуды көрсе құтырып,  
Қарт бурадай шабылған.  
Масқар, Бабас, Иматай,  
Нағашы жұртым осылар,  
Қосылған келіп қанымнан...»*

Ығылман Шөрекұлының шығармашылық мұрасының әдебиет тарихындағы өзіндік мән-маңызы тұрғысында құнды тоқтамдар жасаған.

Қайым Мұхамедханұлының ұрпақ танымына сіңе берсін деп адамзаттың көркемдік тәжірибесінде көп мағлұмат, көп дерек келтіріп, елеулі, өзекті тұғырларында қозғап отырған шет ел классикасына, орыс әдебиеті өкілдеріне арнап жазылған бір шоғыр мақалалары ғалымның сан-сала зерттеулерінде өзіндік мәнге ие.

Қайым Мұхамедханұлы қазақ әдебиеті тарихының орта мектептерде оқытылу ұстанымдарына, оқулықтар сапасына да ұдайы алаңдаушылық білдіріп отырған адам. Көкейтесті, көп мәселе қамтылып, көп ұсыныс айтылып, орнықты байламдар жасалып отырылуы қажет жалпыұлттық өзекті мәселеде, ортақ міндетте ол ғұмыр бойы сан-сала, маңызды бағыттарда өз ой пікірін айтып отырудан қалыс қалып көрмеген.

«Қазақ әдебиеті заманымыздың талабына сай болсын» деген мақаласы кезеңдік саяси науқан, қаулылардың тұсында жазылғанның өзінде жалаң идеология емес, әдебиет тарихын оқытудың нақтылы қордаланған мәселелері фактісінде ой қозғаумен өзекті.

«Алматы қаласындағы ғылым, әдебиет және көркем-өнер қайраткерлерінің жиылысында «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» туралы жасаған баяндамасында Шаяхметов жолдас Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының, сол сияқты кейбір әдебиетшілердің тіл, әдебиет мәселесі жөніндегі өрескел саяси қателері мен бұрмалаушылықтарын ашып көрсетті. Ол былай деді. «Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате және ғылымға қайшы әдіспен баяндау салдарынан өткен заманның әдебиет мұрасының бәрі, қазақ халқының әдебиет өкілдерінің бәрі бір жақты, тек жақсы жағынан зерттелді. Осыдан келіп өткен заманның әдебиет өкілдерінің бәрі жалпы ұлт, жалпы халық қамқоры деп көрсетілді» (көптомдық, 9-кітап, 33-бет).

Жоғары мектепте әдебиет тарихын оқыту бағдарламасында да осыған сәйкес қателіктер орын алғанын атап айтады. Бұл тұстарда, ақын тұлғасын 1933-і жылы «Шортанбай Қанайұлы» атты 1927 жылғы еңбектегі Шортанбайдың тарихи тұғырына қарсы беттен қарап тұрғандай қалыпта танытуға амалсыз барып, өмірінің ақырына шейін «зар заманды» қолжазба мұрасында ықтияттап отырғанымен («Абай жолы» роман-эпопеясында Қадырбай (Сабырбай – Қ.М.) ақынның аузымен айтатын Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» кітабына енген «Зар заман ақындары» бөлімін екеуі де «ұмытқан». Ұстазы да, шәкірті де ұмытпасты «ұмытқан» осындай замандар да өткен бастарынан.

Принципті мәселені, Мұхтар Әуезов сонау 1918 жылдардан қозғай бастаған ақындық мектеп жайын; 1941 жылы жазылып болған, 1945 жылы өңделіп, толықтырылып, қорғауға тастай дайын тұрған «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясының негізді нәтижелерін ғылыми айналымға қосу мәселесін Қайым Мұхамедханұлы қанша дүниені «ұмытып кетуге» икемделгенімен, «ұмытпайды».

«Программадан Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихындағы прогресшіл бағытты сипаттайтын Абайдың ақын шәкірттері орын алмаған. Абайдың өнеге алып өскен ақын шәкірттері сол дәуірдің өзінде қазақ даласында прогресшіл

бағыттағы әдебиеттің, ақындық мәдениетінің үлгісін көрсетті. Абай шәкірттері Абайдың өлеңдерін халыққа жайып, Абай аударған орыс, Батыс Европа ақындарының (Пушкин, Лермонтов, Крылов, Байрон, Гете, т.б.) шығармаларымен қазақ халқын таныстырды. Қазақ жұртшылығы Татъянаның хатын, Пушкин, Лермонтовтың поэмаларын, Крыловтың мысалдарын осы Абай шәкірттерінен тұңғыш рет қазақ тілінде естіді. Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп, Кәкітайлар Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың жолын қуып, ұлы орыс халқының. Батыс Европа әдебиетінің дәстүрін ұстап, домбыраның орнына қолдарына қалам алып, мәдениетті ақын, жазушылар болды. Өздерінің әдеби еңбектерінде, жазған тақырыптарында ұстазы Абай сияқты гуманист. Жазған шығармаларының мазмұны, идеясы терең. Еркіндікті көкसेген, жауыздыққа қарсы күресіп, тағдырға бас имейтін адамдардың тұлғасын сипаттайды» (көптомдық, 9-кітап, 37-бет).

Бір қарағанда, тым социалистік болып көрінетін, Абай шәкірттеріне баға беруінде «домбыраны тастап қалам ұстауы» дейтін мақала авторы бұл жерде ауызша, негізінде ән болып айтылып таралып сақталатын өлең сөздің жазба әдебиетке ойысу үдерісі, домбырамен ән етіп айту емес, қалам арқылы жазылып сақталатындығы фактісін айтып отыр.

Домбыраның ел әдебиетінің ауызша сақталуындағы зор функциясын атап көрсетіп отыр. Бір тұстарда «домбыра – ескілік» деп айтылды дейтін ұғым бұл жерде жоқ. Нені болса да тура айтатын Қайым Мұхамедханұлы осы мақалада Көкбай мен Әріптің Ленин туралы өлеңдері болғанын алдыға ұстап айтатын Абай шәкірттерінің «айрықша» шығармашылық дерегі де Абайдың ақындық мектебі сынды тұтас концептуалды ғылыми бағытты ертеден көздеп зерттеуге тартқан, 1930 жылы түрме түсіп, 1932 жылы «кешірім» хат жазып шыға сала, 1934 жылы «Абайдың ақындық айналасы» атты «пәле шақыратын» принципті зерттеу-мақаласын «Әдебиет майданында» жариялауға тәуекелі жеткен ұстазының түбегейлі, түп мақсат мүдделерін аңламай «желпілдетіп» отырған жоқ.

Кейін, бірнеше жыл өткенде осы мақалада неше жерден орысшыл, батысшыл етіп «өткізбек» болған Абайдың ақын шәкірттері туралы негіздемелеріне қарамастан, осы бағытта отарлаушының пиғылын барлап, ығына жығылғандай болып отырып мазмұндалған диссерциялық еңбегінің «осал» жеріне бейресми оппоненттер байқамай қалған жоқ. Байбаламы көп қорғау күнінде (07.04.1951) 17 кеңес мүшесінің 10-ның дауысын

алып қорғап шыққан диссертациясы ұлтшылдық-буржуазиялық, панисламистік, пантюркистік бағытта жазылған деп айыпталып, қорғау соңы 1-2 айдан кейінгі кең әдеби талқыға соғып, Қайым Мұхамедханұлының Абай музейі директорлығынан қилы мін, сын тағылып босауына, ақыры 1951 жылдың 1-желтоқсаны күні тұтқындалуына, әрі қарай 25 жылға сотталып кете баруына алып келді.

Диссертация мазмұнына қатысты қорғау күні қойылған сұрақта есеп болмаған. Айтылған мін-сын бастан асып жатты. Диссертанттың Көпбай мен Әріптің Ленин көсемге арнап шығарған шығармалары болғандығы туралы бір жеке еңбек қорғағандай уақыт жұмсап, дәлел айтқан.

Қазақ әдебиетінің жоғары мектепте оқытылуы жайындағы мақаладағы Абай шәкірттерін батыстың ығына жыға сөйлеу «қулығы» бәрібір өтпеді. «Челкашты» аударған Тұрағұлды атағаны «пәле» болып жабысты. Көкбайдың Ленинге арнап өлең шығарғаны Кенесарыға арнап дастан жазған тарихи «күнасын» жуып-шая алмады.

Бағдарламаларға қатысты мін-сын айтқанында Қайым Мұхамедханұлы Абайдың ақындық мектебі Батыс арқылы Шығысқа оралды деген ойды да қанша батысшыл болып «бүркемелесе» де білдірмей қала алмаған.

Диссертацияға қарсы болған жақтың Шығыс иісі шығып тұр, мұсылмандықтың аңсары басым шығармашылық дәріптелді деп «шырылдауының» жаны бар еді. Қайым Мұхамедханұлы ұстазының еңбектеріне әлдеқанша мәрте сілтеме жасаған диссертациясында әсіресе сол 1934 жылғы «Абайдың ақындық айналасында» айдан анық айтылған мұраттардың негізінде Абай шәкірттерінің шығармашылық бағытындағы темірқазық тұғырларды қорғады.

Абайдың дүниетанымдық терең лирикасын; эпикалық дәстүр дамыту өнегесін ұстанған жас буын ақындардың барлығы дерлік шығармашылықта мұсылмандық имандылықтың жалпыадамзаттық өрістерінде ашылды.

Қазірде, уақыт кеңшілігінің игіліктерінде әдеби мұраны зерттеудің кідірістеп, кібіртіктеп қалғаны қынжылтады. Зерттеуге тартылуы тиіс он-сан өзекті танымдық бағыттарда Қайым Мұхамедханұлының сонау ХХ ғасырдың 40 жылдарының басында-ақ түгендеп, жинақтаған Абай шәкірттерінің мол рухани мұрасын 1951 жылы қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы мен кейінде, Абайдың 150 жылдығы қарсаңында жарық



көрген көп томдық «Абайдың ақын шәкірттері» жинақтарын ой, ұстаным, ғылыми саралау басымдығында, мұраны түгендеу әдістемесінде өзара салыстыра саралаудың да қажеттілігі бар. Замана бет қаратпай, ауыздан шыққан әр сөздіңді аңдып, баспаға берген еңбегіңді тіміскілеп, адым жаздырмай арпалыстырып қойған шақтарда жас зерттеуші осы бір «бәлесі» көп, күйіп тұрған, ұстазы Мұхтарды сан мұқалтқан тақырыпқа тайсалмай кірісіп, тайқымандай тар таным қыспағында қасқайып тұрып өз позициясын, тұтас Алаш қайраткерлерінің мұрат-мүддесін, Абай арқалаған ауыр ұлт жүгінің парызын, обал-сауабын қорғап еді.

Абай музейінде директор болып істеді. Сол, музейден облыстық газетте айғайлатып мақала жазылып, сыналып жұмыстан босатыларының алдында, көктемде қорғаған диссертациясына тиісулер көбейіп бара жатқан 1951 жылғы тамыз айының бір күнінде Абай музейіне Қайым Мұхамедханұлын жасы жетпістерден асып қалған бір адам іздеп келген. Абайдың нағашы жұрты жағынан, анасы Ұлжанның елінен екен. ақсақалдың айтқан Алшынбай тұқымдарымен туыстық жайы, жас күнінде Абай шығармаларының қолжазбалары Қарқаралы жаққа алдымен жетіп жататындығы тұрғысында ел білетін есімдерді атап отырып баяндап берген әңгімесінің тоқ етері Абайдың баспа жүзінде шығып жүрген жинақтарының ішінде кездеспейтін бірнеше өлеңі бар екенін, оны өзінің осы уақытқа шейін жатқа айтатыны еді. 1930 жалдарда Арқа жұртына әсіресе ауыр тиген аштық зұлматында өз үйлерінің маңындағы бір жерді белгілеп көміп келген екен. Енді сол қолжазбаларды барып тауып алмаймыз ба деген ғой музей басшысы. Қарияның айтқан жауабы әлгі аштықтың сұмдығынан да сұмдық болды. Енді ол жерге бару мүмкін емес. Қазір үкімет ол аймақтан полигон ашқан. Күзет қатты деген ғой. Арада қилы жағдайлар өткен.

Қайым Мұхамедханұлы содан көп ұзамай музейдегі жұмысынан шығарылып, Мәскеуге диссертациясының тағдырына алаңдап жазған хатына екіұшты жауап алғаннан соң бірер күннің арасында ұсталып, түрмеге қамалып, 25 жылға сотталды. 1955 жылы елге оралғаннан соң әлгі ақсақалды сұрастырып, іздеген. Академияға бір шаруалармен барып жүріп Алматыда аяқ асты о дүниелік болыпты. Ол нендей шаруа болған екен деген ой да келеді басқа қазір. Бәлкім Мәди ақсақал Абай дәптерлерін тауып, ғылыми мекемеге өткізуге келді ме екен?

Қайым Мұхамедханұлы ол адамның сол 1951 жылы өзін іздеп келгенінде айтқан әңгімелерін сол күндерде қағазға түсіртіп алып



қалған. Әлгі жатқа білемін дейтін үш өлеңін, орыстың Никитин дейтін ақынының бір аудармасын жазып берген екен.

Абай текстологиясы бойынша зерттеулер жүргізіп, Абай басылымдарының жұмыстарына қатысып жүрген уақыттарында қилы себептерден Абай мұрасын қолжазба нұсқаларын, өзі көзі тірісінде баспа жүзін көрген өлеңдер жеке жинақтардағы басылым тәжірибесін тұтас алып 4 томдық академиялық басылым етіп шығару туралы ұсыныстары өтпеді. Ғалымның текстология ғылымының, академиялық басылым шығарудың түбегейлі тәртіп, шарттарында Абай мұрасының толық басылымын шығару бойынша ұсыныс, талаптары көпшілік жағдайда асығыс науқаншылдықпен жарық көретін Абай басылымдарының тәжірибесінде жүзеге аса қоймады.

Мұхамедханұлының Абайдың ақын шәкірттерінің шығармашылық мұрасы хатқа түсіріліп жиналған түгенделген, ғылыми негізде сараланған «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясы қорғауға ұсынылған тұстағы ескертпелерге орай «Абай төңірегіндегі ақындар» деп өзгертіліп, аса қиын дискуссиямен ұзақ талқыдан өтіп қорғалып, ақыры жоққа шығарылып, өзі сотталып, отбасы сергелдеңге түскені өз алдына бір тарих болса; Абай музейін құру міндетінде ұстазы Мұхтар Әуезов бағыттауымен атқарған қыруар шаруа, қилы уақиғалар өз алдына бір тарих.

Абай текстологиясы, жалпы қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің текстологиялық күрделі айрықшалықтарында ғылыми мектеп қалыптастыру өнегесі, айқындап кеткен қыруар мәтінтанымдық жұмысы ашып кеткен зерттеу әдістемесі – ол өз алдына бір ғылыми бағыт.

Әдеби мұраны дерекнамалық негізде игерудің ғылыми міндеттерінде; тұлғатану, тұлға мұрасын түгендеу, жинау, сақтау, саралау өнегесі – өз алдына бір ғылыми бағыт.

Мұхтар Әуезовтей адамның қиын заман, қасаң уақыттарда қасынан кетпеген айнымас іні-досы болып ғұмыр кешкені бұл да бір зор тағылым, айтуға тұратын кісілік мектеп өнегесі. Қайым Мұхамедханұлы ұстазы Мұхтарды 6-7 жастар шамасында алғаш өз үйінде, әке шаңырағында, қазақтың қадірлі бір адамы Мұхамедхан Сейітқұлұлының үйінде көрген болатын.

1926 жылы Мұхтар «Қарагөз» пьесасы бәйгеден келіп, қаламақысын алған жазда, елге, Семейге келіп демалып қайтқанда, аға туыстарын ертіп әнші Мұканың ауылына, Көкентауға барып демалып қайтқанда көреді.

10 жастар шамасындағы Қайым да ата-баба мекеніне,

Көкентауға Мұхтар ағаларының құрметіне сол жерде болған әкесіне еріп барған. Оның алдында 1924 жылы Семейде Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл өткендегі еске алу кешін Мұхтар ағаны ұйымдастырып, өткізгенде де үлкендермен барып, көп-көп әңгіме естіп, ән тындап, сауық көріп қайтқан еді.

Қайым Мұхамедханұлын Мұхтар Әуезов аса сенімді серігі ретінде аса бағалаған, туған бауырындай көрген. Күні кеше өткен XX ғасыр басындағы аласапыран уақыттың уы Мұхтар Әуезовтің адамдық тағдыр, қаламгерлік ғұмырына қаншалықты аяусыз зардабын қалдырғандығын басқа білмесе де, Қайым Мұхамедханұлы жақсы білді.

Ағасының Семейге әр келіп қайтуындағы жан толқынысын, өксікті арман-шерін басқалар сезбесе де Қайым түйсінді. Алдынан кесе көлденің өтпеген, айтқанын екі етпеген күйінде қастерлеген бір қымбат жаны болды Мұхтар ағасы.

Абайтанушы, шәкәрімтанушы, мұхтартанушы, тұлғатанушы-алаштанушы Қайым Мұхамедханұлының «Абай музейі ұлы ақынның атына сай болсын» деп жазған мақаласында Абай музейінің музей өркениеті саласында жасақталып, құрылу жолындағы атқарылған шаруалар, кедергілер, жалпы Қазақстандағы музей мәдениеті тұрғысында ой қозғалған.

«Абай музейін ұйымдастыру алғашқы кезде зор қиыншылықтарға кездесті. Ол қиыншылықтар біріншіден, музей жұмысын білетін кадрлардың жоқтығы, екіншіден, Абайдың өмірі мен творчествосын сипаттайтын музейге қажетті экспонаттарының сақталмауы еді.

Музей жұмысын ұйымдастыруда Советтер Одағында толып жатқан музейлердің (А. Пушкин, Л. Толстой, М. Горький, т.б.) іс тәжірибесін пайдалануға да алғашқы кезде Абай музейінің жағдайы келмейтін еді. Оның себебі ол музейлердің қоры – қолжазбалармен, басылған кітаптармен, хаттармен, естеліктермен, суреттермен, тарихи адамдардың үй-мүліктері т.б. заттарымен тағы басқа материалдармен лыққа толы болса, Абай музейі бұл жөнде аса қиын жағдайда еді» (көптомдық, 9-кітап, 40-бет).

Абай музейі осы қиыншылықтарды жұмыла кірісіп еңбектенудің нәтижесінде жеңген. Бірқатар, күні-бүгінге шейін музейдің негізгі қоры болып тұрған басым экспонаттар сол алғашқы жылдарда жиналып, табылады.

«Музейдің негізгі экспонаттары болып саналатын ақынның өміріне, тұрмысына, творчествосына тікелей қатысы бар өз заттары, қолжазбасы, хаттары, суреттері, т.б. музей іздеу, зерттеу,

көмегі тиетін адамдарды іздеп, есепке алу еді. Бұл жөнінде Абайға қатысы бар заттардан (үй мүлкі, сурет, т.б.) 1940-41 жылдар 56 нәрсе есепке алынған. Соның нәтижесінде Абайдың ері, белбеуі, қалтасағаты (1954 жылы ұрланыпты), Абай үйінің қымыз тегенесі, ожауы т.б. бірнеше заттар табылып музей қорына кірді. Бұл жөнінде Абайды көрген, оны жақсы білетін адамдар – марқұмдар ақын Төлеу, немере қызы Уасила және қазір тірі келіні Кәмәлия, немересі Исраил, Арқам т.б. көп көмек көрсетті.

Музей алғашқы ашылғанда бетке ұстар экспонаттар музейге – Мұхтар Әуезов тарту еткен Абайдың 1896 жылы түскен фото-суреті. 1887 жылы суретші Тобановский Абайдың тура өз тұлғасына қарай қолдан салған суреті (бұл сурет облыстық музей қорынан табылған еді), сол сияқты Сәбит Мұқанов музейге сыйлаған Абайдың 1909 жылғы өлеңдер жинағы еді (Бұл да жоғалып кеткен).

1941 жылы С. Мұқанов Абай музейіне Шоқан Уәлихановтың 10 жасында жасында түскен негізгі фото-суретін берді. Бұл да музейдің бағалы экспонатының бірі» (көптомдық, 9-кітап, 40-бет).

Қайым Мұхамедханұлының бұл мақалада да келешек үшін қасиетті тарихи бірқатар фактілерді хаттап отырғанын көреміз. Абай музейі алғашында «Мемлекеттік әдебиет музейі» болып құрылып, Абайды зерттеумен бірге қазақ әдебиетін зерттеу міндеті қойылыпты. Соған орай Абай музейі қорына бірталай бағалы әдеби материалдар жинақталады. «1941-1950 жылдардың арасында Абай музейінің қолжазба қорына Абайдың жарияланбаған 15 өлеңі, Абайды көрген адамдардың 50-дей естеліктері қосылды. Абайдың 10 жыл бойындағы басынан кешкен халін сипаттайтын архив мағлұматтары, Абайдың барлық орыс достары жайындағы материалдар толық жиналып, Абай музейінің қорына қосылды. 1950 жылы ақын Сәбит Дөнентаевтың өз қолымен жазылған өлеңдері түгел дерлік музейге алынды. Мағауия, Ақылбай ақындардың өлеңі, поэмалары түгелге жуық жиналды. Сол жылы әлі әдебиет әлеміне белгісіз, XIX ғасырдың орта кезінде жазылған (үлкен дәптерде сиямен жазылған) «Қозы Көрпеш Баян сұлу» поэмасының бір нұсқасы табылды.

Поэmanın көлемі 7-8 баспа табақтай. Уақиғасы Қарабай, Сарыбайлардың әкесінен басталады. Сол дәйектерде (дәптерде – ?) Алатау қазақтарының өлеңдері деген ондаған орысша жазылған өлеңдер бар.

Семейде болған жергілікті өлке зерттеуші, әдебиетші, суретші, ағайынды Белослюдовтардың бірталай бағалы қолжазбаларын

Н. Белослюдовтың әйелі (суретші) марқұм Ольга Дмитровна 1950 жылы Абай музейіне әкеліп тапсырған еді. Бұл қолжазбалар қазақ әдебиеті үшін, Абайды зерттеу ісінде әдеби-тарихи маңызы бар. Бір дәптерде Абайдың кейбір өлеңдерін орысшаға аударған, Абай туралы жазған» (көптомдық, 9-кітап, 41-бет).

Қайым Мұхамедханұлының бұл шағын мақаласын Абай музейінің тарихи, ғылыми сипаттамасы десек те, артық айтпаймыз. Толып жатқан, абайтануға, әдеби мұраны игеру деректеріне, музейдің орнығып, қалыптасу тарихына қанықтыратын құнды, бағалы ақпараттар елімізде музей мәдениетінің орнығуының басы-қасында Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхамедханұлы сынды ұлт жанашырлары жүргені қандай ғанибет іс болғандығы тұрғысында да көңіл көншітеді.

Осы толғаулы жырдың «Абай, Нұрым, Абылдан» деп келген тармағында Абай есімінің кейін белгілі бір себептерден қосылуы мүмкін дегеннің өзінде, бұл сөз «Абай» емес «Адай» болу керек деген ой тұрды көкейде. Әр мәселеде сақ, түп қисынынан тартып отыратын Қайым Мұхамедханұлының бұл мәнде, Абайдың ақындық өрісі кең дегеннің өзінде, Ығылманның өзі тәлімін сіңірген өңірлік дәстүрлер ауқымында ой толғап отырғанына зер салмауы мүмкін емес. Бәлкім, «Абай» болуы да. Түпнұсқа мәнді мәтінді қайта бір қарап көру қажет көрінеді.

Ығылман ақындықта өз бағыты бар, расымен де тілі шешен, сәулелі ақынның бірі болғандығы «Кеуделері кең еді», «Сөзі жіпке тізілген», «Онбесінде қағынған», «Дуды көрсе құтырып», т.б. сөз ұстауынан-ақ айғайлап, айқындалып тұр.

*« ... Ерлерді еске түсіріп,  
Шешен бір сөзді қарманған.  
Базарға салып барымды,  
Баяндап өткен Нарынды,  
Бір шығайын арманнан.  
... Ел қамын жеген ерлердің,  
Сөз білген жанда хақы бар,  
Жоқтаған күнде арымды», –*

деген ақынның «барын базарға салып; Исатай батырдың болмысын, Махамбет ақынның «Менінде» ашылған халқы үшін мәңгі аяулы тұлғасын көркем образында және бір қайталанбас, сағынышты азаматтық тұғырын жеткізіп ашқан Ығылман Шөрекұлының «Исатай – Махамбет» поэмасының әдеби мұрадағы

тарихи жыр жанрындағы өзіндік өрісін Қайым Мұхамедханұлы көркемдік қуатын солғындатпай саралауда айтылуы, ашылуы мәнді айрықшалықтарында танымға тартады.

«Исатай, Махамбет уақиғасы Махамбеттің өзінен бастап, Шернияз, Мұрат шығармаларында да жырланған. Бірақ, ұлы уақиғаны терең зерттеп, жинап, көлемді көркем шығарма етіп, ұзақ уақиғалы ерлік, тарихи дастан етіп жырлаған Ығылман ақын. Ығылман – идея жағынан болсын, ақындық жағынан болсын Махамбеттің көрнекті мұрагерлерінің бірі.

«Исатай – Махамбет» дастанымен халық ақыны Ығылман әдебиетіміздің тарихынан құрметті орын алады.

«Биыл ақынның туғанына 70 жыл, өлгеніне 15 жыл толды», – деп жазған Қайым Мұхамедханұлы.

Қайым Мұхамедханов Н. Белослюдов пен В. Белослюдовтар туралы деректерді абайтануда алғаш айналымға қосты. Бұл ағайынды адамдардың (бірі Семейде, бірі Томскіде тұрған) 1910, 1911, 1912, 1914, 1915 жылдарда жазысқан хаттарында қызықты деректер көп болған. Екі-үш жыл Абай өлеңдерін орыс тіліне аудару жөнінде ақылдасып отырған, аудармашы іздеген. Енді бірде қазақ ертегілерін аударуды ойласады. Бір хатта «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 3000 жолдық орыс тіліндегі аудармасы жасалғаны хабарланады. Енді бірде «Қазақ» орысша жазылған поэма баспа жүзін көрерде қазақ өмірінен 15 сурет-картина жасап бергені хабарланады. Бұл поляк ақыны Густав Зелинскийдің «Қазақ» поэмасы болса керек.

«Абай музейінің қолжазба қорында Абай сөздерінің 1910 жылдардағы қолжазбасы (кімдікі? – Қ.М.), тағы басқа тарихи бағалы материалдар бар. Бұның бәрі әзірше қозғалыссыз, зерттеу күтіп жатқан, бағалы материалдар. Келешекте зерттеліп, жарыққа шығып, қазақ әдебиетінің қорына қосылуға тиісті.

Ал 1950 жылдан бері Абай музейінің қорына бірде-бір материал қосылмаған. Шынында, Абай музейінің есебінде зерттейтін, іздейтін көп заттар, материалдар бар. Музей көрме емес. Ол – ғылыми-тарихи ағарту орны» (көптомдық, 9-кітап, 41-бет).

Музей ғылыми-ағарту, мәдени-тарихи мекеме болғандықтан оның өз библиотекасы болуы міндеттілігінде Абай музейінің іргесі қалана бастасымен-ақ қолға алынған игілікті іс – Абай музейінің библиотекасын ұйымдастыру болған екен. Қайым Мұхамедханұлының осы кітапхана мәселесіндегі ақпаратының әлі күнге арнайы зерттеу нысаны бола алмай келе жатқан Абайдың ақындық кітапханасы мәніндегі маңыздылығы елеулі.

Абай үнемі пайдаланып жүрген орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі кітапханасының көп кітабы 1940-1941 жылдар Абай музейінің библиотекасына қосылады. Ф.М. Достоевскийдің, Коншинның, Белослюдовтардың, Павловтың, т.б. және кітапханасында сақталған сирек кітаптар, журналдар Абай музейінің кітапхана қорына өтеді. Абай музейі Москва, Ленинград кітапханаларынан көптеген кітаптар алған. Абай оқыған медресенің әдебиет, тарих жайындағы, т.б. бағалы кітаптары да Абай музейіне берілген. Сөйтіп Абай музейінің кітапханасы сан жағынан емес, сапа жағынан Семей қаласындағы бірден бір ғылыми кітапханаға айналған еді дейді Қайым Мұхамедханұлы.

Алматының Пушкин библиотекасының (қазіргі Ұлттық кітапхана) өзінде сол кезде бір ғана данасы болған Вельяминов-Зерновтың өте сирек кездесетін еңбегінің барлық томдары Абай музейінде болатын дейді ғалым. Абай оқыған медресенің бес жүзден астам бағалы кітаптары Абай музейінде сақтаулы екендігі де абайтану үшін жағымды бір ақпарат.

«Абайдың ақындығын, дүние тануын зерттегенде, Абай білімін қайдан толықтырды дегенде жауап беретін бір сала осы кітаптар. Бұл кітаптардың Абайға туралай қатынасы бар. Абай музейіне зор мән беретін бай қордың бірі – оның библиотекасы.

Амал не бұрынғы мәдениет министрлігі Байғалиевтің бұйрығымен музей директоры Тұтқышев жолдас осы кітаптардың 900-дей томын әр библиотекаға таратып жіберген. Ойланбай берген бұйрықты оп-оңай орындай салмай, Тұтқышев жолдас жергілікті партия, совет орындарымен ақылдасуы керек еді. Бұл қатты қынжылатын жай.

Абай музейін алғаш құрғанда үкімет пен партияның нұсқауы осы музейдің негізінде келешекте республикада мәні бар Абай атындағы зор әдебиет музейін ұйымдастыру болатын. Олай болса Абай музейінің қорын шашу емес, жинау үздіксіз толықтыра беру керек еді» (көптомдық, 9-кітап, 43-бет).

Мақаланың Абай музейіне жинақталған кітапхана қорына қатысты бастапқы тұсын оқып отырып, іштей қуанып, бұл бір арнайы ғылыми жазба аясында зерттелетін мәселе екен деп қозғалақтап қалған едік. «Печальный конец» қамықтырды.

«Музейде Абайдың 1922 жылы Ташкент қаласында басылған өлеңдер жинағы бар еді. Бұлардың бәрі де жоғалған көрінеді. Бұл екіншіші уақиға Абай музейі үшін орны толмас шығын. Абайдың 1889 жылы Омск қаласында шыққан «Особое прибавление

Акмолинским областным ведомостям» газетінде басылған өлеңдерінің 1909 жылдан бастап шыққан Абай шығармаларының және Абай туралы шыққан әр тілдегі кітаптардың түгелдей Абай музейінде болуы қажет» (көптомдық, 9-кітап, 44-бет).

Қайым Мұхамедханұлы өзі басы-қасында болып алғашқы жылдарда бар шаруасына кідірмей кіріскен Абай музейінің әр басқа министрліктің қарамағына жиі ауысқанын, бастапқы мәребесі өзгеріп кеткенін; музей жұмысы Ғылым Академиясына қараған жылдарда жанданып, жақсы жүргенін айта келіп, Абай мұражайының келешегі үшін нендей жағдайлар аландататынын саралап береді. Осының өзінде музей мәдениетінің тұтас ғылыми концепциясы жасалған екен.

Бастапқыда мемлекеттік мәртебедегі, әдебиет зерттеу бағыттарында жұмыс жүргізілетіні міндеттеліп құрылған Абай музейінің бұл шаруасы Қайым Мұхамедханұлы осы мақаланы жазған тұста әбден қожырап кеткен.

«Музейдің ғылыми тұрғыдан қарап жасаған белгілі жұмыс планы жоқ. Ешқандай әдебиет зерттеу жұмысы жүргізілмейді. Музей мәдени-ағарту, саяси-тәрбие жұмысынан сырт қалған. Лекция баяндамалар жасау, баспасөз мақала жазу жоқ. Бірлі жарым болса сауатсыз жазылғаны байқалады. Жақында болып өткен Абай туғанына 110 жыл толуын еске алғанда да музей сырт қалды» (9-кітап, 45-бет).

Музейдің құрылғанына 13-14 жыл өткенінде 11-12 директор ауысуы Абай музейінің жұмысына, келешегіне көп кесел келтірді деп күйінеді Қайым Мұхамедханұлы. Мақала 1955 жазылған.

Қайым Мұхамедханұлының лагерьден келгені кеше ғана. Сотталып келген адамның адаптациясы деген бұл кісінде мүлде болмаған сияқты. Келе шаруаға кіріскен. Осы мақала соңында келтірілген бір дерек және көңіл бөлгізді. Шешімін әлі күнге таппаған, ол жолда ешкім де бас қатырып жүрмеген бір мәселе. Бәлкім Астанадағы ЕҰУ жанындағы «Абай академиясы» зерттеу орталығы сол бір уақыттардағы жобаның жүзеге асырылуы болар? Блайым солай болғай.

«Абайдың қайтыс болуына елу жыл толуына байланысты Қазақстан Министрлер Советі 4/IX-54 ж. арнаулы қаулы қабылдады. Ол қаулыда ұлы ақынның атына музей ұйымдастыру үшін Алматыда үй салынсын делінген. Олай болса келешекте Абай музейі бұрынғы қалпында әдебиет музейі болып қала тұруы керек еді. Қазіргі Абай музейі болашақ музейдің қорын жасауда көп жұмыс істеуі қажет еді.



Алматыдағы Абай музейі ашылғанда барып, Семейдегі музей мемориальный музей болып қала бергені жөн болған болар еді. Бұл тиісті орындардың әлі де ойланатын ісі деп білемін» (9-кітап, 45-бет).

1955 жылы Семейде жазылған бұл мақала ол тұста баспа жүзін көрмеген болуы керек. Мақала соңында «Семей, 1955 жыл» деп тұр.

Көптомдық шығармалар жинағының 6-кітабындағы «Әйгілі әншілер өмірінен» атты мақаласын Қайым Мұхамедханұлы Майра Уәлиқызы мен Әміре Қашаубайұлының өмірбаяндары көптеген деректер, естеліктер болғанымен, сол мағлұматтар тарихи, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, жүйеге келтіріліп жазылмағандығын айтқан.

Әміре мен Майраның туған, өлген жылдарын әркім әр кітапта әр түрлі жазып жүргенін, бір жерде Әміре 1892 жылы туып, 1933 жылы қайтыс болған делініп, бір дерек 1892 жылы туған, 1934 жылы қайтыс болған дейді. Бір кітапта 1888 жылы туған, бірінде 1886 жылы туған деген дерек бар.

Майра Уәлиқызының өмір сүрген уақыты туралы да әрқалай деректер қатар беріліп жүретіндігіне назар аударған. Қайым Мұхамедханұлы бұл екі өнерпаз тұлғаның Семей қаласында өткен өміріне архив деректері негізінде тоқталады.

Әдеби мұраны тану, игеру өзектілігінде Қайым Мұхамедханұлы жазған зерттеу мақаланың бірі «Көпке ортақ әдеби мұрада» «Жүсіп-Злиха» дастаны жайында айтылады.

Расын айтқанда, Қайым Мұхамедханұлының бұл зерттеу мақаласында «Жүсіп-Злиха» дастанының тарихына қатысты түпсіз тұңғық замандардан осы заманға шейінгі уақыт қамтылып келтірілген қыруар деректің осы тақырыпта, Ежелгі әдебиет бойынша зерттеулердің бір де бірінен кездестіре алмайсыз. Ненің жайында да түбірімен қопарып барып қана сөйлейтін ғылыми дағдысында Қайым Мұхамедханұлы шығарманың қай жылы, қандай жағдайда, қалай туғандығын, қалай сақталып жеткендігін кімдер зерттеп, танымға қосқандығын – бәрін қамтып отырып саралауға тартады.

«Ортақ борыш ой қозғады» атты мақаласында «Тоты наме» туралы жарық көрген бір мақалаға орай ой бөліскен («Қазақ әдебиеті», 06.06. 1986 жыл).

Сәдір ақын. «Нарманбет Орманбетов туралы мақалаларында да әдебиет тарихының беймәлім фактілері, жеке тұлғалардың ғұмырбаян деректері келтіріліп, шығармашылық мұрасы көркемдік тұрғыдан сараланып отырған.



Автор Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі хақында деп айқындамамен жазған «Екінші жалпықазақ съезі» (1917) туралы» атты мақала да алаштану бағытында зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдарға қоса, жалпы жұртшылық үшін де танымдық тұрғыдан маңызды.

«Жалақорлық жарға жығады» мақаласында жанын ашып, «айтпаса сөздің атасы өледіге» келгенде, тосылып қалу қиянат деп келген кісілік ұстаным, принципшілдігінде Қайым Мұхамедханұлы бүгінгі заманның «күйіп» тұрған мәселелерінен ой қозғайды.

«Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек» деп ұлы Абай айтқандай, осы алмағайып кезеңнің өткінші кесапаттарына «әйтеуір бір тыйылар» деп қолды бір-ақ сілтеуге де болар еді, бірақ ол мойынұсыну, жауыздыққа жол ашумен бірдей екенін өткен тарихымыздың талай қайғылы кезеңдеріне куә болған біздер жақсы білеміз.

Қоғамның рухани қуатының мықтылығы да сонда – қанша уақыт өтсе де қылмыстың артын, пәлеқордың бетін ашу, жалақордың атын атап, түсін түстеп, таңбалап беру екені белгілі. Жағылған күйеден аршып, жақсының жақсылығын айту адамшылық парыз емес пе? Әйтпесе, тіршіліктің сәні де, мәні де болмас еді. Биылғы жылы адал ары тапталып, пәле мен жаланың құрбандығына шалынған, сөйтіп, қадірлі есімдері өшуге айналған талай боздақтарымызды еске алып, әруағының алдында бас иіп, тәубеге келіп жатсақ – ол елдік мінез таныту, рухани тазарудың белгісі екені ақиқат. Көкірегінде сәулесі бар әр адам шейіт болғандардың қайғылы өмірін білген сайын жамандық пен арамдықтан жирене түссе керек. Бәрін уақытқа, қоғамдық құрылысқа жауып ешкім де құтылмайды, жасаған қиянаты үшін әркім құдай алдында, ар алдында, тарих пен заң алдында жауап беретінін сезіну, ерте ме, кеш пе, әйтеуір зауал шақтың туатынын білуі қажет» (9-кітап, 134-бет).

Ел тарихы, тұлғалар тарихы тұтастығында Қайым Мұхамедханұлы жазған, республикалық жергілікті баспасөзде жарияланған мақалалардың басым көпшілігі оның көптомдық шығармаларының 9-кітабында берілген. Театр тарихы, өнер адамдары, жеке драмалық қойылымдардың көркемдік сапа, сахналық шешімі арқау болған өнер тарихына тиесілі мақалалары бір шоғыр. Білім беру мекемелері, Семейдегі мемлекеттік институт, педтехникум тарихынан да арнайы мақалалар жазылады.

«Тамаша тарихы бар техникум» деп атайды Қайым Мұхамедханұлы Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын ең тұңғыш оқу орындарының бірі – Семей педтехникумы (кейінде М. Әуезов атындағы педучилище – Қ.М.) 70 жылдығы қарсаңында жазылған мақаласын.

«Қазақ тілі» («Семей таңы») газетінің 1922 жылы 24 декабрь күнгі санында басылған «Қазақ педтехникумының сауық кеші» деген хабарда былай жазылыпты:

«Газеттің өткен сандарында Семейде қазақ педтехникумы ашылды деп едік. Сол мектепке астылы-үстілі 20 бөлмелі тас үй алынып, шет-шетін, сынған-бүлінгендері түзетіліп, ішіне электр орнатылып, оқухана, музей, сауық орындары құрылды. Оқушыларға тұратын орындар даярланды. Оқу декабрь айынан бастап жатыр. Оқушы шәкірт тоқсаннан артық. Оқытушылар қазақтан Әбікей Сәтбаев, Сейтбаттал Мұстафин, басқалары орыс пен ноғайдың ілгері қатардағы оқытушылары» (9-кітап, 233-бет).

Қайым Мұхамедханұлының әр мақаласында бір сенсация бар екендігін осы, сол ғажап адамның ғибратты ғұмырына, ғылыми өнегесіне арнап жазып отырған кітабамның әр тұсында айтып отырдым. Әр зерттеу мақаласы тұтас бір диссертациялық еңбектің ғылыми жүгін көтеріп тұратын тұстары аз емес екендігін де қайталап айта берген болармын. Ол – рас. Сенсация дегеннен шығады, «Естен кетпес еңбегі» атты толғамында айтылған «қызық» оқиғаның мән-жайын екінің бірі білген, біледі дей алмас едік.

Бұл қысқа естелік-толғамда Қайым Мұхамедханұлының тұлғалық, мінез, ұстаным болмысын, қайтпас, бітбеткей, принципшілдігін әңгіме үстінде «көрсетіп» қойған «кездейсоқ» детальдар да аз емес екен.

1969 жылдың шілде айында облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Абайдың 125 жылдығына әзірлік мәселесінде кеңес өткізіп, соған бармақшы болып отырғандарында Семей пединститутының ректоры Курочкин кабинетіне шақыртыпты. «Барсам, ректордың қасында біздің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының бастығы отыр екен.

Ректорымыз бейне бір қуанышты хабар есірткелі отырғандай пішінмен:

– Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылады, – деп Қазақстан оқу министрлігінің телеграммасын оқып бергенде төбеке жай түскендей болды. Не дерімді білмей бар айтқаным:

– Осыны дұрыс деп отырсыңдар ма? Бұл масқара ғой деппін. Бастықтарыма менің сөзім орынсыз, оғаш көрінді білем.

– Министрдің бұйрығын бұзуға қақымыз жоқ – деді.

– Бұл министрдің ғана бұйрығы емес, жоғарғы орындармен келісілген шешім ғой деп және бас иіп, мойын ұсынып отырғандарына көзім жеткен соң:

– Қазақ тілі мен әдебиеті факультетін жабу, қалай десеңіздер де дұрыс емес, – деп, ыза қысып, сөзімді аяқтамай кабинеттерінен шығып кеттім» (9-кітап, 240-бет).

Сыртта орыс тілі мен әдебиет кафедрасының меңгерушісі Перелыгин, екеуі бірге обком мәслихатына бармақ болып, күтіп тұрған. Министрдің бұйрығын айтқанында шошып кетеді. Мүмкін емес. Рас айтасың ба? деп қатты қынжылышты. Абай мен Мұхтардың елінде қазақ тілі мен әдебиеті факультетін жабу ешбір ақылға сыймайтын іс қой, сен бұған өзің қалай қарайсың деп сұраған.

« – Біздің институт басшылары министрдің бұйрығына мойынұсынып, құлық ұрып отырғанына көзім жетті. Мен бұл бұйрыққа бейтарап қала алмаймын, Леонид Михайлович. Ар-намысыма ауыр тиеді. Әділеттік емес. Тіпті саясат жүзінде дұрыс емес деп білемін. Аяқсыз тастай алмаймын. Жоғарғы орындарға, тіпті Москваға дейін жазсам ба деймін?!

– Дұрыс айтасың, Каюм, мен сенің пікіріңе қосыламын, қай жерде болмасын барынша қолдаймын, – деді сүйікті ұстазым, қазақ халқының, қазақ әдебиетінің адал досы Леонид Михайлович. Және:

– Бұл мәселені бүгін Қашағанов жолдасқа жеткізіп, ол кісінің пікірін білуіміз керек. Керек болса, Қашағановқа екеуіміз бірге айтайық, – деді.

Біз барсақ Қашағановтың кабинетінде кісі толып отыр екен. Екеуімізден басқа шақырылған адамның бәрі жиналған сияқты. Қашағанов мәжілісті ашуға ыңғайлана бастаған кезде атап тұрып:

– Жолдас Қашағанов, бір сөз айтуға рұқсат етіңізші, – дедім.

– Иә, айтыңыз.

– Біз бүгін Абайдың туғанына 125 жыл толатын мерекесін өткізу мәселесін ақылдасуға жиналып отырмыз. Ал мен жаңа ғана адамның ар-намысына тиетін, жанға бататын жайсыз, суық хабар естіп келіп тұрмын. Қашағанов сөзімді бөліп:

– О не хабар, ашып айтпайсыз ба? – деді.

Отырған жұрт абыржып қалды.

– Хабар сол, біздің институтта қазақ тілі мен әдебиеті факультеті

жабылсын деген министрдің бұйрық-телеграммасы келді. Абай еліндегі институтта қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлайтын бөлімі жабылып жатса, туғанына 125 жыл толатын мерекесін не бетімізбен тойлаймыз.

Үндемей тұнжырап, көзінің астымен қарап отырған Қашағанов басын көтеріп алды да менің сөзімді бөліп:

– Түсінікті, жолдас Мұхамедханов, отырыңыз, – деп келте қайырды да, мерекесін өткізуге даярлық жасау мәселесіне кірісіп кетті. Сөзіме мән беріп, өз пікірін айтпастан келте қайырып тастағанына іштей ренжіп қалдым» (9-кітап, 241-бет).

Жиналыс соңында, ел тарай бастағанда хатшы Қайым Мұхамедханұлын тоқтатып, сіз қала тұрыңыз дейді. Жиналысқа киліккені үшін ақыл айтып, көсемдік көрсететін шығар деп күтіп отырыпты.

«Қашағанов ол ойлаған ойымнан шықпады. Жайдары жүзбен маған қарап, жымыып күлімсіреді де:

– Сіз бүгін шын ашулы екенсіз. Ал енді ашуыңызды басып, әңгімеңізді жайлап айтыңызшы, – деді.

Көңілім жайланып, жадырап кеткендей болдым. Кең отырып емін-еркін әңгімеге кірістік. Институттың жайын өз хал-ахуалымды, 1939 жылдан бері қазақ әдебиетінен сабақ беретінімді қысқаша баяндап, еш нәрсені жасырып-жаппай, ең аяғы әкемнің 1937 жылы «халық жауы» ретінде құрбан боп кеткенін, өз басымнан кешкен қуған-сүргінге дейін айтып, бар сырым мен шынымды ақтардым. Ақырында соның бәрінен маған қазір қатты батып отырғаны қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің жабылуы дедім.

Қашағанов сөзімді бөлмей үнсіз тыңдап отырды да:

– Е..., қазақ мектептерін жаппай жауып жатқанымыз аз болғандай, енді жоғары оқу орындарындағы қазақ бөлімдеріне ауыз сала бастаған екенбіз ғой, – деді кейіген пішінмен.

Қазақстандағы он бес пединституттың ішінен Семейдегі, Абай мен Мұхтардың еліндегі институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің жабылуын қалай түсінуге болады?

Қашағанов аз ойланып отырады да:

Оны түсінуге болатын шығар. Егер де институттардағы қазақ бөлімдерін жабу мәселесін қолға алған болсақ, ең алдымен біздің институттан бастау, кеңінен ойлайтын «кемеңгерлердің» ақылымен болған ғой, – деп кекесін күлкіге салды да:

– Абай мен Мұхтардың еліндегі институттың қазақ бөлімі жабылған соң басқа институттардағы қазақ бөлімдерін де жаба

бастаса, олар оған ренжи алмайтын шығар, – деп жымыды да, маған қарап отырып қалды. Шыдамым төзбей:

– Сіз не ойлайсыз? – дедім.

– Бұл қиын, күрделі мәселе. Қазір еш нәрсе деп те айта алмаймын. Қазақ бөлімін жабу туралы министрдің бұйрық беруінің себебін білу керек, – деп ойланып қалды.

– Перельгин екеуміз Москваға жазсақ қалай болады? – дедім.

– Перельгин жазайын дей ме? Москваға жазғандарыңыз Алматыға қайтып келеді ғой. Алматының пікірін министрлеріңіз айтып отыр емес пе? – деді де, сәл кідіріп:

– Сіз ертең түстен кейін хабарласыңызшы, – деді. Сонымен әңгімеміз аяқталды» (9-кітап, 243-бет).

Ертеңінде түстен кейін, өзінің айтқан уақытында Қайым Мұхамедханұлы Қашағановқа хабарласады. Қазір келіңіз деген соң дереу жеткен. Барса, кешегідей емес, бет бейнесінде салқын байсалдылық байқалады, қабағы қатыңқы екен басшының. Кейісті жүзбен ренжи сөйлейді.

« – Бәрін бүлдіріп жүрген өздеріңіз екен ғой. Бұдан әлдеқашан бұрын Семей облыстық оқу бөлімі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін маман оқытушылар даярлау жоспары асыра орындалды, енді Семей пединститутындағы қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің қажеті жоқ деп қаулы қабылдапты, сол қаулыны сіздің институт басшылары да мақұлдапты. Мақұлдау ғана емес, қазақ бөлімі жабылсын деген шешім алыпты. Оқу бөлімімен институттың ұсыныс, қаулылары обкомның бюросында қаралып, бюрода оқу бөлімі институттың қаулыларын қолдап, дұрыс деп тауып, қаулы алыпты. Мәселенің тарихы осылай екен. Осының нәтижесі өзіңіз айтқан министрдің телеграммасы болған ғой, – деді.

– Бұндай мәселені естіп, білген емеспіз, – дедім.

– Естімесеніз мәселе солай болған. «Тілеп алған аурудың емі табылмайды», – деген осы болады, – деп қынжылды. Мен не дерімді білмей тұнжырап отырып қалдым. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Бұл мәселе бұл жерде шешілмейді. Мен ертең Алматыға жүремін, – деп орнынан тұрып, қолымды алды да, келген соң хабарласамыз, – деді» (9-кітап, 243-бет).

Арада шамасы бес-алты күндей уақыт өтеді. Қашағановтың Алматыдан келгенін естіген Қайым Мұхамедханұлы тағы да қабылдауына барған. Жақсы жаңалық естіп қуанып қайтты. Алдағы оқу жылына студенттер қабылдау туралы жарнамалар жариялана бастаған, онда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, факультеті жоқ.

Қашағанов болса, мәселенің дұрыс шешілгенін хабарлап отыр. Қуанып қайтады.

«Мәселе қалай шешілді» деп мен де сұраған жоқпын. «Анда болдым, мында болдым» деген сияқты сөздерді айтып, игілікті іс тындырғанына мардымсып масаттанған Қашағанов та болған жоқ» (9-кітап, 244-бет).

Институтқа жақсылық хабарды айтып жеткізгенше алып-ұшып келгенінде, басшылар биылдан қалды, келер оқу жылында болмаса деген ғой. Бір күні аспаннан түскендей болып министрдің телеграммасы, қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне 1969-1970 оқу жылына оқушылар қабылдау туралы бұйрықты жеткізген телеграмма келіпті.

«Егерде Екейбай Қашағанов болмағанда, 1969 жылы жабылған Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылған күйінде қалар еді де, мүмкін он алты-он жеті жылдан кейін қайта құру, жариялылық заманы басталған кезде қайта ашылған болар ма еді?» (9-кітап, 244-бет).

1994 жылы «Семей таңы» газетінің 28.05. күнгі 43-нөмірінде жарық көрген мақаласында Қайым Мұхамедханұлы бұл адам Семей облысында басшылықта болған жылдарында (1964-1980) мәдениет мәселесіне көп еңбек жасаған еді, ол туралы айту – жеке әңгіме деп, қарапайымдылық, іскерлік тоғысқан азамат бейнесін құрметпен еске алады.

«Екейбай Қашағанов төрешілік дертінен сау, кішіпейіл, ақкөңіл, адал жүректі асыл азамат еді. Оның жарқын бейнесі әрқашан көңіл көзімнен кетпейді» деп, билік қолына тисе тасыраңдап шыға келмейтін орнықты ел азаматтары туралы ағынан ақтарылып айтып береді.

**ГҮЛЗИЯ ПІРӘЛІ,**  
М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты  
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері,  
филол.ғ.д., профессор

## **М. ӘУЕЗОВ ПЕН Қ. МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ**

«Бақыт – еркіндік, адал сөйлеу және ештеңеден қорықпай өмір сүру. Тек осылайша өмір сүру керек! Мұның адам өміріндегі маңызы зор», – деген Қайым Мұхаметхановтың өмірлік ұстанымы ғалымдық ғұмырында да осы ғибраттан, қағидадан айнымады. «Турасын айтып туғанына жақпайтын» тұлға болса да әділдік жолында тағдырдың небір теперіштерін көріп, тозаққа түсіп тірі шықса да өмірінің соңғы демі біткенше адал сөйлеп, ешкімнен де, ештеңеден де сескенбей басын тік ұстап, елдің көзіне тура қарап өткен қайсар да өр, №-1-ші Мұхтардан кейінгі атақты абайтанушы, текстолог, ақын, жазушы, аудармашы, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996 ж), профессор Қайым Мұхаметханов шын мәніндегі феномен, туған халқының рухани қазынасына ұшан-теңіз үлес қосқан көрнекті қайраткер еді.

Қайым Мұхаметхановтың осындай озық ойлы қаламгер, ғұлама ғалым, қарымды қаламгер болып қалыптасуына оның ұстазы, шығармашылықтағы шынайы жанышыры, бағыт-бағдар беруші бағдаршамы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов болғаны мәлім. Бүгін біз осы екі ұлы тұлғаның тағдыр табыстырған шығармашылық байланысындағы үндестік жөнінде сөз етпекпіз.

Қайым Мұхаметхановтың 24 жасында Жазушылар одағына мүшелікке қабылдануы, 25 жасында Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаевтың бұйрығымен Абай мұражайының директоры болып тағайындалуында, 26 жасында Ертіс бойындағы 3 Мұхаметханов облыс қаламгерлеріне жетекші боп бекітілуі, 1-ші халық ақындарының айтысына арнайы шақырылуы, 27 жасында Қазақстанның тұңғыш әнұранының алғашқы авторы атануына да Әуезовтің әсері болмай қалмады. Осы деректер дана Мұхтардың бала Қайымға жасаған өлшеусіз ықпалы мен шынайы қамқорлығының өмірінің соңына дейін бір сәтке де толастамағанын көрсетеді. Дегенмен қанша қамқорлық жасап, бағыт берсең де өзінің тегінде талант, табиғатында білімдарлық, табандылық, тазалық болмай болмысы бүгін тұлға

болып қалыптасу да қиын емес пе? Жайсандардың жанында жүрген адамдардың жаман болуға тағы құқығы да жоқ еді.

Осы ретте «түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген халық даналығын еске алсақ, еріксіз Қайым Мұхамедхановтың әкесі еске түседі. Бүкіл Семей өңіріне таныс, ұлтына қызмет етудің үздік үлгісін көрсеткен діндәр әрі данагөй қарт Мұхамедхан Сейітқұлұлының қара шаңырағына Алашорда зиялылары Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышбаев және өзге де ұлт қайраткерлері жиі жиналып, ел тағдырына қатысты құнды пікірлерімен бөлісетіні жөнінде ел ішінде жақсы аңыздар да баршылық. Ұлы Абайдың айналасындағы талантты жастар Шәкәрім, Көкбай мен оның ақын ұлдары Тұрағұлдардың қаладағы тұрақты мекен жайы да сол Қайымның әкесі Мұхамедханның үйі болыпты. Ұлы адамдардың есігі бақыт мекені екені белгілі. Осы ұлы адамдардың махаббаты мен мейіріміне қанып өскен Қайымның ұлтын сүйіп, ұлы жолда қызмет етпеуіне осы отбасының да киелі үлесі бар. «Ел болашағын алыстан болжайтын сол ұлылардың тізесінде отырып өстің ғой, шырағым! Соны ұмытпа!», – дейтін әке өсиетіне адал болған оның қазақтың рухани құндылықтары қайнап жатқан қара шаңырақта өсіп, сәби кезінен санаулы саналылардың салиқалы сөздерін құлағына құйып, көкірегіне сақтағаны, сол жолда жанкештілік танытып еңбек еткеніне ел куә.

Ұлты үшін құрбан болу сүйегі асыл азаматтың бүкіл өміріндегі берік ұстанымы болды. Асылы, «Алла тағалам сүйген құлдарына ғана ғылым сыйлайды екен» – деген даналық тегін айтылмаса керек-ті. Ұстазы тарапынан айтылған ұтымды ұсыныстар, ілкімді істер, өнегелі өсиеттер шәкірт тарапынан ұдайы қолдау табатын.

Негізі, Мұхамедхан 1932 жылы қайтадан кәмпескеге ілінгенде 16 жастағы Қайым да әкесімен 10 күнге қамауға алыныпты. Ал 1937 жылы тағы да кәмпескеге ілінген әкесі қараша айының 24-де тұтқындалып, желтоқсанның 2 күні түнгі сағат 2-де атылыпты, ал Семейдегі мұғалімдер институтында оқитын Қайым оқудан шығарылыпты. Бұл фактілер де Қайым Мұхамедхановтың қаршадайынан қаншама қиындықты бастан кешіргенінің дәлелі.

Саясаттың түрлі сынағына ілінсе де сағы сынбаған жаны сірі қайраткер 1941 жылы арнайы рұхсатпен жеделдетілген тәсілмен институтты бітірісімен Семейдегі №11 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Жастайынан Алаш арыстарының тізесіне отырып, білімі байып, ой-өрісі кеңейген,



жастайынан зердесі мықты Қайым Мұхамедханов мұғалімдер институтында студент боп жүргенде-ақ өзінің өресі биік, әмбебап білімдарлығын байқатып үлгерген екен. Ол оқушы бола жүріп институттағы орыс тобына қазақ әдебиетінен сабақ береді. Сол кездің өзінде ғылымға бейімділігі байқалып, ақыл айтып, арқа тұтар рухани ағасы М.Әуезовтің ықпалымен ғылыми-зерттеушілік жұмысқа бет бұрады. 1939 жылы оқуды бітірмей жатып педагогикалық институттың қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы болып бекітіледі. Әкесі Мұхамедхан ұсталып кеткен соң институттан қуылған оның ендігі жалғыз сүйенері мен қамқоршысы Мұхтар Әуезов болғаны да әдебиет тарихынан мәлім.

Ұлы ұстаз Мұхтар Әуезов Абай және оның шәкірттері мұрасын жинау, ақын өлеңдерінің текстологиясын зерттеу, Абайдың алғашқы мұражайын ашуға негіздеме жасау жұмыстарын да ең сенімді шәкірті Қайым Мұхамедхановқа жүктейді. Өзіне деген үлкен үміт пен жауапкершілікті сезінген ол күн-түн демей дамылсыз еңбектенудің нәтижесінде 500 жәдігер тауып, оларға ғылыми сипаттама береді. Соның ішінде ең құнды мұра Абай мен балаларының 1896 жылы бірге түскен фотосуреті екендігі даусыз. 1940 жылы Семейде ашылған Абай мұражайын ұйымдастыруға өлшеусіз еңбек сіңірген Қайым Мұхамедханов ұстазы Мұхтар Әуезовпен бірге мұражайға лайықты ғимаратты таңдауға өлшеусіз үлес қосады. Ұлы Абайдың 1875-1904 жылдары Семейге келіп жүргенде тоқтайтын тұрақты тұрағы болған Бекбай Байысовтың үйінде ашылған мұражай (1940-1944 жж.), 1944-1967 жылдары Әнияр Молдабаевтың шаңырағында жалғасын тапса, М.Әуезовтің атсалысуымен 1940 жылдың 16-қазанында Үкімет қаулысымен Абайдың туғанына 95 жыл толуына орай Семейде Абайдың тұңғыш мемлекеттік әдеби-мемориалды мұражайының ашылуы қазақ руханияты үшін үлкен бір құбылыс болғаны мәлім.

Қайым Мұхамедхановтың Семейдегі Абай мұражайын ашып, қалыптастыру, дамыту жолындағы жанкешті еңбегі бүгінде ел есінде.

Абайды 7 жасында (кейбір деректерде 6 жасында делінеді) Жидебайда көрген бала Мұхтар сол санасында сызылып қалған ақын үйін мұражайға лайықтап жасауды қаламгер Мұхтар қолға алған кұсайды. Алматыдағы жазушы мұражайында Мұхтар Әуезовтің өзі сызып, қағазға түсірген Абай үйінің жобасы сақталған екен. Ұстазы Мұхтар Әуезовтің сол сызбасын, басқа да ауызша айтқан ақыл-кеңестерін басшылыққа алған

энциклопедиялық білімді ғалым Қайым Мұхамедханов осы мұражайда аға ғылыми қызметкер, ал 1947 жылы бұл мұражай республика Ғылым Академиясының қарамағына өткізіліп, Академия Президенті Қаныш Сәтбаевтың бұйрығымен директор боп тағайындалады. Бұл жылдары да Қайым Мұхамедханов өзінің Абай мұрасына деген адалдығын, ізгілікті істегі іскерлігін, кәсіби мамандығына деген өлшеусіз сүйіспеншілігін атқарылған асқаралы істерімен дәлелдей білді.

Осы ретте мұражайды 1976 жылдан бастап, ширек ғасырға жуық басқарған Төкен Ибрагимовтың мына сөзін келтіре кеткенді жөн көрдік: «...Мұражайдағы әрбір мүлік Қайым аға жайында сыр шерте алады. Кәең мұражайдың әкесі болды». М.Әуезовтің ақын мұрасына аса жауапкершілікпен қарайтын қашанғы әдеті бойынша бұл еңбектердің бәрі елдің ертеңі үшін қолға алынғандығын, әлі де атқарылар шаруалар шаш етектен екендігін, ұлылардың әрбір мерей тойлары тек бір-екі күндік сән салтанатты жиынмен емес, мәңгілік рухани құндылықтар болып қалатын мұражайлар, әдеби мұраларының жариялануы, зерттелуі, насихатталуы екендігін ескертеді. Ұстазының шәкіртіне артқан сенімі мен үкілі үміті қандай қиямет қиын шақтарда да үзілген емес-ті. Ұлы Отан соғысы басталып, майданға аттанған ұлтжанды әдебиетшінің санасынан шықпаған бұл сенім мен жауапкершілік кейін де жалғасып М.Әуезовтің ұсынысымен Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық Үкіметтік комиссияның ғылыми хатшысы болған жылдары тіпті белсенділікпен жұмыстар жүргізілгені мәлім. Ал Абайдың туғанына 150 жыл толу мерей тойы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілуіне орай Семей өңіріндегі Абайға қатысты мәдени мұражалардың басы бір орталыққа шоғырландырылып Ахмет Риза мешіті мен медресесі Семейдегі мұражайдың қасына көшіріліп, қалпына келтіріледі.

Абайтану саласында энциклопедиялық білімге ие болған зерттеуші Қайым Мұхамедханов Абайдың бұрындары беймәлім болып келген 9 өлеңінің мәтінін тауып, ғылыми айналымға ендіреді. Жалпы сол 40-шы жылдардан бастау алған ғылыми ізденістің нәтижесінде қазақ әдебиеттануына ендірген Қайым Мұхамедхановтың Абайға тиесілі өлеңдер саны 30-дан асады екен.

Абайға араша түсіп, Әуезовтің жанында жүріп, «жан торсығы» атанған Қайым Мұхамедханов ұстазы жөнінде: «жеті-сегіз жасымда Мұханның қасына кіл қасқалар мен жайсандарды ертіп, біздің үйде әңгіме-дүкен құрғаны еміс-еміс болса да есімде», – дейді.

Есейе келе Мұхтарды аға, ұстаз тұтып, бір тағдырды бастан кешті. Қайым Мұхамедхановтың баспадан шыққан «Абайдың ақын шәкірттері» атты еңбегінің жалғыз данасы ғана сақталып, қалғаны түгелдей өртелгені де орны толмас өкініш. Қиындыққа қаршадайынан шынығып өскен ол тозақтан жаман түрмеден келгесін де «аузы күйген үрлеп ішеді» деместен, тағы да ұстазының кеңесімен Абай өлеңдерінің текстологиясын зерттеумен шұғылданады. «Абай» энциклопедиясын, ұлы ақынның «Жалын» баспасынан шыққан «Қалың елім, қазағым» атты бір томдық академиялық жинағын шығаруға белсене атсалысқан Қ.Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» атты 4 томдық монографиясы («Дәуір») мен «Абай мұрагерлері» («Атамұра») деген зерттеулерінде Алаш көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып т.б. туралы алғашқылардың бірі болып, шынайы тарихи деректерді сөйлетеді.

Сондай-ақ зерттеуші ақын өлеңдерінде бұрын бұрмаланып, қате басылып келген 250 сөзді түзеткенімен, бірақ біршама сөз бұрынғы бұрмаланған қалпы кеткенін, оларды түзетуге өзіне мүмкіндік берілмегенін, ұлы ақынның 100 жылдығына орай 1945 жылы тауып әкелген Абайдың 8-9-өлеңін Мұхтар Әуезовтің ешбір күдіксіз қабылдағынан, ал ақынның 8 өлеңі соңғы академиялық жинақтың өзі жазған түсініктемесіне ғана кіргізілгенін әрдайым өкінішпен еске алады екен. Өз өмірінің ұстанымы болған Абай өлеңдерінің текстологиясын қайта қарап, күрделі еңбек жазу Қайым Мұхамедхановтың саналы ғұмырының соңына дейін арман мұраты болғаны да мәлім.

Қайым Мұхамедхановтың ұстазы Мұхтар Әуезовтің кеңесімен ұлттық әдебиеттанудағы тың сала – «Абайдың айналасы, ақын шәкірттері» деген тақырыпты өзінің басты ғылыми бағыты болды. 1940 жылы Абайдың 100 жылдығын өткізуге байланысты құрылған мелекеттік комиссияда Қайым Мұхамедханұлы М.Әуезовтің ұсынысымен ғылыми хатшы болып бекітіліпті. Сол кезде 24 жастан жаңа асқан жас ғалым бола тұра 1945 жылы Абайдың ақын шәкірттері туралы мақалалар сериясын, ал 1951 жылы осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Алайда, алғы сөзін ұстазы, ғылыми жетекшісі М.Әуезов жазып, мәтіндерін бірнеше жыл бойы ізденуші Қайым Мұхамедханов жинап құрастырған, кандидаттық диссертация негізінде баспаға дайындаған «Абайдың шәкірттері» атты жинағы баспаға жетпей жойылып, жазықсыз тұтқындалып, өзі адам төзгісіз қорлық көреді.

Бұл қуғын-сүргінге 1951 жылы ақын мұражайы туралы «Мұражайды ескі-құсқыдан тазарту» («Очистить музей Абая от хлама») деп аталатын мақала да сеп болады. Мұнда кешегі алашордашыл Тұрағұлдың суреті мұражайда неге тұр, «Марксизм-ленинизм мектебі дегенді білуші едік, Абай мектебі деген қайдан шықты?» деген сияқты тырнақ астынан кір іздеген жаптым жалалар көп болған.

Алғашында Семейдің ішкі түрмесіне қамалған Қайым кейін Алматының түрмесінде 9 ай отырады. Алайда қанша қорлық көрсе де ұстазы Мұхтар Әуезовті сатпайды. Шәкірт Қайым Мұхамедханов өзіне жасалып жатқан зұлымдықтың бәрі ұстазы М.Әуезовке қарсы қаскөйлік екенін сезеді. «Абайдың әдеби мектебі туралы диссертация жазуға сені Мұхтар Әуезовтің мәжбүр еткенін мойында!» дегенде: «Олай деп жала жапқаннан өлгенім артық!» деген екен. Бұл деректі көрнекті драматург, қайраткер Қалтай Мұхамедхановтың: «Мұхтар Әуезовті егер бір адам сатпаса, – ол Қайым, екі адам сатпаса, соның бірі тағы Қайым. Қайым Мұхтар Әуезовтің өзіне де, оның мұрасына да аса адал болды», – деген сөзі дәлелдей түседі.

Қайым аға құрдастарына әзілдеп: «..Алматы түрмесінің бір кісілік люкс бөлмесінде тұрдым ...түрме дегеніңіз де өзінше бір университет», – дейді екен. Бірақ кеңестік кезеңдегі көп кісілерге тән қасиетпен өз басынан өткен өмір өткелдерін ол да айта бермейтін. Тек тәуелсіздік алған соң ғана Алла Белякина деген журналистке ағынан жарылып айтқан әңгімесінен соң ғана, яғни оның «Аңыз Адам-Ақиқат Тұлға» деген деректі хикаяты арқылы көпшілік ол кісінің қасіретке толы тағдырынан там-тұмдап болса да таныса бастайды. Карлағтағы Долина мекеніне барып келген қызы Дина Ғабдулқайымқызы сол жақтағы мұражайдың экспонаттарын көріп: «... архив деректерін әлі де көбейте түссе қазақ қаламгерінің айдаудағы адам төзгісіз тағдыры мен тарихы толығы түсер еді», – деген ойын жасырмайды.

Дәулет Сейсенұлының «ЕР ҚАЗАҚ» деген кітабындағы «КАРЛАГ-ҚАРАҒАНДЫ ЛАГЕРИНДЕ» деген тарауда Хрущевтің «жылымығы» кезінде КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Г.Маленков пен СОКП ОК бірінші хатшысы Н.Хрущевтің атына, кейін КСРО Жазушылар одағының А.Фадеевке, басқа да ресми орындарға хат жолдағанымен, хабар болмағандығын, тек 1954 жылдың желтоқсан айында ақталса да, құжаттары 1955 жылы ғана даярланып шыққаны жөнінде ақпарат беріледі. Енді осы еңбектегі ұстаз бен шәкіртінің 25 жылдан кейінгі кездесуі

жөніндегі естелігінің қазақ әдебиеті тарихы үшін құндылығын ескеріп толық мәтінін келтіруді жөн көрдік: «...Мұхтар екеуіміз ағалы-інідей Алматыда қауыштық. Сырымызды, шынымызды айтыстық. «Абайды халқыңа беріп кетемін десең, Мұхтар, басыңның амандығын тіле. Біздің шаруамыз бітіп, талқанымыз таусылған адамдармыз. Партиядан кешірім сұра», – деп ақыл айтқан Ахмет Байтұрсынов екен. Осы сырын маған ғана айтты. «Түрмеде қалай жаттың? Пәлі, біз-Мағжан, Жүсіпбек, Ахмет бәріміз бір камерада жатып, басымыз қосылып, бір жасап қалдық», – деп мысқылмен кеңк-кеңк күледі. Менің де ашуым тартаған. Бір сәтте Мұхтар: «Қайым, сен түрмеде не ойлап отырдың?», – дегені. Бір кісілік камерада отырғанымды, көрген қорлығымды айттым да, мынау өлеңімді оқи жөнелдім: «Отырдық тар қапаста күнді санап,

Ұйқысыз өткен түнді жылға балап.  
Мөлтілдеп көз жасындай кеп қапсың ғой,  
Көзімнен бір-бір ұшқан қайран арақ.  
Дер едім сонда, дүние, арманым жоқ.  
Тағдырға таба болып қалғаным жоқ.  
Көрсеттің қорлығыңды, зорлығыңды.  
Кеудемнен жүрегімді алғаның жоқ..  
Отқа салдың, отырдым жігер қайнап,  
Тордағы арыстандай көзім жайнап.  
Шыңдалып шарболаттай шықтым, міне,  
Отырмын өзіңменен күліп-ойнап!».

Қайым Мұхамедхановтың он томдық шығармалар жинағына «Болатөзек» деген тақырыппен алғысөз жазған жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаев ұстаз бен шәкірт арасындағы ұрсысып қалып, ұғысуды шағын сөзбен болса да ұғынықты баяндапты: «...Осыған китығы ұстаған Қайым Мұхаңа:

– Сіз де сенімсіз екенсіз ғой, - дегендей ауыр сөз айтыпты. Сонда:

– Әй, Қайым-ай, сен нені түсінесің? Түрме саған ештеңе үйретпеді ме? Олардың аңдығаны-сендер емес, менмін ғой. Мен өзім үшін емес, сендер үшін осындай әрекетке бардым. Сендерді сөйтіп қорғадым. Егер мен қасарыса берсем, сендерді қысады. Мен жұмсарсам – сендерге де жұмсарады. Мұны тактика дейді,- деп әуелде қату, соңынан тату сөзін айтты.

Шындығында да, Мұхтар Әуезовтің бүкіл саналы өмірі түрменің тактикасы мен стратегиясын зерттеуден тұрады. Әйтпесе, аман қалуы мүмкін меес еді.

Қайымды «халық жауы» етіп көрсеткендердің бірі бар, бірі жоқ, ғалым оларға өкпе де артпайды. Бірақ та, сол кезде Абай мен Әуезовке жала жапқандарды кешпеді. Өзінің жеке басына қиянат жасағандарға түсіністікпен қарап: «Оларда не жазық бар. Қысымға шыдамады. Бала-шағасы бар, тіршілікті қимады. Алатын атағы бар...және Қайымды кім біліп жатыр. Ал Әуезовті аранға жығу деген сөз-қазақ ұлтын арандату деген сөз. Менің өз басым, әйтеуір Әуезов еркіндікте, аман-есен жүрсе, түбі бәріміздің бостандыққа шығатындығымызға кәміл сендім. Сондықтан екіжүзділерді жек көрдім. Әуелі Мұханды мұқатамын дегендердің өзі ұшып кетті ғой. Адалдығың, арыңның тазалығы – адамдығыңның белгісі. Қазір соларды көрсем-күліп қараймын, ал олар қипыжықтап, бет-аузын тыржиып қашқақтай береді. Түн ішінде көрпесін басына жамылып алса да, әруақтар көз алдына елестеп, тыныштық бермейтін болу керек. Менің ұйқым тыныш, ойым орнында», – дейтін оқымысты.

Қалай десек те қазақ әдебиетінің тарихында ойып алар орны бар қаламгер, қайраткер, ақын, сазгер, драматург, абайтанушы, мұхтартанушы, бір сөзбен айтқанда әмбебап әдебиетші ғалым Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық, ғылыми мұраларына бір сәт назар аударсақ қыруар еңбекке куә боламыз. Расында да 90-ға жуық ғұмырында 100-деген өлең, 2 поэма жазған, 1954 жылдың қаңтар айында Карлагта айдауда жүріп Н.Карамзиннің «Сормандай Лиза» повесін поэзия тілімен небәрі 15 күн ішінде аударып шыққан қайраткер, Алаштың абызы, көрнекті абайтанушы, аудармашы, драматург Қайым Мұхамедханов қандай қиындықта да қайсарлық танытып, өзінің адами қасиетін сақтаған нағыз ұлтжанды, өз кәсібiне адал жанкештi тұлға.

1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы» зерттеуін жарыққа шығарды.

Абайдың 150 жылдығында Әдебиет институтына аға ғылыми қызметкерлікке шақырылып, 1951 жылы тыйым салынған «Абай шәкірттері» деген жинағына толықтырып «Абайдың ақын шәкірттері» деп 4 кітаптан тұратын еңбегін шығарады, 1993-1997 жылдары аз таралыммен шыққан бұл жинақтың бүгінде құны жоғары. Абайтану саласын үлкен ғылыми-танымдық мектепке айналдырған абайтанушы, текстолог, ақын, жазушы, аудармашы, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996 ж), профессор Қайым туған халқының рухани қазынасына қосқан үлесі ұшан-теңіз

Қ.Мұхамедханов Әуезовтің ғылыми корреспонденті ретінде

Абай туралы романды жазу барысында тапсырмаларын орындап отырғаны жөніндегі деректер жеке зерттеудің нысанасы.

Д.Сейсенұлының М.Әуезовтің 100 жылдығына орай жазылған «Абайға араша түсіп, Мұхтармен мұңдас болған ғалым Қайым Мұхамедханов сыр шертеді» деген мақаласында:

«...Мұханның қазірге дейінгі жазылып келген өмірбаяны-бар-жоғы жарты-ақ бет. Бейне ол туа салып, ғұлама жазушы, лауреат атанып үлгергендей, бақытты ғұмыр кешкендей сезінеміз. Абай секілді Мұхтар да «соқтықпалы, соқпақсыз» жерде өскен, уақытпен алысып, тартысып өткен жан. Өмірінің соңғы бірер жылында ғана тыныш ғұмыр кешті. Үнемі сергек, ширақ жүретін жанды кесел дерт сол тыныштанған кезінде қапыда басқан секілді көрінеді де тұрады. Алдағы тойға дейін ең алдымен Мұханның ғылыми өмірбаянын жазу өз борышым деп білемін.

Осы орайда, тағы бір айтпағым сол, Мұхаңа заман қысымына, өктемдігіне орай, біле тұра «қателесуге» тура келді. Қазір тірі болса, сол қателіктерін өзі түзетер еді. Сондықтан оның жөн-жосығын айту маған шарт деп білемін. Оған бойламай, «мынау енді Мұхтарға қарсы шығып отыр» деп шу ете түсетіндер де болмай қалмайтынын білемін. Бірақ, шындық бәрінен қымбат. Ал нақты шындықтан Мұханның беделі түседі деп ойламаймын», – деген мұхартануға қатысты құнды пікірлерін ортаға салыпты.

Және осы күнге дейін өзіне Мұхтар Әуезовтің жазған 50-ге тарта хаттарының сол күйі жоғалып кеткеніне деген өкініші кеңестік кезеңнің адамзаттық руханиятқа жасаған қиянатының ең бір сорақысы екендігін дәлелдесе керек-ті.

Қ.Мұхамедхановтың ЮНЕСКО көлемінде өткен Абайдың 150 жылдығы қарсаңында қазақ тарихында жеке тарихи қайраткерге арналған тұңғыш «Абай» тұлғалық энциклопедиясын құрастырып шығаруға, Абайдың екі томдық академиялық жаңа басылымын дайындауға белсенді түрде қатысы бүгінде бағалы зерттеулер. Сонау 1918 жылы Ж.Аймауытов пен М.Әуезов бірігіп шығарған «Абай» журналының 70 жылдан кейін қайтадан жарық көруіне өмірінің соңына дейін атсалысты.

«Абай мен оның ақындық мектебін» зерттеу Қайым Мұхамедхановтың абайтанудағы негізгі бір бағыты болса, екінші үлкен бір еңбегі - Абай шығармаларының текстологиясын жете зерттеп сараптауы болды.

Зерттеуші «Абай мұрагерлері» деген еңбегінде: «...Абай дүниеден қайтқалы тоқсан жылдан астам уақытта оны ауызға алмай өткен қазақ қаламгері жоқтың қасы. Екі адамның бірінің



сөзіне-тұздық, бірінің ой-пікіріне-кепілдік бола кететін «Абай айтқандай» деген ең қарапайым мысалдан... әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясына дейінгі аралықта осынау «Хакім ата» (Мағжан) хақында қаншама мәйекті, дәйекті сөз айтылмады! Ол кімдерге даналық ойдың кеніші, өнегелі сөздің өресі болмады! Оның рухани мұрасын жанына азық, өнерін қазық етпеген кімдер бар!..

...Бірақ, бұлармен Абай туралы сөз таусылды, акын жұмбағы шешілді, «Құпия құрлық бар қазына-байлығымен ашылып бітті деп және ешкім айта алмаса керек. Қайта әркім өзінің елінің есею, кемелдену кезеңіне, өмір сүрген уақыты мен ортасына, айнымалы-толқымалы қоғамдық құрылды, соларға қарай Абайды әр кез әр қырынан тани түсетіні анық...», - деген кәсіби маман ретіндегі ойлары бүгінде өз құндылығын жоғалта қойған жоқ (Қайым Мұхамедханов, Алматы. Атамұра.1995).

Абайдың 150 жылдығында Қайым Мұхамедханов Мемлекеттік сыйлық мен Лондондағы халықаралық Абай академиясының алтын медалімен марапатталды.

25 жылға айдалғанда «Өлсем Алаш арыстарынан жаным артық емес» деген Қайым Мұхамедханов Алаш арыстарын ақтау ісі басталғанда да (1988) бірінші болып Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан туралы да өз мұрағатындағы материалдар негізінде зерттеулер жазып, («Семей таңы», «Иртыш» , «Қазақ әдебиеті») қазақ оқырмандары алаш зиялылары туралы алғаш рет толық мағлұмат алған болатын. Бір заманда ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов Мұхамедханға: «Сіздің осы балаңыз кейін біздің есімімізді жаңғыртады», - деген көрегенділікпен айтылған сөзі ақыры ақиқатқа айналады. Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы туралы мақалаларында өзі жатқа білетін мәтіндер негізінде кітаптардағы қателіктіктерді түзеткен екен.

Шәкәрім туралы 1988 жылы «Қазақстан» телеарнасы «Ақынның оралуы» деген атпен шығарған деректі фильмнің сценарийін жазған да Қайым Мұхамедханов келер жылы «Қазақфильм» киностудиясы «Шәкәрім» деп аталатын ғылыми-көпшілік фильмін шығарады. Аталған студия 1993 жылы «Шәкәрімнің соңғы күзі» атты телефильмін жарыққа шығарғанда да ол М.Мағауинмен бірге кеңесші болған. «Абай туралы сөз», «Мен Абайды әке деймін», «Мир Абая», Әуезов туралы деректі фильмдер де Қайым Мұхамедхановтың тікелей араласуымен түсірілген.

Шәкәрімнің бізге жеткен жалғыз суреті де осы Қайымның әкесі Мұхамедханның үйінің жанындағы фотоательеде түсірілген



екен. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал», «Ел ағасы» атты драмалық шығармаларының дайындығы Қайым үйінде өткендігі туралы аңыздар жеке-жеке әңгіме.

Кезінде Қайым Мұхамедхановқа Мұхтар Әуезов: «уақыты келгенде қажы өзін-өзі ақтап алады», «бұл кісі өз өмірін өзі жазып кеткен адам, оның негізгі өмір тарихын шығармаларынан табасың», – деген екен.

«Ер Қазақ» кітабының «Әнұран авторы» деген тарауында ұстаз Мұхтар мен шәкірт Қайымның шығармашылық байланысына қатысты құнды дерек берілген: «...Республика әнұранына байқау жариялау туралы әңгіме соғыс жүріп жатқан 1943 жылдың басында қозғалады. Бір күні Мұхтар Әуезов партияның Орталық Комитетіне өткен бір мәдени шараға шақырылады. Мұхтар үйінде жатқан Қайымды «маған онда не бар» дегеніне қарамастан әлгі жиынға ерте барады. Жиында Сталин жолдастың әр одақтас республиканың өз ән ұраны болуы тиіс деген қаулысы оқылған соң, соған орай байқау өткізілетіні айтылады. Содан кейін-ақ жасы үлкенді-кішілі ақындардың бәрі дерлік байқауға қатысып, бақтарын сынамақ болады. Мұхтардың кеңесімен Қайым да байқауға қатысуды жөн көреді. Ал мұны аңдып, сезіп отырғандар «Мұхтар екеуі бірігіп жазып жатқан болар» деп іштерін қызыл иттің қызғанышы өртеп, небір өсекке жол береді. Бұл кезде Қайымның жасы 27-ге енді ғана толған болатын. Басы артық сөзді ұнатпайтын ол ән ұранға арнап жазылған өлеңін бәйге комиссиясына өткізеді де, Семейге қайтып кетеді» (76 бет). Қазақтың тұңғыш ән ұранының авторы атанған Қайым Мұхамедхановтың мәтініне қатысты тарихи деректер мен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы көңілге кірбің ұлататын оқиға да осы тарауда жан-жақты баяндалған. Қажет деген оқырман оны осы кітаптан тауып алары анық.

Қайым Мұхамедхановтың 1954 жылдың қаңтар айында Карлагта айдауда жүріп Н.Карамзиннің «Сормандай Лиза» повесін поэзия тілімен небәрі 15 күн ішінде аударып шыққаны, кейін «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Ер Білісай», «Перне» атты драмалық туындыларын жазғаны жөніндегі әдеби деректерде баршылық. Осы еңбектегі шәкіртінің «Майданнан майданға» деген пьесасына 1947 жылы ұстазы Мұхтар Әуезовтің жазған пікірін келтіруді жөн көрдік: «...Қазақстандық көркем-өнер комитетінің жанындағы арнаулы Художественный Советтің март айы ішінде болған мәжілісінде Мұхамедханов жолдастың осы пьесасы оқылып, сынға түскен болатын. Сонда, көпшіліктің

қорытқан пікірі қысқаша айтқанда, пьесаның тәуір шығарма болып шығуына жақын тұрған қасиеттері айқын екендігін айтқан...содан ары қарай, Мұхамедханов жолдас, айдан артық уақыт үрдіс еңбек ету нәтижесінде пьесасын толықтырып, қайта жазып шықты. Жаңағы аталған Художественный совет көздеп берген, айрықша шарт талаптардың барлығын да автор осы соңғы түзеуі үстінде түгелімен орындап шыққан деп білемін. Ең әуелгі вариантында да, маңызды қасиеті бар деп танылған шығарма, соңғы түзеулер арқылы, әсіресе өсіп, толығып, көркемделе түскен».

Сол жылы аталған пьеса сахнаға жол тартады...Әуезов сынды театр мэтрінің пікірі барлық сыннан бағалы еді..». Қ.Мұхамедханов аудармашы ретінде де кеңінен танылған тұлға. Оның татар драматургы Шариф Камалдың (Байгалдиев) «Қажы әпенді үйленеді» атты комедиясын, әлем халықтарының 75 тіліне аударылған драматург, композитор, КСРО халық артисі Узеир Гаджибековтың «Аршынмал-аран» пьесасын, музыкалық комедиясын, поляк драматургы Пьер Огюстен Карон Бомаршенің «Фигароның үйленуі», А.Фадеевтің «Жас гвардия» және А.С. Пушкиннің «Русалка» атты драмаларын қазақшалаған.

Әмбебап әдебиетші Қ.Мұхамедхановтың әдебиетші, кәсіби сыншы ретінде еңбектері де баршылық. Атап айтар болсақ, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ш.Құсайынов, Т.Сағыров секілді драматургтердің пьесаларына, Семей ақындары туралы, қазақтың алғашқы киносы «Амангелдіге» жазған әдеби көркем сын еңбектері әлі де өз оқырмандарына бағалы. Атақты абайбанушы, мұхтартанушы ғалымның: «Мен әскерде де, әдебиетте де полковник дәрежесінде қалдым. Әдебиеттің генералы Мұхандар ғой», – деген сөзі ұстаздарын ұлықтаудың үздік үлгісі болса керек.

2005-2011 жылдары Т.Жұртбайдың жетекшілігімен Қайым Мұхамедхановтың 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. 2017 жылы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай абайтанушы ғалымның құрметіне Семей, Астана, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Тараз, т.б қаладарда көшелер есімі берілді. 2017 жылы Қайым атындағы орталық қоғамдық қоры «Әке мен бала-Мұхамедхан Сейтқұлов пен Қайым Мұхамедханов»-Отан патриоттары» деген кітапша жарық көрді.

Қайым Мұхамедханов Қазақстан Жазушылар одағының халықаралық Абай және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының алғашқы лауреаты атанды. «Семей» мемлекеттік университеттің құрметті профессоры атағы да ең алдымен осы кісіге берілді.

Көрнекті ғалым, абайтанушы, мұхтартанушы, шәкәрімтанушы Қайым Мұхамедхановтың абайтану, алаштану, шәкәрімтану, мұхтартану салаларындағы ұланғайыр еңбектерін зерттеу болашақтың еншісінде.

## **ҰЛЫЛЫҚ ҰШТАСТЫРҒАН ҰСТАНЫМ**

1903 жылы Санкт-Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVII томы қазақ халқының тарихына арналып, «Киргизский край» (Қазақ өлкесі) деген атаумен шықты. Осы томның «Халқы» деп аталатын бөлімінің «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» деген IV тарауын жазғандар – Ә.Бөкейханов, А.Н. Седельников, С.Д. Чадовалар деп көрсетілген. Ал «Қазақ өлкесінің территория бойынша орналасу тәртібі және оның этнографиялық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген V тарау авторы – А.Н. Седельников. Бұл еңбектердің этнография, тарих, география және т.б. ғылымдарымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымында да алатын орны зор. Әсіресе V тарауда қазақ халқының мәдениеті мен өнері, әдебиеті сол кездегі таным-білік деңгейінде сөз бола келіп, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларының аты аталып, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына тарихи және әдеби сипаттама жасалған. Жазба әдебиет өкілдерінен Ноғайбай, Шортанбай және т.б. ақындарды атап, Абайға арнайы тоқталынып, ол «қазақ әдебиетіндегі соны бағыттағы жаңа әдебиетінің көш басшысы» деп бағаланады. «Енді қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты - формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе табиғатты бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегинді» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қазақтарға түсініктілерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», – деген пікірді классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеру жолындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-көзқараста соны жаңалық, профессор Т.Кәкішевтің сөзімен айтсақ, «Абайдың көзі тірісінде тұңғыш рет жасалған ғылыми мәнді қорытынды» деуге болады. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы жерде бұл томды, оның ішінде жоғарыдағы тарауларды кім жазды деген сұрақ туындайды. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл томдық Санкт-Петербургте А.Ф. Девриенің баспаханасында

басылып, оны жазуға Ә.Бөкейхановпен бірге жоғарыда аталған орыс ғалымдары қатысқан. Кеңес дәуірінде Алаш арыстарының мұраларына тыйым салынған кездегі ғылыми айналымда жоғарыдағы екі тарау авторы орыс ғалымы А.Н. Седельников саналып келді. Тәуелсіздік алғанымызға дейінгі Ә.Бөкейханов есімін атауға қарсы талап-тілекке сай бұл томдағы Шортанбайдың «Зар заманы» және Абай туралы мәнді пікірлерді орыс ғалымы А.Н. Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еңбектегі ғылыми мәні мол V тарау әлі күнге осы орыс ғалымының еншісінде жүр. Көптеген ғылыми еңбектерде сілтеме әлі де болса осы ғалымға жасалуда. Оған дәлел – бұл тарау Ә.Бөкейхановтың екі бірдей 1994 және 1995 жылы шыққан таңдамалы жинақтарына енгізілмеген. Соңғы жинақта томдықта орыс ғалымдарымен бірге жазылды деп көрсетілсе де, тек «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» аталатын IV тарау ғана бар. Еуропацентристік көзқарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы XVII томдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А.Н. Седельников жазды дегенде, оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырғанда жартымды ештеңе жазбағанын да естен шығардық. Мысалға В.М. Сидельниковтың «Казахское поэтическое творчество казахского народа» аталатын библиографиялық көрсеткішін қарасақ та жеткілікті. Әрі-беріден соң осы автор Әлиханнның «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» аталатын көрнекті мақаласын Ә.Диваевтікі деп көрсетіп жіберген. Ең құрығанда «Туземец» деген жасырын атымен бергенде оны, орыс ұлтының өкілін «ұлтшылсын» деп ешкім қудаламасы хақ еді. Бұл біздің цензурада отырған әсіре сақ нигилистеріміздің қолымен жасалған қылмыс кекеніне дау жоқ. Орыс ғалымының қазақ даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Ә.Бөкейханов орыс ғалымын «зерттеуші-ботаник» деп көрсетеді [1, 221]. Бұл пікірді «Қазақ совет энциклопедиясындағы»: «Оңтүстік Алтай өлкесін зерттеуші. Осы өңірге 12 рет экспедиция ұйымдастырып, көптеген өзен-көлдерді зерттеу нәтижесінде үлкенді-кішілі 21 ғылыми еңбектері жарық көрді. «Россия» атты сериялық еңбектердің «Қырғыз (қазақ) өлкесі» деп аталатын кітабын жазушылардың бірі», – деп ғана көрсетілген анықтама

дәлелдей түседі. Әзірге қазіргі этнография, фольклортану саласындағы белгілі еңбегі «Қазақ өлкесінің территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деп атап көрсетіліп жүр. Осындай бір жақты көзқарастың кесірінен де біз дауласып отырған тарау атауы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы» Ә.Бөкейханов ғұмырнамасында да көрсетілмей қалған [2, 404].

Негізінен алғанда А.Н. Седельников Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі бола тұра атақты «Щербина экспедициясына» қатыспаған және Семей, Қарқаралы өлкесін зерттеді деген де ешбір мәлімет жоқ. Оны 13 том болып шыққан еңбектің Павлодар уезіне арналған IV томына жазған Ф.Щербинаның алғысөзінен байқау қиын емес. «Собирание сведений по Павлодарскому уезду было произведено во второй половине 1897 года. Сначала сюда были направлены пять партии, именно: А.Н. Букейханова, П.А. Васильева, А.А. Боровского, А.Г. Бутковского и П.П. Кондратьева, а затем немного позже присоединились партии Л.К. Чермака, Н.Ф. Дмитриева и М.Ф. Гусева», – деп жаза келіп, осы партиялардың көмекшілері болды деп бірнеше орыс фамилияларымен қоса Жүсіп Сатыбалдин деген адамды атайды. Сонан соң: «а регистрарорами были Эрежеп Итбаев, П.А. Беляков, Мажит Чумбалов, султан Тлекиев, Кудайкулов, Джасмаганбетов, Серкебаев, Айманов и Вячеслав», – деп жазады [1, 123]. Егер «Россия» деп басталатын көп сериялы томдықтың «Қазақ өлкесі» аталатын ХҮІІ томы 1903 жылы, ал Ә.Бөкейханов тікелей қатысқан «Ф.Щербин экспедициясының» «Материалдары» 1903-1905 жылдары жарық көрсе, А.Н. Седельников осыншама бай ғылыми деректерді қай уақытта зерттеп алып жүр деген күмән туады. Сондықтан «Әдебиетке, әсіресе Абайға байланысты пікір осы тарауда айтылғандықтан Ә.Бөкейхановтың қатынасы болуы қай дәрежеде екенін аңғаруға тиіспіз» деген профессор Т.Кәкішевтің пікірінде көп сыр жатыр [3, 170]. Сонымен қатар экспедиция жұмыстарына жергілікті жердің беделді және сауатты адамдары қатыстырылған болса, онда Семей уезінің болыстықтарының жері зерттелген уақытта Абайдың бұған ат салыспауы мүлде түсініксіз болып шығады. Мұрағат ақтарып тарихи деректерді салыстыра дәлелдеуге өзі-ақ сұранып тұр.

Біздің ойымызша А.Н.Седельников жазған деп жүрген «Қазақ өлкесіндегі» V тараудың да авторы Ә.Бөкейханов болуы керек. Оны мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудағы Абай

шығармашылығы туралы айтқандағы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады» деп жазған пікірін 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында: «1899 жылы Көкен болысының әнші қазағы Әділхан бізге «Татьянаның хатын» скрипкаға қосып орындады. Бізді таң қалдырғаны «Татьянаны қайдан білесін» дегенде, Әділхан өзін нұсқап қойып, орыстың өзі сияқты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айтып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айтып, сонымен қатар Лермонтов өмірге риза болмаған, ал Пушкин оған данышпанша қарады деп түсініктеме берді. Осы жолдардың авторы соңынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен қосып айтқан бірнеше ақындарды кездестірді», – деп нақтылай түскен болатын. Оның үстіне бұл орыс ғалымы қазақ тілін жақсы түсініп, сөйлей білген деген дерек әзірше жоқ. Ендеше оның алыс ауылдағы қазақ әншісінің не туралы жырлап отырғаны туралы айырықша ынта қойып тыңдап, ерекше ықылас білдіре қоюы неғайбыл.

Еуропацентристік пиғылдағы орыс ғалымдарының көбі миссионерлік және шовинистік көзқараста болғаны жасырын емес. Ә.Бөкейхановтың басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стильдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр ашылатыны анық. «Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің халықтығы, тарихилығы мәселелерін танытуға деген талап байқалады. Әрине шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара қойған жоқ. Бірақ Ә.Бөкейхановтың жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айтып отырғанына, ал жанр, түр мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына әдеби талдау жасауға деген ұмтылысты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай нақтылыққа бой ұра бастағанына айқын мысал» [4]. Қысқасы, 23 беттен тұратын бұл тарауы дағы халықтың орналасу тәртібі, тұрмысы туралы жазған жерлерін А.Н. Седельниковке беру керек те, әдебиет, мәдениет, этнографиясы туралысын Алаш көсемінің еншісіне қайтару қажет.

Бұл томдағы қазақ әдебиетін, Ұлы Абайды сөз еткен тарауды Ә.Бөкейханов жазған дегенде Әлихан мен Абай бірін-бірі білген

бе деген негізгі сөз етейік деп отырған мәселе туындайды. Бұл мәселені шешіп алу – абайтану ғылымы және Ә.Бөкейханов мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А.Н. Седельников жазсын, Әлихан жазсын, әйтеуір Абай тұлғасы орыс жұртшылығына тұңғыш рет осы еңбек арқылы танылды ғой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды. Академик Р.Нұрғали Әлихан Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланған «А.Құнанбаев» (некролог) аталатын мақаласын сөз ете келіп: «Шындығына келгенде, Абай мен Әлиханның жас айырмасы екі-ақ мүшел, екеуі де бір атыраптан, Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан бұлардың көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы әбден ықтимал, бірақ ондай сөзді Әлихан жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, ағаларының балалары Шәкерім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты – бұлар туралы анық деректер келтіреді. Қалай дегенде, Әлиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін айтылмыш мақаладан анық көреміз», – деп жазды [5, 429]. Бұл тегін айтылған пікір емес.

Біздің ойымызша, Әлихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Оған үш түрлі дәлеліміз бар. Бірінші. Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына белсене араласқандықтан 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г.Потанин, П.П. Семенов Тянь-Шанский, Е.П. Михаэлис және А.Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазақтың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е.П. Михаэлистің болуы да көп жайды аңғартады. Е.П. Михаэлис қайтыс болғанда «Қазақ» газетіндегі (1914, № 44) жазған «Офат» деп аталатын азасөзінде Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін келтіріп, осы өлең жолдарымен аяқтауы жақсы сыйлас адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жаныашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отырушы еді», – делінген пікір де көп жайды аңғартады (айтып отырады екен деп емес. Ж.С.). Батыс-Сібірлік Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің «Запискиның» 1914 жылы Е.Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да



Михаэлисті жоқтайды» деп Әлиханның осы азасөзін ерекше атап өткен.

Екінші. Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан хазірет пен осы мешіт жанындағы медресе мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Россияның отаршылдық саясатына, діни мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шаригат жолымен қызмет жасауына тиым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы күрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш.Қосшығұловтың Абайға жазған екі хаты белгілі. Алғашқысы - Абай баласы Тұрағұлға беріп, ол «шылым орау» үшін болыс Р.Құдайбердинге беріп, ақын үйі тінітілген кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі - Абай Семейдің уезд бастығы И.С. Навроцкийдің қатысуымен Арқат почта бөлімінен алып берген хат. Абай үйін тініту - 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұлов бастаған адамдардың қазақтарды орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсы іс-әрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта Ш.Қосшығұлов Семейдегі жәрмеңкеде болатын кездесу мен Жетісу жеріндегі кеңес туралы жазғанда Абай бұлар жайында бұрын хабардар болғаны байқалады және хат жазысқан да сияқты. Оған екінші хат соңындағы «Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Абдулла Зиядуға тисін деп әдепкі жолмен жіберсеңіз аламыз» деп жазғандағы «әдепкі жол» тегін айтылмаса керек [6, 424]. Сонымен қатар полиция Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловты тұтқындағанда мешіт пен интернаттан жүзден астам гектографқа басылған қолжазба кітапшалар тауып алған (сонда. 421-бет). Бұл туралы Ә.Бөкейханов өзінің 1910 жылы шыққан «Қырғыздар» (Қазақтар) аталатын еңбегінде: «Лет 6 тому назад, по доносу волостного писаря, уволенного киргизом-управителем, администрация познакомилась впервые с казахской (еңбекте киргизской) прокламацией, напечатанной на гектографе и получившей широкое распространение в степи. В этой первой казахской прокламации авторы на арабском и казахском языках призывали детей Алаша подняться, как один человек, против посягательств русского правительства на религию - ислам и против попытки обратить казахский народ в «крестьян» и православную веру. Эта основная идея прокламации богато иллюстрировалась частными фактами обрусительной политики... В связи с этой прокламацией были проведены впервые политические обыски у известнейших казах, у мулл и учителей,



были арестованы библиотека и переписка. Из Кокчетава были административно высланы известнейший во всей киргизской степи ученый – мулла Наурызбай Таласов со своими учениками», – деп жазады [1, 74]. Жазушы Қ.Ысқақовтың ертеректе «Жұлдыз» журналына жариялаған дерегіне сенсек, дүние-мүліктері тәркіленіп, Сібірге жер аударылған.

Міне, осы прокламациямен Ә.Бөкейханов алғаш рет Абай ауылында танысқан деуге толық негіз бар. Ол А. уезінің қазақтары Қ. және Б. дегендердің сол уездің священнигінің өздерін және дінін қорлағаны үшін жазған шағымына Архипастырдың «дерзкий кляузник киргиз забыл, что он живет не в Турции, а в России, православно-христианской. Оставить без последствий», - деп жазып қалдырып, жауап бермегенін мысалға келтіріп өтеді де прокламациямен қалай танысқанын айтады (Мұндағы К. мен Б. деген Ш.Қосшығұлов және Абайға жазылған хатта аталатын З.Баширов болуы да мүмкін). «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л.Н. Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкапулку, где он держал свой архив и вынул оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеприведенную копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л.Н. Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик», - деп жазады. Осындағы Л.Толстой мен басқа орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл - Абай ауылы болмауы еш мүмкін емес, ал беделді қазақ Абай болуы керек. Өйткені қазақ даласында әлем және орыс әдебиетімен кеңінен таныс басқа ауыл болды дегенді естіген де, оқыған да емеспіз. Бұл да біздің Абай мен Әлихан кездескен деген ойымызды нақтылай түседі. Біздің жорамалымызша, Әлихан студент кезінің өзіңде-ақ саяси толқуларға белсене қатысқаннан бастап және «Зарзаман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі ретінде саяси сенімсіз, үнемі аңдуда болғандықтан кесірін тигізбеу үшін Абай есімін саналы түрде атамай отыр дер едік. Мысалы «Кәкітай» аталатын азанамасында «1906 жылы Керекуден Семейге баруға шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген. Мархұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге аты теріс достар мені қашыртпақ болып, маған қарсы үш атпен

«Б»-ды жіберген. Мені ұстамас бұрын маған Керекуден «С» қуып келді, қашайық деп», - дегеніндегі кісі есімдерін толық жазбауы ойымызды дәлелдей түссе керекті («С» - Садуақас Шорманов болуы мүмкін).

Сонымен қатар Науан хазірет пен Ш.Қосшығұлов саяси мәнді үгіт қағаздарын және хаттарын ел тындайтын сыйлы, көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп, халық мұңын ойлайтын адамдарға ғана жіберген. Олардың ішінде әзірге белгілері Баянауылда – Садуақас Шормановқа, Зайсанда – Кеншінов дегенге, Семейде – Абайға жіберілген. Әлихан бұл кезде Омбыда, әрі саясм күрескер ретінде таныла қоймаған, экспедиция мен патша қызметінде жүргендіктен прокламацияны тікелей алмауы занды. Негізі Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловтың бүкіл қазақ халықын отаршылдық зардаптарына қарсы көтеру жолындағы күресі мақсатты да тиянақты түрде зерттеуді қажет етеді. Сонда хаттағы «Халық қамқоршысы ретінде Сізден еш хабар ала алмадық, ал Сізден әлдеқайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр» дегендегі басқа да халық жанашырлары анықталар еді. Сонымен халқымыздың ұлт азаттығы жолындағы тарихының беттері толығымен түсуімен қатар, абайтану, бөкейхановтану ілімдері тың деректермен дәйектелері сөзсіз. Әрине Ә.Бөкейхановтың Абай ауылында болғаны да анықтала, дәлелдене түсер еді. Қалай дегенмен де Әлихан Абай шығармашылығымен тек Кәкітай арқылы танысты деу тым күмәнді. Алғаш рет Кәкітайды 1900 жылы Семейде көріп танысқан Әлиханның 1904 жылы «Абай өлеңдерін кітап қылып басындар» деп бірінші болып бірден хат жазуы да ақын шығармаларымен сырттай ғана таныс емес, жүзбе жүз пікірлес те болғандығына дәлел болуға тиісті.

Үшінші. Ә.Бөкейханов 1994 жылы Санкт-Петербургтің Орман институтын бітіргеннен кейін Омбы қаласына қайта оралып, осындағы орман мектебінде екі жыл мұғалімдік қызмет атқарады. Сонымен қатар Тобыл уезіне жүргізілген статистикалық санақ жұмыстарына қатысып, терең білімділігімен қоса ғылыми жұмыстар жүргізуге деген зор ынтасы және қабілетімен көзге түседі. Ресейдің Жер министрлігінің ұйымдастыруымен Ф.А. Щербина басқарған ғылыми экспедиция құрамына алғашқыда статистик ретінде шақырылып, кейін оның жеке зерттеу тобын басқаруға дейінгі құрметке ие болады. «Щербина экспедициясы» 1896-1901 жылдар аралығында бүкіл қазақ даласының үштен бір бөлігінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1903-1905 жылдары 13 том ғылыми еңбек жарыққа

шықты. Экспедиция Ақмола және Семей облыстарының 12 уезінде жұмыс атқарған болса, Ә.Бөкейханов оның Павлодар, Семей, Қарқаралы, Омбы уездеріндегі ғылыми жұмысқа тікелей қатысқандығын жазған еңбектері дәлелдейді. Қарқаралы уезінде 22 болыстық болса, экспедиция оның 16-сын түгел аралап шыққан, ал Семей уезінде 19 болыстық құрылған. Ә.Бөкейхановтың 1995 жылғы таңдамалы жинағындағы жазылған «Түсініктерде» Қарқаралы уезінің 1898, 1899 жылдары зерттелгенін, үш партия жұмыс жүргізгенін айта келіп: «...первая с А.Н. Букейханом во главе, имевшим помощником Джусупа Сатыбалдина и регистратором Е.Итбаева. Абралинская и Дегеленская волости также были исследованы партией во главе с А.Н. Букейханом», – деп ашық жазылған [1, 459]. Бұл болыстарда Абай өлендері айтылып, әндері шырқалмады деп ешкім де кесіп айта алмас. «Көкен болысында 1899 жылы болдым» деп жазғанының өзі осы кезге, яғни экспедиция жұмыстарына сәйкес келіп тұр. Айта кететін бір мәселе, ғалымның жазылу тарихына түсініктеме жасалған «Қарқаралы уезі» еңбегі жинақта жоқ, тек «Шежіресі» ғана берілген. Тағы бір орыс зерттеушісі қосарланып жүр ме, кім білсін.

Осы уездің Көкен болысында «Татьянаның хатын» естіген ол Абай туралы сұрастырмауы, барып жолығуға ынтық болмауы мүмкін емес. Бұл Абай атақ-даңқының бүкіл қазақ даласына кеңінен тараған кезеңі болса, Ә.Бөкейханов экспедиция жұмыстарының мүддесімен де жолығуға тиісті еді деген ойдамыз. Себебі экспедицияның негізгі мақсаты қазақтың жер қоғамдастығы болғандықтан, ол қазақ руларының мекенін, тиесілі жерін белгілеп, оны картаға түсірумен шұғылданғаны мәлім. Ал бұл секілді ел тағдыры шешілетін әлеуметтік мәселеден Абайдың шет қалуы ешбір ақылға сыймайды. Жоғарыда айтқанымыздай, Абай Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің статистика комитетінің мүшесі болған ғой. Переселендерді көптеп орналастыру үшін қазақ жерін толықтай зерттеу мақсатында отаршылдық пиғылда құрылған бұл экспедиция жұмысына географиялық қоғам өз мүшесі, көзі ашық әрі орысша сауатты, орыс достары көп Абайды тартпауы көңілге қонымсыз. Сонымен қатар Ә.Бөкейханов өзінің қазақ руларының шежіресін жазуды экспедицияның алғашқы жылдарында-ақ қолға алғаны байқалады. Ол экспедиция материалдарының 1905 жылғы V және VI томдарында жарияланған. Ендеше бұл зерттеуінде де Ұлы Абайдан ақыл-кеңес алмады дей алмасақ керек.

Ғалым өзінің «Дала өлкесінің түпкірлеріндегі орыс қоныстары» аталатын еңбегінде қосымша ретінде қызық бір дерек келтіреді. Қазақ халқының мал шаруашылығы, жайылымдары, жылқы қыстатуда қостардың 1500 шақырымға дейін көшіп жүретінін айта келіп: «Поразительная память на места у киргизских лошадей. Известны случаи самовольного возвращения на родину в Каркаралинский уездъ (150 версть от границы) лошадей, проданных ташкентским торговцам и отбившихся от новых хозяев из окрестностей г.Ташкента. В августе 1994 году с Оренбургского конного базара отбились, убежали две лошади киргиза Семипалатинского уезда Оразбая Аккулы и зимою в ноябре того же года оказались на его летовке, где зимою пасутся косы (табун лошадей)», – деп жазады [1, 235]. Бізді таң қалдырғаны Оразбайдың аты-жөнінің нақты келтіріліп отырғаны ғана емес. Еңбек кейін 1907 жылы үш ай Семей түрмесінде отырғанда жазылғанымен, арада он үш жыл өтсе де оқиғаның айы мен жылына дейін көрсетілуі. Алаш көсемінің өмір жолына көз салсақ, ол бұл жылы оқуын бітіріп Омбыға енді ғана келген. Қалай дегенмен де көңіл аударарлық дерек, мүмкін өзі куә болған оқиға шығар десек қателеспейтін сияқтымыз. Бұған қоса бүкіл Сарыарқаны былай қойғанда, Қарқаралы уезін күңіреткен Әбіштің өлімі кезінде Әлихан сырт қалды дей аламыз ба?

Қысқасы, Абай мен Әлихан секілді ұлы тұлғалар ғұмырнамасында ашылмаған ақтаңдақтар толып жатыр. Басқаны былай қойғанда, орыс өдебиетінде кездейсоқ кездескен атақтылары туралы көптіп жазған ғылыми-танымдық мақалалар көп жазылған.. Қазақтың екі кемеңгерінің таныстығы туралы деректі бізге үш жерден ғана кездестіруге болады. Біріншісі – пікір, екіншісі – ғылыми еңбекте айтылған ой, үшіншісі – көркем шығарма. Олар: академик Р.Нұрғалидің жоғарыда біз келтірген пікірі, Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» монографиясындағы тұжырымды ой және М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы көркемдік шешім. Біз ұлтымыздың екі данасы қайтсе де кездескен, «айттым бітті, кестім үзілді» деген тұжырым жасаудан аулақпыз. Қандай да болсын жаңаша көзқарастың бірден аксиомаға айналуы оңай шаруа емес екені белгілі. Әрине, оны бір мақсатта біріккен ізденіс ғана жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бөкейхан Ә.Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.

2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. X том. – Алматы, 1999.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
4. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Астана: Фолиант. 2016.
5. Нұрғалиев Р. Ә. Бөкейханның шығармашылық мұрасы. \\  
Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. 6. Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.

**ЖҰБАЙ ОРЫНАЙ**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
профессоры м.а., филол.ғ.д.

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ**

Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Ақиқат дүниені тану үдерісінде дүниетанымдық білімдер арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Бұл жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек, тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Бұл орайда концептілеудің маңызы зор. Концептілік мазмұн мен тіл екі жақты байланыста болады. Концептілік мазмұнды тілдің көмегініңсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады.

Абай Құнанбайұлы концептілік мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептілік мазмұнды тілдің көмегініңсіз сипаттау мүмкін еместігін ескертеді. Ақын «Сегіз аяқ» атты өлеңінде тілді

*Алыстан сермен,  
Жүректен тербен,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.*

*Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ ойға олақ, –*

деп сипаттайды [1]. Яғни ғұлама қазіргі кездегі шет тілдік атауларды қолданбаса да, адам санасындағы құбылыс тіл арқылы жарыққа шығатынын, тіл ғана оны нақты бейнелей алатынын айтқан.

А.Байтұрсынұлы: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Сөзбен қандай сымбаттау я кескіндеуге болатындығын көрсету үшін бірнеше мысал келтіріп қарайық», – дей келіп, Абайдың әйелді сымбаттауын (Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы), Абайдың күзгі күнді сүгіреттеуін (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуын (Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа) келтіреді [2].

Абай Құнанбайұлы тілді оймен, санамен, логикамен, психологиямен, физиологиямен байланыстырады. Ғұламаның бұл тұжырымдары А.Байтұрсынұлының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау», – деген сөздерімен астасып жатыр [2, 343.].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Тіл қисыны» дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету», – дейді [2]. Тілге (сөзге) қатысты «қисын» сөзі Абай Құнанбайұлының шығармаларында да осы мәнде кездеседі:

*Әуелі хаят, хәдис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны аласы.*

*Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,  
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.  
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.*

«Жастықтың оты жалындап» атты өлеңінде ақын

*Жастықтың оты жалындап,  
Жас жүректе жанған шақ.  
Талаптың аты арындап,  
Әр қиынға салған шақ.  
Уайым аз, үміт көп,  
Ет ауырмас бейнетке.  
«Бүгін-ертең жетем», – деп,  
Көңілге алған дәулетке...  
Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы кәрі дүниенің  
Бір кетігін ұстап бақ, –*

деп жырлайды [1]. Сондай-ақ қара сөзінде (27-сөз) ғұлама: «Жә, олай болса һәмма мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ», – дейді [1]. Яғни шақтарды (алдын – келер шақ, артын – өткен шақ, осы күнін – осы шақ) ажырата білу қабылеті адамға ғана тән екенін айта отырып, қазіргі қазақ тіл білімінің метатілінде термин ретінде қалыптасқан *шақ, осы, осы шақ* сөздері мен тіркестерін қолданған. Шақты үшке (*алдын, артын, осы күн*) жіктеген. Өлеңінде ақын *шақ* сөзін бірнеше рет қолданған (*Әр қиынға салған шақ. Үнемі тұрмас осы шақ*). Сөздердің мән-мағынасында кейін Ахмет Байтұрсынұлы термин ретінде енгізген, қазіргі кезде қолданылып жүрген мағынасында ешқандай айырмашылық жоқ.

«Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша: әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады.



Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық... Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деп жазған еді [3]. Әр сөзін зерделей білген ғалым кейін Абайдың сөздерін қазақ тіл білімінің терминдерін түзіп, қалыптастыруда молынан пайдаланғаны байқалады.

Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнеріне қатысты бірқатар атауларына (*сөз, тіл, айтушы, тыңдаушы, сөз қисыны, ғаламды сөзбен көрсету*, т.с.с.) Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің әсері барға ұқсайды.

Бүгінгі таңдағы шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Қазіргі кезде когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген аудармалар қолданылып жүр. Бұл орайда ғалым «ғаламды сөзбен көрсету» деген атауды ұсынады: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады» [2].

«Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданыс табиғатына қайшы, калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет. Әрине, бұл сөздердің (*сөз, тіл, айтушы, тыңдаушы, сөз қисыны, ғаламды сөзбен көрсету*, т.с.с.) бірқатары қазақ тілінде Абайға дейін қолданылған. Ахмет Байтұрсынұлы Абай ақынның қолданысындағы сөздерге

терминдік мән жүктеген. Сол арқылы қазаққа ұғынықты, қазақы танымға тән атаулар қалыптастырған.

Екі ғалымның концептуалдық ұстанымдары да ұқсас. Абай тілмен жеткізетін ойды өткірдің жүзі де, кестенің бізі де жеткізе алмайтынын айтса, Ахмет Байтұрсынұлы кескін өнерін беске жіктей келіп: «Өнердің ең алды **сөз өнері** деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар – мұны қазақ сөз баққан, сөз күйіттеген қалық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінінде қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдеме ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» деген тұжырым жасайды [2].

Абай Құнанбайұлының ой-тұжырымы Жүсіпбек Аймауытұлының еңбектерінде де сабақтастық тапқан: «Біз фотографиямен неге пайдаланбаймыз? Сөзбен суреттеу нәрсенің ұзын ырғасы, долбары, нобайы сықылды болатындығы бәрімізге мәлім. Бір танысыңызға бір адамның түрін суреттеп айтып көріңіз. Ол суреттеген кісіңізді жолықтырғанда, оны танымасына мен кепіл. Әңгіме ым (мимика) мен ымдасу (пантомима) да, оларды сөзбен суреттегеннен фотографияға түсірген әлдеқайда сәл оңай емес пе?.. Әрине, бұл жазулар сөзбен жазуды мүлде керексіз тауып, шығарып тастайды. Қайта сөз, сурет, фонограф жазулары бақыланушы адамды жақсы зерттеуге біріне бірі көмектесіп пайдасы тиеді. Сөздің одан да артық пайдасы, арманырақ барғанда, ақылмен білетін нәрсеге келгенде көзге анық көрінеді, онда көбінесе сөзге сүйенуге тура келеді. Біздің жат ететініміз – түптің түбінде тілсіз жануарлар сықылды болмай, бәрін де сөзге айналдыру ғой» [4, 184].

Байқап отырғанымыздай, Ж.Аймауытұлының тұжырымында Абайдың ақыл, сана, ақыл, ес, мінез, қиял, қайрат, қуат, көңіл, мақтаншақтық, адам мен хайуанның айырмашылығы, ғалам бейнесіне қатысты ойы жалғасын тапқан. Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі ой-тұжырымын, атауларды (*мен, менікі, т.с.с.*) дамыта отырып, Жүсіпбек *адам, жігіт* атауларының орнына «әлеуметтік мен», «мендік», «мендік мен» атауларын енгізеді, күнде көріп, жолығып, айналысатын адамдарды «біздің суретімізді түсіретін түрлі айна» түрінде сипаттайды: «Біз ол айналардағы суретті аса қадірлі көреміз, өйткені әрқайсымыз суретіміздің жақсы жағы көрінгенін қалаймыз. «Бұл қалаудың аяғы неге соғады?» – десеңіз, ондай адам өзі туралы өзгелердің

пікірін, Құдай сөзіндей шын көріп, солардың пікіріне құл болып кетеді. Өзіміз туралы өзгелердің жақсы пікірлі болуын күйттей берсек, еріксіз өзге пікірге бағынамыз. Айналамыздағы өзгелер қанша болса, біздің «әлеуметтік мен» де сонша қырланбақ. Біз туралы пікір қанша болса, қырымыз да сонша көбейе бермек. Неғұрлым өзгелердің мысы жеңе берсе, соғұрлым «мендік меннен» айырылып, өзгелердің пікірі оған ықпалдырақ болмақ. Кейбір адам өзгелердің пікіріне әбден құл болғандықтан, өзінің «мендігін» жоғалтып жұтылып кетеді, басқалардың пікіріне мойын бұрмай, бағынады, өзінде пікір болмайды. Сондай «мендігінен» айырылған адам, анығында, басқалардың сынағанындай болмай, сыр-сипаты мүлдем өзгеше адам болуға мүмкін. Өзгелердің пікірі көзі шалыс айнаша, оның шын суретін бұзып, қисайтып жіберген болады. Жұрт мені «ақылды» дей берсе, расында, «ақылды» екемін деп өзіме өзім ден қойып аламын. Кім біледі? Анығында мен ақымақ шығармын. Көбінесе өзгенің пікірі кейбіреулерді мүлде «ақымақ», не «мақтаншақ», не «жынды», не «құл» қылып жібереді» [4, 300].

Жүсіпбек Аймауытұлы Абайдың еңбектерін пайдаланғанына толық негіз бар. Оны Жүсіпбектің: «Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің, өзің өзінді күзет кел, шырағым!» – дейді Абай. Өзгелердің «мен» туралы пікірі ұшқары болса, өзімді қалай тануым керек? Маған жапсырған өзгелердің пікірін, сынын қалайша өзімнен алып тастауым керек? Қайткенде өзіммен өзім жекеленіп, өзімді білемін? Міне қиын мәселе – осы» – дейді [4, 300].

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасында» Абай Құнанбайұлының жибили қуат пен кәсіби қуатқа, сезімдік таным мен логикалық таным, тән көрінісі мен жан көрінісіне қатысты ой-тұжырымы сабақтастық тапқан. Мағжан Жұмабаев жан көріністерін үшке жіктейді: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері [5]. Мағжан жан көріністерін былайша сипаттаған: «Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі» [5, 97-187]. Ғалым: «Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде, осы үш тап жан көріністерінің үшеуі де қатынасады.

Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. **Бұл – ішкі сезім ісі.** Саусақтың ауырған себебін тексереміз. **Бұл – ақыл ісі.** Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. **Бұл – қайрат ісі.** Ал енді адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатынасатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті... Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес», – дейді. Бұл ойлары Абайдың қара сөзіндегі қағидаттарымен үндеседі. Әрі

Мағжанның өзі де Абайдың

*«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды асық жүрек,  
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.  
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», –*

деген өлең жолдарын келтіре отырып, «Бұл туралы данышпан Абайдың төмендегі сөзі – шын дұрыс сөз», – деп тұжырымдайды [5, 97-187].

Абай қазақ тіліндегі сөздер мен тіркестердің мағыналарын талдап, лингвист ретінде көрінеді. Сөз мағынасын талдай отырып, ақын қолданыстағы «жүректі» сөзін философиялық тұрғыдан сипаттайды. *Жүректі* сөзінің қазақ дүниетанымындағы мәні мен Абай дүниетанымындағы мәні екі түрлі. Жүрегінде жігер, қайрат, байлаулылығы болмаған жігітті ақын адамға да санамайды. Себебі адамдықты ғұлама ақылмен байланыстырады. Ақынның бұл тұжырымы Бауыржан Момышұлының ұстанымына да негіз болған. Бұл орайда ержүрек батыр: «Жүректі адам (шын жүректі болса) өсек-өтірікке, кулық-сұмдыққа, алданыш, айнығыш сезімге бармайды, ал барғандар – жүрегі жоқтар... Ақылы мен қайратын қатар ұстай алмаған жігіттерді қазақтар: «Ардың-күрдің, есерсоқ, Құдай күш берсе де, ақыл бермеген екен», – дейді. Біздің халық – жауынгер халық қой. Оның дәлелі – халық эпостары. Сондықтан ерліктің тамыры тереңде жатыр. «Ойран салсаң, ойлап сал»

дегеннің мағынасы өте терең. Бұл – қолбасылық үлкен өсиет. Бұл – «ойланбастан жауға тиіп, қырылып қалма!» деген сөз», – дейді [6, 122-123].

Абай Құнанбайұлының шығармаларын, сөз астарын зерттеудің мәні зор. Себебі сол арқылы ғұламаның дүниетанымын, ой-өрісі анықтауға болады. Алаш зиялылары Абайдың ұстанымын сабақтастыра отырып, қазақ ғылымында жаңа салалардың, жаңа парадигмалардың қалыптасуына жол ашты. Сол арқылы XX ғасырдың алғашқы ширегінде ұлттық дүниетанымға негізделген оқулықтар мен оқу құралдарын шығарды.

Ұлттық дүниетанымды бейнелейтін сана тіл арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Бұл орайда алаш зиялылары Абай ұстанымдарын, Абай дүниетанымын Темірқазық ете отырып, еуропоцентризмнен ада ұлттық ғылым салаларын қалыптастырды. Түрлі ғылым салаларын қазақ тілінде қалыптастыру арқылы XX ғасырдың басын қазақ ғылымының алтын ғасырына айналдырды. Адам болмысты тілі арқылы танитындықтан, ұлттық ғылымның жарқын болашағына негіз қалады.

Халық мәдени, тарихи даму барысында ғалам туралы білімін жинақтап, сақтайды. Ол санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған ғалам суреті көрінеді. Ғаламның сөз суреті – осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы. Сананың қалыптасуы тілмен тығыз байланысты. Адам санасындағы болмыстың өзіндік белгілері, ерекшеліктері білім түрінде жинақталады. Сол себепті тіл білімді қабылдайтын арна болып табылады. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Білім қоры тіл семантикасында көрініс тауып, ділін қалыптастырады. Әр жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Ол ерекше код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады.

Қазақ тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды алаш зиялылары философия, тіл, әдебиет, педагогика, психология, т.с.с ұлттық ғылым салаларының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалымдардың когнитивті лингвистика, коммуникативті синтаксис, функционалды лингвистика,

психология, психолінгвистика, педагогика, т.с.с. салаларға арналған еңбектерінің метатілінде Абай Құнанбайұлының сөздік қорындағы атаулар қолданылып, ғұламаның концептуалды ойы, ұстанымы әрі қарай жалғасын тапқан. Сол себепті «Абай Құнанбайұлы қазақ даласында осы ғылым салаларының, жаңа парадигмалардың қалыптасуына ықпал етті» деуге толық негіз бар.

### **Пайдаланылған әдбиеттер:**

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. - 740 б.
3. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. - 1913. - №40, 43.
4. Аймауытов Жүсіпбек Шығармалары. - Алматы: Елшежіре, 2013. - 4-том. - 184 б.
5. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 2008. - 97-187 б.
6. Акимбаева Ж., Джубатова Л., Мырқасымова Н. Өзін өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. - Алматы, 2020. - 122-123 б.

## **ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ**

Ештеңе ұмытылмайтын сияты еді, аяулы ұстаз – Қайым Мұхамедханов туралы естелік жазайын десем бір ойды бір ой қуып ұшы ұстатар емес. Уақыт атты құдірет дедектетіп, жетелеп, алды-артымызға қарауға мұрша бермей, тағдыр арнасымен алып кетіпті ғой. Біз оқыған 1972-76 жылдары Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде ұлағаты ғасырларға жалғасатын ұстаздар сабақ берді. Қайым Мұхамедханов, Жұмағали Шакенов, Өжікен Тыныбаева, Қинаят Шаяхметов, Қуандық Мәшһүр-Жүсіпов сияқы өз ісінің майталман мамандары бізді білім нәрімен сусындатты. Адами беделдерін түсірмеген, кісілігі кішіреймеген ұстаздардың алдарынан өткен әр студенті ардақтап, алғыспен еске алатынына, тәлімгерлерімен мақтанатынына талай мәрте куә болдым.

Атақты қолбасшы Александр Македонскийдің: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым», – деген ұлағатты сөзі бар. Өзім ұстаздық дәрежеге жеткен кезімде, институт қабырғасында оқып жүрген шақта, дәріс берген ұстаздарым туралы мен де осы пікірді қайталап едім.

Сондай-ақ, ұлы Абайдың:

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес..., –

дегеніндей, адамның тәні – «менікі» өлсе де, жаны – «мені» рухы өлмейді деген дана ойының өміршендігіне де көз жеткізе түсесіз.

Ұлағатты ұстаз Қайым Мұхамедхановтың бақилық болғанына бірнеше жылдың қарасы өтсе де, өлімі ғана өзінікі болып, өмірі өзгенікіне айналып, өз өміршендігімен қанат жая бастағанына шәкірті ретінде марқаямын.

«Орнында бар оңалар» дегендей, «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» Қоғамдық қоры Дина Қайымқызы Мұхамедханнның ұйымдастыруымен түрлі форматтағы іс-шаралар жер-жерде өткізілуде.

Есіме Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдық мерей тойына орай Алматы қаласында өткен кеш түсіп отыр. Кеште Қайым Мұхамедханов өнерін зерделеген халық композиторларының

әндері ғана орындалды. Сценарий жазу бақыты маған бұйырды. Сценарий жазу барысында Қайым ағаны тағы бір қырынан тани түстім. Халықтың рухани қазыналары әдебиет пен өнердің дамуында кірпіш болып қаланған ақын әнші-композиторларымыз Абай, Әсет, Естай шығармашылықтары туралы Қайым Мұхамедхановтың зерттеу еңбектері ол кісінің ән өнеріне деген махаббатынан сыр шерткендей болып көрінді маған.

Абайдың асыл сөзінің ажарын кіргізген Қайым Мұхамедхановтың көптеген тұжырымдамаларының ішінен бір ғана мысал келтірейік. Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген ән туралы жазған өлеңінің бесінші шумағы 1945, 1954 жылдардағы, тіпті соңғы 2005 жылғы жинақта:

Көбінесе ән басы келеді ащы,  
«Кел, тыңда» деп өзгеге болар басшы.  
Керім толғап, тауысар қаңғыр-күңгір,  
Сол жеріне ойыңмен араласшы, – деп басылған.

Қайым Мұхамедханов: Шумақтың үшінші тармағы «Керім толғап, тауысар қоңыр-күңгір» деп оқылуын ұсынады. «Тіпті ескі баспаға, ескі қолжазбаларға күдікпен қарап, өзімізше зерттегеннің өзінде, жақсы әнді жаны сүйіп жыр еткен композитор Абай құлаққа мазасыз, мағынасыз «қаңғыр-күңгірді» қуаттады деуге бола ма?» деп тұжырымдайды [1, 91].

Қайым Мұхамедханов Әсет шығармашылығы туралы мынандай баға береді: «Әсет – нағыз сегіз қырлы өнерпаз. Ол ақындық өнердің өрен жүйрігі, суырыпсалма-импровизатор, ақпа ақын. Табиғи тума қабілеті күшті, дарынды ақын қолына домбыра алғанда, қолма-қол нөсерлете жыр төксе, домбырасымен қоса, қағаз бетінде қаламы да қатар жүйткітін сауатты саңлақ ақын болған. Әсет өзінің әрбір өлеңіне арнап ән шығарып, өлең-жырын шаршы топта домбыраға қосып шырқап айтатын, әйгілі әнші-ақын. Ақын Әсет асыл жырын, әсем әнімен домбыраға қосып, аспанға шалқыған асқақ дауысымен анырататын болған» [2, 124].

1939 жылы Қазақстан жазушыларының екінші съезіне делегат болып қатысқан Естай осы сапарда әндерін нотаға түсіртеді. Алматыдан Семейге келіп, ғалым Қайым Мұхамедхановтың үйінде он күн қадірлі қонағы болады. Ғалымға Хорлан қыздың жайын және басқа да әнгімелерін жаздырып кетеді.

Қайым Мұхамедханов Естайдың түр-тұлғасын былайша сипаттап жазған: «Естай басына сырмалы тақия киген, жазық кең маңдайлы, жар қабақ, қалың қасты, ірі мұрынды, ұзынша сопақтау келген, етсіз, ашаң, ат жақты, қара сұрлау адам. Тостағандай



көздерінің нұры әлі таймаған, көз жанары өткір де ойлы. Көк бурыл тартқан, бұйра, селдірлеу шокша сақалы, кермиық мұрты кесек келген бет-әлпетіне әдемі жарасып, ажарландырып тұр» [3, 223].

Қайым Мұхамедханов өзінің естелігінде Естайдан Хорлан жайлы сұрағанында, әншінің: «Оның несін айтасың... Ол бір өле-өлгенше іште кетіп бара жатқан арман ғой...», – деп, сыр шерткенін жазады [3, 224].

Жан тебіренге, терең сезімге бөлейтін ән – халықтың рухани қазынасы. Сол қазынаны сақтай білген, сол қазынаны рухани қажетіне жарата білген халықтың ғана ұлт ретінде, халық ретінде болашағы сақталады. Біз басқалардан тілімізбен, тарихымызбен, әдебиетімізбен, өнерімізбен ерекшеленеміз. Сол қымбаттарымызға иелік жасап, қасиеттерін ұғынып, дәуір тынысына орай рухани қажеттілікке айналдыруда Қайым Мұхамедхановтың еңбектері бір сала.

Бұл мақалаларды оқи келе, Қайым ағаның жаны – ақын, драматург, ғалым, аудармашы, ұстаз болуымен бірге, әнші, музыка зерттеушісі дер едім.

Қайым ағамен танысуым 1972 жылы Семей пединститутына түскен алғашқы күннен басталды. Алғашқы тыңдаған дәрісім Қайым Мұхамедхановтікі болды. Ол кісі бізге 1- курста «Қазақ халық ауыз әдебиеті» пәнінен сабақ берді. Халықтық мұраға өзіндік көзқарасын білдіріп, кей шығармалар туралы мектеп оқулықтарында қатып, қалыптасқан пікірлерге тосын байлаулар айтып, күннен-күнге таң қалдыратын. Соның бірі – «Біржан-Сара» айтысы туралы, нақты, дәлелді тұжырымдары еді. Кезінде қазақ халық ауыз әдебиетінің аясын тарылтпау пейілімен жоғарыдан Қайым аға пікіріне бір жақты баға берілді. Келешекте шындық түбінде ащы болса да, басымдық танытатынына, оқулықтарда түрлі көзқарастарға орын берілетініне сенеміз.

Қайым ағаның ең сүйікті толассыз айта беретін тақырыбы – Абай еді.

2-курста «Абайтану» пәні жүрді, көп нәрсеге көңіл құлап, көз ашылды, көкірекке саңылау сығалады. Айтылар сөз көп екені әр дәрістің соңында байқалатын. Тамсанып қала беретінбіз. Бірақ әлі көп нәрсені ұқпаймыз. Сонда да келесі дәрісті асыға күтеміз. Ұстазымыз Абайдың бір өлеңін талдап, ондағы мағынасы өзгерген сөзді өзіміздің табуымызға жол сілтейтін. «Қай сөз өзгеріске ұшырап тұр, дұрысы қалай деп ойлайсыңдар?», - деп әр жылғы басылымдарға назар аудартатын. Студенттік балаң көңіл

оқулықтардағы, жинақтардағы Абай сөзінің қате басылғанына таңданып, білмекке деген інкәрлігі артатын.

Абайдың «Жаз» өлеңіндегі қыз-келіншек пен жасы үлкендердің күлкісін салыстырып, «сыңқылдап» күлу мен «сылқылдап» күлудің ара жігін ашып, сылқылдап күлген деген мынандай деп, иығын сол күлкіге сәйкес қозғағаны көз алдымда. Қазіргі айтылып жүрген сандық технология дегенді сабағында еркін пайдаланатын. «Жаз» өлеңіндегі күлкінің түрін, қимыл қозғалысты санататын, ара жігін бағамдататын.

«Жалшы алдаған жас бала,

Жағалайды шешесін

Ет әпер деп қыңқылдап» –

деген жолдардағы, жалшы баланы не үшін және не деп алдайды? – деп ортаға сұрақ тастайтын. Мұндай студентті ойлантатын сұрақтарды сабақ сайын қойып отыратын.

4-курста оқу бағдарламасындағы «Неміс тілі» пәнінің қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін болашақ мұғалімдерге керегі шамалы деп, топ болып ректорға өтініш жазып, орнына Қайым ағадан «Абайтану» пәнін қайта өтуін сұрандық. Бұл тұста Қайым ағаны жаңа бір қырынан танығандай болдық. Ұстаз енді Абайды Әуезовпен, атын атамаса да Алаш қайраткерлерімен жанастыра оқытты. Әр сабақта портфелінен ескі суреттер мен қолжазбалар, газет, кітаптарды шығарып, олар туралы тарих қойнауына бойлайтын. Өзі есіктен алыстау, терезе жаққа отырып, үлкен есіктің тұтқасына орындықтың аяғын кіргіздіріп, іштен жаптырып сыбырлай бірнеше дәріс оқығаны есте. Біз бытырай отырмай ол кісіні қоралай жайғасатынбыз. Сол тұста авторын атамай «Әнші» әңгімесін талдап, Түйемойнақтағы қызық думандар туралы, әңгіменің Әміре Қашаубаевқа арналғанын айтатын.

Мағжанның да атын атамай талай өлеңдерін оқыды. «Мұхтардың «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесін оқыдыңдар ма, сондағы бір кейіпкердің өлеңдері» дейтін. «Ол кісі Мұхтардың досы болған, Мұхтардың шақыруымен Семейге де келген. Мына қарсыдағы мединституттың орнындағы паркте Ертісті бойлай серуендеген», - деп бір қоятын. Аттарын айтпаса да, шығармалары ұрпақтың құлағында жүрсін, кім біледі деген арманды тілектер ғой Қайым ағанікі.

«Сен сұлу» өлеңін оқығанда, бұны естігенбіз, авторы пәленше десек, жымышп, басын изеп күлетін. Әрине, біз Мағжанды айтпаймыз. Семей қаласындағы Абай тоқтады-ау деген жерлерді айтып, келесі сабаққа дейін көріп қайтуды тапсыратын,

орталықтағы біраз үйлерге ертіп те апарды. «Мұхтар екеуміздің таң атқанша жүріп, әңгіме айтатын жерлеріміз ғой», - деуі – бізді тіпті қызықтыратын.

«Абай жолы» эпопеясындағы тарихи шындықтар туралы әңгіме бір басталса, қоңырауға дейін саркылмайтын. Ұстазымыз Куандық Фазылұлы Мәшһүр Жүсіптің «Абай жолын» зерделей оқытуының арқасында, біз ол роман-эпопеяның кез-келген жерінен оқиғаны жалғастырып кете беретінбіз.

Тарихи шындық пен көркемдік шешім туралы сұрақтың бәрі Қайым ағаға қойылатын. Сол тұста Құнанбай, Абай, Көкбай, Ділдә, Әйгерім, Тінібай туралы біраз шындықтың шетін шығаратын. Тінібай, Қаражан үйлерінде өтетін түрлі жарыстар туралы әңгімелер тіпті қызық еді. «Сендер Ділдәні кінәлай бермендер, сол ауылдың әйелдерінің Ұлжаннан кейінгі ақылманы сол болған, өмірдегі Ділдә да, Әйгерім де басқа...» дейтін. Мұхтар тірі болса, бұл кітап қайта жазылар еді, - дегені де есте.

Уақ ақсақалдарының «Күшікбай бастауын» Құнанбайдан қалай алып қалғаны туралы әңгімені айтып, «әттең құлаққа кейін тиді, мұны ерте білгенде Мұхтар романға енгізетін еді», - деп өкінген кейіп танытатын.

«Абай жолы» сияқты ғажап туындының жазылуына Қайым ағаның қол ұшы тигені табылған, жоғалған хаттардың ішінде.

1975 жылы Мұқағали Мақатаев қайтыс болғанын естіп, біз топ болып жыладық. Қайым аға «жоқтау айтатын оқырманы бар, Мұқағали бақытты екен», – деді. Сонда есіне сұраусыз, атаусыз жатқан Алаш ақиықтары түсті ме екен...Семейдің шығыс жағындағы зиратта жатқан Сәбит Дөнентаевтің басына барып, тәу етуді сұрағаны, сол кездегі қала тынысы туралы айтқаны еміс-еміс есте.

Қайым ағаның жан дүниесі баладай сенгіш еді. Топ болып семинарға дайындалмай (ағайды тыңдау үшін келісіп те алатынбыз), түрлі сылтау айтқанда, көзілдіріктің үстінен бір қарайтын да, дәрісін жалғастыра беретін.

Дерек көзі бай дәрістер бізді жіпсіз байлап алатын. Өзіміз дайындалмай келген семинар сабағының соңында Теміржан Базарбаевтің «Жан аға» әнін Қайым ағаға орындап беретінбіз.

Білімге баулып бар жасты,  
Қарлығаш болдың алғашқы.  
Мұхиттай терең Мұхтармен,

Ағажан ойың жалғасты, – деп Ақылбек Манабаевтың сөзін сәл өзгертіңкіреп айтатынымыз есімде.

Кейін тағдыр сыйымен ардақты ұстаздарыммен әріптес болдым. Бұл кезде Қайым ағаның адами, кісілік қасиеттерін көбірек тани бастадым. Ағай үнемі жәбірленуші жақты жақтайтын.

1988 жылы алаш қайраткерлерінің ақталып, олар туралы еркін айтуға мүмкіндік алған кез – Қайым ағаның өміріндегі ерекше бір шаттыққа бөленген жылдары еді. Әр сөзінен алаштық мектептің тас түлегі екені, Алаш әдебиеті рухында тәрбиеленгендігі көзге ұрып тұратын.

Өрелі ізденімпаздығы ел тәуелсіздік алғаннан кейін арналана түсті. Кафедрада күнде бір әңгіменің басын бастайтын, әттең қоңырау соғылып, аудиторияға кетеміз. Үзіліс кезінде аса бір бекзаттықпен тартып отырған шылымын шала тарттырып, қасына келеміз. Ол кісінің әңгімелерін тыңдап отырып, өзімнің білмейтін дүниелерім көп екенінен ұялатынмын.

Республика жұршылығы алғаш алаш қайраткерлері туралы Қайым ағаның мақалаларымен сусындады. Жаңа Семейдегі талай үйлердің тарихын айтып, Әлихан Бөкейхановтың, Міржақып Дулатовтың, Қаражанның Алаш отауын тігудегі еңбектерін баяндайтын.

Қайым ағаның еңбекқорлығы, ғылымды сүйетіні, оған адалдығы тәнті ететін. Бір басында қаншама жұмыстар кезегін тосып тұратын. Біз оқытушылық жұмыстан сүрініп жүргенде, ол кісінің жан-жақта үздіксіз жарық көріп жатқан мақалаларды қай уақытта жазатынына таң қалатынмын. Бірде сұрағаным да бар, «түні бойы не істеймін, мақала жазамын», - деді.

Ғылымның қия жолында зерделі зерттеуші өзінің басты тақырыбына адал болды. Абай және оның айналасы туралы зерттеулерін өмірінің соңына дейін жаңғыртып, күрделендіріп, табандылықпен әдебиеттану қоржынын толықтыруға өзіндік үлес қосты.

Абай шығармаларын текстологиялық жағынан зерделегенде Мүрсейіттің үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде қарау керек екенін, ақын өлеңдерін көшіруші Мүрсейіт қана емес екенін айтатын. Ғалымның өзі бірнеше қолжазбаларды ғана салыстырмай, Абай өлеңдерін жадында сақтап келген Оразке Жандыбаев, Мәди Әсенов, Әкімал Мамырбаев, Сапарғали Әлімбетов, Әрхам Ысқақов, Рақымжан Машырқазов сияқты кісілерден деректер алған.

Абайтану ілімінде Алаш әдебиеттанушыларының көзқарасын жалғастырып, Абайдың бүкіл шығармашылығындағы әр сөзінің мәніне үңіліп, оны түсіндіріп танытуда үлкен қажырлылық

танытқан Қайым Мұхамедхановтың зерттеулері Абай шығармалары оқытылған сайын оқыла береді. Ғылыми зерттеу талабы заманға сай өзгерген сайын Абай шығармаларыны жаңа қырынан зерттелетіні хақ. Дегенмен, Абайдың әдеби мұрасын зерттеуге аса мол еңбек сіңірген бірегей ғалым-Қайым Мұхамедханов десек, оның ұлы ақын өлеңдері мен дастандарына текстологиялық сараптау жүргізгені абайтанушылардың әлі талай буынына ғылыми бағдар, ізденіс жолы болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. 2 басылымы. – Алматы, 2010. – 164 бет.
2. Әсет Найманбайұлы (1867-1923). / Қайым Мұхамедханов 10 томдық, 4Т, – Алматы, 2005. – 328 бет.
3. Әйгілі әнші, атақты композитор, ақын Естай Беркімбаев./ Қайым Мұхамедханов 10 томдық, 5Т, – Алматы, 2007. – 344 бет.

## ЖҰБАЙ ОРЫНАЙ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
профессоры м.а., филол.ғ.д.

### ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ (ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ, РАБИҒА СЫЗДЫҚ СЫНДЫ АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

XX ғасырдың басында Абай мұрасын танытып, бағалауда Әлихан Бөкейхан, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы, Зейнелғабиден Әміре, Сұлтанмахмұт Торыайғыров, Самат Әбішұлы, Міржақып Дулатов, Ақымет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды зиялылардың еңбегі зор болды. Профессор Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану ілімі М. Әуезовтің ерен еңбегінің арқасында қалыптасқанын айтады [1, 206-207]. М. Әуезов Абай шығармаларымен ерте жастан (бес-алты жасынан) таныс болған. Ол туралы жазушы өмірбаянында айтады: «Әлі күнге есімде. Көктемнің тамылжыған ашық күні. Таңертең болатын. Қыстаудың алдындағы көгалда бұзаулар шапқылап, қозы лактар асыр сап жүр. Балаға одан артық қызық не бар. Ал аспан да әжемайтатын ертегідегідей ақ қанатты перілердей боп, күн нұрына шағылып аққулар тізіліп ұшып барады. Сыңқыл қаққан үндері сонау шырқау биіктен талып қана естіледі. Көктем күнінің осынау кереметі ұзаққа созылмай, ғайып болады: атамыздың таптар, аласа үйіне шақырады бізді. Қолындағы қалын қолжазбаны көргенде, неге шақырғанын біле қоям. Бұрынғыдан бетер ренжимін. Атам маған кітаптағы араб әріптерін көрсете бастайды. Айтуға бір оңайы болса игі, бірінен бірі өткен қиын... Бұл кітап – Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі ақын талантына таңырқап ден қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіртіп алады да бізге сол арқылы қара танытпақ болады. Немерелері ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлайды...» [2, 60].

М.Әуезовтің белсене ат салысуымен 1918 жылы Семейде «Абай» журналы шығады. Журналдың редакторы Ж.Аймауытұлы болды. Басылымның мақсаты – Абайды құрметтеп, атын тарихқа қалдыру болғандықтан, онда Абайдың ұлағатты сөздері, ақынға арналған өлеңдер жарияланып тұрады. Журналдың екінші

санында Ж.Аймауытов пен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы жарияланады. М. Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы көп ізденіп, көп дерек жинайды. Ғалым Абай шығармаларын жинастырып, 1918 жылғы «Абай» журналында, 1922 жылғы «Шолпан», 1924 жылғы «Таң» журналында бастырады, түрлі мақалалар жариялайды. 1922-1923 жылдары Ташкенттегі оқу орындарында дәріс бергенде де, 1923 жылы Ленинград университетінде оқығанда да Абайды танып-таныту жолындағы ісін жалғастырады. 1924 жылы Семейде Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына байланысты әдеби кеш ұйымдастырады. Абайға қатысты материал жинау мақсатымен бірнеше экспедиция ұйымдастырады, табылған материалды жариялайды, баяндамалар жасайды [3, 23-24]. 1925 жылы Қазақ республикасының оқу-ағарту халық комиссариаты Абай шығармаларының жаңа жинағын құрастыруды М. Әуезовке міндеттейді. Ол жинақтың алғашқы нұсқасы оқу-ағарту комиссариатының білім комиссиясында 1927 жылы талқыланып, мақұлданады. Сын-ескертпелерді реттеп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу ісі біраз уақытқа созылып кеткендіктен, Абай шығармаларының толық жинағы 1933 жылы ғана М. Әуезовтің редакциясымен, І. Жансүгіровтің алғысөзімен шығады [1, 206-207].

Абай шығармаларының тілі жайында Ғ.Мүсірепов, М.С. Сильченко, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, М. Қарагаев, Т. Нұртазин, Т. Әлімқұлов, Х. Сүйінішәлиев, Қ. Мұхаметханов, З. Ахметов, Ы.Дүйсембаев, Б.Жақыпбаев, М. Сәрсекеев, А.Еспенбетов, Қ. Беккожин, М. Бөжеев, Е. Ысмайылов, З.Шашкин, Ә. Қоңыратбаев, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, М. Базарбаев, С. Талжанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Қ. Өмірәлиев, Т. Қордабаев, А.Ісімақова, А.Салқынбай, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. М. Әуезов абайтану саласын қалыптастырумен қатар лайықты шәкірттер тәрбиелеп, абайтану саласының дамуына да зор үлес қоса білді. Мақала көлемі көтермейтіндіктен, бұл орайда ойымызды Қайым Мұхамедханов пен Рабиға Сыздық сынды абайтанушы ғалымдардың еңбектері негізінде өрбітпекпіз. Академик жазушы зерттеу тақырыбын ұсыну арқылы Қайым Мұхамедханов пен Рабиға Сыздықтың абайтануға келулеріне, Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеулеріне мұрындық болған.

Саналы ғұмырын абайтану саласына арнаған Қайым

Мұхамедханов 1930-1940 жылдары Абай мұрасын жинауды мақсат еткен экспедицияның құрамында жүріп, 500-ден астам құнды жәдігерді тапқан. Сондай-ақ шығыс әдебиетіне қатысты 300-ден астам материал жинақтаған. Соның негізінде 1940 жылы Семейде Абай музейін жасақтаған. 1941 жылы Абайдың балаларымен бірге 1896 жылы түскен суретін тауып, мұражайға табыстаған; 24 жасында «Алдымда ақын Абай – Темірқазық» деген поэма жазады. Абайдың 100 жылдық мерейтойын атап өтуге байланысты құрылған комиссияның құрамында ғалым хатшы қызметін атқарады; 1947 жылы Абайдың Семей қаласындағы мұражайының директоры болып тағайындалады; Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер, тарихи фотосуреттерді тауып, жинақтайды; ғылыми айналымға түспеген 31 өлеңін тауып, Абайдың төл туындысы екенін дәлелдейді; табылған өлеңдерді жинақтарға енгізеді; 1961 жылы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын әзірлеуге ат салысып, 80 жол өлеңін жинаққа енгізеді; ақын шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеп, қате берілген сөздерді түзетіп, ғылыми түсінік жазады; М.Әуезовтің жетекшілігімен «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеу еңбегін жазып, Абай мектебінің отыз өкілін анықтайды; Абай Құнанбайұлының әлем әдебиетіндегі орнын көрсетіп, «Абай мен Пушкин», «Крылов және Абай», «Абай мен Лермонтов», «Абай мен Бунин», «Абай және татар мәдениеті», т.с.с. тақырыптарда зерттеулер жүргізеді; «Абай шәкірттері және әлем мәдениеті» бағытында еңбектерін жариялайды; 1970 жылы Семейде Абай атында телевизиялық клуб ашып, он жылдан астам уақыт бағдарламалардың авторы, жүргізушісі болады; «Абай» романын жазылуына үлес қосты; бейнелеу және сәулет-мүсін өнерінде Абай тұлғасының дұрыс бейнеленуіне ат салысады; Абайдың Жидебайдағы қыстауын, Абай мен жақын туыстарының қорымын қалпына келтіріп, жөндеуге мұрындық болады; Абай ұрпақтарының тізімін жасап, шежіресін құрастырады; Ақылбай Абайұлының «Зұлұс» атты дастанының толық нұсқасын, Әсет Найманбаевтың «Салиха-Сәмен» дастанын тауып, жан-жақты талдайды; 1917-1918 жылдары әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлұлының демеушілігімен шыққан, кейін кеңес үкіметінің тұсында жабылып қалған «Абай» журналын қайта шығарады; Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты жинақтаған материалын ҚазССР Ғылым академиясының қорына, ғылыми орталықтар, мұражайлар мен мұрағаттарға өткізеді; Абай мүше болған Орыс географиялық қоғамының Семей өлкетану



мұражайындағы 60-тай этнографиялық жәдігердің 23-ін қайтарады; Семей қаласындағы Абай мұражайына, ақынның туған өлкесіндегі тарихи жерлер мен киелі мекендерді сипаттайтын нұсқаулық дайындайды; «Абай» энциклопедиясын шығаруға ат салысады; Абайдың барлық туындысына (өлеңдері мен поэмаларына, аудармаларына) ғылыми түсінік жазады; «Абай туралы сөз», «Мен Абайды «әке» деймін», т.б. деректі фильмдерге ғылыми кеңесші, спикер ретінде қатысады; ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы дәрістер өткізеді [4].

Қайым Мұхамедханов 1951 жылдың 7 сәуірінде ҚазССР Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет, Тарих, археология және этнография институттарының біріккен ғылыми кеңесінде «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясын (қосымша-түсініктерімен – 478 бет) қорғайды. Бұл зерттеуінде ғалым алғаш рет Көкбай Жаңатаев, Әріп Тәңірбергенов, Әсет Найманбаевтармен қатар Абайдың ұлдары – Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдардың шығармаларын талдайды. Үш күнге созылған қорғау қызу пікірталас түрінде өтеді. «Абайдың ақындық мектебі» деген – не? Ол – қандай мектеп?», «Орыс әдебиетінде жоқ мектеп бізге қайдан келген?», «Бұл ақындық мектеп тек Абай аулында болғаны ғой!» – деп даурығып [5], М. Әуезов пен Қ. Мұхамедхановқа қарсы шабуылдаушылар тарихи маңызы зор еңбектен саяси астар іздеп, диссертацияны «советтік ғылымға антимаркстік көзқарасты тықпалау» [6] деп сынайды. Диссертация негізінде 1951 жылы «Қазмемкөркембас» баспасынан шыққан монография да (алғысөзін жазған – М. Әуезов; құрастырып, өмірбаяндық, текстологиялық түсініктерін жазған – Қ. Мұхамедханов) тәркіленеді.

1951 жылдың маусымындағы баяндамасында Қ. Мұхамедханов: «Абайдың қанатты сөздерінің бірі: «Шәкіртсіз ұстаз – тұл». Халыққа аса қадірлі Абайдың өзіне қол көтере алмаған жаулары оны шәкіртсіз қалдыруға жанталаса тырысуда. Қорқыту, үркіту, сатып алу, мүгедек ету, өлтіру сияқты қарулары бар «қасқырлар тобы» Абайды шәкірттерінен, жақтаушыларынан айырмақшы. Абайдың әдеби мектебі барын жоққа шығарғысы келетін жолдастар ол әрекеттерімен ұстазды шәкіртсіз, ақынды тыңдаушысыз қалдыратындарын, Абайды қасіретті жалғыз, тұл ететіндерін ойлай ма екен? Абайды жоққа шығару оның біздің әдебиет, мәдениет тарихымыздағы асқақ орын-дәрежесін жоққа шығару екенін ұға ма екен? Бұл – «Абай кездейсоқ құбылыс, өлді, бітті!» деген сөз!», – деп [6], нақты дәйектер келтіргенмен, М.Әуезов пен Қ. Мұхамедхановқа қарсы шабуыл үдей береді.

1951 жылдың 28 тамызындағы ҚазКСР Ғылым академиясы президиум мәжілісінде Абай мұражайының жұмысында «идеологиялық өрескел қателіктер бары», «Абайдың әдеби мектебі» буржуазиялық-ұлтшылдық бейғылыми тұжырым таратып, зиян насихат жүргізіп келе жатқаны» туралы сөз болады. Мұражайдағы көрнекі құралдардың теріс идеологиялық бағытта екені, қайсыбірі қазақ халқының қаскөйі болған Кенесары Қасымовты дәріптеуге арналғаны, «Абайдың туыстары», «Абайдың отбасы» бөлімдерінде патриархалды-рушылдықтың қалдықтары бар екені, қазақ еңбекшілерінің қас дұшпаны болған Құнанбайдың сөздері жазып ілінгені, екі бөлімде хандардың, сұлтандардың, билердің, қайдағы бір шалдар мен молдалардың, болыстардың, ауыл старшиналарының, патша отаршылдарының портреттері, «Абайдың әдеби мектебі» бөлімінде саяси сенімсіздердің портреттері бары» айтылып, Қ. Мұхамедханов Абай мұражайының директоры, оқытушы қызметтерінен босатылады. Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылып, ісі тергеуге беріледі [7]. Саясатты желеу еткен шолақ белсенділер ғалым-қайраткердің «Маған «Байлар мен хандардың өмірбаянын паш еткен бөлім ашты» деген кінә тағылады. Шіркін-ау, Құнанбай болмаса, Абай қайдан келер еді? Шыңғыс пен Уәли болмаса, Шоқанды кім берер еді? Осыны ойлағылары келмегенге не дауа?!» деген [6] қынжылысына құлақ аспайды.

Ұстаз бен шәкіртке – М. Әуезов пен Қ. Мұхамедхановты қарсы шабуыл баспасөз беттерінде де орын алып, тапсырыс бойынша мақалалар жазылады. «Казахстанская правда» газетінің 1951 жылғы 13 қазандағы санындағы мақалада: «Қазақстанның кейбір әдебиеттанушылары поэтикалық «Абай мектебі» деген буржуазияшы-белсенді бейғылыми тұжырымды насихаттап, үлкен саяси қателік жасады... Істің насырға жапқаны соншалық, биылғы көкек айында ҚазКСР Ғылым академиясы гуманитарлық институттарының Бірлескен ғылыми кеңесі Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі» деген диссертациясын мақұлдады, ал онда Абай «шәкірттері» деген атпен буржуазияшыл ұлтшылдар – совет өкіметіне өтіп, оның жексұрын жауына айналғандар дәріптелді», – делінген [6].

Қ. Мұхамедханов 1951 жылдың 1 желтоқсанында тұтқындалып, 25 жылға бас бостандығын айырылады, Семей, Алматы қалаларындағы түрмелерге, Қарағанды лагеріне қамауға алынады. Неше түрлі айып тағылып, азапталғанмен, өз ісінің дұрыстығына сенімді болған қайраткер мойымады да, жасымады да. Алаш

ұстанымын негізге алған ғалым өз идеясынан бас тартпады, ұстазын қаралап, жала жабуға қарсы болды. Қыспақтан құтылған соң, 1959 жылы ғалым «Абай төңірегіндегі ақындар» деген атпен кандидаттық диссертациясын қайта қорғады. Сол жылы «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты зерттеу еңбегін жариялайды [8]. Онда Абай Құнанбайұлының 1954 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағын текстологиялық тұрғыдан талдап, кемшіліктері мен қателіктерін көрсетеді. Ұстазы – М.Әуезовтің «...Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ» деген ұстанымын басшылыққа алып, Абайдың алғашқы өлеңдер жинағын, ақынның шығармаларын көшірген Мүрсейіт Бікеұлы, Рақым Жандыбаевтардың қолжазбаларын, Мәди Әсенов, Әкімал Мамырбаев, Сапарғали Әлімбетов, Әрхам Ысқақов, Рақымжан Мамырқазов, т.с.с. ақынның өлеңдерін жатқа білетін кісілердің мәліметтерін пайдаланып, Абайдың өз шығармаларын негіз ете отырып талдайды. Ұлы ақынның шығармалар жинағындағы қателіктер мен кемшіліктердің себебін «Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ ол жеткіліксіз. Оның себебі ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ», – деп көрсетеді [9, 8]. Қайым Мұхамедханұлы ақынның 80 жол өлеңін тауып, Абайдың 1961 жылы жарық көрген екі томдық жинағына енгізеді. 1995 жылы ғалым Семейдан Алматыға шақырылып, екі жүз елу сөзді түзетіп, жүз жиырма сөзге түсінік береді.

Ғалымның талдау-түсініктері Мұхтар Әуезовтің шәкірттерінің бірі – филология ғылымының докторы, профессор Рабиға Сыздықтың тарапынан әрдайым қолдау тауып отырған. *«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау»* атты еңбегінде ғалым: «Мәтіні талданып отырған шығармада көпшілік оқырманға бейтаныстау және бір сөз бар. Ол өзі – Абай шығармаларының басылымдарында да, оқулықтарда да дұрыс таңбаланбай келе жатқан сөз.

*Көрмей тұрып құсамын,*

*Темір көзді сарайды, –*

деп жазылған жолдардағы *құсамын* сөзі Абайдың жинақтарында «қапамын, қайғылымын» деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. Ал Абай текстологиясын байсалды түрде

зерттеп келе жатқан ғалым – Қ. Мұхаметханов бұл сөздің дұрыс тұлғалануы (жазылуы) *күсемін* болуы керек, ол «беземін» деген ұғымды беретін сөз деп дәлелдейді. Біз де осылайша оқуды дұрыс деп санаймыз, өйткені қазақ тілінде сирек қолданылатын *күсу* етістігі бар, ол, Қ. Мұхаметханов дұрыс көрсеткендей, «бір нәрседен безу» деген мағынаны білдіреді. Бұл етістікті ақын өзге өлеңдерінде де бірнеше рет қолданған:

Жалмауыздай жалаңдап,

Ар-ұяттан күсіпшін.

(Ойға түстім, толғандым)

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп (Әзім әңгімесі).

Бұл сөйлемдерде *күсу* сөзі «безу» деген ұғымда қолданылып тұр.

Міне, бұл айтылғандардың баршасы ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» деген шығармасының мәтінінде кездесетін кейбір жеке сөздерді дұрыс түсінуге, олардың сол кездегі дәл мағынасын білуге көмектесетін талдаулар», – дейді [10, 34].

Рабиға Сыздықтың диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, абайтану саласына келуіне, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рәбиға Сыздық сол кезді былай деп еске алады: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхаң: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттемейсіңдер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І.Кеңесбаев, М.Балақаев, басқа да тіл мамандары бар: «Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды» [11].

1959 жылы 15-19 шілдеде Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференция өтеді. Осы конференцияда болашақ ғалымның сөзіне тәнті болған М. Әуезовтің «Рабиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша риза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік – тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ой бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдыреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты», – деген сөзінен әлі кандидаттық

диссертациясын қорғай қоймаған қыздың болашағы зор екенін сезгені байқалады.

Академик Мұхтар Әуезовтен бата алған Рабиға Сыздықтың кандидаттық («Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері», 1959), докторлық диссертацияларының тақырыбы («Абай шығармаларының тілі», 1971) Абай Құнанбайұлы шығармашылығына қатысты болды. Абайдың тілі бойынша үш монография («Абай шығармаларының тілі», 1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» 1971, «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады. 1968 жылы «Абай шығармаларының тілі» атты монографиясы үшін ғалымға Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы қазақ әдеби тілінің ХІХ ғасырдағы дамуын сөз етті, ақынның қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын көрсетті. 1996 жылы ғалым Абай тілін зерттеген еңбектері мен «Абай» энциклопедиясындағы мақалалары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Абайтануда өзіндік із қалдырған Рабиға Сыздық Абайдың қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып зерттемес бұрын алдымен Абайдың тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болғанын нақтылап алу керектігін, «Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жататынын» ескертеді. Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болғаны туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев, т.б. ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып: «Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне, поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады», – деп тұжырымдайды [12, 4-12].

Ғалымның «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты ғылыми монографиясы – қазақ тіл білімінде өлең синтаксисін ең алғаш зерттеген, оның құрылым-құрылысына тән негізгі белгілерді көрсеткен бірден-бір әрі бірегей еңбек болды. Поэзия

синтаксисіне Абай енгізген өзгешеліктер мен жаңалықтарды ашқан, оған нақты талдаған ғалымның «Абай шығармаларының тілі» деп аталатын монографиясы – ұлы ақынның тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастырған еңбек қана емес, сол кезеңдегі, синхрондық бөліктегі әдеби тілдің негізгі ерекшеліктері мен басты сипаттарын айқындаған іргелі зерттеу. Қазақ әдеби тілін қалыптастырып, дамытудағы ұлы ақынның қосқан үлесі мен орнын айқындай отырып, лексика-морфологиялық ерекшелігін жан-жақты терең зерделей келе зерттеуші XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің жай-күйін ашады. Оны ақын шығармаларының тілімен сабақтастыра, байланыстыра отырып, суреткер қолданған қазақтың төл сөздері мен түрлі лексика-грамматикалық қаттау-қабаттарды талдайды. Ұлы ақынның тыңнан қосқан, ескіні жандандырған қолданыстарын, олардың жұмсалыу себептері мен дәлелдерін көрсетеді.

Абай тілін жүйелі түрде зерттеудегі ғалымның өзі белгілеген тәртібімен жоғарыда көрсетілген екі монографиядан соң «Абайдың сөз өрнегі» атты үшінші кітабында ұлы ақынның поэтикалық тілі, көркемдік сипаты, көріктеу құралдарының тілдік механизмі сөз болып, Абайдың тіл көркемдігін танытудың кілті бұрын-соңды айтылып келген пікірлер мен еңбектерден басқаша бұраумен ашылады, қазақ тілінің поэтикасы жөнінде соны талдаулар мен жаңа ой-тұжырымдар айтылады. Аталмыш еңбек 1995 жылы ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай жарық көрді. Сондай-ақ «Абай» энциклопедиясында ұлы ақынның тілі мен стиліне қатысты көлемді ғылыми-теориялық мақалалар топтамасын берді.

Ғалым Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа этапы (кезеңі) болуын тілдің даму үдерісіндегі бағыттар мен ұстанымдармен байланыстырады: «Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде бекітті. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл» қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл – «кітаби тілден» ажырап, ж а ң а жазба деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге жаңа бағыт сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да –

қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген жаңа тенденция ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады [11, 34-35].

Абайтану саласына М.Әуезовтің өзі қосқан қос жүйрік – қос шәкірт – Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздық ұстазының аманатын адал атқара білді. «Әдебиет тілмен әдебиет», – деп академик жазушы айтқандай, абайтанудың екі саласында жүрген ғалымдар бір-бірін қолдап, қуаттай білді. Рабиға Сыздық естеліктерінде Қайым Мұхамедхановты ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бері, «Оқу-педагогикалық баспа» («Учпедгиз») бір кезде «Мектеп», кейін «Рауан» деп аталған баспада редакция меңгерушісі боп жұмыс істеп жүрген кезінен бері танытынын айта келіп: «...Қайым Мұхамедхановты алғаш рет, сірә, 1956-57 жылдары көрдім-ау деймін. Жүзінен интеллектік рең көрінетін, бүкіл бітімінен тектілік пен мәдениеттілік сезілетін орта жастардағы адам бір материал алып келді ме, әлде не аударма бердік пе, не рецензия жаздырдық па – әйтеуір, жұмыспен келіп, баспа бастықтарымен, сондай-ақ тікелей жұмысқа араласатын менімен әңгімелесті. Көп сөз айтпайтын, даурығып сөйлемейтін адам екен. Ал қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына қатысты тақырыптарға сөйлей қалса, бұл салалардағы білімінің, білгірлігінің, түйгенінің байсалдылығы, тереңдігі бірден байқалатын. Ол кезде мен ғалым емеспін, бірақ ғылым дүниесіне еңсем-ау деген үкілі үмітім кесілмеген күйде едім. Хакең сияқты білімдарларды бар ынтаммен, қызыға тыңдайтынмын», – деп жазады [13].

Кейін «16 жол өлең үшін 18 жыл қуылып», бүкіл жастық шағын Колымада каторгіде, «жер Сібірде» өткізген Шахан Мусинмен отасқан соң Қайым Мұхамедханұлымен қайта жүздеседі. Шахан Мусин мен Қайым Мұхамедханұлы бір-бірін бұрыннан біледі екен. Қайым Мұхамедханұлының «идеологиялық бағыты теріс, антисоветтік пиғылдары мен жазғандары үшін» бірнеше рет түрмеге түсіп, бірнеше жылға жер аударылып, кеңестік кезең саясатының жазықсыз құрбаны болғанын естіген кезде Рабиға апайымыз әкесімен тағдырлас жандардың бірі ретінде құрметтеп, тілеулес болыпты.

Р.Сыздық «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты еңбегінің 2-басылымының алғы сөзінде ғалымның еңбегін



әдебиеттану ғылымының аса қажет әрі болашағы кең, жана тармағының бастауы, көркем әдебиетті танудың ғана емес, абайтанудың соны саласы ретінде бағалап, Қ. Мұхаметханов Абай жинақтарында орын алып келген емлелік қателерді, корректорлық ағаттықтарды дұрыс көрсеткенін, жай жорамал емес, уәждемесі бар талдау түрінде бергенін айта келіп: «Текстологиялық ізденістер – Қ.Мұхамедхановтың шығармашылық өмірінің діңгегі десек болар. Ол тек Абай мұрасының бас текстологы емес, өзге сөз иелерінің де басылымдардағы мәтіндеріне үңіліп, олардың бұзылып тұрған тұстарын талдағаны белгілі. Бұлардың ішінде Махамбет өлеңдерінің басылымдары және текстологиясы жайында «Семсер жырға сергек қарайық» деген көлемді мақала жазып, оны 1986 жылы «Қазақ әдебиетінде» (9-16 мамырдағы санында) жариялады. Мұнда Махамбет өлеңдерінің 1912 жылдан 1979 жылға дейінгі әртүрлі жазумен (араб, лагын, кирилица жазуларымен) жарық көрген басылымдарының мәтіндерін салыстыра отырып, мұндағы текстологиялық жағынан үлкен ала-құлалық, негізсіз «түзетулер», орын алып келе жатқанын көрсетіп, дәлелдейді. Махамбеттің де канондық (тұрақты) басылымын беру керектігін, ол үшін нақты ізденістерге талдауларға, зерттеулерге бару керектігін мәселе етіп қояды. Өйткені Абай сияқты, Махамбет мұрасы да мектептен бастап қалың жұртшылыққа ұсынылып жүрген аса қажет рухани-мәдени дүние екендігін текстолог ғалым жақсы ескертеді. Бұл шағын еңбегінде де Хакең нағыз ғылыми ізденістердің үлгісін көрсеткен», – деп жазады [14, 5-18].

Қайым Мұхамедханұлы да Рабиға Сыздықтың еңбектерін оқып, жоғары бағалаған екен. Естелігінде академик ғалым: «Қайыммен өткен ғасырдың 60-70-жылдарында жиірек кездесіп, әңгіме-дүкен құрған кездерден және бір сәт есімде қалыпты. Әңгіме ғылым туралы, шығып жатқан еңбектеріміз жайында болды ғой деймін. Біздің үйде, дастарқан басындамыз. Менің жарық көрген еңбектерімдегі бір пікірім дұрыс екенін айтты, ол Бұхар жыраудың Түркістан өңірінде тұрған (не туып-өскен) болуы керек дегенді тілдік фактілерге сүйеніп айтқан болжамым еді. Мұны мен «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)» деген оқулық-монографиямда айтсам керек. Мені қуантқан Хакеңнің оң бағасы ғана емес, оның тілге қатысты еңбектерді де мұқият қарап, оқып-біліп отырғандығы. Біздің бір олқылығымыз – әдебиеттанушылардың еңбектерін тіл мамандары немесе, керісінше, бір-бірімізді көп оқи бермейтіндігіміз. Әсіресе әдебиетшілер үшін



тіл білімі өзге мамандықтарды қызықтыра қоймайтын салқындау дүние болып көрінеді-ау деймін. Әйтпесе «Көркем әдебиет пен тіл егіз қозыдай қатар, бірінсіз бірі жоқ дүниелер», – деп ұлы Мұхан (Әуезов) бекер айтқан ба?! Демек, жазғандарымды Қайым Мұхамедханов сияқты мықты әдебиетшінің оқып жүргені, кейбір талдауларым мен ой-толғамдарыма зер салып жүргендігі, әрине, мен үшін бір ғанибет болып көрінді. Сол кеште ғой деймін (естелік-күндерек жазып жүрмегеннен кейін өмірде болған көптеген сәттердің уақытын, кездескен, әңгімелескен адамдардың аты-жөндерін дәл айта алмай жатамыз) Хакең ойынды-қалжыңды және бір пікірін білдірді. Оның айтқаны – «жазған еңбектеріңнің бәрі тарихта қалар-қалмас, бірақ бір кітабың сөзсіз қалады, ол қазақ тілінің емлесі мен тыныс белгілерін түсіндіріп берген «Анықтағышың». Бұл еңбегің менің жазу үстелімнің үстінен түспейді, күнде-күнде пайдаланып отырамын», – демесі бар ма! Әрине, «ғылыми еңбектерімді мансұқ етті-ау!» деп түсінгенім жоқ, аңғарғаным – Хакеңнің жазу сауаттылығына, үтір, нүктелерді дұрыс қою керектігіне үлкен мән беретіндігі. Бұл – нағыз ғалымның бірінші белгісі және қазақ тілінде еңбек жазып жүрген өзге замандастарының тәжірибесінде көп кездеспейтін қасиеті. Бұдан бір ой түйіп қойдым» [13].

Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздықтың идея-ұстанымдары ғана емес, өмір жолы, тағдыры да ұқсас: екі ғалым да – текті атаның ұрпақтары. Қайым Мұхамедханұлының әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлов Жүсіпбек Аймауытұлы, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Мұхтар Әуезов сынды зиялылармен идеялас болып, бірге жүрген; «Сарыарқа» газеті, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов шығарған «Абай» журналының шығуына қаржылай көмектескен меценат болған [15]. 1937 жылдың желтоқсан айының басында атылған. Рабиға Сыздықтың әкесі – Исатай, Махамбет бастаған көтерілісті қолдаған Сәмбет батырдың ұрпағы – Сәтқали Құтқожин көзі ашық, қазақтан шыққан тұңғыш телеграфист мамандардың бірі болған. Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Иса Қашқынбаев, Шынтас Қаратаев сынды қазақ зиялыларымен үзеңгілес, пікірлес болған. Сәтқали да атасы Сәмембет сияқты елге қамқор жан болған, дарынымен көзге түскен жастарға көмектесіп, оқып, білім алуына жағдай жасаған. Кейін 1937 жылғы зұлматта «халық жауы» деген айып тағылып, Ақтөбеде ату жазасына кесілген. Екі арыстың 1937 жылы атылып кеткенін туған-туыс, ұрпақтары білмеген. Шындық тәуелсіздік алғаннан кейін ғана белгілі болған.

Қайым Мұхамедханұлы 17 жасынан бастап Семейдегі әртүрлі мекемелерде сабақ берсе, Рабиға Сыздық еңбек жолын 16 жасынан бастап, 1940-1945 жылдары, Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилище оқытушысы болып қызмет еткен.

Қайым Мұхамедханұлы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін әзірлейтін екі жылдық курсынан кейін Семей пединститутына түсіп, 1941 жылы экстерн аяқтаса, Рабиға Сәтқалиқызы 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыған соң 1944 жылы екі жылдық Ақтөбе оқытушылар институтын жедел түрде бітіріп, 1945-1947 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын экстерн бітіріп шығады.

Әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлов тұтқындалғаннан кейін Қайым Мұхамедханұлы педагогикалық институттан шығарылса, Рабиға Сыздық ҚазПИ мен Қыздар педагогикалық институтында «Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» деген пәннен сабақ беріп жүрген кезде «халық жауының» қызы ретінде жұмыстан шығып қалады.

Қайым Мұхамедханұлы да, Рабиға Сыздық та әкелері сияқты, алаш идеясына адал болды. Қайым Мұхамедханұлы алаш арыстарын Абай мектебінің көрнекті өкілдері ретінде атап, өмірбаяндарын жазды, шығармаларын араб, латын қаріптерінен қазіргі жазуға түсіріп, баспаға әзірледі, ғылыми түсінік жазды. Қайым Мұхамедханұлы 1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келген соң ақынның ұлы – Ахатпен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлының есімін ақтау жолында аянбай еңбек етті. Ғалым құнды қолжазбаларды, сирек фотосуреттерді жинап, сақтады, ғылыми түсініктерін жазып, мұрағат, мұражайларға өткізді; Ильяс Бораганский, Мәжит Дәулетбаев, Ақылбек Сабалұлы, Ильяс Молдажанов, Тайыр Жомартбаев, Әубәкір Диваев, т.с.с. қайраткерлердің еңбектерін насихаттады.

«Әкем – халық жауы емес, әділетсіздіктің құрбаны» деген сенімі күшті болған Рабиға Сыздық А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, М. Жұмабаев сынды қазақ зиялыларын да «халық жауы» ретінде қабылдамаған. Рабиға Сыздық репрессияланған қазақ зиялыларының еңбектерін насихаттап, жинастыру. 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлов мұралары бойынша комиссиясының мүшесі болып, репрессияланған қазақ зиялыларының істерін ақтап шығу үшін жан аямай еңбек етті. Кеңес үкіметінің саясаты дүрілдеп тұрған кездің өзінде-ақ ғалым олардың қазақ тіл біліміне, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін тайсалмай айтқан болатын.

Ғалым 1965 жылы профессор М.Балақаевтың ұсынысымен ғылыми конференцияда Құдайберген Жұбанов туралы баяндама жасады. 1966 жылы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы «Ғалым-азамат» атты кітабы жарық көрді. Сонымен қатар Құдайберген Жұбанов мұрасының жинақталып, көлемді еңбек болып шығуына ат салысып, редакторлық етті.

Академик Рабиға Сыздықтың А.Байтұрсынұлы еңбектерін насихаттап, жариялаудағы еңбегі де орасан зор. 1977 жылы, Ақымет Байтұрсынұлы ақталардан 11 жыл бұрын, Қазан төңкерісінің 60 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімі 60 жылда» атты ғылыми конференцияда Ғылым академиясының мінберінен «Ұлттық тіл білімінің негізін қалаған ғалым – Ақымет Байтұрсынұлы» деп тайсалмастан айтуы – әділдікті ту еткен ғалымның жүректі жарып шыққан сөздері болатын. Кеңес үкіметінің «қылышынан қаны тамып тұрған кезде» бұл – сөз жоқ, көзсіз ерлік еді. А.Байтұрсынұлы еңбектерімен тәрбиеленіп келген аға ұрпақ бұл тұжырымның дұрыстығын мойындағанмен, айтуға батылы бармай жүрген кезде осы сөзіне бола кейін бірнеше рет «жауап беруге» тура келетінін біле тұрып, қазақ қызының Ақымет Байтұрсынұлының тіл біліміндегі орнына лайықты баға беруі, тайсалмастан шындығын, әділін айтуы тарихи оқиға болғаны сөзсіз. Рабиға Сыздық А.Байтұрсынұлы туралы «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне алғашқы мақалалар жазумен қатар тұңғыш кітаптың да авторы болды. Ғалым еңбектерін насихаттау ісіне де белсене араласып, «Тіл тағылымы» атты жинақтың редакторы болды, ғалымның кейіннен табылған мақалаларын насихаттау ісіне де мұрындық болды. Рабиға Сыздық Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов еңбектерін жинастыру ісіне де басшылық етіп, таңдамалы шығармаларына редактор болды.

Ғалым алаш қайраткерлерінің ғылыми мұрасымен қатар суреттерінің жинақталуына да көп үлес қосты. Атап айтқанда, көпшілік назарына жиі ұсынылып жүрген А.Байтұрсынұлының қысқы киіммен түскен суретін («Ақ жол» жинағының мұқабасындағы) ғалым ақталардан көп бұрын Қытайдан келген Балқаш Бафин деген кісіден алып, сақтаған. Сол сияқты Мағжан Жұмабаевтың бәйбішесі – Злиха апайдан М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытұлының суреттерін алып, сақтаған.

Қайым Мұхамедханұлы XV-XX ғасырлардағы жыраулар мен ақындардың шығармаларының канондық негізін қалыптастыру үшін аянбай еңбек етсе, Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің өзіндік

критерийлерін көрсетіп, ХҮ-ХІХ ғасырлардағы әдеби үлгілердің тілдік-көркемдік белгілерін сипаттады, өз тарапынан «қазақтың жазба тілі алдындағы әдеби тілі», «ауызша әдеби тіл» деген терминдерді ұсынып, қазақта жазба әдеби тілге дейін ауызша тараған әдеби тілі болғанын айқындап берді.

Қайым Мұхамедханұлының жолымен Рабиға Сыздық та мәтінтану мәселесін сөз етіп, ақын-жыраулардың толғауларындағы, Махамбет Өтемісұлы, Абай Құнанбайұлы, Сұлтанмахмұт Торыайғыров, т.с.с. сөз зергерлерінің шығармаларындағы қате басылған тұстарды көрсетіп, талдайды; жаңсақ түсіндіріліп жүрген сөздердің сырын ашады. Мәселен, Махамбет жинақтарында *лауазым* (*Атандай даусын ақыртып, Лауазымын көкке шақыртып*) сөзінің қате жазылып, қате түсіндіріліп келе жатқанын айта келіп, ақын өлеңінің 1908 жылғы Қазан басылымында бұл сөздің *луазун* (نؤضائو)) түрінде жазылғанын тілге тиек етеді, бұл сөзді *уәзін* «дауыс, үн, зар (әуез)» мәнін білдіретін араб сөзі ретінде сипаттайды. Сонда ақын «дауысын көкке жеткізіп, зарлатып» деген мағынадағы өлең жолын ұсынған болып шығады. Сонымен қатар ғалым Махамбет өлеңдеріндегі *сой, аяр, қом сулар, ереуіл*, т.с.с. сөздерді де талдайды.

Екі ғалым да түрлі энциклопедияларға, оның ішінде «Абай» энциклопедиясына мақалаларын беріп, ғылыми түсініктер жазды.

Екі ғалым да өздерінің ісін жалғастыратын шәкірттерін тәрбиеледі.

Екі ғалым да өз ұстанымына берік болды, ұстаздары – Мұхтар Әуезовті қадірлеп-қастерлеп өтті.

Абайдың асыл мұрасынан бастау алып, алаш идеясымен сусындаған, академик жазушы М. Әуезов негізін қалаған абайтанудағы дәстүр мен сабақтастық, ұстазы мен шәкірттерінің үндесімі қазақ ғылымында мәңгілік сара жол бола бермек. Мұхтар Әуезовтей ұстазының идеясын жалғастырып, Абайды таныта білген қос шәкірті – Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздықтың өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болуы керек!

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кәкішев Т. Асылдың сынығы // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – XI том. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 206-225 б.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 60 б.
3. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – IV том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 22-37 б.

4. Қайым Мұхамедхановтың абайтанудағы қызметі // <https://abaialemi.kz/post/view?id=1659>
5. Еспенбетов А. Қайым Мұхамедханұлы және абайтану мәселелері // <https://e-history.kz/kz/news/show/3355>
6. Абай мұрасы және «қасқырлар тобы» // <http://madeniportal.kz/article/1253>
7. Жұртбай Т. Қайым-қиямет // <https://egemen.kz/article/93685-қауым-қиамет>
8. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: Қазмемкөркембас, 1959. – 144 б.
9. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - XVIII том. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 8 б.
10. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. - Алматы, 2002. – 34 б.
11. Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді... // «Атырау» газеті. 2021, 16 наурыз, 24 сәуір <https://atr.kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/>
12. Сыздық Р. *Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі.* - Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
13. Сыздық Р. Ол да бір дәурен еді //fbid02os2Rgy52dyZUzrRD rXUZLzjbKAUssaAfEDXkZas4bMXuZMdVBZ6ACLi1sFkEM8d7l &id=100000963702713&mibextid=qC1gEa
14. Сыздық Р. Алғы сөз // Абай шығармаларының текстологиясы жайында. - 2-басылымы. - Алматы, 2010. – 5-18 б.
15. Аятбекова Р. Алаштың ардақты азаматтары // Мұхаметжан Сейітқұлов-150 жыл» атты қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2020. – 15-18 б.

**НҰРЫШЕВА ГҮЛЖИҒАН,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,  
филос.ғ.д.

## **МҰХТАР МЕН ҚАЙЫМ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС**

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында интеллигенцияның ғажайып, қайталанбас, қазақтың тарихында бұрын-соңды болмаған шоғыры қалыптасты. Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханов – осы интеллигенцияның көрнекті өкілдері.

Интеллигенцияның қоғамдағы рөлі зор екені белгілі (бұл жерде «интеллигенция» ұғымын қазір қазақша қолданылып жүргендей «зиялы» деп емес, түпнұсқа түрінде алып отырмын, себебі оның этимологиясы латынның «интеллект» сөзі, яғни білімді, ойлы адам ұғымын дәл жеткізеді). Адамзат тарихына көз салсақ, әлеуметтік, интеллектуалдық және моральдық түсініктері жоғары интеллигенция тұлғаның қоғамдағы рөлі, еркіндігі мен құқы туралы мәселелерді үнемі батыл қойып отырған екен. Интеллигенцияның ерекшелігі – ол ең алдымен қоғамның интеллектуалдық және мәдени потенциалын бейнелеуші, оған шығармашылық қызметке, объективті ақиқатқа, шындыққа, әділдік пен биік адамгершілікке ұмтылу тән.

Интеллигенцияның қалыптасуына қажетті принциптер – интеллектуалдық еркіндіктің және ой еңбегімен айналысу мүмкіндігін беретін әлеуметтік жағдайдың болуы, ал интеллектуалдық еркіндікке жеткізетін – адамның білімі мен этикалық принциптерінің биік деңгейі. Олар интеллигент өмір сүріп жатқан қоғамда еркіндік шектеулі болса да, интеллигенттің қоғамнан тәуелсіз болуына, еркін ойлауына ықпал етеді. Әрине, адам өмір сүріп отырған ортаның объективтік факторларын жоққа шығаруға болмайды, бірақ адамзат тарихы тұрғысынан қарастырсақ, еркін ойлаушы, білімі мол интеллигенттердің басым көпшілігі тұрмыстық жағдайдары төмен болған күннің өзінде де әлеуметтік және тұрмыстық шектеулерді елемей, олардан жоғары тұра білді.

«Интеллигенттік дегеніміз – халықтың игілігіне арналған интеллектуалдық шығармашылықтың құндылығын саналы түсіну, жалпыадамзаттық идеалдарға қызмет ету, өзіне де, басқаларға да талап қоя білу, өзін азамат ретінде көрсету, азаматтық ержүректік, шындық үшін бітіспес күрес, ойлау демократизмі, еркін тұлғаның

толыққандығы» [1, 25]. Дәл осы қасиеттердің бәрі ХХ басында, патша үкіметінің қатаң отаршылдық саясаты жағдайында қалыптасқан қазақ интеллигенциясының бойында болды. Бірақ интеллигенттікті білімділікпен шатастыруға болмайды. Интеллигенцияның Карл Маркс атап көрсеткен «утилитар» түрі де бар, «ол тек өз ошағы үшін ғана күреседі, өзіне ғана қызмет етеді» [2, 62]. Ал нағыз, шын интеллигенция өзінің қамын ойлаудан жоғары тұрады, өмірін анық мақсат, әділ іс, халқының мүддесі үшін еңбектенуге арнап, қоғамды оятады, оның санасын қалыптастырады. Сондықтан да билік мұндай интеллигенцияға айрықша көңіл бөліп, оны өзіне бағындыруға тырысады, интеллигенцияның еркін ойын тежеп, көрнекті өкілдерін жазалап, жойып жіберуге ұмтылады. Бұл пікірімізге адамзат тарихы, әсіресе қазақ тарихы нақты куә. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ интеллигенциясының жұлдызды шоғы – осындай ақиқат, нағыз интеллигенция.

Интеллигенция тақырыбын зерттеуші ғалымдар интеллигент қауымға ортақ бір ерекшелікті – мақсатқа жету жолында жұмыла қызмет етуді, ынтымақтаса білуді атап көрсетеді. Әрине, қоғамның бұл тобының арасында әртүрлі адамдар, мысалы, эгоист, этикалық принциптерді бұзуға, бақталастыққа және тағы басқа жағымсыз қасиеттерге бой ұрғандар да кездеседі. Десек те, біз әңгімелеп отырған қазақ интеллигенциясы сол кезде де, кейін де жалпы алғанда бірлесе қызмет етті, қиын істе міндеттерді өзара бөлісіп, нәтижелі жұмыс атқарды. Мысалы, ұйқыда жатқан қазақ халқын ояту, ғылым-біліммен таныстыру үшін Ахмет Байтұрсынов білім саласынан, Жүсіпбек Аймауытов психологиядан, Мағжан Жұмабаев педагогикадан, Мұхаметжан Тынышпаев математикадан еңбектер жазғанын айтсақ жеткілікті. Шамасы, олар ортақ жоспар құрып, әрбір саланы белгілі бір тұлғаға жүктеген секілді.

Осы игі, қазақтың интеллектуалдық деңгейін биіктетуге зор үлес қосқан іске Мұхтар Әуезов те белсене қатысып, «Ғылым», «Ғылым тілі», «Япония», «Оқу ісі», «Мәдениет хәм ұлт», «Адамдық негізі – әйел», «Философия жайынан» және тағы басқа ғылыми мақалалар жазды. Бұл еңбектердің ішінен «Философия жайынан» мақаласы айрықша көзге түседі. Себебі философия – ең қиын ғылымдардың бірі, сондықтан біздің білуімізше, сол кездегі қазақ ойшылдарының Мұхтар Әуезовтен басқа ешқайсысы бұл тақырыпқа қалам тартпаған. М.Әуезовтің қазақ тарихындағы рөлін академик Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаев: «Абай қазақ халқының өткен замандағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқа



шыңы болса, Мұхтар Әуезов қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды» деп, жоғары бағалайды [3, 10].

Мұхтар Әуезовтің «Философия жайынан» мақаласы 1918 жылы жарық көрді. Мақала жазылған кезде болашақ жазушы 21 жаста, бірақ оның білімі, философиялық ой тереңдігі таңдандырмай қоймайды. Еңбекте тұжырымдалған ойлар маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ және философияны қазақша дамыту үдерісінде өте пайдалы.

Ең алдымен, Мұхтар Әуезов философияның анықтамасын дәл берген. Адам баласы тұтынып келе жатқан ғылым екі түрлі деп атап өтіп, бірі «мұқтаждық шығарған, адам баласының тіршілігіне нық байланысқан ғылымдар», екіншісін – кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін ғылым», оның «тарауының бәрінің түйіскендегі түп негізі философия болады» дейді [4, 340]. Ойшыл жазушы философияның да, бар ғылымның да зерттейтіні ақиқат (Әуезов «хақиқат» ұғымын қолданады) екенін ескерте отырып, басқа ғылымдар оған тәжірибе арқылы жетеді, ал философияның құралы – таңданудан басталатын терең ой, таза ақыл деп пайымдайды. Бұл жерде ғұлама жазушы философияның «...адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір араға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып» беретін әдістемелік, методологиялық рөлін өте жақсы байқаған.

Біздің ойымызша, жаратылыстану ғылымдары мен философияның арасындағы осындай байланыс қазір баяулады. Ойымызды дәлелдеу үшін соңғы жылдары қорғалған докторлық диссертациялардың тақырыптарын шолып шықсақ, соның өзі жеткілікті. Таным теориясына үңілсек, философия мен ғылымның диалектикалық байланысы, өзара әсері анық көрінеді. Жаратылыстану ғылымдары тәжірибе барысында, Әуезовше айтсақ, «көз алдындағы дүниеден алатын», біртіндеп жинаған материалдарды жалпы қорытып, оларды теориялық ой негізінде жүйелеу, әртүрлі құбылыстардың бірлігін, дамуын, ортақ заңдылықтарын, үрдістері мен байланыстарын көре білу қызметін атқару философияның ғана қолынан келеді, сол арқылы философия «бірінші мақсаты – адамның ішкі қалып анықтап біліп, ақыл ауданын кеңейту (познание), дүниедегі шын барлықты білу (бытие)» қызметтерін жүзеге асырады [4, 341].

Философияның Әуезов айтқан осы онтология және гносеология бөлімдерінде зерттеуді қажет етіп тұрған мәселелер де қазір қордаланып қалды. Олармен айналысу арнайы дайындықты,



табандылық пен терең білімді қажет етеді, сол себепті жас философтар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге беймірек болғандықтан, бар болып отырғанды немесе болмысты, оның мәндері мен категорияларын, құрылымы мен заңдылықтарын, адамның дүниені танып-білу мүмкіндіктерін, танымдық қызметтің құрылымын, білімнің шығу тегін, формаларын, ақиқаттың өлшемдері мен шекаралары туралы онтологиялық және гносеологиялық мәселелер жылдан жылға зерттелмеген күйде қалып келеді.

Әуезов назар аударған, алайда қазір отандық философтардың назарынан тыс қалған ғылым – «көңілдегі ойдың қалпын, мүсінін сынап отыратын ғылым» (логика) [4, 340]. Философияның Әл-Фараби данышпан «Логика өнері ойланылып тұрғанның дұрыстығы туралы білімді және ойланылып тұрғанның дұрыстығына жету қабілетін береді. Грамматика өнері тілді ол тек қана дұрыс сөйлеу үшін үйрететін сияқты, логика өнері де ақылды ол барлық нәрсе туралы тек қана дұрыс ойлау үшін түзетеді» деген бұл саласы да бізде қазір мүлдем тұралады [5, 50]. Бүкіл Қазақстан бойынша логика мамандарының саны саусақпен санарлық. Облыстық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында бұл пән мүлдем жоқ, ал еліміздің ең озық университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң өзінде «Логика» пәні тек екі-ақ факультетте оқытылады. Бұл мәселе тез арада шешуді қажет ететіні айтпасақ та түсінікті, себебі дұрыс ойлау заңдылықтарын меңгерген жастар ғана ақиқат жолына түсіп, өздерін кемел адам ретінде қалыптастыра алады.

Әуезовтің философия туралы толғамдарында ерекше орын алатын – философия мен діннің арақатынасы туралы пікірі. Дін, діни сенім мәселесі қазіргі заманда қаншалықты өзекті екені айтпасақ та түсінікті. Діни көрсоқырлық пен діни надандықтың жалпы халықтың, әсіресе жастардың арасында күшейгені соншалық, соңғы жылдары бұл мәселе әбден ушықты. Олардың санасында философиялық санаға орын жоқ, тек діни уағыз, соқыр сенім ғана жайлаған. Мұхтар Әуезов бұл мәселені аз ғана тұжырыммен, бірақ байыпты да әділ шешкен: «Философия – дінмен бастас ғылым. Себебі екеуінің де іздейтін мақсаты бір түрлі. Философия шыннан шынды туғызып, һаман ізденетін жолда әуелгі ашпақ сыры – дүниенің ең жоғарғы негізін таппақ, қайдан жаралғанын шешпек, адамның дүниеге келген мақсатын тексермек. Бұл айтылған жолдар – діннің де мақсаттары. Бірақ бұған ғана қарап философия мен дін бірігуге болмайды.

Философияның айтатын жолы жалғыз ғана адамның таза ақылына сүйеніп айтылады. Және ол адамның ақылы айтқан жол болған соң, сынға алып, алғашқының дәлелін орынсыз тауып, әр түрлі толғап, өзгертуге болады. Діннің жолы үлкен иеден келді деп танылады. Сол себепті мағынасы дәлелсіз. Даяр, анық даусыз нәрсе деп тану ғана керек...» [4, 340]. Бұл пікірді философия мен діннің арақатынасы, қоғамдағы статусы, адам өміріндегі рөлі туралы әртүрлі қисынсыз дау-дамайларға нүкте қоятын, алып-қосары жоқ нық пікір деп ойлаймыз.

Тоқталатын тағы бір тақырып – Мұхтар Әуезов арнайы бөліп айтпаса да, мақаланың дiңгегi болып тұрған адам мәселесi, қазiргi тiлмен айтсақ, философиялық антропология тақырыбы. Жазушының пiкiрiнше, философия адамды «толғаулы терең ойға» жетелейдi, «көкiрегiн оятып, ақыл көзiн дүниеге жайнатып ашқызады», «адамшылығының жүзiн жарқын» етедi, ақылды алдыңғы қатарға шығарып, адамды «терең ойға қожа» етедi, «ұсақтықтан, басқа әр түрлi мiнезсiздiктен құтқарады», жанын тәрбиелейдi, «адам баласының жан тәрбиесiнiң, адамшылығының, бiрiншi – өрлейтiн басқышы, екiншi – көркi» [4, 340]. Яғни, жазушы философияның негiзгi зерттеу объектiсi адам екенiн дөп басып анықтап отыр және адамды адам ететiн таза ақыл, адамға адамшылықтың таза нұрын тәрбие, терең ой арқылы кiргiзетiн де философия деп айтудан танбайды. Әуезов адамды надандықтан құтқарған философия екенiн қайта-қайта ескерте отырып, оның қоғам өмiрiнде алатын оны мен атқаратын рөлiн де қадап айтады: «Философия заманның жай қозғалысының артынан ерiп бақылап отырып, бiр жол ескiруге айналса, я терiс болса, жаңа жол нұсқамай қойған жоқ» [4, 340]. Елiмiз тәуелсiздiк алған жылдары жаңа, ұлттық философия жолын ешкiмге жалтақтамай таңдауымыз ғұлама жазушының осы сөздерiне нақты дәлел секiлдi. Осы ұстаным бiзге қазiр, қоғамның даму бағыты өзгерген тұста да қажет болып отыр.

Философияның тарихын екi дәуiрге бөлген Әуезов антика заманының жетi данышпаны туралы сөз қозғай отырып, жаңа философияның көрнектi өкiлi Иммануил Кант жайында «Канттан бергi философия көзге түселiк жол тауып кете алған жоқ» дейдi [4, 341]. Әрине, ойымызға бiрден Гегель, Маркс, Ленин түседi. Академик Ғарифолла Есiмнiң пiкiрiнше, мұның себебi – оыс философтарының Гегельдi салқын қабылдауы, Мұхтарға дәрiс берушiлердiң Гегель туралы пiкiрiнiң дұрыс болмауы [6, 178-182]. Бiздiң пiкiрiмiзше, Әуезовке Гегельдiң шым-шытырық абсолюттiк

идеясынан гөрі Канттың моральдық императивтері, этикасы, яғни Кант философиясының адам мәселесіне бағытталғандығы көбірек ұнады. Жазушының Маркс пен Ленин философиясына көзқарасы туралы ойымызды айтатын болсақ, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы жалпы алғанда марксизм идеяларына онша құлықты болмады, Кеңес үкіметі тұсында ғана оны амалсыз қабылдауға мәжбүр болды, сол себепті мақала жазылған 1918 жылы Әуезов олар туралы жазуды қаламаған секілді.

Әлі күнге өзекті болып отырған философияны қазақша сөйлету мәселесі тұрғысынан да мақала өте пайдалы. Әуезов қолданған «ақтылық», «адамшылық», «дүниеауи», «ақыл», «ұсақтық», «мінезсіздік», «ақыл көзі», «терең ойдың түбіне телміру», «үлкен ие» және тағы басқа терминдер мен сөзтіркестер ғылыми айналымға түссе, қазақ философиясының терминдер мен ұғымдар қоры байи түсетіні сөзсіз.

Философияның болашағы туралы Мұхтар Әуезовтің болжамы да таңдандырмай қоймайды. Ол: «...философия көркейеді. Көркейгендегі жемісін адам жаны қорек қылады» деп, керемет көрегендік танытады. Енді осы аманатты жүзеге асыру – біздің міндетіміз. Философиялық ойдың деңгейі қоғам дамуының көрсеткіші болып саналады, ал бұл көрсеткіш Қазақстанда төмен. Мысал үшін айтсақ, көптеген елдерде философия мамандығына конкурс жоғары, ал біз мемлекет қолдау көрсетіп, министрлік бакалавриат, магистратураға бөлген гранттарды толық игере алмай келеміз. Бұл қоғамның интеллектуалдық дамуында проблема бар деген сөз. Философияның адам мен қоғам өміріндегі рөлі туралы пікірлер ғылыми жиындар аясында қалып қоймай, оларды көбірек насихаттап, халықтың арасына кеңірек таратуға тиіспіз. Оған қажетті құралдар қазіргі заманда жеткілікті, БАҚ, әлеуметтік желілерде жарияланған философиялық жазбалар арқылы жиналған азды-көпті жақсы нәтижелер де бар, сондықтан осы істі бәріміз жұмыла жалғастырсақ, Мұхтар Әуезов ғұламаның аманатын орындағанмыз.

Әйгілі философ Гегельдің пікірінше, ақыл-ой – субстанция. Ақиқатқа

жету үшін адамның ақылы тыным таппай, үнемі еңбектенуі тиіс. Ақылға әрекетсіздік жараспайды, ол іздену үшін жаралған. Мұхтар мен Қайымның қызметі – осы тамаша ойдың тамаша дәлелі. Тынымсыз еңбектенудің үлгісін Мұхтар өзінің шәкірті Қайымға көрсете білді және аманат етті. Бұл тұста Майкл Поланидің тұлғалық білім философиясы еске түседі. Оның

пікірінше, ақиқат білімді теориялық әдістердің көмегімен емес, тұлғалық үлгі арқылы жеткізуге болады. Мұны ол «көрінбейтін білім, үнсіз білім» деп атайды [7]. Міне, осындай көрінбейтін, жеке үлгі, тәжірибе арқылы берілетін білімді Мұхтар Қайымның бойында қалыптастырды.

Мұхтар мен Қайымның арақатынасы ежелгі Үнді философиясындағы Ұстаз бен Шәкірттің арасындағы адал байланысты еске салады. «Упанишадалардағы» мына бір ойлар Мұхтар мен Қайым ғұламалардың ұстанымдарын дәл суреттейтін секілді: «Шындықты айт. Ізгілік жолымен жүр. Оқудан қашпа. Ұстазыңа жағатын сый әкеле отырып, өз ұрпағыңның жібін үзбе. Шындықтан қашпа. Ізгіліктен қашпа. Жақсы жағдайдан қашпа. Ұлылықтан қашпа. Зерттеу мен оқудан қашпа. Құдай мен ата-бабаңның алдындағы міндеттеріңнен қашпа. Аңаңды құдайдай сыйла. Әкеңді құдайдай сыйла. Ұстазыңды құдайдай сыйла. Қонағыңды құдайдай сыйла. Кіршіксіз әрекеттерді ғана жаса. Бізде қабылданған ізгі істерді ұстан» [8, 148].

Қайым аға осы жолдан айнымады, оның ұстазына деген құрметі мен адалдығы, ғылым этосынан айнымауы, жалпы адам атаулыға, соның ішінде интеллигенцияға ерекше тән көре алмаушылық, екіжүзділік, сатқындық сияқты қасиеттерден аулақ болуға ұмтылуы бәрімізге ой салады және қазіргі ғалымдарға ғана емес, бүкіл қазаққа үлгі.

Мұхтар мен Қайым ғылым этосының, ғылыми ізденістің тағы бір қағидасына адал болды. Олардың әрбір ойы, әрбір мәліметі тарихи құжаттармен дәлелденген, артық, бос сөз жоқ. Бұл өте маңызды фактор екені сөзсіз. Тарих философиясын зерттеуге айрықша үлес қосқан Гегельдің пікірінше, тарихты баяндаушы адам оны жеке тұрғыдан сипаттаудан бас тартып, тарихи фактілерге сүйенуге міндетті және тарихи материалды ғылыми айналысқа енгізуде мұқият болуы тиіс. Осындай жауапкершілік олардың қызметінен анық байқалып тұр.

Мұхтар да, Қайым да адам еркіндігі шектелген дәуірде өмір сүргендеріне қарамастан, рухани еркіндікке талмастан ұмтылып отырды. Бұл ерекшелікті Қайым ағаның өмірі мен қызметінен айқын байқауымызға болады. Әсіресе, таптар күресі, идеологиялық шайқас қызып тұрған кезеңде Қайым Мұхамедханның еңбектері айыпталған хаттамалар, оның жеке кітаптарын, жинаған ғылыми материалдарын тәркілеу туралы актілер мен тізімдер, жұмыстан шығару туралы бұйрықтар, Абайдың әдеби мектебін зерттеуге арналған кандидаттық диссертациясын қорғаған ҚазССР ҒА

гуманитарлық ғылымдар институтының біріккен ғылыми кеңесінің 1951 жылдың сәуіріндегі мәжілісінің стенограммасы, кейін, осы жылдың қыркүйегінде дәл осы диссертацияны дәл осы кеңес саяси және ғылыми тұрғыдан лайықсыз деп танып, филология ғылымдарының кандидаты ғылым дәрежесінен айыру туралы шешімі, ҚазССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша сот коллегиясының ғалымды 25 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкімі және тағы басқа тарихи түпнұсқалар кеңестік идеологияның тұлға еркіндігін, ой еркіндігін тұншықтыруды көздеп, жүйелі түрде жүргізген қызметін тағы да бір еске салады және осы жүйемен күрескен Қайым ағаға деген құрметімізді күшейте түседі.

Ойымызды қорытсақ, қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдері Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен қызметі, ғалым, азамат, ұстаз бен шәкірт ретіндегі тұлғалары қазіргі заман адамына ой саларлық лайықты үлгі болып саналады және философиялық тұрғыдан талдауды жалғастыруды қажет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Л.Смоляков. Об интеллигенции и интеллигентности. М., 1998.
2. К.Маркс. О сословных комиссиях в Пруссии. [fil.wikireading.ru](http://fil.wikireading.ru)
3. Ә.Нысанбаев. М.Әуезовтің рухани мұрасы туралы/Мұхтар Әуезов. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1997. – 512 б.
4. М. Әуезов М. Философия жайынан /Мұхтар Әуезов. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1997. – 512 б.
5. Ғ.Мұтанов және т.б. Әл-Фараби және қазіргі заман. – Алматы: Қазақ университеті. 2014. – 239 б.
6. Ғарифолла Есім. Сана болмысы. 3-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 232 б.
7. Полани М. Личностное знание. На пути к посткритической философии. 1998. – 344 с.
8. Нұрышева Г.Ж. Философия пәнінен хрестоматия. I том. Алматы, 2023. – 303 б.

**СӘУЛЕ БАЙМЫРЗАҚЫЗЫ,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
профессоры, филол.ғ.д.

## **М.ӘУЕЗОВТЫҢ «ҚЫР СУРЕТТЕРІ» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУДАҒЫ НАРРАТОРЛЫҚ ӘДІС**

Ұлтымыздың біртуар ғұлама жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың шығармашылығын мектепте оқыту үрдісінде жаңа заманға лайықты жеткізіп талдау, оқырман танымына әсер етудің жолын әр тарапты қарастырып жүрген зерттеулер баршылық. Өйткені ғұлама жазушының әрбір шығармасындағы ұлт психологиясы мен тұрмыс тіршілігі, арман-мақсаты, тарихынан дерек беретін ұғымдары оның жалпы ұлт тағдырына бейжай қарамауынан хабар береді. Жазушы шағын прозалық шығармаларының өзінде терең және күрделі әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен адам әрекетін байланыстырып, кейіпкер психологиясының иірімдерін, халық тіршілігін, ұлттық сипатын шебер суреттеп көрсетеді. Өзі шағын болса да терең тұңғыққа батыратын, шөліңді қандыратын, ойынды он орайтын орынды пайымдарды санаңызға салып береді.

Қарапайым оқырманға түсінікті қазақтың өзіндік болмысын танытатын сондай шығармаларының бірі «Қыр суреттері» атты әңгімелер топтамасы жазылу тәсілі мен мәтін ішіндегі мәтін деңгейінде жалпы қазақы өмірді, қазақтың қырдағы өмірін, тұрмыс-тіршілігі мен табиғат аясын суреттеуге мән берілген. Әсіресе, «Сыбанның моласында» мәтін Текшенің бауырындағы жайлаудағы ауылдың кешкі қызулы өмірін қызықтаумен, тамсанумен басталатын әдемі суреттерден тұрады. «Жайлауда жиын отырған көп ауылдың кешкі жылқылары суға келіп шығып, алды өріске кетіп бара жатқан мезгіл еді. Жаңа жамыраған қойлар дүниені у-шу қылып мазаны кетірген соң, біз ауыл иесі Жортар ақсақалмен әңгімелесіп, құдықтың желке жағындағы тастақ төбенің басына таман аяндап келе жаттық. Бұл бастапқы әрекеттен ақ біз аты-жөн жоқ көрінбейтін баяншының бақылауынан басталатын әңгімеге ереміз. «Оңтүстік жақ жазықта жапырлап отырған көп ауыл айналасында шұбыртып қыбырлап жүрген малдарымен бірқалыпты жасыл даланың түсін түрлендіріп, көз қуантып тұр. Көкжиектен асып бара жатқан күн ақырғы алтынды шұғыласымен далаға көрікті нұрын төгіп, ауылдың кешкі қызулы өмірін қызықтандырып тұрғандай» – деп қасындағы кейіпкер

әңгімесіні зерделеуге кіріседі. Жазушы қазақ ауылының аңшылық дәстүрін де айта кетеді. Сүлейменнің әңгімесі арқылы біз оның кейіпкер-әңгімеші ретінде әңгімені айтушы ғана емес, сол оқиғаға қатысушы ретінде де көреміз. Шығармадағы қимыл-әрекеттің бәрі алғырлығы мен аңшының албырт қимылы қазақы өнердің қалпын паш етумен бірге оқиғаның жеткізілу қарқынына шынайылық берген. Бұл жерде автор қаншалықты өз кейіпкерінің әрекеті мен әуезді әңгімесін алға шығарып өзін тыңдаушы ретінде тасада ұстаса да бәрібір ол автор үшін тек әңгімеші-кейіпкер ретінде қалған. Әдемі сурет, қызықты оқиға бірден өзіне баурай алатыны рас. Шығарманы оқып отырған білім алушы бірден дәстүрлі талдау бойынша басты назарда кейіпкерлердің түсін түстеп, атын жаттап алатыны рас. Оның ішінде әңгімеші нарратордың артынан еріп отыратыны бар. Бірақ осы оқиғаны жеткізуші баяншының тасадан қалып кеткенін, яғни шығармада үшінші жақтан баяндалатын баяншының ролі көрінбей қалып жатады. Бұл мәселені оқытудағы басты мәселе – баяндалған тарихты нарративті талдау. Яғни шығармадағы баяндаушы ойының имманенттік мәніне яғни тарихи оқиғаларға ерекше мән беру, тарихи байланыстарға мән беруді міндеттейді. Бұл мәселе жөнінде ғалымдар Й. Брокмейер, Р. Харре 1980-ші жылдары жақсы тұжырымдар жасап: «баяндау формасын адамзат табиғатының өмір сүруінің табиғи жалғасымы ретінде қарастырып оны психологиялық, лингвистикалық, мәдениеттанушылық және философиялық негіздерін іздеген. Міне нақ осы шығармадағы ерекше нәзік сана біздің ұлттық өміріміздің формаларын табу үшін сол мағыналардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушы нарратив көмегімен қазақ ауылы, әсіресе, кешкі мезгіл уақытында көңілдене, шаттана түсетін: қозы-лақтар шуылдап, балалар жағы да күнмен таласып салқын ауада ойын қуалайтын, үлкендер жағы дөң басында әңгіме-дүкен құрысатын мәнмәтіндерін адам істеріне қаншалықты қажет деңгейде екенін зерделейді. Мұндағы әңгімелеушілер «Сыбанның моласындағы» Жортар не Төбет не «Текшенің бауырындағы» Сүлеймен ақсақалдың Баяндау (Әңгімелеу) мәтіндеріндегі жеке адам психологиясы емес, тұтас ұлттық мәдениеттің де тәжірибесін (әңгімелеушінің дүниеге деген жеке көзқарасын, шығармадағы, сюжеттік сұлбаларда бейнеленетін мәдениет әлемін түсінуге мүмкіндік береді. Шығармадағы нарративтің мазмұндық элементтеріне (оқиғаларға, кейіпкерлерге (олардың ойына, тіліне, вербалды емес элементтеріне (бейне және дыбыс қатарларына)



сүйене отырып, 2) білім алушының не оқырман пікірі мен өмір салтына мазмұнды контент-талдау жүргізуге болады. Сондай-ақ нарратив әдісінің танымал түрі – шығармадағы ұлттық құбылысты, ерлік, барымталық, батырлық, ар-намыс оның барлық алуан түрлі қасиеттерін терең, толық, жан-жақты, зерттеуге мүмкіндік беретін сапалы зерттеу әдісі ретінде айқындалатын кейс әдісімен толықтыруға келеді. Нарративті әдісті қолданудың тағы бір қыры – оның көмегімен ойды жеткізу үшін әңгімелер құрастыру. Адамдардың өмірі тарих сияқты болуының өзі нарративті әлеуметтік әсер егудің тамаша құралы етеді.

Демек шығармада нақты оқиға-тарих бар. Ол мәтінде – баяндауды немесе мазмұнын білдіру үшін қызмет еткен. Ал үшінші жақтан баяндалатын баяндаушының әрекеті – оқиғаларға баға беру, бақылау, өз танымындағы ойды жасау, яғни наррациялық қызметін – жаңадан пайда болып келе жатқан баяндау актісін шынайы орын алған әрекет жағдаятымен қарастырған дұрыс. «Қыр суреттерінде» болған оқиға тарихы яғни нарация бізге тек баяндау делдалы арқылы ғана берілген. Мұндағы баяндау дискурсы –нақты болған оқиғаны әңгімелейтін болғандықтан жаңа бір әрекетке көшіп жаңа мәтінді тудырған. Ал мұндай дискурс баяндауды қандай да бір тұлға шығаратыны белгілі. Егер ол болмаған жағдайда дискурстың нақты өзінің мағынасында ол туралы айтуға болмайды. Шығармада Нарратив ретінде баяндау өзі айтып отырған оқиғамен кейіпкердің байланысы арқылы беріледі де; дискурс ретінде оны тудырған наррациямен байланысында жалғасады. Баяндауда айтылатын жағдай мен қарым-қатынас жағдайын ажырату нарративті әдістің негізгі ұстанымы болып табылады.

Шығарманы оқып отырған білім алушының баяндау оқиғасы мен оқиға туралы баяндауды ажырата білуге көңіл бөлу керек.

Яғни оқиғаның автордың ниетіне сәйкес келетін басқа мағынаны беру үшін қолданылды ма деген сұраққа жауап іздеуден тұрады. Баяншы мұнда қаншалықты оқиғаны терең түсінді қалай қабылдады. Неге автор-баяншы осы мәселелерді негізгі баяндау нысанына алды. Бұл оқиғалар тізбегінен автордың ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез-құлық элементтерін іріктеу және жинақтауды көздеген жоқ па. Сол үшін ол әңгімеші-кейіпкердің көмегімен баяншы-автор өзінің ұлтының мінезін тану, болмысын зерделеу демек өзі тамсана да таңқала зерделеп жазып , зерттеп жүрген тақырыбына белгілі бір көзқарасты тудыруды көздеді ме деген сұрақтар тұрады. Шығармада баяншы баяндау дәлелдеу



(аргументативті) әдіс ретінде нақты, дәлелді жер, адам, ру т.б дәлелдерді келтіреді. Бұл нарратордың әңгімелеуді дәлелдеу техникасы ретінде тамаша қолданылуы деп түсіну керек. Өйткені шығармадағы оқиғаларды композициялық сөйлеу формасымен дәлелдеу түрі ретінде қолданған. Бұл ең алдымен оқырманды баураудың ең тиімді тәсілі. Бұл жерде баяндау мен сипаттаудың бірлігінде нақты фактілерді келтіруімен шынайылығын арттырады. Демек, баяндаудағы нарратологиялық басты құралды тиімді пайдаланған. Егер шығарма тек жалаң пайымдауларға құрылса онда нақты дәлелдердің қажеті шамалы. Шығарманы баяндаудағы сөздік образ, белгілі бір дәйектілікпен, өзара байланысқан оқиғалардың нақты дәлелі ретінде көрінеді. Баяншы оқиға бейнесін – шындықтың белгілі бір үзінген жеке оқиғалар тізбегіне ыдырату арқылы тамаша тәсілге қолжеткізген. Шығармада оқиғаны сюжет арқылы зерделеудің негізі жатыр. Баяншының әңгімелеушінің портретін берудегі: «Жортар мықтылығының, батырлығының үстіне, ауызға ілінген найзагер болды десетін. Бұл сипаттың бәрін мен бұрыннан естігенімнің үстіне, сол батырдың шал болып қартайған түсін көргенде, ұзақтап алысқа кеткен ескі күннің көмескі түсі елестегендей еді. Сүйекті зор денесі апсағайланып, үлкен басы, келбетті түсі салқын сабырмен маңғазданып, туыстағы ірілігін бір көрген кісіге де білдіргендей. Көп бейнет, көп жылдардың ізіндей болып, бетіне түскен қатпарлы терең әжімдері ескі тентек күндердің таңбасы сияқтанады. Ұзақ жолда ыстық күннен оңандай болып сарғыш тартқан отты көздері, үлкен құлақ, кесек мұрны бұл адамды ескіліктің тірі қалған белгісіндей көрсетеді. Жортар ескінің шын сарқыты деседі...әрбір детальдарды, болатын оқиғаның алдына беретін түсінік, кіріспе ретінде кейіпкерінің тектік-түрлік байланыстарын оқиғамен бірге тұтас қарастыра зерттеу арқылы тілге тиек болып оқиғаның маңызын ғана емес оған ұйытқы болған әңгімелеушінің нақты белгілі бір бейнесін жасайтын көркем метафоралық сипаты яғни баяндаудың нақ осы метафоралық сипаты нарратордың одан әрі соның көмегімен аңыз құруға мүмкіндік беретін ерекшелігі десек те болады.

Демек, білім берудегі нарратор баяншының қызметін мәтін негізінде оқыту пәнаралық саладағы нарративті талдауға негізделсе әрбір оқиға, әрекет шығарманы қабылдау мен түсінуге қиындық келтірмейтіні анық. Бүгінгі таңда нарратив (баяндалған тарих) адам ойының имманенттік қасиеті деп мойындалған тұста осы қабылдау әрекетіне көмекші ретінде мәтінді нарративті талдау әдісі ең тиімді тәсіл ретінде қолдануға болатынын мойындауымыз керек.

**СВЕТЛАНА АНАНЬЕВА,**  
Заведующая отделом мировой  
литературы и международных отношений  
Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова, к.филол.н.

## **ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ДУХОВНОЙ ТРАДИЦИИ: МУХТАР АУЭЗОВ И КАЮМ МУХАМЕДХАНОВ**

Важной закономерностью общественного развития выступает преемственность, преемственность в науке, культуре, образовании. Концепт *учитель – ученик* наполняется особым смыслом.

В этом году в Доме-музее М.О. Ауэзова состоялась презентация книги «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм». Сегодня мы принимаем участие в Международной конференции, в которой концепт *учитель – ученик* будет проходить лейтмотивом всех выступлений.

Концепт *учитель – ученик* прошел долгий путь развития. Он представлен практически во всех культурах. И мы можем говорить на современном этапе о макроконцепте *учитель – ученик*.

Книга, как известно, формирует человека, гражданина с раннего возраста. В Предисловии «От автора» Д. Мухамедхан объективно, верно и точно пишет о взаимоотношениях Мухтара Омархановича и Каюма Мухамедханова: «М. Ауэзов открыл Каюму космос Абая, показал ему путь к Абаю и путь Абая, вывел ученика на дорогу этого познания» [1, 8].

Ученик, который оправдывает доверие своего Учителя, педагога, призван развивать его идеи дальше. «Ученик на практике воплотил идеи учителя, возродил канонические тексты Абая, произведения и биографии учеников Абая, чтобы доказать: школа Абая есть, и соединил идею Абай и Алаш» [1, 8]. Логически стройно и убедительно. И, безусловно, права Д. Мухамедхан, размышляя о роли личности в культуре и литературе: «Судьба культуры любого народа во многом определяется личностями, которые ее открывали, создавали и берегли» [1, 7].

Важные штрихи для уяснения взаимоотношений *учитель – ученик* находим в высказываниях академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора Р. Нургали. К. Мухамедханова ученый-литературовед характеризует не только как знатока творчества Абая, но и называет большим знатоком творчества М. Ауэзова, уточняя: «Он был крупным корреспондентом

М. Ауэзова. И когда Мухтар Ауэзов писал роман “Путь Абая”, он сам не собирал материалы, а самым главным его корреспондентом из Семипалатинска был Каюм Мухамедханов...» [2, 9].

Как интересно Рымгали Нургалиевич возвращается в детство К. Мухамедханова. Именно там – истоки его увлечения родной литературой, поскольку отец – крупный меценат «финансировал журнал “Абай”, газету “Сарыарка”». Великие традиции родного народа маленький Каюм впитал с детства и, кроме казахского языка, знал татарский, русский, восточные языки. Так формировалась личность будущего исследователя.

В тексте «Каюм о библиотеке отца», опубликованном в новой книге «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм», К. Мухамедханов сам пишет о важности воспитания в семье: «Воспитание в семье играет важную роль в становлении и духовном развитии человека» [1, 18].

Литературная и духовная среда многое определила в дальнейшей судьбе и научном пути ученика и аспиранта К. Мухамедханова. Особо подчеркнута роль города: «Семипалатинск символичен, это казахский Санкт-Петербург. Семипалатинск сыграл такую же роль, какую Париж сыграл в духовной жизни Франции» [2, 9].

Мухтара Омархановича Р. Нургали называет не только главным учителем, но и другом, братом. Братские отношения наполняют жизнь Учителя и ученика особым смыслом.

Твердость, принципиальность, верность научным и духовным убеждениям – константа постоянная в научной биографии К. Мухамедханова. Символично его сравнение с Дм.С. Лихачевым и М.М. Бахтиным. Думаю, что выстраивание сравнений можно продолжить до А.А. Потемнина, у которого наряду с известными исследованиями есть труд «Автобиографическое письмо».

Автобиографически бережно пишет об отце его дочь, крупный исследователь, издатель Д. Мухамедхан. Она собрала трепетно, систематизировала, обобщила все рукописи, статьи, исследования, комментарии К. Мухамедханова. «Для меня написание этой книги памяти означает ответственность рассказать о своих корнях, раскрыть правду об отце и его учителе, о том трудном пути, который им вместе выпало пройти», – пишет автор книги [1, 7]. Трагическая судьба героя книги предстает перед читателем. «Несломленный узник» перевел за 15 дней повесть Н. Карамзина «Бедная Лиза».

К. Мухамедханов уточняет, как произошло его первое знакомство с М.О. Ауэзовым. В августе 1916 года молодой

преподаватель приехал в Семипалатинскую учительскую семинарию, «наставником русского языка и литературы». Мухтар Ауэзов учился на первом курсе семинарии... В дальнейшем К. Мухамедханов уточняет годы работы М.О. Ауэзова: «В 1922 году Мухтара Ауэзова в Семипалатинске уже не было, потому что с ноября 1921 года он был переведен по работе в тогдашнюю столицу Казахстана – город Оренбург» [2, 288].

В сентябре в Алматы состоялась региональная конференция «Power, people and cultural change in an ever-evolving Central Asia», организованная European Society for Central Asian Studies (ESCAS), в работе которой мы с Зифой-Алуой Ауэзовой принимали участие. Речь на конференции шла, в том числе, о производстве научных знаний.

М.О. Ауэзов, К. Мухамедханов внесли особую лепту в сохранение культурного наследия, производство новых знаний. Сотни исследовательских работ К. Мухамедханова «посвящены установлению им точных биографических данных и научных основ творчества писателя (М.О. Ауэзова. – С.А.) и научному описанию его рукописного наследия» [2, 18].

Актуален очерк «Абаеведение: что сделал Каюм», который включает 26 пунктов, от создания музея Абая, в котором оригинальные экспонаты составляют «суть, ценность и создают основу», до уточнения точной даты рождения Абая (23 августа 1845 года). На страницах книги рассказана правдивая история создания и открытия музея Абая Кунанбаева, приводится переписка К. Мухамедханова с президентом АН Казахской ССР К.И. Сатпаевым. Л. Перельгин подчеркивает: «Каюм Мухамедханов – организатор семипалатинского музея Абая. Кто знает, может быть, организация мемориального музея Абая является самым драгоценным, что было сделано за последнюю четверть века в области абаеведения» [2, 314].

Книга дополнена удивительными факсимиле, раритетными фотографиями, суровыми и беспощадными страницами Приговора, выписками из Протоколов, актами, справками.

Читатели впервые публикуемых рукописей, авторы которых имели, порой, диаметрально противоположные точки зрения, получили возможность вникнуть в обстановку тех трагических лет, сформулировать свою точку зрения по поводу бурно и иногда необъективно обсуждаемых материалов, дискуссий... Формулировки, порой, агрессивны: отсутствие требовательности, беспринципность, националистические переработки фольклора и т.д.

Разделяя точку зрения М. Сильченко по поводу того, что «до Мухамедханова вообще трудно было разрабатывать вопрос о школе Абая из-за отсутствия самих произведений учеников Абая», поражаешься, как много успел сделать за свою нелегкую жизнь, с несправедливыми обвинениями К. Мухамедханов.

Дорог К. Мухамедханову Мухтар Омарханович до последних мгновений жизни. Время словно способствует тому, что, перемещаясь в пространстве («я как бы переношусь в другое измерение»), он чувствует и видит себя «молодым человеком, впереди которого шагает его наставник, – широкоплечий, большой и мудрый человек с открытыми и ясными глазами, с широким светлым лбом и чуть приглушенным, бесконечно обаятельным голосом» [2, 17].

### **Список литературы:**

1. Мухамедхан Д. От автора // Мухамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. – Алматы, 2023. – С.4-8.
2. Мухамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. – Алматы, 2023. – 336 с.

**ЖАБАЛ ШОЙЫНБЕТ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
«Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының  
директоры, филол.ғ.к.

### **МАХАББАТЫН САТПАҒАН...**

Хәкім Абайдың Әбдірахманға арнаған осы өлеңін оқыған сайын есіме абайтанудың алыптарының бірі Қайым Мұхамедханов аға есіме түседі. Абайдың Әбдірахман ұлын көрмесекте, оның осындай есті ұлдың дүниеге тағы да келерін меңзегенін, сол үшінде өлеңнің өшпес өнегесін Қайым аға бойынан көргендей болам. Өлеңдегі:

Орынсызды айтпаған,  
Түзу жолдан қайтпаған;  
Жақсылық қылар орында  
Аянып бойын тартпаған.  
Ортасында кәпірдің  
Арамынан татпаған.  
Өмір бойы талпынып,

Ғылым іздеп, жатпаған – деген өлең жолдарын оқығанда «осындай болсам екен» деп кім аңсамайды дейсіз?!

Абайдың 150 жылдығына арнап академиялық екі томдығын дайындау үшін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану бөлімінде жұмысшы тобы құрылды. Құрамында академиктер Серік Қирабаев, Зәки Ахметов және Қайым Мұхамедханов, Мекемтас Мырзахметұлы, Бейсенбай Байғалиев, Қойшығара Салғарин, жауапты хатшы ретінде менде болдым. 1990-1995 жылдар аралығында Қайым ағаның жеңіл-желпі, артық ауыз орынсыз сөз айтқанын көрмеппін. Аузынан көбінесе Абай туралы ғана сөз шығады, қолжазбасы қалмаған Абай шығармасы туралы айтқанда айтарын аянып қалмайды, оқығаны мен тоқығаны мол екені өмірін ғылым іздеумен өткізгені бірден байқалатын. Ал хәкімнің «Жүз мың теңге келсе де, Махаббатын сатпаған; Жүйріктікпен шалқымай, тура сөзді жақтаған» дегеніне келетін болсақ, бұл қасиеттерді де Қайым аға бойынан тапқандай болам. Академик Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен 1951 жылдың 7 сәуірінде Қазақ ССР-і Ғылым Академиясында «Абайдың ақындық мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды да, 8 ай өткеннен кейін «Құдайсыздар қоғамының» яғни коммунистік партияның идеологиясына қарсы пікірлер бар деген жалған жаламен 1951 жылдың 1 желтоқсанында «халық жауы» деп 25

жылға соттап, түрмеге жабады. Қайран ағам-ай, «Жүз мың тең келсе де, Махаббатын сатпаған»!!

Қайым ағаға сұр шинель киген, қара ниетті Сталин жендеттері мүмкіндік берген еді, себебі олардың басты көздеген Алаш ұландарының тірі қалған тұлғасы, олар туралы көп білетін, қазақ тарихын тереңінен танытын Мұхтар Әуезовтың көзін жою еді, ол үшін оның ең жақын ізбасар шәкірті Қайымның «Мұхтар Әуезов маған бұл тақырыпты зорлап, еріксіз берді, өзінің Совет Одағының дұшпандарымен ауыз жаласқан, байланысы бар еді» деп бір параққа жазып қол қойып берсе жетіп жатыр еді. Олар жазадан құтыласың, айырылған атақтарыңды қайтарамыз, мансабың жоғарылайды, жағдайың болады» деп уәдені үйіп төкті. Айтқандарына көндіру үшін талдырмаш келген, жас шыбықтай солқылдақ бірбеткей жігітті ұрып-соқты, жеке камераға қамап тікесінен тік тұрғызып күндіз-түні отырғызбай азаптады, есінен тандырды, оған көнбегесін ыстық бу жіберіп тәнін күйдірді, тұншықтырды, есінен танған кезде сүйреп шығарып, үстінен мұздай су құйып, есі кіргенде қалына қалам беріп «параққа қолыңды қой» дейді, жаны көзіне көрініп қанша қиналса да, басын шайқап көнбеді, өлуге, өлімге көнгендей еді... Не деген махаббат!!! Отбасына, Отанға, туған жерге деген махаббат, адалдық-сатқындыққа жібермейді, ер жігіт ел үшін берілмейді! Мұхтар Әуезовті сату – Абайды сату, Абайды сату – қазақты сату деп түсінген Қазақстанның алғашқы әнұраны мәтінінің авторы Қайым аға сол мәтіндегі «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Азаттың жолында ар үшін қиған жан», – деген сөзіндегі «Ер қазақ» екенін, «ары үшін жанын қиятынын» сөзбен емес шынайы ісімен, көзсіз ерлігімен дәлелдеген еді! Ердің ерінің ғана, миллионнан бірдің ғана қолынан келетін ерлік!

Отанды сүю отбасынан басталатынына Қайым ағаның темір тордың ішінде қаратүнек абақты Карлагтан жары, балаларына арнаған өлеңдерін оқығанда көзім жеткендей болады.

«Балаларына» өлеңінен:

Тасқа тиіп, тасырқады табаным,  
Жүрегіме тұр қадалып қаламым.  
Дүниеге жаңа келген нәрестем,  
Мейірімсіз деме әкенді қарағым.

Жүрген күнде еркін басып өмірде,  
Қолымен соқтым көріксіз көк темірді.  
Күнім түн боп, жігер құм боп жасыдым,  
Жалғыздығым енді ғана көрінді.

Жүрек жара, аяқ ақсақ, бел жауыр,  
Амалың не сұм тағдырға тас бауыр.  
Құлындарым көріскенше күн жақсы,  
Бәрінен де сорлы анаңның күні ауыр.

«Сүйген жарға» өлеңінен:  
Ит боп үріп, мен ешкімді қаппадым,  
Қастық жасап кісіге оқ атпадым.  
Алтын көріп, адал жолдан таймадым.  
Сұғанақ боп арам астан татпадым.

Мен кісінің қол созбадым бағына,  
Мен ешкімнің таласпадым тағына.  
Кең дүние жолына даңғыл боп жүріп,  
Кез большпын сүрінетін шағыма.

Отбасын жанындай сүйген, ұстазына адалдық танытқан,  
Отанына, ұлтына деген сенімі күшті абайтанушы ғұлама ғалыммен  
тағдырдың тартуымен қызметтес болған сәтімді әр кез есіме алам,  
толғанам, өзімнен кейінгі ұрпаққа да өнегесі жетсе екен деген  
оймен жазған естелік еді.



**ЖАНДОС ӘУБӘКІР,**  
Л. Гумилев ат. ЕҰУ  
«Абай академиясы» ҒЗИ директоры,  
ф.ғ.к., доцент

## **ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ**

Мұхтартану ғылымының хал-аһуалын салмақтау, кемелдігін саралау және М.О. Әуезов пен дарынды шәкірті Қайым Мұхамедханұлының ғылыми-әдеби мұрасын жаңаша ұлттық дүниетаным тұрғысынан тану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Көркем ойдың кемеңгері М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасы – еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің асыл жетістігі ғана емес, сонымен бірге бүгінгі қазақ ғылымының жалпыадамзаттық мәдениет кеңістігіндегі мәңгі жарқырап тұрар темірқазығы.

М.О. Әуезовтің жазушылық, зерттеушілік және жалпы қаламгерлік қызметін қарастырғанда ең алдымен, әрине, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы аузымызға оралады.

Абай мен Мұхтар Әуезов шындығында да егіз ұғым. М.О. Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын әлемге танытса, сол арқылы әлем де ғұлама ғалымды, теңдессіз жазушыны таныды. Әуезовтің ізгі жолын Қайым жалғастырды.

Замана көші қанша алыстаса да бұл рухани байланыс желісі еш үзілмек емес, керісінше уақыт алшақтығы алыстай бергенімен, тұлғалар арасындағы алтын көпірдің құндылығы арта бермек.

М.О. Әуезов: «Абай жөніндегі ең қызықты, ең соны және әдебиеттік прогрестік ретіндегі ірі мәселе – Абайдың ақын шәкірттері» деген еді. Шындығында да бұл тақырыптың өзектілігін, өміршендігін уақыт көші озған сайын айқын аңғарудамыз.

1936-37 жылдары Абайдың туғанына 95 жыл толу қарсаңында, әрі жүз жылдық тойға даярлық жұмыстарын жасау барысында Абай мұрасын жан-жақты қамтып, тереңдете зерттеуге бағытталған «Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы – қазақтың данышпан ақыны Абай Құнанбаев туралы биографиялық тезистік жоспарында» көрсетілген күрделі мәселелер мен тақырыптар 30 жылдардан бастап оны зерттеу нысанына алған М.О. Әуезовтің алдағы уақытта жазар сан-салалы еңбектерінің бағыт-бағдары еді. Осы еңбектің жетінші бөлімі «Абайдың

классикалық әдеби мектебі» деп аталып, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп, Әубәкір, Тұрағұл сынды ақындар ғалым жоспарына енеді.

Кешенді болашақ жұмыстарды жоспарлай жүріп ғұлама ғалым абайтанудағы «Абайдың ақындық, әдеби мектебі» сынды күрделі, зерттеушілердің назарына ілінбеген тың тақырыпты жас, білімді шәкірті Қайым Мұхамедханұлына сеніп тапсырды.

Қ.Мұхамедханұлы 1938 жылдың мамыр айында Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толуына орай өткен мерейтойға келген кезінде ұстазына жолыққанын, араларында болған әңгімені, М.О. Әуезовтің ақыл-кеңесін былайша өрбітеді: «Абайдың ақын шәкірттері Ақылбайдың, Мағауияның, Көкбайдың, Тұрағұлдың, тағы басқаларының өлең-жырлары, дастандары түгел жинақталған жоқ. Осыларды жинап, зерттеп, жазу жұмысын қолға алуың керек», – деп, тағы басқа істелуге тиісті жұмыстарды нақтылап атап-атап айтты».

Қ.Мұхамедханұлы М.Әуезов тапсырмасын бұлжытпай орындайды. 1939 жылы Алматыда өткен Қазақстан жазушыларының екінші съезіне Семейден делегат болып барғанда ұстазына өзінің бір жылдың ішінде жинаған материалдарын көрсетеді. Бұл жөнінде Қайым аға: «Бұл жолы құр қол келгем жоқ. Көкбайдың он шақты өлеңін, «Сабалақ» атты, Абылай хан туралы дастанын және Әріп ақынның көп өлеңін ала келген едім. Мен әкелген өлеңдермен Мұхтар бұрын таныс емес екен. Бірге оқып шықтық. Мұхаң қатты риза болып, көңілденіп: «Бәрекелді, міне, жақсы жұмыс бастапсың. Осы бетіңмен жинай бер. Абай шәкірттерінің шығармаларын біршама жинақтап алған соң, олардың өмірбаянын жазып, шығармаларына әдеби талдау жасау қажет...» дей келіп, «Абай мектебі» деген ұғымның мән-мағынасын түсіндіріп берді», – деген еді.

Қ.Мұхамедханұлының Абай дәстүрін жалғастырушы шәкірттері жөніндегі мақаласы 1940 жылы Семей қаласындағы «Екпінді» газетінде жарық көрсе, «Абайдың әдебиет мектебі» атты көлемді мақаласы 1945 жылы жарияланады. Бұл ретте 1934 жылдан бастап М.О. Әуезовтің «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбына байланысты көтерген мәселесінің ғылыми шешімін берген 1951 жылдың 7 сәуірінде Қазақстан Ғылым академиясының ғылыми кеңесінде үлкен тартыспен қорғалған кандидаттық диссертациясын тағы да құрметпен атап кетуіміз ләзім. Бұл М.Әуезов үшін де, Қ.Мұхамедханұлы үшін де, Абай шәкірттері үшін де үлкен қиындықпен келген жеңіс болды. Бірақ бұл еңбектің

қаншама жылдар бойы толық айтылмай келуі, «Абайдың ақын шәкірттері» еңбегінің 90 жылдары ғана жарық көргендігі туралы Сіздер жақсы білесіздер!

Ғалымның 50 томдық шығармаларының толық жинағындағы мақалалар мен түрлі зерттеулерді, оқулықтар мен повестерді, очерктер мен жолжазбаларды, әңгімелер мен аудармаларды, пьесалар мен либреттоларды, киносценарийлер мен ғылымның сан түрлі саласына орай жазған өзге де еңбектерін қарай отырып, ғұламаның тереңдігіне, жан-жақтылығына қайран қаласың! Бұл ретте Көкбай ақынның Абайға тамсанатындай: «Келбеті біліміне лайықты, Апырым-ай, мұндай адам қалай туған», – деп таң қаласың..!

М.О. Әуезовтің өзге ғылыми-зерттеулерін былай қойғанда, тек Абай тақырыбының өзі Мұхтардың даралығын айқындап береді. М.О. Әуезовтің: Абайдың толық өмірбаянын жазуы; Ақынның рухани нәр алған қайнар бұлақтарының ерекшеліктерін ашуы; Абай Құнанбайұлының шығармашылығын, әдеби мұрасы жан-жақты зерттеуі; Абайдың шығармалар жинағын жарыққа шығаруы; Абайдың ақындық мектебін, ақындық дәстүрін зерттеп, ақын шәкірттер мұрасын ғылыми айналымға қоюы; Абайтану арнайы курсы оқытуы, Абайтану бағдарламасын жасауы; Абайға арналған драмалық шығармалар жазуы; Әлемдегі теңдессіз шығарма «қазақ өмірінің энциклопедиясы» «Абай жолының» жазылып, жарық көруі; «Абай» журналының өмірге келуі; Абайға қатысты тарихи жерлерге маңыз беру мен Қазақстандағы алғашқы әдеби музей «Абай музейін» ашылуы мен қалыптасуына қосқан үлесі т.б. ұлы ақынға қатысты қаншама бағыттарды айта беруге болады.

Осы бағыттардың әр қайсына жеке-жеке мән бере қарасақ, ғұлама зерттеулерінің өміршеңдігі мен құндылығын айқын байқаймыз. М.О. Әуезов еңбектерінің жазылған уақытынан алыстап келе жатсақ та, бүгінгі күні абайтану ғылымы көкжиегі соншама кеңейді десек те, қаншама жылдар бұрын жазылған әр бағыттың басты темірқазығы да, негізгі дерек көзі де М.О. Әуезов сөзі болып қала бермек.

Мысалы, Абай Құнанбайұлының ғылыми өмірбаянын зерттеу мәселесі. М.О. Әуезовтің 1933, 1940, 1945 және 1950 жылдары жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасы – бүгінгі абайтанушылар басшылыққа алар құнды еңбектер. Ғалымның өзі: «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан

жиналатын естегілер, жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс»,– дейді. Ия, М.О. Әуезовтен кейін де ақынның өмірбаянына қатысты түрлі деректер мен архив құжаттары табылуда. Бірақ Абайдың шығармашылық өмірбаяны әлі қайта толыққанды түрде М.О. Әуезовтей жазылған жоқ емес пе?!

Екіншіден, Абай шығармаларының текстологиясына қатысты айтсақ: Қазақ әдебиеті тарихында ең көп зерттелген ақын Абай екені анық. Әйтсе де Ұлы ақын мұрасына қатысты қаншама зерттеу жұмыстары жасалынып, алғашқы абайтану баспалдақтарынан бері Абай шығармаларының текстологиясымен айналысып келе жатсақ та бұл сала әлі де өзекті болып қала бермек. Қазіргі таңда Абай шығармаларын кез-келген баспа шығара алатын болғандықтан, түрлі текстологиялық ауытқулар, орфографиялық қателер ғана емес, жекелеген құрастырушының өз ойы бойынша ғана өзге де басқа шығармалардың еніп кетіп жатқанын байқап қаламыз. Бұл ретте осы салада еңбек етіп жүрген ғалымдар еңбегін жоққа шығармаймыз. Бірақ әр жарық көрер жинақ абайтанушылардың, мәтінтанушылардың, мамандардың талқылауынан өтіп, жан-жақты зерделеніп барып, баспаға ұсынылғанда ғана сапалы болатындығы сөзсіз.

Бұл мәселе жайында М.О. Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» деген ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуына орай жазылған мақаласында былай дейді:

«Біз осы күні Абай жайын зерттеуді тараң түсініп жүрміз. Әр жинаушы, не қылса, ең әуелі Абай айтыпты-мыс, бірақ жазылмай, басылмай қалыпты-мыс деген өлең табуға құмар-ақ. Өзі соған бейімделіп, етпеттеп тұрған соң, орала кеткен өлең сөздің бәр-бәріне жабыса түседі», – дей келіп, жиналмасын демейміз, бірақ жиналу басқа да жариялау бір басқа. Зерттемей, жете танымай жатып. Құр ниетім жақсы еді деп жығыла бермейік: «Абай сөзі деген бір-ақ жол болса, Абайға шықса жарасар, Абайдың Абайлығы сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық».

Сол себептен де белгілі М.О. Әуезов бастаған абайтанушы ғалымдар бірлесіп шығарған және кейінгі жылдары жарық көрген академиялық жинақтарды негізге алуларымыз керек.

Үшінші мәселе, қазіргі таңда Абайға қатысты тың естеліктер мен дәлелсіз деректер көптеп шығып жатқандықтан, жаңа шығып жатқан осындай кейбір ғылыми негізі, нақты айғағы жоқ,

кисынын келтіруге тырысып жазылған әңгімелерге сақ болуымыз қажет. Әрине ғылым дамуы барысында жаңа нәтижелердің шығатыны анық, бірақ деректі айғағы, не дәлелі болмаған әңгімелерге еш сенудің және оны халыққа жеткізудің қажеттілігі шамалы. Басшылыққа Абай туралы табылған архив құжаттарын, нақты тарихи деректерді, сонымен қатар сол заманда жазылған замандастары мен ұрпақтарының естеліктерін және М.О. Әуезов жазғандарын алуымыз керек.

Төртіншіден, М.О. Әуезовтің жазғандарына еш ғылыми негізсіз ойша түзету жасаудан аулақ болуымыз қажет. Өзінің Абай мұрасына қатысты тезистік жоспарларында да, мақалаларында да, тіпті «Көкбайдың ақындығы» атты зерттеуінде де айтылған жайларды: «Десек те, саяси ахуал кей-кейде Шәкерімнің орнына Көкбай дегізіп, яғни «Көкбай айтты» деп сілтей салуға мәжбүрлеп отырғанын аңдаймыз», – деп М.Әуезовтің айтып тұрғаны Көкбай емес Шәкерім деп ойша жорамалдаудан сақ болғанымыз абзал.

Бесіншіден, М.О. Әуезовтің абайтанудағы көптеген жайларға аса мән бере қарау керектігімізді сол заманның өзінде тұспалдап айтып кеткен ұлылығын аңғарып, дөп баса білуіміз қажет.

Мысалы «Абай жолында» Құнанбай жөнінде кеңестік саясаттың әсерінен толық айта алмады, Құнанбай толық жағымсыз бейне ретінде суреттелді десек те роман-эпопеяны оқи отырып, Әуезов шеберлігіне танданасың:

Мысалы: «Құнанбайды бар тобықтының атқа мінірі «Мырза» деп атайды», – дейді. Роман бойынша да Байсал, Бөжей, не басқа емес Құнанбай екен қадірлі, сыйлы.

«Қаратай жүйрік қой, Жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірімде ұсталған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық - кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар. Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жіті толған ба?» Осындай көптеген роман үзінділерінен озбыр Құнанбайды емес, өз бағасын білетін, ісіне табанды, тұрақты, өз жолын дұрыс дегенмен, оған да күмәнмен қарайтын ақылды, ойлы пендені көреміз.

Тағы да бір үзінді келтірелік. Кәмшат ауру деген кезде: «Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ, онысына Зере болған жоқ.

– Қорқытпа келіндерімді! О несі? – деп қатты зекіп қап, ілгері жылжып келіп, екі қолымен жер тіреп отырып баласының жүзіне аса суық қарады. (Тағы ұрсады)

– Қайтейін? Мен қайтейін? Кеше Арғынның игі, жақсысы бұйырады! - деп, шешесіне арыз шағып бірақ тоқтады». Қанша жерден аға сұлтан болса да анасы алдында қарапайым баласы бола білген, жер тіреп отырып қалатын дәрменсіз адамды байқай аламыз. Осындай эпизоттар мен детальдарға мән бере қарасақ, Әуезовтің аз сөзбен көптеген дүниелерді астарлап жеткізе білген шеберлігін байқаймыз.

Енді зерттеуіне қарасақ, кеңестік дәуірдің өзінде Абайға орыс демократ достарының ықпал әсері жайында нақты айтып кеткен. Ғалым былай дейді:

«Сол Михаэлис осы келгеннен бастап Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, достар адамдардың халіне жетіседі», – дей келіп, – «Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов еткен әсердің бәрін – Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, жаңағы соңғы адамдардың еңбектерін зерттеуден соң табады. Сондықтан Михаэлис, Долгополовтардың Абайға көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының мұрасына және даналарына қияна сөз айтқан болар едік. Ал ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол алғашқы адым жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені». Міне осы уақытқа «Абайдың дүние көзін ашқан адамы – Михаэлис» деп келген пікірімізге мән бере қауымыз керектігін осыдан 72 жыл бұрын айтып кеткен М.О.Әуезов сөзінің құндылығы еш уақытта маңызын жоймақ емес.

Қорыта айтқанда, Абайға қатысты жазылар барлық еңбектерде қай уақытта болмасын басшылыққа М.О. Әуезовтің зерттеулерін негізге алуымыз қажет.

Абай, Мұхтар, Шәкәрім сияқты ұлыларымыздан қалған баға жетпес асыл мұраларды қаз-қалпында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және М.Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлы арасындағы рухани байланысты жан-жақты зерттеп, тұлғалар даралығын насихаттау біздің абзал борышымыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.О. Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967.

2. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.- 448 б.

3. Мұхамедханов Қ. Мұхтар кешкен қилы заман //Абай. 1992. №3
4. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // Семей таңы. 1997. 27 қыркүйек.
5. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., Санат, 1997, -416.
6. «Абай» энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995
7. Мұхамедханов Қ. Абайдың әдебиет мектебі // Екпінді. 1945. 23, 25, 26, 29, 30 қыркүйек.
8. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері// Екінші кітап. – Алматы: Дәуір. 1994. – 336 б.
9. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. III кітап. – Алматы:Дәуір. 1995. – 320 б.

**БЕРЕКЕ ЖҰМАҚАЕВА,**  
Сулеймен Демирел атындағы  
университеттің профессоры, п.ғ.к.

## **АБАЙ МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІНДЕГІ «АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Негізгі, орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектеріне» арналған «Абайтану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында Абай мұрасының бүгінге дейінгі оқыту әдістемесі сараланып, Абайды оқытудың әдіснамалық негіздерін байыптай отырып жасалды десек орынды болар.

Егемен елдің асыл мұрасы, қазақ руханиятының бойтұмары, қазақ қауымдағы пәлсапалық ойлардың негізі, ұлттық тұтастық пен ізгіліктің өзегі ретінде Абайды терең тану, Абай ілімімен қарулану – тұлға қалыптастырудың алтын діңгегі деп танылып, осы бағыттағы іс-шаралар мемлекет басшысының қолдауымен қолға алынған болатын. Президентіміз Қ.Тоқаев: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі», – деп Абайтанудың бағыты мен бағдарын айқындап берді. Ендігі жерде Абайтанудың саясат ауқымынан ауытқымай келген кейбір көзқарас, түсініктерді бүгінгі күн үдесінде қайта зерделеу, терең пайымдау арқылы «Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналатындай» білім мазмұнын құру аса маңызды болып отыр. Бүгінге дейінгі тәжірибемізде «Абайтану» курстарында Абай мұрасы мен Абайға қатысты деректерді тақырып жағынан топтастырып негізгі оқу материалын қосалқы ақпарат көзі ретінде оқытуға басымдық беріліп келді. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей, «Терең ойдың телміріп, соңына ермей» деп Абай меңзегендей, ақын туралы айтылған ақпараттардан гөрі Абайдың өз сөзіне, айтпақ ойына терең үнілу Абайдың терең пайымды ойларын зерделеуге мүмкіндік береді. Ендігі жерде оқу-таным үдерісін Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» таразылауға, Абай ілімдерінің негізін терең танытуға, «Абайды ұлтымыздың мәдени қопиталы» ретінде ұстанып, адамдықтың асыл қағидаты ретінде бекітуге бағыттауымыз маңызды. Сондықтан «Абайтану» пәнінің бағдарламасында 5-сыныптан 11-сыныпқа дейін Абай мұрасы



тақырып жағынан топтастырылмай, концепциялық негіздерін таныту мақсатына жүгіндірілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты рухани әлемі бай, өзіне, айналасына сын пікірі, өзіндік ұстанымы бар, жетілген шығармашыл тұлға қалыптастыру десек, осы мақсатқа қай бағыт-бағдармен жетеміз деген мәселе туындайды. Олар:

тұлғатанымдық;

тілтанымдық;

дүниетанымдық.

Бұған дейінгі «Абайтану» курстарының тәжірибесінде **тұлғатанымдық** бағыт орныққан еді. Яғни Абайдың өмірі мен өскен ортасынан бастап Абай мұраларына қатысты деректерді, ғылыми еңбектерді саралай отырып тұлғатануға күш салынатын. Жалпы айтқанда «Абай кім болған?» деген мәселе ашылатын. Белгілі бір дәрежеде Абай төңірегіндегі ақпаратты білу маңызды, бірақ Абайдың өзекжарды сөзі мен пайымын, оқырманына айтпағын түсініп түйсіну үшін бұл жеткіліксіз.

*«Қазақтың бас ақыны» мақаласында А.Байтұрсынов: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды»* дейді.

Байқағанымыздай Абай шығармаларын түсініп оқуға да үлкен дайындық керек екен. Айтушының сөзін жеткізетін ең кіші бірлік – сөз. Сөз – таңба, сөз пайым, сөз – поэтикалық образ құраушы да элемент. Сөздің мәтін ішіндегі қызметі де әралуан. Абай мәтніндегі бірліктерді дербес те, мәтін ішіндегі қызметіне қарай да, сөйлемнің конструкциясындағы қызметіне, автордың қолданыс ерекшелігіне қарай да салмақтамай түсіну, түйсіну қиынға соғады. Олай болғанда Абай дискурсын зерделеу **тілтанымдық**

*бағытта* жүргізілуі керек екен. Бұған дейінгі бағдарламаларда Абай шығармаларындағы жекелеген сөздерге сөздік ұсыну болғанымен, әр сөздің мәтіндегі қызметін тануға бағытталған оқу-таным әрекеттеріне мән берілмей келді. Абай шығармаларын тілтанымдық бағытта оқыту ұлттық кодтың мәніне жетуге де ықпал етеді. Сондықтан бағдарламада оқу мақсатын алдымен «оқу мен түсінуден» бастадық.

Оқу әрекетінің өзі бірнеше тізбекті міндеттерден құралады: «мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу», «мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін) игеру», «шығарма үзінділерімен жұмыс», «шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұнды», «ауызша, жазбаша интерпретация». Тілдіктанымдық бағыттағы жұмыстар да сынып өскен сайын жеңілден күрделіге, жалқыдан жалпыға қарай дамытыла ұсынылды. Мәселен, «5.1.2.1-шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну» болса, «6.1.2. 1-сөз тіркестерінің лексикалық, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалыу мақсатын түсіну», «7.1.2.1- мәтіндегі тілдік бірліктерді дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау», «8.1.2.1-тілдік бірліктердің семантикалық, мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу» сияқты болып оқу-танымдық жұмыс дамыталады. Мәтінтанудың теориялық негіздерін жете меңгермейінше, Абай шығармаларын оқытудың да қиындығы еселене бермек. Мәтін талдаудың тензионды (tension-назарды шоғырландыру, шиеленіс) тәсілдеріне жүгіне отырып, Абай шығармаларында сөз бен ойдың құрылымдық-жобасына терең үңілу арқылы авторлық діті түйсінуге бағытталуы керек. Абай шығармасына үңілгенде алдымен мәтіндегі негізгі ой түйіндерді белгілеу, олардың мағыналық байланыстарымен жұмыс жүргізе отырып құрылымдау маңызды. Негізінде тілтанымдық бағытта атқарылатын жұмыстар талдау, жинақтау міндеттерімен, интерпретациямен тұтасқанда нәтижелі болмақ. *Оқушы ↔ оқушы, оқушы ↔ мұғалім* үштік одағындағы оқу нысаны бойынша зерттеушілік әңгіме, аналитикалық сұхбат, эмпатиялық диалог жүргізу арқылы талдап таразылау аса қажет. Сонда ғана оқушы Абай шығармалары арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін, шығарманың идеялық мазмұнын меңгеріп бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағды қалыптастырады. Абай

қара сөздері мен өлеңдеріндегі ой толғамдарды интерпретациялай алуға, өзіндік ой-пікірлерін жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алуға, оқу материалдарын салыстыру, сараптау, бағалай алуға бейімделеді. Білімгердің образды ойлау жүйесі мен шығармашылық қиялы, сөз мағынасы мен көркем сөздің мәнін түсініп қазақ әдеби тілін сауатты қолдана білу құзыреті қалыптасады.

**Дүниетанымдық бағыт** оқытудың интеграциялық негіздерін басшылыққа алумен жүзеге асырылады. Абайдың әр шығармасын дербес талдап талқылағанда Абайдың терең дүниетанымы мен сөз өнеріне деген талғампаз талабын көруге болады. Бір ғана маусым өлеңдерінің өзінде көркемдік сипат, саяси-әлеуметтік, психологиялық, физоологиялық құбылыстардың интеграциясын көреміз. Абайдың әр шығармасы арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру оқытудың бүгінгі талап сұраныстарынан туындауда. Бұған дейінгі оқу бағдарламаларында Абай шығармаларын тақырып жағынан топтастырып оқытып келді. Тіпті кей сыныптарда Абайдың әр тақырыптағы шығармалары дербес мәтін ретінде оқытылды. Бұлай оқыту Абай дүниетанымын айқындауға қызмет етпейтіні белгілі. Біздің пайымымызша, Абай шығармашылығын тұтас мәтін ретінде қарау керек. Сонда ғана Абайдың қазақ қоғамына, адамдар болмысына (мақтангөйлік, пысықтық, жалқаулық т.б.) айтылған ойлары, замана, дін туралы пәлсапалық пайымдары ашылады. Абай шығармашылығын когорентті (cohaerens взаимосвязь) пайыммен ішкі-сыртқы байланыста оқыту керек. Сондықтан бағдарламада оқу материалдарының топтастырылуында оқытудың ассоциативті, жүйелілік ұстанымдары басшылыққа алынды.

Абай шығармалары тақырып жағынан ғана топтастырмай, концептілік негіздерін басшылыққа алу көзделді Мәселен:

Абайдың «Толық адам» ілімін, қоғамдағы адам болмысы мәселелерін зерделеу үшін «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңдері, (Қосымша оқуға: «Он жетінші», «Қырық үшінші» қарасөздері М.Мырзахметұлы «Абайдың «Толық адам» ілімі») сияқты оқу материалдары бір тоқсанға топтастырылды;

Адамзатқа тән шынайы сезім, сүйіспеншілік пен нәпсі құмарлықтың аражігін саралап тану, өлең жолдары арқылы әдептілік, сүйіспеншілік, татулық сияқты қасиеттерді зерделеу,

тағылымдық мәнін пайымдау үшін «Ғашықтық құмарлықпен ол – екі жол», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып» өлеңдері, «Отыз жетінші» қарасөзі бір тоқсан оқитын оқу материалы ретінде берілді;

Абайдың жастарға қажетті жақсы қасиеттер туралы ғылыми-пәлсапалық трактаттарын пайымдау, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды тану үшін «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ» өлеңдері, (Қосымша оқуға: «Жиырмасыншы» қарасөзі) топтастырылды.

Хәкімнің заман келбеті мен заман адамының мінез-құлқын (мақтангөйлік, парақорлық, жағымпаздық, жалқаулық т.б) саралау, тарихи кезеңдегі қазақ болмысын таразылау арқылы жаңа заман адамына қажетті тұлғалық қасиеттерді сыни пайымдау үшін «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Сабырсыз, арсыз, еріншек». «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңдері, (Қосымша оқуға: «Тоғзыншы», «Қырқыншы» қарасөздері) ұсынылды. Өзге сыныптардағы оқу материалдарын беруде де осы жүйе сақталды.

Бағдарлама негізін түсініп, тиімді әдіс-тәсілдерді, әдістемелік жүйені сақтай отырып оқыту арқылы мынадай күзіреттер қалыптастыра аламыз: Оқушылар ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары туралы Абай пайымын зерделеп, «ғылымды ақиқат мақсатпен білмек үшін» үйрену жолында талаптыға айтылған өсиетін өлең жолдары мен қарасөздері арқылы талдай алады;

Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде тұтас қамтылатын ой-тұжырымдарын, ізгілік ілімдерін саралап танып, талдай алады, өзіндік ой тұжырымдарында дәйектей алады;

адамның түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін, болмысын мысал өлеңдері мен сатирасы арқылы сын тұрғысында пайымдайды;

Абайдың сөз өнеріне эстетикалық талғамы мен талабын зерделеп, эстетикалық, танымдық мақсатта игереді;

Абайдың қазақ қоғамы, заман адамы, ел міні туралы ой-пайымдарын саралап таниды, өзіндік көзқарас қалыптастырады;

Абайдың музыкалық мұрасын рухани-эстетикалық, музыкалық-білімдік мақсатта игереді;

Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан зерделейді, Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдай алады;

ақынның аудармашылық шеберлігін және назиралық дәстүрін біледі;

қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы еңбектерді саралап, Абай шығармашылығының өрісін таниды;

Абайдың балалық шағы мен өскен ортасын ғылыми мақалалар мен көркем шығармалар арқылы игереді;

Абайдың қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын, ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын, ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас қолтаңбасы мен шеберлігін, шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерімен шығармашылық өзектестігін пайымдай алады;

Абайдың балалық шағы мен өскен ортасын, тұлғалық кемелдену жолын таныту мақсатында ақын айналасы, ұрпақтарының естеліктері мен абайтанушылардың ғылыми мақалалары, көркем шығармалардағы образдары арқылы игереді.

5-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі «Абайтану» пәнінің жүктеме көлемі – 5,6,7 сыныптарда аптасына 1 сағаттан, 8,9,10,11-сыныптарда 2 сағаттан жүргізу жоспарланған.

Оқу материалына, оқыту нысанына негізінен Абай шығармалары алынып, қосымша оқу материалына Абай туралы естеліктер мен ғылыми еңбектер ұсынылған. Сонда бағдарламаның білім мазмұнында Абай ілімдері өзек етіліп, бірнеше шығармаларын салыстыра саралауға, негізгі ой қазығын зерделеуге, өзіндік ой-пайыммен таразылауға жүгіндірілді. Оқу материалының өзегінде Абай ілімдері негізгі арқау болғандықтан, білім беру мазмұны бірнеше тақырыптар арқылы шиыршық әдісінде ұсынылды. Шиыршық әдісі әр сыныптың төрт тоқсанына жіктелген оқу материалдарының мазмұндық сипатымен сыныптар бойынша дамытылып қайталанып келеді. Мысалы: 5-сыныптың бірінші тоқсанындағы білім, ғылым тақырыбы болса, 9 сыныптарға дейін әр сыныптың бірінші тоқсанында дамытылып «Толық адам» ілімімен астастырылады. 5- сыныптың екінші тоқсанында оқытылатын адамның түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін көрсететін мысал өлеңдері жоғары сыныптарға барғанда Абайдың адам болмысы, психологиялық, тұлғалық ерекшеліктерін танытатын күрделі шығармаларға ұласады.

Бағдарлама Блум таксономиясының жаңа жүйесіне негізделіп құрылды. Яғни «Оқу және түсіну» деңгейінде:

- мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу,
- мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін)

игеру

- шығарма үзінділерімен жұмыс;
  - шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;
  - Ауызша/ жазбаша интерпретация.
- «Талдау және жинақтау» мақсатында:
- әдеби шығарманың композициялық құрылымы;
  - көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі,

типтік характер

- көркем шығарманың тілі, стилі;
- көркемдік тәсілдер.

Жоғары «Бағалау(салыстыру) және шығармашылық (өнім)» деңгейінде:

- шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;
- рухани және көркем-эстетикалық құндылығы;
- әдеби шығармашылық;
- әдеби сын болып жүйеленді.

Оқушылардың академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру мақсатымен «әдеби шығармашылық» міндеті қойылып, 5-сыныптарда 5.3.3.1-шығарманы автор ізімен баяндап жазу, 5.3.3.2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу, 6.3.3.1 -шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып ой толғау, хат, пост, ертегі, т.б. жазу, 7.3.3.1- кейіпкер болмысын сипаттап (кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме т.б.) жазу. 8.3.3.1-шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, (шығарма, эссе, әңгіме т.б.) жазу. 9.3.3.1 - шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі жазу түрінде түрлендіре берілген. Абай шығармаларын оқып түсінуде интерпретацияның маңызы зор. Әдетте Абай шығармаларын оқытуда ғылыми еңбектердегі интерпретацияға, мұғалімдердің түсіндіруіндегі интерпретацияға басымдық беріліп келген еді. Ендігі жерде оқушылардың «оқу мен түсіну» деңгейіндегі оқу-таным үдерісін, интерпретациясын шығармашылық өнімге дейін дамыта жүргізу көзделіп отыр.

Қорыта айтқанда, «Абайтану» пәні аясындағы білім жүйелілік, сабақтастық, тарихилық ұстанымдарға негізделіп, концепциялық тұтастықта, инетеграциялық, пәнаралық, пәнішілік байланыста, жеңілден күрделіге бағытталған шиыршық әдісінде ұсынылды, оқытудың методологиялық негіздері сақталып беріліп отыр. Ал осы бағдарламаны Абай желілік мектептеріне енгізу, жүйелі оқу нәтижелерін сараптау маңызды шараның бірі. Өкініштісі әлі де желілік Абай мектептері жүйелі жұмысын жолға қоя алмай отыр, аталмыш бағдарламаға оқулық жазу ісі қолға алынбай келеді.

**БОЛАТ ЖҮНІСБЕКОВ,**  
Қазақстанның Ұлттық кітапханасының  
ғылыми хатшысы, жазушы,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

## **М.О. ӘУЕЗОВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК МҰРАСЫНДАҒЫ АБАЙ РУХЫ**

*«Абай жолында» Ырғызбай табының Шыңғысқа зорлықпен қоныстанатын кезі есіңізде болар. Романның осы оқиғаға арналған «Қат-қабатта» бөлімінде Құнанбай «Ырғызбайға да Шыңғыстай арқатірек пана керек» демекші, Ұлы ақын мұрасына да тап сондай жанашыр – арқатірек қажет болатын... Абайтанудың қалыптасу мен даму тарихын ғалымдар үш кезеңге бөліп қарастырады: Абайтанудың М. Әуезовке дейінгі (1889-1934) кезеңі, Абайтанудың негізін салу жолындағы М. Әуезов дәуірі (1934-1961), М. Әуезовтен кейінгі кезең.*

Ұлы ақын мұрасын зерттеу кезеңдерінің Әуезов есімімен үкіленуі Абайтанудың арқатірегі, жанашыр панасы – ғұлама Мұхтар Омарханұлының тума таланты мен жанкешті қажыр-қайратына берілген лайықты баға. Хакім Абайдың бірегей биографы, басқа қыруар еңбегін былай қойғанда, Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу және «Абай жолы» эпопеясын жазу үшін Ұлы ақын өмірбаянын төрт рет (1933, 1940, 1945, 1950) толықтырғаны мәлім. Абай шығармаларының бірінші толық жинағы да 1933 жылы М.О. Әуезовтің басшылығымен жарыққа шыққаны мәлім.

Ұлы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының асыл мұрасына деген терең сүйіспеншіліктің жарқын айғағы – ұлы даланың тағы бір ұлы перзенті Әуезов Мұхтар Омарханұлының жасампаз шығармалары екені айдан анық. «...Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп, - деп атап көрсетеді ол. - Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы; терең сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы» деп, оқырманның көзін ашып, көкірегіне сәуле түсіреді. «Абай - қазақтағы суретті сұлу сөздің атасы...».

Әуезов Мұхтар «Қорғансыздың күні», «Көксерек» әңгімелері және «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» секілді алғашқы пьесаларынан бастап-ақ көркем әдебиетіміздің ізашар тұлғасының киелі сөз өнеріне деген терең талғамы мен кірпияз талабын темірқазық етіп ұстанады. Данышпан ақынның асыл мұрасын жан-тәнімен құлай



сүйіп, оның ой-арманына ұлт ұстазының аманатындай ден қояды. Оқырман «Абай жолымен» ұлы ақын заманына сапар шеккенде, ал зерттеуші «Абай Құнанбаев» монографиясын зерделегенде ақынның өрнекті сөзі және өрелі ойымен Әуезов әлемінің рухани үндестік тауып, қабысып жатқанын көріп, тәнті боламыз.

Абай сөзімен Әуезов өз шығармаларының шырайын түрлеп, Хәкімнің ой-толғамдарымен төл туындыларының мән-мағынасын байыта түседі. Ақын мұрасына аса сергек қарап, оны ел-жұртын өркениетке бастар шамшырақ деп біледі. Алтын тамырлы бәйтеректің мәуелеп бұтақ жаюына кәнігі бағбандай қамқор болады. Абайға деген махаббаты арқылы туған елі мен жерінің болмыс-бітімі мен тыныс-тіршілігін мақтаныш сезімімен паш етеді. Жауһар шығармалары арқылы туған елін сүйіспеншілік шуағына орап, алты алашты жасампаз өнерінің сәулесімен нұрландыра түседі. Әуезов, тіпті, қызыл диктатураның қырағы бақылауында отырып та осынау өмірлік басты миссиясы – ұлы ақын мен туған қазағын әлемге таныстыру мен таныту жолында бір ауыз сөз айтса да перзенттік парызына әрқашан адал екенін көреміз.

Әуезов әлемінің қат-қабат қиырларына ой жүгіртіп, тереңірек зерделей алсаңыз, осы айтылғандарға еш күмәніңіз қалмайды. Ал, қаламгердің дауылдарға да қарамастан мұхит түбінен маржан сүзгендей жанкешті еңбегін түйсінбей, шалқар судың күн сәулесімен жарқылдап, көз қарықтырар бетін ғана қалқыр болсаңыз, онда амал қайсы!? Суреткердің «Абай жолында» да, ғұламаның «Абай Құнанбаев» монографиясында да тоталитарлық билік талабы – тап күресінің атойлап тұратыны рас. Ләкин, бұл жаңа айтқанымыздай, қазынаға толы сандықтың сыртқы бояуы мен бедеріне алданып, оның кілтін таппаған пұшайманның хәлі.

Олай болса, Абайды және ұлы даланың ұлы мұрасы арқылы қазақты, мынау данышпан даланы дүние жүзіне мәшһүр етіп, өркениет төріне оздырған Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы хақында «заман айтқызбады» немесе «мен жазсам басқаша жазар едім» деп бөстірмелету қисынсыз-ақ. «Данышпандық шалығы» тиген «шала Шолоховтардың» мұндай сандырағы жүрек айнытады. Бұл гректің көне замандардағы – өткір тілді ойшылы Эзоптың (400-ден астам мысал жазған) хикаясындағы түлкінің ағаш басындағы етті ала алмай, «сасып кеткен екен» деп өзін-өзі алдағанындай күлкілі. Сыпайылап айтқанда ғана солай, әйтпесе ұлы суреткердің «Абай жолынан – руханият жолынан адасып, ғұламаның басқан ізін «көмескілеу екен» деп күлбілтелеу –



кешірілмес күнә. Мұндайларға біртуар Мағжан ақының «Асылды қолға түспес жасық деуші, Қолға түссе жасықты майдай жеуші» - деп сын садағын тартқаны белгілі.

Шыңдығында алты Алаштың ғана емес, әлемнің Әуезовінің мақсат-мұраты айқын: ол – ұлы Абай тұлғасын әлемге паш ету, ұлы даланың қазыналы құпиясы мен қасиетті сыр-сымбатын жарқырата жариялау арқылы астамсыған қып-қызыл саясаттың көзін ашып, асқақтағандардың кеудесін басу. Қазір осыншалық кеңбайтақ жерді ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымыздың дана әрі ерлік дәстүрлеріне тағзым жасап қана қою аздық етеді. Жас ұрпақтың қазағының қайсар да парасатты рухына сай болуы үшін өте көп еңбектенудің қажет екенін мойындауға тура келеді. Аға буынды, әсіресе, арды емес, ақшаны әспеттеген 80-90 жылдардың «ұрланған ұрпағы» алаңдатса керек. Кейбір жастардың киелі Абай – Шәкәрім кесенелерінің басына тағзым етуге барғандағы тасырақ мінез-құлқы жергілікті билік органдарын мықтап ойлантуы тиіс.

Ал, «толмаған Толстойларға» келсек, халқымыздың ғұлама перзенті шығармашылық еңбегінде билікпен уақытша уағдаластықты сақтай отырып, ең басты мәселе – Абай арманы мен Алаш мұратына келгенде заман ызғырынан ешқашан ыққан емес. Ол өзінің суреткерлік және зерттеушілік мақсатына жету жолында аса шебер шығармашылық амал-тәсілдерге бара отырып, утопиялық үкіметтің басын шырқ айналдырады. Соның арқасында кеудесі сәулелі оқырман заман ызғырын сезіне отырып та даланың шынайы өмірінен, ондағы кейіпкерлердің болмыс-бітімінен титтей де адаспайды.

Замандасы Қаратайдың «Мырза – Құнанбай... Шешен – Құнанбай... Жақсы – Құнанбай» деп баға бергеніне тағы бір замандасы Байсалдың «Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен?» деп ашынатынын білеміз. Сонда тағы да сол Қаратайдың «Уай, тәйірі-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ, «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?» – деген мойындауынан-ақ Құнанбайдың өз айналасынан шоқтығы әлдеқайда биік екенін аңғарамыз. Бұған енді жаңағы айтылған жайға қатысты әке мен бала арасында өрбитін әңгімені қосайық: «Құнанбай... Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар!.. Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жітігі толған ба?» – деді. Қияласа да өз мойнына кінә алып отыр.

Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түкпірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты» («Абай жолы», «Жазушы», 2002 .,1-кітап, 159, 161беттер).

Жалпы, Құнанбай тұлғасының да романда оқшау тұрғаны, дара сомдалғаны кәміл: «Құнанбай... Үй ішінің қабағын әрқашан сергек, танығыш көзбен болжай қарайтын әдеті еді... Қазіргі бет ажарында қобалжу да жоқ. Өз ойын қинап, алаң еткен кісі емес... өмір бойында сараңдықтың құлы болған кісі емес. Бірақ ашылып-пашылығыш та емес. Парықсыз болмайын дейтін. Қарқаралыда қазақ салмаған мешіт салғызу сияқты іс болса, оған ақтарылып түсетін» (сонда, 2-кітап, 7-8 беттер).

Баршаға мәлім, ұлттар бостандығы мен еркіндігін қызыл диктатураның суқаны сүймеді. Тіпті, ұлттық аймақтардағы «таптық күрес» апиынымен уланған бишігештерін айтаққа қосып, еркін ой мен салауатты санаға қарсы айдап салғанына тарлан тарих куә. Өкінішке қарай, қасақана ашаршылық пен жаппай қуғын-сүргін зардабы тиген ұлт жадындағы үрей синдромының әлі де ұзақ сақталатын түрі бар. Тоталитарлық билік Абай есімін ғана емес, ұлт жадын өшіріп, рухын таптап тастауға қанша жанталасса да Әуезовтің қайталанбас дарынының алдында еріксіз тізе бүкті. Бұдан соң сананы тәрік етіп, тұрмысқа кіріптарлыққа түскен биліктің жазушының сәулелі ой мен кемел қисынға құрылған қанатты шығармасының тұсауын кеспеске де амалы қалмаған еді.

«Абай терең сырлы, кең мағыналы, кестелі өлеңнің атасы». Рас, романда тап күресі шиеленісіп-ақ тұр. Алайда, біз іздейтін, бізді іздеп, сәуле шашпақ Абай және оның айналасы, отарлық езгінің қылбұрауы әбден сығымдай түскен шақтағы ел өмірі эпопеяда барша болмыс-бітімімен, сан түрлі бояуымен көз алдымызда бейбіт жайылып сала береді: «Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай, шалғын, бәйшешек / Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге / Көшіп ауыл қонғанда; Шұрқырап жатқан жылқының / Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айғырлар, биелер / Бүйірі шығып ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай / Айнала шауып бұлттылдап, Жоғары-төмен үйрек-қаз / Ұшып тұрса сымпылдап, Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін сыбанып, Әзілдесіп сыңқылдып».

Біз тілге тиек етіп отырған «Жаз» өлеңі 1889 жылғы «Дала уалаяты» газетінің 7-санында жарияланады. Өлеңнің басында: «Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының

Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» – деп түсінік берілген. «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін, – дейді Көкбай ақын, – Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ, бұл уақытта сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді... сол күні «Жаздыгүн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім осы» («Абай» журналы, №2 – 2016 ж.).

Осылайша қазақтың жазба әдебиетінің қарлығаштары «Жаз», бұдан сәл ертерек «Қансонарда» (1882-1883 ж.) өлеңдері қанат қақты. Құнанбайдың Ибраһими үшінші мүшелден асты. Ол шығармашылық беті айқын, ұстанымы берік, тілі халық ауыз әдебиетінің қайнарынан суарылған сөз зергері: «... Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда. Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп, Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға, Кере тұра қалады қашқан түлкі, Құтылмасын білген соң құр қашқанға. Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап, О да талас қылады шыбын жанға...» («Қансонарда», Абай «Шығармаларының екі томдық толық жинағы», А., «Жазушы», 2005 ж., 1-том, 42-бет).

«Қансонарда» өлеңінде, - дейді Мұхтар Әуезов, – орыс халқының өмірінен, не орыстың классик поэзиясынан тұпа-тура ауысып келіп, араласып тұрған еш белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз, қазақ халқы мекен еткен қыс туралы, табиғат, бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Ермек үшін еңбек еткен ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелген. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері, толып жатқан машық-мерзімі тұтас қазақтың өзіне тән тіршілігі боп шығады... Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды: «ананы көр де, мынаны көр» деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі» (М.Әуезов. «Абай Құнанбаев», «Санат», 1995 ж., 100,103 беттер).

Суреттеуде әлі ешкім жете алмаған аттың сыны (1886 ж.) мен өлең сөзге қояр талабы (1887 ж.) осы жылдардың еншісінде: «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ, Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ...» немесе «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы».

«Абай жолындағы» кестелі өлеңге тамсана отырып, ұлы ақынның сұлуды суреттеген сөздері құлағымызда күмбірлейді: «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Жіңішке қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды». Киіз үйдің толық жабылмаған сықырлауығынан сығалағандай хәлдегі оқырман көзіне жер үстел жанындағы Абай бейнесі оттай басылады. Бұл ақынның қырықтың қырқасына енді көтерілген, ондаған өлең жазып, өзі «Арғын, Найман жиылса, Таңырқаған сөзіме» демекші, есімі алты алашқа таралған шағы. Ұлы даланың Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса секілді сал-серілерімен білісіп, олардың ақын өнерін ризашылықпен мойындаған шағы.

Ақын суреттеген арудың ажары Әуезовті жадында жазылып қалғандай: «Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті... аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей» («Абай жолы», Алматы, «Жазушы», 2002 ж, 1-кітап, 141- бет). Сұлу қыздың бейнесі көз алдымызда ұзағырақ бөгеліп, көлбең қағады: «Мандайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз алқызыл бет тіл байлайды. Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі, Сықылды қолмен тізген іш қайнайды. Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы, Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. Жүп-жұмыр, ақ торғындай мойны бар, Үлбіреген тамағын күн шалмайды. Тақтайдай жаурыны бар, иығы тік, Екі алма кеудесінде қисаймайды. Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды. Етіндей жас баланың білегі бар, Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек талды, Торғындай толқын ұрып, көз таңдайды» (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1-том, 44-бет).

«Абай жолын» одан әрі оқысақ: «Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмырбілегі жас баланың етіндей! Ақ торғындай мойны!.. Ақ етің аппақ екен атқан таңдай! (Сонда, 148-бет), «Абай дәл байқады ма, жоқ па? Бірақ шыға берген Тоғжанның аппақ жүзі қайтадан тағы бір рет, соңғы рет қою қызғылтпен ду ете түскендей көрінді. Және сонымен қатар жымия күлген ерні аппақ маржандай тістерін айқын көрсеткендей болды» (сонда, «Абай жолы», 149-б).

«Ашуың ашыған у, ойың – кермек»: кеңес дәуірінде Ұлы Абай мұрасы аяусыз бұрмаланды: данышпан ақынның еліне қарата айтқанымен, барша адам баласына арнаған, надандық

пен қараңғылықты өткір сынаған өсиет сөздерін әспеттеген бола отырып қызыл билік қазақ ұлтын өзге жұрттан төмендетіп көрсетуге күш салды. Тіпті, қазақтан өткен қараңғы халық жоқтай, күллі адам баласына тән надандықты бетімізге басты. Бізді мәдениетке бастап жеткізген, сөйтіп көсегемізді көгерткен-міс Кеңестер Үкіметі дәріптелді. Дүние жүзіндегі ұлттар мен ұлыстардың өзара қанаттас тірлік кешіп, бірін-бірін толықтыра отырып өсіп-өркендейтіні есепке алынбады.

Ал, роман-эпопеядағы жер мен жесір дауы секілді қазақ қоғамының трагедиясы сол кезеңнің ащы шындығы болатын. Әлеуметтік теңсіздіктердің қазақты ғана емес, барша адам баласын өкшелеп қалмай, жанға бататыны түсінікті. Жауһар романға жан жадырата ден қойып, ықылас танытсаңыз, қазақтың жерінің кәусар табиғатының, халқымыздың салт-дәстүрі мен тірлік үшін табанды күресінің куәгеріне айналамыз. Туған халқымыздың даналығы мен дархандығы, батырлығы мен мейірімділігі, тіпті пендешілігі де таразыға салынады.

Сондықтан «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Абай Құнанбаев» монографиясы Әуезовтің, тағы да қайталаймыз, ұлы тұлғаға және туған елге деген ерекше махаббатының бір парасы ғана. Олар сонымен қатар қаламгердің тірлікке жат ұстаныммен жер астынан жік шығарған қияли қоғамға қарсы кемеңгер әрі қайсар күресінің айғағы.

Әуезов аталмыш монографиялық зерттеуінде қазақ әдебиетінің, оның тіпті өзіне найза кезеген белді өкілдерінің ұлы ақын хақындағы әр жылдардағы шалыс-қалыс пікірлерін қайта қопсытпай, олардың сіңірген азды-көпті еңбектерін әділ бағалайды. Мәселен, ол Сәбит Мұқановтың «Абай Құнанбаев» монографиясы туралы «Бірінші – Сәбит бұл кітаптың көп жерінде Абайды тану мәселесіне көп елеулі, күрделі еңбек еткен... көп құнарлы деректер беріп отырған. Онысы еңбегін құнды етеді, кең тынысты, шалымды етіп көрсетеді. Және, әсіресе, тағы айтамыз (орынды пайдаланған жерлерінде) Абай туралы қазақ оқушысына білім нәрін береді. Екінші – бұл еңбек өз ішіндегі кемшілік, қаталық, керексіз артық жерлерінен (оның бәрі төменде нақтылы көрсетілген), зерттеу олқылықтарынан арылғаннан кейін, татымды бөлімдерінің негізінде құрылып, басылып шығуы керек». Бұдан әрі автор монографияға жан-жақты талдау жасап, оның кемшіліктерін санамалай жазып, өзі айтқандай «нақтылы көрсетеді» (М. Әуезов. «Абай Құнанбаев», монографиялық зерттеу, «Санат», 1995 ж., 297, 298 б).

Ал, Абайдың шындығында қазаққа емес, қараңғылыққа қапалы екені кәміл. Ұлы ақын туған халқының тұлпар уақыт тұяғының астында шаң қауып, өзге жұрттан көз жазып қалмауын «сырты дүрдей, іші у мен өртке тола» отырып толғанады: «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын. Ақылдылар арланып ұялған соң, Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.

Надандық пен отарлық бұғауындағы халықтың дарынды ұлының жүрегіне туған елінің тағдырышаншудай қадалады. Сосын, өзі жырлағанындай, «Сырты дүрдей, іші у мен өртке толы»: «Ашуың ашыған у, ойың – кермек», «Бал сұрасаң, береді у», «Ойлай берсең, у екен», «Тұла бойды улатты», «Улы сусын төгілсін», «Улы сия, ащы тіл», «Өткен күннің уларын», «Мен ішпеген у бар ма», «Ішім толған у мен өрт», «Өңкей уды жиып ап» (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, Алматы, 2005 ж., 1-том: 46, 108, 135, 144,145; 2-том: 7,16,22,51 беттер); Бұл аз десеңіз «Уайым – ер қорғаны...», «Уайымнан озбайды», «Уайым жеуліміз», «Бізге уайым жегені» (сонда, 1-том: 53,142,152,165). Хәкім Абайдың ұйқысын қашырып, жүрегін сыздатқан ұлы уайымы бір ғана әріппен таңбаланып, халық басындағы заман тауқыметін тайға таңба басқандай көрсетеді. Олай болса, атақты роман мен қабырғалы монографиядағы «у» концептісіне зер салалық.

«Абай жолындағы» - «У» концептісі: «Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар» (35-бет, 1-том). «... осы ауылдың бар жасырын сырын, ішкі қыбыр-жыбырын, у мен зәрін жақсы бағатын кексе абысын» (85-бет, 2-том). «Кітап шындығы өмір уымен тең сыбаға» (138-бет, 2-том). «У жесең – руыңмен» (148-бет, 2-том), «... қай ел осыған «удай ащы сөз айт» деп тапсырды» (743-бет, 2-том), «...удай ащы ой кейін пайда болды» (378-бет, 2-том), «Өз ішінен үндемей тынып, уланып ойланды» (20-бет, 3-том), «Мынау өнер емес, у ғой» (312-бет, 3-том), «...Тәкежен айтқан сөздің бәрі де жылан зәріндей, ысқырынып у төгіп тұр» (329-бет, 3-том), «...ауыр қайғы, улы жас көріп тұрса да» (171-бет, 4-том).

«Абай Құнанбаев» монографиясындағы – «У». Әуезовтің «Абай жолындағы» жазықсыз жалаға қарсы күресінің іздері ғұламаның зерттеу еңбегінде де сайрап жатыр: «...Лермонтовты сүйіп: «Бұл махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу» деген сияқты сөздері оның әр алуан кең түсініктерге ие бола бастағанын көрсетеді» (53-бет), «... ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар» (53-бет), «1892 жылы өлеңдерінің көбінде

Абай Оспанның өлімінен уланып, дерттенген жайын көп жерде сездіреді... тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді» (61-бет), «Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтылғаннан да зарлы, ауыр қайғылы сөздер болады. Бұл аза ақынның сол кездегі басқа өлеңдеріне де өкініштің уытын жайғандай болады» (66-бет), «Сыртқы өмірдің у қосып, тартып жатқан сыбағасы бар» (66-бет), «... өз ішіндегі ой толқыны – у толқыны екенін танытады» (138-бет), «Бұнда көп надан ортасындағы бір жалғыздың мұңды, улы ойлары айтылады» (138-бет).

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолында» осылайша ұлы ақын қараңғылық қапасындағы, отарлық қыспақтағы елінің бейғам халінен У ішкендей қапалы, қараңғылыққа қапалы болса, «Абай Құнанбаев» монографиялық зерттеу еңбегінде тарихи шындықты қалпына келтіру жолында ғұламаның өзі де У ішкендей халде. Бұлай болуы да, өкішінішке қарай, диктатура қыспағының салдары еді. Әуезовтің монографиясын да, басқа ғылыми еңбектерін де қарай отырып, Абайтану жолындағы үлкен майданның куәгеріне айналамыз.

«1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Сәбит Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!» деген мақаласы жарық көрді. Осы мақаладан кейін-ақ ұлы ақын мұрасын танып бағалау, таныту жолындағы ой-пікірлер бір-біріне қарама-қарсы бағытта дами бастады... Үлкен айтыс туындап, «Абайтану» екіге жарылды. Илияс Қабылов деген кісі «Абайды қазақ қоғамына танытуға болмайды, ол кертартпа, көзқарасы дұрыс емес. Абаизммен бүкіл Қазақстанның барлық ұйымдары күресу керек» деген ұран тастады. Екі жақты үлкен айтыс орын алды. 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толғаннан кейін құрметті қаулы шығып, Абайдың кітабы басылып шықты. Сол жылы Мұхтар Әуезов Абайдың толық шығармалар жинағын шығарды. Бір журнал түгелдей Абайға арналды. Ондағы дені сау мақала Мұхтар Әуезов пен Құдайберген Жұбановтың мақаласы болатын. Басқа мақалалардың барлығы «Абай – феодал, буржуазияшыл» деген мағынада болған екен» (М. Мырзахметов, «Абай әлемі» сайты, 2017 ж). Жалпы У концептісін Абай ізімен оның өлеңіне інісі, кемеңгер Шәкәрім қажы өз шығармаларында 14 мәрте қолданады. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев та бір ғана «Орамал» өлеңінде «у» ұғымына үш мәрте жүгініп, жалғыз әріппен кең мағына береді... Отарлық, оның үстіне тоталитарлық жүйеде еркін ойлы, азат жанның, ұлжанды тұлғалардың өмір сүруі шынында да нағыз азап болатын.



Әлбетте, әрбір заманның жан жадыратар жақсылығымен қатар ауырпашылығы да аз болмайды. Қаламгерлер мен ғалымдардың ата тарих пен тәлімі мол дәстүрді айтамын деп, қып-қызыл диктатурадан тартқан тауқыметі адам айтқысыз. Шығармашылық пен ғылыми-зерттеушілік, әсіресе «жылымық» кезеңге шейін (1954-1964 ж.) небір шырғалаңға түсті. Сол тұстағы әдеби және ғылыми еңбектерді саясат диірменіне салған «жолдастық» талқылаулардың стенографиялық есептері сабырды еріксіз ширықтырады. Залым саясаттың ызғары ескен ол жазбалардан ұлт зиялыларының можантопай мемлекеттік машинаға жаншылып, жан тапсырудан, яки оған ығысып, жол беруден басқа амалдары қалмағаны аңғарылады. Соның салдарынан еліміз қаншама көшбасшы серкелерінен айрылып, аман қалғандарының жаңа үкіметті мойындауына тура келді. Дегенмен, шегіну «қызыл тажалдың» алдында тізе бүгу емес, ұлт үшін күрестің «бейкүнә», шығармашылық жолына ауысу болатын.

«Кенесарының соңынан ере жөнелді»... кеңес билігінің қорқатыны да, шынтуайтына келгенде, осы – ұлт санасының сілкініп, намысының бұлқынуы болатын. Билік басындағы большевиктер (кейін – коммунистер) партиясы тарихи шығармалардың еркіндік аңсаған қазақ жұртына тәуелсіздік туралы ой салмақ түгілі, егемендікке емеурін білдіруінен – елдік пен ерліктің жылт еткен сәулесінен қатты шошынды. Екіжүзді саясат арам ойын білдірмеу үшін ата тарих пен салт-дәстүрді өрнектеген шығармаларға «өткенді боямалап көрсету, ескіні көксеу, буржуазиялық байшылық» деген айыптаулар тағып, небір қитұрқы әрекеттерге барды. Бодан халықтарды нұрлы болашақ «бесігіне бөлеу» жолында оның ештеңеден, тіпті, тұтас халықтарды жойып жіберуден де тайынбағаны мәлім.

Қайран қазағымыз туған тілі мен тарлан тарихынан жұрдай болу өз алдына, мүлде құрып кетудің қиясында тұрған. Сол бір отарлық тауқыметін, өкінішке қарай, әлі де оңбай тартудамыз, тәуелсіздіктің отыз жылында мемлекеттік тіл лайықты тұғырына қона алмай-ақ қойды. Бірақ, оған Мәскеу қайдан жол берсін... украин халқының басына түскен зобалаң соның бір ғана дәлелі. Бұл аздай, төбемізге көтеріп, тұлға деп арқа тұтқан кейбіреудің халықты соншалық қорлауына қалайша төзіп келгенбіз?! Амал қайсы, диктатура өз дегеніне көндіреді екен... жүрегің еріксіз қан жылайды. Ондай азғындар жер байлығын азсынып, елдің аузынан жырып берген салықты да пысқырмағаны белгілі. Ұрлықпен тапқан арам ақшаларына зәулім үй ғана емес, мола салғызып, небір



қымбат көліктермен шайқалғандары жүректі шайлықтырады. Қасіретті Қаңтар көтерілісі қоғамның судай өтірік пен сумақай мақтанға кеңірдегіне шейін кептелгенін көрсетті.

Рас, кезінде мұны біз айта да, жаза да алмадық, көзсіз батырлық қайдан келсін. «Оқ жетпес жерге – қылыш сермеу» де қисынсыз емес пе?! Тіпті, қазір де «әділет орнар күнге де жеттік пе, әлде жетпедік пе» деп, дұдамал күйдеміз. Алайда, қанша қырғын көрсе де, қаһарман қазақ қайсар мінезі мен өршіл рухынан ешқашан танбайды. Егер біз ұлт ретінде сақталып қала алған болсақ, бұл – еліміздің қаһарман өткені мен жауһар ауыз әдебиеті үшін жандарын шүберекке түйген әдебиетшілер мен тарихшылардың да зор шығармашылық шеберлігі мен қалам қуатының арқасы. Олар зерттеушілік пен жазушылық қызметтерін үкімет өзіне қарсылық ретінде қабылдайды дегенге сенген емес. Бостандық жолындағы ерік-жігерлерін, қателік кімде жоқ дейсіз, ұлттық сананы қалғытпау жолына аянбай жұмсады.

Руханият майданында да ұлт қайраткерлерін ар мен жан айқасы күтіп тұрған. Диктатура «таптық көзқарас, жаңа тұрпатты адам тәрбиелеу» талаптарын көлденең тартып, әдебиет пен ғылымды өзінің қолбаласына айналдыру үшін жанталасып бақты. Кеңестер қоғамында әдебиет пен ғалымды «ноқталап», «тырнақ астынан кір іздеудің» небір іс-әрекеттері өріс алды. Большевиктер партиясы әділетті қоғам туралы жалған ұрандармен қазақ зиялыларының көпшілігін, өкінішке қарай, ерікті немесе еріксіз түрде өз саясатының тірегіне, насихатшыларына айналдырды. Қаламгерлер мен зерттеушілерге кімді немесе нені жазу мен зерттеу түрлі жиындардың хаттамалары арқылы міндеттеліп, оларды орындаудың мерзімдері де нақты көрсетіліп отырған. Мұрағат құжаттары колхоз-совхоздар мен өндіріс орындарына арнайы іссапарлар ұйымдастырылғанына куәлік етеді. Басқасын былай қойғанда, сүйгендеріне қосылу жолында ескі салт-дәстүрдің құрбанына айналған Еңлік пен Кебектің жаңа үкіметке неге жақпай қалғаны түсініксіз еді?!

Қос мұңлықтың бар кінәсі алдын-ала айттырып, қалың малын беріп қойған құдалық салтымен санаспауында жатыр. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан жол-жоралғыдан атап өтіп, еріксіз жазаның құрбанына айналады емес пе?! Еріксіз деуіміздің де себебі бар: «Шариятта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе, жас баланы сатып, пайдаланып, кем-кетікке беріп, обалына қал демейді.

Мен соны ойлап, Еңлік - Кебекті соншалық жазалы демеймін» (Ш. Кұдайбердіұлы «Еңлік- Кебек», «Абай институты», Семей, 1918 ж.). Қатал шешім күні бүгінге шейін ел ерекше ардақ тұтатын қасиетті Кеңгірбай бимен ақылдасып барып қабылданған еді. Мұндай аяусыз жаза, шын мәнінде, өз теңін іздеген екі жастың махаббаты жік салған қоңсылас елдерді қанды қырқыстан аман сақтап қалудың амалы болатын.

Тегінде, жаңаны жұрттың қабылдауы, оның қоғамда орнығуы, яғни жүздеген жылдар бойы қанға әбден сіңген дәстүрден бас тарту қашанда қиын. Ұлы Абайдың «Баяғы жартас, бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамасының» бір сыры да осында. Бұл тек қараңғылықтың ғана салдары емес, қос ғашықтың пәк сезімі, ескінің аяқтан шалған «тұсауын үзуге» деген ұмтылысы еді. Ал, ұлттық салт-дәстүрлердің, асылы халықтың тұрмысы мен шаруашылық жүргізуінің ерекшеліктеріне қарай қалыптасатыны мәлім. Мәселен, бағзы замандарда әмеңгерліктен бас тарту – әйелден ғана емес, атадан балаға тиген мұрадан, қаны бір ұрпақтан теріс айналу екені даусыз. Дегенмен, қоғам алға жылжыған уақытпен бірге азды-көпті өзгерістерге ұшырап, дамып, толысып отырады. Бірақ, кез-келген өзгеріс қозғалыссыз болмайды және мұнсыз алға басу да екіталай. Шәкәрім қажы айтпақшы, «өзгеріс басы – қозғалыс, қозғауға керек қолқабыс».

Мұхтар Әуезов ұлы Абай және кемеңгер Шәкәрім ізімен «Еңлік – Кебек» пьесасы арқылы екі жастың махаббаттарын үлгі етіп, ескілік кесапатына сын найзасын кезейді, қандастарын алға қарай дамуға, жарыққа – өркениетке жетелейді. Олай болса, мұнда қандай ұлтшылдық бар? Сөйтсек, «саяси сауаты төмен жан» ғана жоғарыдағыдай сауал қояды екен. Тап күресінің сапында нық тұрған кеңес жазушысы мен ғалымы үшін «Еңлік – Кебек» пьесасы/спектаклі ұлтшылдық пен ескіні көксеудің бұлтартпас дәлелі-міс. Бірақ, бұл арада «ұлтшылдық пен ескіні көксеу» деген, тағы да қайталаймыз, құр сылтау ғана болатын. Зер сала білсек, махаббат сырынан пәле іздеудің түп негізі – ұлы державалық шовинизмде жатқан. Большевиктер орыс ұлтшылдығын сөз жүзінде ғана сынап, іс жүзінде одан ешқашан бас тартпақ еместі. Бұл жайлы кейінірек тағы да тоқталамыз.

Демек, әуелгі ой арнасына қайта оралсақ, аңдыған жау мен адасқан достың тілге безейтіні Әуезовтің жалғыз ғана осы шығармасы емес. Жазушыға берілген шығармашылық мінездемеден мынаны оқимыз: «Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына уақыттың белгілі кезеңінде буржуазиялық ұлтшылдардың реакциялық

идеялары қатты ықпал етті. Бұл оның «Қаракөз пьесасы мен «Қилы заман» повесінен көрінеді... 1932 жылы Әуезов өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық адасуларын айыптап, совет әдебиетінің сапына қосылады. Совет шындығы, большевиктер партиясының озық социалистік дүниетанымы жазушыға шығармашылық өріс ашады» («Неизвестное в наследии Мухтара Ауезова. Архивные документы», изд. дом «Библиотека Олжаса», А., 2013, 15-б).

Шындығында, ұлы суреткердің төл шығармаларының бірқатарына жүрегінің қалауымен емес, БКПб Қазақ өлкелік комитеті бюросының тапсырмасы бойынша қалам тартуына тура келген. Мәселен, «Қазақстан колхоздарының Қызыл кітабын жазу туралы» құжатта осы мақсатпен іссапарға жіберілген 16 ақын-жазушының қатарында Мұхтар Омарханұлы да болатын (сонда, 43-б.). Мұндай арнаулы іссапарлар үнемі ұйымдастырылған, айталық, ВКПб Қазақ өлкелік комитетінің сұрау салу жолымен қабылдаған ҚАКСР-нің 15 жылдығына әдеби-көркем жинақ шығару жөніндегі шешімінде, оған жауаптылар мен атқару мерзімі «1935 жылдың 1 маусымы» деп нақпа-нақ жазылып қойылған (сонда, 49-50 бб.).

Сол секілді Қазақстанның советтік жазушылар одағы төралқасының 1935 жылғы 23 желтоқсандағы отырысында айтылған «жекелеген қателіктеріне қарамастан пролетариат сапында қалған Сейфуллинді және контрреволюционерге жатпайтын Майлин мен Жансүгіровті алашорда қозғалысына қатысқан Әуезовпен бір қатарға қоюға болмайтыны» туралы пікірден де қаламгердің қандай қыспақта өмір кешкенін аңғаруға болады (сонда, 51-52-бб.). Бақылаудың мығым екенін Жазушылар одағы төралқасы мәжілісінің 3-ші хаттамасында Әуезов және Майлин, Мүсірепов, Байсейітов пен Сәрсековтің «1936 жылдың 1 мамырына дейін совхоз-колхоз театрлары үшін бір-бір пьесадан жазу туралы уәделері еске алынсын» деп атап көрсетілуі де аңғартса керек (сонда, 62-б.).

Большевиктер партиясы ақын-жазушыларды адамгершіл ұрандармен бүркемеленген шовинистік мақсатына барынша пайдалануға тырысты. «Еңлік-Кебекті», «Қаракөзді», тіпті «Көксеректі» өзінің «жаңа адам тәрбиелеу міндеттеріне қайшы келеді» деген сылтаумен оқшаулап, қазақты тарихи тамырынан айырудың небір айла-шарғысын қолданды. Бұл, сайып келгенде, «аға ұлтты» ғана алға оздырып, орыс шовинизмін еш бұлтарыссыз қабылдатудың амалы еді. Тынымсыз қудалау мен жазықсыз жаладан әбден мезі болған Мұхтар Омарханұлы ОГПУ өкіліне

берген жауабында (20.04.1932 ж.) жазықсыз айыптаумен келісуге мәжбүр болады. Онда жазушы өзінің әдеби және зерттеушілік жолына ой жүгірте отырып, төл шығармашылығының «бұдан былай Қазақстандағы мәдени революцияның жолына кереғар болмайтыны туралы уәде береді (сонда, 102-б.).

Сондай-ақ, тергеу барысында жазушы «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» шығармаларының революциялық тақырыптан саналы түрде алшақтап, ұлтшыл жазушылар лагеріне ауысу» болғанымен де еріксіз келіседі. Әуезовтің «тақырыпты таңдаудың қате екені өз алдына, оны көркемдік-идеологиялық сипаттау тәсілдерін қолдамайтынын, өзінің іс жүзінде Қазақстанның революциялық жазушыларының қатарында болмай, қайта ұлттық көңіл-күйдегі жазушының біріне айналғанын, бұл жолдың контрреволюцияға әкелетінін», тіпті «ол қателердің кейінгі зерттеулерінде, айталық, Абай туралы жұмыстарында да жойылмағанын» мойындауына тура келеді (сонда, 99-101-беттер). Әйгілі романда ақынның ұлы Турағұл есімінің екі рет аталуынан ұлшылдық іздеген «қызыл қуғыннан» қара үзіп кетудің басқа амалы қалмаған.

Жазалаушы органдардың қырағы бақылауында жүрген Мұхтар Омарханұлының 1929 жылы қамауға алынып, одан тек жоғарыдағы мойындауын жазып, өзін-өзі аяусыз сынаған соң ғана босанып шығатынын білеміз. Тағы да қайталаймыз, бұл мойындаудың тергеушінің мұқият қадағалауымен және талап етуімен жазылғаны түсінікті. Қаламгер «өзімнің әдеби өткеніме осылай шынайы баға бере отырып бұдан былай мәдени революцияның Қазақстандағы жемісті жолына бөгет болмауға, керісінше оның табысты жүруіне көмектесемін» деп жазады. Амалсыздың күні ғой... Мұхтар Омарханұлының «Көксерек» повесі мен «Еңлік – Кебек» пьесасынан «байшылдық пен өткенді боямалап суреттеуді» көрген «сыншыларға» не дауа? Бірақ, жазушыға жазықсыз жала жабу «науқаны», ғұламаның өмірінің соңғы жылдарына шейін тоқтамай, ол «ұлтшылдыққа қарсы күресте жанды нысанаға айналған болатын» (Н. Анастасьев «Трагедия триумфатора», «Атамұра», А., 2007, 30-б.).

Қазақстан Орталық партия комитетінің 1947 жылы «Ғылым академиясының Әдебиет және тіл институтының жұмысы туралы» қатаң қаулы қабылдағаны белгілі. Осы құжатты «талқылауға арналған жиналыста, - деп жазады Ә. Әбішев, - Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтің қаулыға барлық жағынан сай келетін баяндамасы да, сөйлеген Ғабеннің сөзі де салқындау. Сондай нұсқау болды ма білмеймін,

әйтеуір, Ғабит бар сөзін Мұқаңа арнап, оны жар басына тақап қойғандай. Оның сөзінің әсер еткені сондай, жиналысқа қатысқандардың Әуезовтен күдер үзбегені аз. Жасыратыны жоқ, Мұхтардың өзі де сол күннен бастап түрмеге барғанда кию үшін жылы киімдер әзірлей бастаған» («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», Ә. Әбішев «Бетпе-бет», «Білім», А., 2004, 58-б.).

Мұхтар Омарханұлы өзінің қыр соңынан қалмай қойған жалған жалаларға байланысты күйінішін былайша жазып қалдырыпты: «Біреу адал ниетімен, ақ жүрегімен сынаса, енді біреулер барынды жоққа шығаруға, аяқтан шалуға, сүріндіруге, түңілдіруге тырысып бағады. Өз басым мұндайларды көп кездестірдім. Тіпті, «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық берілгеннен кейінгі жерде де мені мінеушілер, сынаушылар табылып жатты» (сонда, 37-б.). Пәле-жала іздегендердің бар тапқан кінәсі – жазушы қазақтың өткен өмірін «тым әспеттеп», жаңа өмірдің жасампаздығын көрмейді-міс. Қысқасы, «Ескіні жазу – жаңаны жатырқау» еді.

Әуезовтің ғылыми-шығармашылық еңбектерін талқылаған түрлі жиындардың стенографияларын оқи отырып, жан-жағынан ораған өрт пен төнген «қылыштан» аман қалған қайраткердің елжанды ерік-жігеріне тағзым етесің. Мәселен, «Абай» романының 1-2-ші кітаптары мен «Абай жолы» романының 3-ші кітабын саралауға арналған жазушылар жиналысының (12.08.1953ж.) стенограммалық жазбасын жүрек шаншымай оқу қиын («Неизвестное в наследии Мухтара Ауезова. Архивные документы», изд. дом «Библиотека Олжаса», А., 2013, 247-282-б.). Жазушы өз «сыншыларына», әредік болса да, «кей тұстарында, бәлкім асыра көрсету бар шығар, мұнымен келісуге болады» деген сыңайда кеңшілік танытады. Мәртебелі автор, тіпті, «Абай» романын талқылау кезінде айтылған сындарға «шығармашылығына жауапты қарап, көмектескендері, Әуезовтің «Абай» романы қазақтың ұлы ақынының жарқын бейнесіне лайық болсын деген» пікірлері үшін «ризашылығын» білдіреді.

Алайда, принципті мәселелерге келгенде, стенограмманы қараңыз, Әуезов турасын кесіп айтады және оған себептері де жеткілікті: «Жалпы алғанда маған көмектесек деген жолдастық көзқарасқа түсіністікпен қараймын десем, бұл менің әрбір пікірмен келіскенім болмаса керек? Сіздер өз ойларыңызды жауапкершілікпен салмақтадыңыздар, - дейді М. Әуезов. - Мен де жазғанда көп ойландым, яғни зерттедім, демек менің де белгілі бір тұжырым жасауға өз себептерім бар... Бұл шығармалармен мен

сегіз жыл (1942-1950 ж.) жұмыс жасадым, - дейді ол. - Сондықтан айтылғанның бәрі дұрыс, түзеймін десем, дұрыс болмайды... Әдебиеттен, партия мен халық совет жазушыларының алдына қойған міндеттерден мүлде аулақ кейбір адамдар жарымжан ойларымен бәрін мансұқтамақ болады... әдебиетті оның төңірегінде өздерінің жүргенін ақтау үшін ғана келгендерден қорғау керек», (сонда, 273, 280-б.). Бұл – Әуезовтің бір немесе бірнеше сынға ғана жауабы емес, оның «сын шын болсын, шын сын болсын» деген берік ұстанымы еді.

Стенографиялық есептер тек орыс тілінде жазылып, жазушылардың еңбектері көркемдік жетістіктеріне қарай емес, саяси-идеологиялық ұстанымдар тұрғысынан бағаланатын кезеңде «жаптым жалаға» тандануға болар ма?! Өкінішке қарай, тап күресінің шалығы тиген адал ниетті, көрнекті әдебиетшілеріміз де жаңағы әділетсіз науқанға өздерінің қалай елігіп кеткендерін де байқамай қалған. Жан-жақтан қыспаққа түскен, тіпті төңкерістің ізгілікті ұрандарына иланған қайраткерлердің қателіктерін бұдан әрі тергеп, аттарын атау артық. Ресми құжаттар да ол жылдардың аса бір ауыр кезең екенін бұлтарыссыз көрсетеді. Қазір, әрине бостандықтың соқтықпалы, соқпақсыз жолында бізге Әуезовтің туған ел-жұртының рухын көтерудегі қажыр-қайратын бағамдау жеңілрек. Олай болса, жоғарыда аталған құжаттарды әркімнің өзі-ақ оқып, көз жеткізгені абзал. Ұлы Абайдың «Атын білме, сөзін біл» деген терең тағылымы да соны меңзейді.

Ал, Әуезовтің «қадамына» қақпан құрғандар ерікті немесе еріксіз түрде қызыл саясаттың сойылын құлшына сілтеді. Мәселен, «Қазақ әдебиетінің» 1937 жылғы 20 қазандағы санында жарияланған «Әуезовтің сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды» деген мақала соған дәлел. Онда Әуезов «Тек 1932-жылдан бері совет жазушысы болуға тырысып келе жатқан, өзінің өткен қатесін, теріс пікірлерін жоюға уәде беріп келе жатқан жазушы... әлі уәдесін қайталап жүр... 1932-жылдан бергі жазған советтік дерлігі «Түнгі сарын» пьесасының өзі оның баяғы ұлтшылдық, байшылдық пікірімен жазылған «Қилы заман» романының желісі... «Алма бағында», «Тастүлек» пьесалары барып тұрған совет жастарының өміріне жала жапқандық... Әуезовтің шығармаларындағы өрескел қателерді тексеріп, тиісті қорытынды жасайтын уақыт жетті» деген сөздерден қауіп-қатердің қылышы жалаңдайды.

Бұдан соң, Мұхтар Омарханұлы сол тұстағы республика басшысы Л. Мирзоянға хат жазып, ол кісінің «уақытын алуға

еріксіз мәжбүр» болады. Әуезов аталмыш хатында былай деп жазады: «менің қателігім жоқ және қателігім, шығармашылық қателігім болмады деуден аулақпын... Сондықтан маған сабақ болуы үшін большевиктік тұрғыдан қатты сыналдым. Бірақ, мына мақала менің бүкіл қызметімді, кеңестің адал жазушысы болсам деген ұмтылысымды мүлде жоққа шығарады. Бұл көмектесетін өзара сын емес, мені кеңес жазушысы ретінде жауапсыз, негізсіз соққылау және көзімді құртуға тырысу». Шындығында, жазушының бар «қателігі» – тарих сырына үңіліп, туған қазағының салт-дәстүрлерін сүйсіне суреттеп, ұлтжанды ойларын тереңнен толғауында, бір сөзбен айтқанда, ұлттық сананы оятуға деген ұмтылысында болатын.

БКПб өлкелік комитетінің мәдениет және ленинизмді насихаттау бөлімінің жанында 1934 жылғы 8 мамырда өткен мәжілістің стенограммасы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына тағылған айыптардың түпкі себептеріне көзімізді одан әрі аша түседі. Мәжіліс М. Әуезовтың «Хан Кенені» пьесасын талқылауға арналған болатын. Осында бірінші болып сөз алған ағарту халық комиссары Т. Жүргенов «қазақтың тарихы туралы тарихи шындық және очерктер жоқ» дей отырып, «автор өз кейіпкері хан Кенені қазақтардың азаттық қозғалысының күрескері ретінде көрсеткісі келетіндей. Бұл тарихи тұрғыдан дұрыс емес, хандардың барлығы да сатқындық рөл атқарған... Голощекиннің басшылығы кезінде бәріне де, барлығына да тыйым салынды. Бұл, бірақ жаңа басшылық тұсында, біз Мирзоян жолдастың жетекшілігімен жұмыс жасап жатқан кезде еш ойланбастан басқа, қарама-қарсы шығу деген сөз емес... Хан Кенені осы қалпында сахналау қарсы бетке жалт беруді көрсетпек» - деп, драмалық туындыға іс жүзінде «тұсау» салады (сонда, 129, 131-66.).

Талқылау барысында айтылған пікірлердің бір-біріне қарама-қайшы екенін олардан алынған мына үзінділер діттей түседі: «пьеса царизмге қарсы күреске құрылмаған, онда хандықтың құлауын және оны сақтап қалу жолындағы соңғы тұяқ серпуін көрсету көзделген», «Хан Кененің негізі 3-4 жыл бұрын қаланған. Мұхтардың ол кездегі жолы бүгінгі жолынан басқаша болатын... Қазір Мұхтар «хандықтың құлауын, оның бұқараның қарсылығымен құлауын көрсетуді мақсат еттім» дейді. Бірақ, Хан Кенені жазған кезінде (1930 жылға дейін) Мұхтардың Кенесары мен Наурызбайдың жеңілуін қаһармандық күрес үстінде көрсетуді мақсат еткені белгілі, театр мен Мұхтардың қосқаны, өзгергені мен жаңартқаны пьесаның сол негізгі



ұстанымына әсер етпеген» немесе «театрдың шығармашылық жолын айқындау – жеңіл-желпі қарауға болмайтын саяси мәселе... Хан Кененің кемшілігі Мұхтардың өзінің ескі көзқарасын қорғауында емес, одан арыла алмай отырғанында».

Шынында да Әуезов өз ұстанымына табанды болды. Мәселен, «Хан Кенеде» сахнадағы бұқара өкілдері бірінің сөзін бірі іліп әкете отырып, Кенесарының өзге хандардан артықшылығын сүйсіне мадақтайды. Спектакльде ханның әскерін жаулары қоршап алғанда Кенесарының айналасына үндеу тастайтыны бар. Мәселен, ол «қазақ халқы үшін өлуге даяр» екенін мәлімдеп, «еріндер соңымнан» деп ұран тастағанында сахнадағылардың түгелдей лап қоятыны өз алдына, оларға залдағы «көрермендер де шын жүректен ере жөнелуге даяр тұрған». Сыншылар, әсіресе осы «ере жөнелуден» үріккен секілді. Олардың арасында, Әуезовті, тіпті халық жауы ретінде көрсетуден дәмелілер болатын.

Қазақстанның кеңес Жазушылары одағының қалалық жиналысында да сыншылардың қаламгерлерге қисынсыз қиғылық салатынын көреміз. Мәселен, «Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында, «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында, Мұқановтың «Балуан Шолағында», «18-19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктерінде», оның Ысмаилов және Жұмалиевпен бірігіп жазған оқулықтарында, соңғы екеуінің жазбалары мен іс-әрекеттерінде, Бекхожиннің және басқалардың шығармаларында Кенесары халық көсемі ретінде, ал қозғалыс прогрессивті деп көрсетіледі... орыс халқының қас жауы – Едігеден басталатын феодалдық-құлдық батырлықтың кезекті толқыны болып шығады» деген айыптар тағылады. Көрдіңіз бе, «ақ патшаның басқыншылығына қарсы күрескерлер орыс халқының қас жауы» болып табылады екен.

Кеңес үкіметі «екі ресей бар...» деп қаншалықты жар салғанымен, жеме-жемге келгенде орыс патшасына, отаршылдыққа, құлдық пен қанауға қарсы көтерілістің бәріне де орыс халқына қарсы күрес деген «қара таңба» салынғаны айқын еді. Олай болса, әңгіме хандықты көксеуде де, байшылдықта да, ескіні жазуда да емес, ең бастысы, тарихи шығармалар мен осы саладағы ғылыми зерттеулерді қызыл диктатураның барша орысқа қарсылық деп қабылдауында болып тұр. Елдің өткені мен салт-дәстүрін жазу бодандыққа түскенге дейінгі бостандық пен тәуелсіздіктің артықшылығын көрсету ретінде бағаланды. Сондықтан «ескіні жазу жаңаны жатырқау» ғана емес, тәуелсіз заманды көксеу, тіпті оған емеурін білдіру ретінде қызыл саясатты қатты үрейлендіргені шындық.



Адамзаттың Әуезовінің өмірінің соңғы жылдарында Азия және Африка елдері жазушыларының Бейбітшілікті қорғау мен ынтымақтастық комитетінің мүшесі ретінде отаршылдыққа қарсы мақалалар жазғаны мәлім. Туған халқының басындағы бодандық мұңы қос құрылықтың оянған халықтарының азаттық жолындағы күресімен үндес еді. Қайраткер жазушының 1956 жылы «Огонек» журналының ақпан айындағы нөмірінде жариялаған «Колониализму позор» («Отаршылдық – масқара») мақаласы соның бір ғана дәлелі. Тәуелсіздік алдық дегенмізбен, әлі де болса, тізерлеген қалпы бой жаза алмай келе жатқанымыз да сол қызыл «қасап» пен сойқанды саясаттың салдары. Ең масқарасы, егемендікке қолы әзер жеткен елдің үміт артқан кейбір серкелерінің халқымызды одан сайын мүйіздеп, жарға жыға жаздағанын да мойындауға мәжбүрміз. Ұлы жазушымыз Мұхтар Омарханұлының өмірінің соңғы кезеңіне шейін көрген қыспағы жарымжан қоғамның түр-сиқын әшкерелейді. Бұл, сонымен қатар, Әуезовтің өз басын бәйгеге тігіп, кейде тіпті шегінуге мәжбүр бола жүріп те ұлы дала рухын көтеруге сіңірген өлшеусіз еңбегінің, халықтың асыл мұрасы мен ата тарихқа деген адалдығының айғағы болып табылады.

**АҚМАРАЛ СМАҒҰЛОВА,**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің  
«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекшісі, филол.ғ.к.

## **ҚАЙЫМТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әдебиетті тұлғалар жасайды, уақыт шындайды, тарих таразылайды. Қазақ әдебиеті тарихында есімі ғасырлар еншісіне тиесілі тұлғалардың бірі – Қайым Мұхамедханұлы. Ол алты алашқа астана болған Семей жерінде дүниеге келді. Алаш мүддесі үшін, ұлт руханияты үшін басын бәйгеге тікті, арын сатпады, намысын таптатпады, рухын аласартпады.

«Абайға өмірімнің ақырына дейін қызмет етемін» деген Қайымға тиесілі қағидалы сөз бар. Ғалым сол сертінің үдесінен шығып, адам төзбес қиянатқа, қорлыққа шыдап бақты. Қажымай, талмай қайрат тауып Абайдың әдеби мектебін халықтың рухани игілігіне айналдырды. Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығын жүйелеуде жарты ғасырға жуық уақыты кетсе де, ақын шәкірттері мұраларын жинастыруда ыждаһаттылық көрсете білді. Ақын мұрагерлерінің халық аузында жатталып қалған мұраларын қолжазба деректермен салыстыра отырып, түбегейлі зерттеп, ақиқатына жетті.

Абай туындыларының төл нұсқасын қалпына келтіру ісінің жүлгесін салып, жүйесін жасауда Қ.Мұхамедханұлы еңбегі – қашанда негізге алар құнды дүние.

Соның айғағындай, қазақ әдебиеттану ғылымына «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай мұрагерлері», «Абай шығармаларының текстологиясы» сынды сүбелі зерттеулері келді. Бұл еңбектер – абайтану ғылымының адастырмас темірқазығы. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті тарихына қатысты сын-зерттеулері Қайым Мұхамедханұлының зерттеушілік аясының, ғалымдық қарым-құлашының кеңдігін даралайды.

Уақыт өткен сайын қаламгер мұрасын зерттеудің көкейкестілігі бедерлене түсері сөзсіз. Қайымның өмірі мен шығармашылығы ғалымдар көзауласынан тысқары қалды деу асығыс тұжырым. Дегенмен де, өнегесі – мектеп, өрісі – әдебиет болған Қайым Мұхамедханұлының құнды мұрасын қаншалықты сараладық. Қайымтану ғылымының көкжиегін кеңейту үшін нені қарауымыз керек, әлі де түгесілмей жатқандары не? Осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітейік.

**Біріншіден,** Қайым әлемі – әлі толыққанды зерттеліп, қалың

оқырман жаппай түсініп болмаған ерекше бір әлем. Өйткені Қайым Мұхамедханұлының шығармашылығы сан алуан. Ғылыми-зерттеу мақалалары әдебиет пен тарихтың тоғысқан жері болса, қаламынан туған көркем туындылары заманының куәсі. Сол себепті әдебиетшілер мен тарихшылар, педагогтар мен өзге де маман иелерін осы істе бір кісідей жұмылуы қажет.

**Екіншіден,** Қайымды тану ісіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі – ғалымның шығармашылық ғұмырбаяны. Себебі әлі күнге дейін толық шығармашылық өмірбаяны жазылған жоқ. Қай жылы қай жерде қызмет атқарды, қандай зерттеуі жарық көрді деген статистикалық мәлімет емес, өмірбаян іздерін ізерлей зерттеп, асқан ыждаһаттылықпен назар аударылса. Мәселен, осы тұста мынандай дүниелерді ескере кеткен орынды болар деп есептейміз.

Қайым алаш идеясының мирасқоры, алаш арыстары мен Қ.Мұхамедханұлының байланысы қандай? Мұхамедхан шаңырағы Алаш қайраткерлері тоқайласып, пікір жарыстыратын, зиялылар мәжілісі өтетін ерекше статусы бар жиын орталығына айналған қасиетті үй болған. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы халық жауы атанды, көмусіз, атаусыз қалды. Ол Қайымның дархан көңіл, парасатты болып өсуіне зор ықпал жасаған жан еді. Ол өзінің адал еңбегімен жиған дәулет-байлығын ұлт руханиятына демеушілік қылды. Халық жауы атанып, ескерусіз қалған әкенің ұлтым деген жалғыз тілегі перзентіне аманат еді. Қайым әке аманатына адал болды, әке аңсарын орындады.

Сол алаштықтар неліктен дәл осы Мұхамедхан Сейтқұлұлының шаңырағын таңдап алды екен, әңгіме-дүкен қандай тақырыпта өрбіді екен?

Анасы Мақыпжамал жайында да деректер жоқтың қасы. Тек естеліктерде айтылып қалатын ақпарға сенсек, Мақыпжамал әже мейірімді, кең пейілді, көзі ашық, дастарханы мол жан екен. Ол кісі 1941 жылдың маусым айында өмірден озған. Мұхамедханның төрт баласы болған. Үлкені – Гүлсім (1912-1976), Қайым (1916-2004), Құрманғали (1918 жылы туған - ?) Сталинград түбіндегі сұрапыл шайқасқа қатынасқан, қан майданнан аман-есен оралып елде бақилыққа көшкен. Мәулетхан 1924 жылы туған, студенттік шақта Отан қорғауға аттанып хабар-ошарсыз кеткен.

Қайым ағаның өмірлік жан серігі Фархинұр Ахметжанқызы (1918-1990) мәдениетті, ауқатты жанұяда тәрбиеленген аяулы жан. Белгілі қаламгер Ғаббас Қабышұлы: «Семей молласының қызы, Ташкенттің белгілі діни тұлғасының шөбересі Фархинұр 1936 жылы сымбатты оқытушы жігіт Қайымға тұрмысқа шықты», –

деген дерек ұсыныпты [1, 269]. Қайымның адал жары Фарихинұр ананың да текті әулеттен шықандығының куәсі бұл.

Міне әдетте көп назар аудары бермейтін, бірақ ғалымның шығармашылық ғұмырбаян түзуде қажет мәселелер.

**Үшіншіден**, қаламгер Қайымның көркем туындылары әлі де терең әдеби талдауды қажет етеді.

Әсіресе, Қайымның поэзиялық мұралары толық жинастырылған жоқ.

Негізінде Қайымның ақындық қабілетін алғаш таныған да, танытқан да М.Әуезов. М.Әуезов қазақ халқының батырлық, ғашықтық жырларын, шығыстық дәстүрдегі қисса-хикаяларды жатқа соғатын жасқа көңілі түсіп, жанына жақын тартқан. Естелік деректерге сүйенсек: «1943 жылы Алматыда Мұхаңның үйінде отырғанда Орталық Комитеттен үлкен кісіге телефон түсті. Осылай да осылай. Мәскеуден Сталиннің өзі қол қойған жарлық бойынша әр республиканың өз гимні болу керек, онда әр республиканың өз ерекшелігі ескерілуі қажет. Соны талқылауға келіңіз дейді Мұхаң. Мұхаң «мен одан не аламын» деп тартқыншақтағанымға қарамай, ертіп барды. Және қандай, қандай ақындар десенізші, мүйізі қарағайдай дегендей...» [2]. Жиырма жеті жасында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Әнұранының авторы атануы Қ.Мұхамедханов өмірінде ғана емес қазақ халқы, қазақ әдебиеті тарихындағы зор жаңалық болды.

Қ.Мұхамедханұлының Абайдың «Дұға» атты әйгілі аудармасымен ой жүлгесі бір, Мағжанның «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым» өлеңімен тағдыры бір жыры «Балаларыма» деп аталады. Бұл өлеңді ғазиз ақын 1952 жылы Карлагтың абақты темірлі торлы тас қабырғасында жүріп жазған. Тас қапастың айуандықпен жанын езген, тәнін қорлаған бар кінәсі өз еңбегін ұлт бақытына арнағандығында. Отбасы шаттығын сағыну, балаларын аңсау ақынның өзі туралы жазылған лирикасының басты мәні болып саналады. Қайым:

Сағындым да, сарғайдым да, жүдедім.

Қайғы отына өртенгендей жүрегім.

Көңіл қаяу, жүрек баяу соққанда,

Осы өлеңім дұғам менен тілегім.

Тасқа тиіп тасырқады табаным,

Жүрегімде тұр қадалып қаламым,

Дүниеге жаңа келген нәрестем.

Мейірімсіз деме әкеңді қарағым, [3] –

деп жас нәрестесіне әкелік мейірін көрсете алмаған ақын жүрегі қан жылайды. Ақынның балаларынан сұрар жалғыз тілегі – әкені мейірімсіз деп тас бауырлыққа баспау. Қиналған, қорлық көрген шақта ақындардың сөз күдіретіне табынып, сыр айтар жан серігі музасы болмақ. Қайымның да жан дауасы мен жұбаныш табар дұғасы – қазақтың қара өлеңі. Поэзиядан жүрек жарасына ем іздеуі айтулы ақындардың айнымас үлгісін мұрат тұтқандығын, медет қылғандығын көрсетеді.

Жай жүрсем, табалады ұтылды деп,  
Қатты бассам, күндеді құтырды деп,  
Орта жүрсем, онда да көре алмады- ау,  
Бұл өзі ақылды адам сықылды деп.

Өз заманының адам түсініп болмас әсірелігіне таңырқап, жанындағылардың құнсыз тірлігіне күйінсе де, Қайым – ұлттық мүддені жеке бас қамынан жоғары қойды. Қайым – қайталанбас тұлға, жаратылысы ерен жан.

Қайымның түрмеде отырған жылдарындағы әдеби мұралары жинастырып, осы іспеттес әдеби талдау жасағанда ғана қйымтанудың көкжиегі кеңі түсер еді.

**Төртіншіден,** Қайым шығармашылығының насихатталуы.

Ғалымның мерейтойы аясында біраз жұмыстар жасалды. Бәрін тізіп жату мүмкін емес. Ең бастысы – ғалымның он томдығы. Бұл арада рухани туыстық парызын алғаусыз атқарған Тұрсын Жұртбайдың жанкештілік еңбегін бөліп көрсету әділет.

Ғалымның зерттеулері мен мол әдеби мұрасы әлі де бірнеше онтомдықтарға арқау болары сөзсіз. Сондықтан да Семейдегі және Алматыдағы балаларының қолындағы Қайым Мұхамедханұлының қолжазбалары жинақталып, асқан мұқиятлықпен тиянақты сұрыпталу керек.

**Бесіншіден,** Қайым кітапханасы мәселесі. Ғалымның кітапханасы өте бай болған. 1951 жылы кітаптарын тәркілеп алған. Оның басым көпшілігі архивке, музейге тапсырылды деген сылтаумен ғалымға қайтарылмаған, тек біраз бөлігін ғана түрмеден босап шыққан соң хат жазып қайтарып ала алған.

Мәселен, 1951 жылдың 1 желтоқсанында Қайым Мұхамедханұлын түрмеге жапқан кезде, үйіне тінту жүргізілген. Міне сол кездегі тәркілеп алған кітаптар тізімінде:

156. Пакет с письмами и открытками – 48 шт.

157. Папка с фотокарточками и негативами – 58 шт» деген

мәлімет бар. Кімдерден келген хаттар екен, нендей ақпарат болды екен? Қаншама құнды мұралардың фотоленкілері жойылды. Бұл Әуезовке, Қайыма ғана жасалған қатыгездік емес, қазақ тарихы мен мәдениетінің теңдесіз мұраларына жасалған қастандық дер едік.

Сөз қорытындысында айтпағымыз, қазақ әдебиеттануы Қайым сынды нені зерттесе де, бір ауыз сөздің түпнұсқасын анықтауға бар ғұмыры сарп етілсе де тек шындықты көксейтін зерттеушілерге сусап отырғаны да жалған емес.

Қайым – қайталанбас тұлға, жаратылысы ерен тұлға. Ол – өзінің ғалымдық мұраты арқылы ұмтылмас өмір тапқан жан.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхамедханов Қ. Хаттар сөйлейді... – Астана, 2016. – 336 б.
2. Ахметбекова А. Жақсының сарқыты // Семей таңы, 2001, 5 қаңтар.
3. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2009. – 312 б.

**ЭЛЕАНОРА СЕЙСЕНБИЕВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
аға оқытушысы, PhD

## **М.ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ДІНИ ТҰРҒЫДА САРАЛАУЫ**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Абайдың тарихи тұлғасы және мұсылмандық діни ағартушылық тұрғысында Мұхтар Әуезов зерттеулеріндегі Абай шығармаларындағы түпкі мұсылмандық ағартушылық ұстаным нақтылы туындыларды (өлең, қарасөз) саралау негізінде айқындала түскені айтылады. XIX ғасыр қазақ әдебиетіндегі мұсылмандық ағартушылық негіздері дәуірдің тарихи-саяси ахуалынан туындаған ұлт-азаттық күрес жолындағы нақтылы рухани әлеуеті мәнінде жүйеленіп зерделенеді. XIX ғасырдағы тарихи дамудың елеулі арнасы болған мұсылмандық ағартушылық мұраттар сол дәуірдегі тарихи алғышарттарымен сабақтастықта танылып, көркемдік өріс түзуі фактісінде нақтылы зерттеуге тартылады. Саяси қысымдар бел алған кезеңдердегі мәселенің танылу фактісі, айғақталмай келе жатқан түйткілді мәселелер айналымға тартылып, мүмкіндігінше, сәйкес болжамдар жасалады.

**Кілт сөздер:** исламдық білім, діни дәстүр, әдебиет тарихы, қазақ әдебиеті, ислам ұстанымы.

Әлемдік тәжірибеде сөз өнері тарихының көркемдік даму бағыттарын, жеке шығармашылық тұлға мұрасының жалпыадамзаттың артықшылық, айрықшылықтарын тәптіштеп, түгендеп, ғылыми бағыт түзіп, үздіксіз танып, танытып, игеріп отыру мұраттарындағы үздіксіз зерттеу бағыттары орныққан.

Бір ғасырдан асқан зерттелу тарихында Абай шығармаларына тегіс жайылған дін арқауы туралы кең айтылмауының елеулі себептері болды. Кеңестік идеологиялық жүйе бұл мәселеде ынта танытуға үзілді-кесілді ыңғай берген жоқ. Мәселе саясат, уақыт талабы мүддесінде ұдайы сыңар жақ ұғымдарда «шешім» тауып отыруға мәжбүр болды.

Абай сауаты шамалы дүмше молдаға қаратып бір шумақ өлең шығарды деп, оны тұтас ислам іліміне, ислам ұстанымына қарама-қарсы қою – шығармашылық мазмұны тұтас имандылық тұғырмен бекіген ақынды діни ағартушылық атты атауы суық бағыттан біржола кетіру, арашалап алудың бірден-бір амалы болған сияқты.



Абайдағы дін жайы Абайтану тарихында не дегенде де әу бастан-ақ қозғалып, тереңде шымырлаған баянды ағыстары ұдайы назарда болып келді. Мәселені концептуалды, кешенді, ауқымды зерттеулерде таразылып, талдау ынтасы Абайтанудағы негізді еңбектерде үзілмей, бой көтеріп отырды.

Абай шығармашылығы тұтас сөз жүйесінде ұлттық айрықшылықтары қанық классикалық мұра мәнінде бағаланып, танылды. Бұл ұғымның айқындалып, ажыратылып, түгенделген, бекіген тұрғылары тұрғысында озық өнеге қалыптастырып отырған әлемдік ғылыми мектептердің зерттеу ұстанымдарына қарайлап отырып дамытатын бағыттар таусылды деп айта алмас едік.

Қол созым тұрған өзбек әдбиеттануы, орыс әдебиеттануы ауқымдылығында жеке шығамашылық тұлға мұрасын игеріп, танудағы үздіксіз, тынымсыз жұмыстарға алаңдаулымыз.

Қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі, ықпалды көркемдік кезеңдерді жаңа мазмұнда түгендеуде де Абайға айналып соғып отыру, нақтылы Абайтану мұраттарында тұтастықты түзетіп жеке, арнайы зерттеулер жүргізіп отыруды сабақтастықты дамыту – өзекті.

Қазірде Абайдағы дін жайын нақтылы ғылыми мәнде арнайы зерттеу өзектілігі айқындала түсті. «Діни кітаптарда»: «Библияны», «Құранды» зерттеу, талдау жасап, түсініктемелер жазу ісі орта ғасырда экзегетикалық (діни негіздерді түсіндіру) дәстүрі қалыптасады.

Бұл дәстүр көптеген әдебиеттердің тарихында дамыған. Мысалы, грузин әдебиетінің X-XII ғасырларындағы дамуы осы экзегетикалық дәстүрмен байланысты [1, 199].

Бұл тұрғыда қазақ әдебиетінің даму тарихындағы исламдық арқаулардың шығармашылық үдерісте орнығу мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында тұтас, хронологиялық жүйедегі кешенді ғылыми бағытта арнайы зерттелмеді.

Осы ауқымда, принципті зерттеу міндеттерінде жеке шығармашылық тұлға, соның ішінде классикалық мұра жасаған Абай ақындығын экзегетикалық дәстүр ауқымында арнайы зерттеу – өзекті.

Абайтану тарихында Абайға дін жайы әр кезең, әр қилы бағытта қозғалып отырды.

1922 жылғы Абай өлеңдерінің Ташкент басылымына қатысты «Ақ жол» газетінің бірнеше номерінде мақала жазған ғалым Ғабдрахмен Сағди Абайдағы дін жайына қатысты қадап айтқан пікірде таратып алып кететін болжамдар болды.

1886 жылдарда Абайдың үгіті дүние, тұрмыс үшін болса, енді Алла, ахрет үшін болуға айналады. Абайдың бұл жылдан соңғы өлеңдерінде Толстой сықылды адамдардың жазған сөздерінің ізі көріне бастайды. Абай өмірінің бұл бөлімінде, шынында, қазақ халқына діни жол басшылық сипатын көрсетеді. «Ол туралы» деген өлеңдері соған куә. Солай қылып Абай 1895 жылда «Халиққа мақұлық жете алмайды, оймен білген нәрсеміз бәрі дәһрі» – дейді. Әм Алла туралы: «Сонда да оны ойлаймай қоя алмаймын» әм «Және оған қайтпақсың, оны ойлаймай өзге мақсат ақылға тола ма екен» – деп өзінің енді Аллаға мықтап берілгендігін аңғартады» [2, 141].

XX ғасырдың 20 жылдарында-ақ құрсауын мығымдай бастаған идеологиялық саясаттың көлеңкесі көлейлеген тұстары байқалғанына қарамастан мақалада мәселе нақты аталған.

Автор Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңдеріндегі ақынның дінге ынтасына барлау жасайды. Ақынның шығармашылық ғұмырбаянын кезеңге орай ұғынудың жөн-жосығын меңзейді. Соңғы жартысында (айрықша соңғы 70-80 жылдарында) Алла әм ахрет туралы терең ойларға кететіндігі. Яғни Абай өлеңдерінің табиғаты енді діни пікірлермен мазмұндалатыны өлеңдерінде мұсылманшылық дүниесіндегі сопылық әсері болмағандығы туралы әр тарапта жетілдірілуі тиіс маңызды, мазмұнды болжамдарға барған.

Бұл мәселеге түбегейлі мәнінде Мұхтар Әуезов әр жылдардағы Абайтанудағы еңбектерінде кең ойлар, нақтылы байламдар қосып отырған.

Әдеби мұрадағы экзегетикалық дәстүрдің орнығу, жайылу үдерісін қадалып, арнайы жеке, жинақтап жүйелеп негіздеуге заманы қабақ танытпаған Мұхтар Әуезов тек Абай шығармашылығы емес, тұтас қазақ әдебиетінің даму тарихындағы дін өзегін айнытпай назарда ұстап өткен.

Қазақ әдебиеті тарихына қатысты 20 жылдардың басында жазылған мақаларында, зар заман ағымын ғылыми негіздеп, әдебиет тарихында орнықтыруында Мұхтар Әуезов әдеби дамудағы зор діни ықпалды көлденең тастап отырудан тайқымайды. Бұл үрдістің қазақ сөз өнерінің жанрлық, мазмұндық, стильдік, түршілдік бағыттарындағы, жазба дәстүр айрықшылығындағы елеулі көркемдік, рухани, әлеуметтік ықпалын ұғынбайынша әдеби мұраны тұтастықта танып игерудің мүмкіндігі шектеулі болатындығына қарайлап, меңзеп отырудан танбайды.

М.Әуезовтің мына ойларының маңызды жазба дәстүрдегі исламдық, шығыстық арқауларға қарата айтуымен де мәндес. Жазба әдебиет орыс әдебиеті ықпалында, Ыбырай Алтынсарыұлы мен Абай шығармашылығы негізінде туып, қалыптасты деуге бейім тұрған саяси жалтақтыққа илігуге болмайтындығын әу бастан ескерту. Кейінде, сыңаржақ тоқтамдар аксиомаға айналған тұстарда әр сөзі мыңдаған жылдардың салмағын көтерген М.Әуезовтің мәселеге қатысты пайымы қамауда жатты.

Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасак, үлкен адасқандық болады.

Қазақтың жазба әдебиеті Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсауымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды [2, 103].

Кейінде діни бағыттағы болып танылып, айыпталған зар заман ақындарының мұрасы Абайдың алдындағы ақындық ықпалды мектептің бірі болғандығын мығым ғылыми ұстанымда 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» еңбегіне енген «Зар заман ақындары» зерттеуінде бекіткен Мұхтар Әуезов 20 жылдарда бұл жөнде ғылыми жүйелі, батыл болжамдарға барады. Кейін жазба әдебиет әдеби үдерісте айқын бір бағыт пайда болғанда туатындығы тұрғысында зар заман дәуірлеріне орайластыра тоқтамдар жасайтын М.Әуезов мәселенің Абайға қатыстылығында басы ашық ұстанымдары бар екендігін ілгеріде де қадап айтқан.

Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, һәм Нарманбеттерді алу керек [2, 104].

Одан бері де жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. М.Әуезов осы мақалада әдеби дамудағы зар заман ақындары шығармашылығын ортақ сарын, ортақ күй, ыңғайлас желілерде алады. Көкейде діни ағартушылықтың да тұрғаны айқын.

Отаршылдық, қазақты діннен айыра бастаған уақыт, қазақты патша саясаты билеп алған, бағындырып, қол-аяғын байлап алған уақыттың сипаттамасын жасайды. Қазақты зар-шер, қайғы басып, көңілінің жабығуын, еркеліктен арылғанын, ойын уайым торлағанын айту Абайдан ілгеріден басталғанын арнайы сөз жасайды. Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы

әдебиеттегі, тарихтағы дәуір ақиқаты түскен зор шығарма екендігін бекіте сөйлейді. Бұл өлеңде барлығы қамтылып, айтылды, қазақтың өзара берекесіздігі, мінез құбылысы, дәстүрден кетуі, дінін жоғалтқандығы, жастары азып бара жатқандығы тұтас түсті деп бағалайды.

Абай шығармашылығындағы жаңа беталыстың осындай алғышарттары болғандығын тек Абайдағы озық поэтикалық үрдісті айрықшалау, еселей түсу үшін ғана айтпағандығын байқасақ керек.

Абайдағы діни ағартушылық мұраттарды ә дегенде батыл, басым айтқан М.Әуезов кейінірек қайсыбір заман талабы ыңғайында ойды тасалап, бүркемелеп келтіргенімен, әу бастағы мығым ұстанымдарынан еш бас тартпағандығы, тайқымай, табандылықпен ұрпақ жадына Абайды шығармашылық тұтастықта сіңіріп, танытқаны – кенже дамыған қазақ әдебиеттану ғылымының зор олжасы.

Абайдың XIX ғасырда әлемдік деңгейде жанданып, жаңа бағыт түзген мұсылмандық ағартушылықпен сабақтасқан классикалық мұрасы бірғасырдан астам уақытта осы мәселеде басты негіздерінде зерттеліп, түгесілуінде елеулі тойтарыстарға тап болып отырды.

Мұхтар Әуезовтің Абайды тану, танытудағы сарқыла жасаған ғұмырлық еңбегінде тек дін негіздерімен сабақтас тоқтам-тұжырымдардың өзі елеулі ғылыми арна. Замана, кезең қысымы, төбеден тажалдай төнген, қақпайлауларға қарамастан Мұхтар Әуезовтің Абай мұрасындағы мұсылмандық мұраттар негізі тұрғысында қотара көтеріп, қопарып айтатын мығым таным негіздерін жүйелеп кеткендігін қазіргі абайтануда Мекемтас Мырзахметұлы үздіксіз әр қырынан ұрпаққа ұсынып келеді.

Елуінші жылдардың басында абайтану тағы қақпайланды. М.Әуезовтің тағы көрмеген құқайы қалмағандай ауыр бір уақыттары бастан өтті. Ғұлама Әуезов қазақ университетінде үздіксіз жүргізген «абайтану» арнаулы курсында қағазға түспеген қанша құнды тоқтамдар айтылғанын, қолжазба қоймаларында қалған қойын дәптерлердегі қысқа қайырылған тұжырымдарда нендей маңыз қалғандығын да Әуезовтің қазақ әдебиеті тарихын түзуде Абай және мұсылмандық ағартушылық атты іргелі ғылыми бағыттың мән-маңызын әр кезеңде де ойдан таса қылмай қорғаштап, қорғап, жетілдіріп негіздегенін тани түсеміз.

XIX ғасырдағы мұсылмандық ағартушылықтың екпіні қазақ даласында да елеулі ықпалды рухани күрес орнықтырды. Ел

ішінде Шығыс әдебиеті үлгілерінің кең тарау фактілері де ұзақ уақыттар бойы кертартпалық пен көрсөкырлықтың деңгейінде ғана, айыпталып қана айтылады. Мұхтар Әуезовтің мыңмен жалғыз алысқандай Абайдың дінін апаттан алып өтуі – сол жалпыадамзаттық ауқымдағы атамзаманнан дәстүр үзбеген ислам құндылықтары жолындағы күрес мүддесіне кемелдік өрісте қызмет қылғандығы. Кезең ыңғайында үстем ұлттың көңілі қалайтын сөз айтқан тұстарында да мәселені әріден тартып, күн тәртібіне қойып отырды.

1945-1946 оқу жылында Қазақ мемлекеттік университетінде оқыған «Абайтану» (лекция) дәрісінде Әуезов Абайдың Шығысқа қатысын беріден қайырып, соншалықты мәнді болмағандай немкеттілікпен айтқандай болып отырып мұсылмандық ағартушылық бағыт өкілдерін атап береді.

«Шығыста да батыстың қысымына қарсы қозғалыс болған. Бұл ескі режимді қайта құру негізінде болды. Дінді қолдарына ту етіп ұстады. Европаның өнерінен қашпау керек, бірақ алғанда исламды күшейту үшін алу керек деді.

Мысырдан Мұхамбет Ғабдықу шықты. Бірнеше медреселер болды. Мұсылманшылықтың логика, философиясын оқыды» [3, 38].

Осында тәрбиені ескі медреседен алған, өз бетімен көп білім іздеген, араб, парсы тарихынан көп жаңа дерек тауып, жазған деп татардан шыққан Маржаниды айтады. Бұратана жұрттың дін ағартушылары тұрғысында бұл фактілер кейінгі кезеңде ғылыми жаңа бағыттарда толымды, негізді зерттеулерге ұласуда.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде Дихан Қамзабекұлының XIX ғасырдағы мұсылмандық ағартушылық жөніндегі қисындары назар аударады [4]. Қазақ жерінде қайта өрлеген XIX ғасырдағы діни ағартушылықтың мәселесі XX ғасыр басындағы әдеби дамуды зерттеуде Бейсембай Кенжебаев еңбектерінде «діни ағартушы ақындар» атауымен ғылыми айналымда болды.

Бұл жерде жинақтары XX ғасыр басында жарық көргендігі фактісінде ғана XIX ғасырда жасаған ақындар мұрасы XX ғасыр әдебиетінің «еншісі» болып кеткендігін ескеруіміз керек [5].

Ресей мұсылмандарының діни ағартушылық бағыттағы қайраткерлік еңбегіне зер салуда Тұрсын Жұртбайдың Ш.Маржани туралы «Шаһабутдин Маржани және оның қазақ ой-санасына ықпалы» атты мақаласындағы тоқтамдар елеулі [6].

Автор мақалада Маржани тұлғасына тарихи мәнде тоқтала отырып қазақ оянушылығындағы ықпалына деп қоюдың түп-тамыр, тереңдерін тану қисындарын қадау-қадау жүйемен орнықтырды.

«Шаһабутдин Маржани – исі мұсылман қауымы мен түркі жұрты әлемінің танымы мен ойлау жүйесіне өзгеріс әкелген ғалами ғұлама. Оның ілімі Абайдың көркемдік танымының тамырына нәр, ойына қуат, өнеріне өріс берді. Сондықтан да Шаһабутдин Маржаниді қазақ ұлтының ұлттық идеясының уызын ұйытқан ой мәйегінің иесі, ұлт ұстазы ретінде қабылдау – «мәңгілік ел» идеясын мұрат тұтқан қауым үшін «өткендерге салауат, ұрпақтарға аманат» болып табылады. Оның осы аттас «Өсиет кітабы» ХІХ ғасырдағы мұсылман мен түркі әлемінің танымдық және тарихи жадын аударып төңкеріп жаңғыртқан, рухани және ұлттық сана азаттығы бағытын қалыптастырған жадидтік – құбылысты тұлға. Өкінішке орай, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде ислам әлемін қадыми ғұрып пен ұлттық тұйықталудың тылсымынан жол тауып шығарған, Абай арқылы сүзіліп кеп біртұтас Алаш идеясының қалыптасуына негіз қалаған жадидтік ғұламалар мен дін, ұлт қайраткерлерінің ілімінен қазіргі қазақ қауымы қалыс қалып келеді. Соның салдарынан ислами ақиқаттың, яғни «Пайғамбардың ақ жолы» бұрмаланып, исі мүсілімнің тұтас танымын суыртпақтала сөгіліп, түсі оңып кетіп жатыр» [6, 28].

Мұсылман ағартушылығы мәселесінде Д.Қамзабекұлы түбегейлі түйткілдерді түп-тереңінен ақтарып зерделеуге ден қояды. Зерттеуші мұсылман ағартушылығының қазақ даласына жайылу жолдарын саралауында төте жол Мысырдан, екінші жол – Түркиядан, үшінші жол – Қазан, Бақшасарай тараптарынан тартылған дейді.

Мысырлық Мұхамед Абдо туралы зерттеуші ұсынған деректер бұл дін ағартушысын әу баста Мұхтар Әуезов атап айтқандығы, Әуезовтің осы бір түбегейлі бұлтартпас фактілерге, қисындарға ХХ ғасырдың басында-ақ шұқшия қарағанын танытады. Әуезов 20 жылдарда атап айтатын Махмұд Ғабдук осы – Мұхамед Абдо.

Исмаил Гаспыралы айрықша серпін берген «усул-и жәдит» тұрғысында да кейінгі кезеңде елеулі зерттеулер жасалуда [7,8,9,10 т.б.].

Мұсылмандық діни ағартушылықтың күрделі рухани-саяси текетіретірі жағдайында жайылып, ықпалды жаңғыру әлеуетін қалыптастыру фактісі жан-жақты қамтып қарастырылуы қажет факторлардың аз емес екендігін көрсетеді.

«Қазақ даласын отарлаған патша үкіметі отарын мықтап бекітіп алғаннан кейін үнемі мылтық күшін жұмсай берген жоқ. Бір жағынан әскермен қорқытса, екінші жағынан үгітпен көтеруге кірісті [11].

С.Мұқанов қазақты ұйытып ұстау мақсатында патша үкіметі Ресейдегі ислам дінін ұстанған татар, башқұрт елдерінің тәжірибесімен әуелде қазаққа исламды кең таратуды көздегенін; кейіндеу шоқындыру саясатын да ойластырғанын кеңіте баяндап береді.

«Молдаларға патша үкіметі үш түрлі міндет жүктеді: 1) Хан ордасында патшалық жұмысын атқару; 2) Тыңшылық ісін басқарып, қазақ арасындағы патшаға қарсылықты үкіметке жасырын жеткізіп тұру; 3) мешіт салдырып, дін үйретіп, халықты патшаға қарсы болмауға үндеу.

Осы мақсатпен тараған татар молдалары арқылы салынған мешіттердің қасында 1782 жылы медреселер болсын деген патша үкіметінің жарлығы шықты. Сонымен қазақ ауылына ескіше оқу ең алғаш кіре бастады. Сол кезден бастап, қазақтан қадымша хат танушылар шықты [11, 27].

XIX ғасырдағы қазақ жерінде жаңа серпінмен жаңарған мұсылмандық ағартушылықтың күшейе түсу себебінің бірі Ресей үкіметінің тұрғылықты жұртты христиан дініне тарау жолындағы миссионерлік ұстанымымен де сабақтастықта.

«Бергін келе, қазақ даласы көніп болғасын, 1868 жылдың штаты шығып қазақ даласы шын мағынасындағы отарға көшкесін, патша үкіметі өзінің көптен құрып жүрген «Қазақты крестьян дініне шоқындыру» деген жобасын қолға ала бастады. Миссионерлікті (шоқындыру саясатын) жедел қолға алды. Мұндай ойы – қазақ елінің ұлттығын, дінін, тілін жойып, өз қол астына ерлік меңгеріп, бұрынғыдан да қаттырақ тонау еді. Осы ниетпен қазақ арасына орысша-қазақша оқуды аралас оқытқан мектептер құруға кірісті. Қазақша дегенде, әрине, ол кезде қазақ тілінде оқу жоқ. Қазақ тілі дегені – татар, араб, парсы, өзбектен қосылған, түрлі атпен аталған жабыр тіл» [11, 27].

Бұл тұстағы шоқындыру саясаты, дін жайы, муфтилік туралы М.Әуезов еңбектерінде, Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарында кейіннен М.Мырзахметов, т.б. мәселе бағытында зерттеулер жасаған ғалымдар еңбектерінде айтылып отырды. XIX ғасырдағы қилы қоғамдық әлеуметтік құбылыстар шалғайда жатқандығына қарамастан, Ресей патша үкіметінің Сібір аймағына жатқызылған Орталық, Солтүстік Шығыс өңірлерді де батыл баурап алған болатын.

М.Әуезов «диуан» атауында Қожа Ахмет Йассауи поэзиясын, тұспал, бернелеу, жұмбақтау тұрғысында сопылық поэзия айырмашылықтарын меңзейді. «Қор болды жанымның» қазақ елеңінен ұзап кеткен айрықшылығын қадап айтады.



Кейінгі кезеңде ғана қазақ әдебиеттануында кең зерттеле бастаған шығыстық, діни негіздер жөнін М.Әуезовтің әу бастан-ақ, сол бір жиырмасыншы ғасыр басында біліп, түйсінгені анық.

«Қожа Ахмет Йассаудің ақындық әлемі» атты монографиялық зерттеуінде Айнұр Әбдірәсілқызы түркі халықтарының діни поэзиясының түп-төркін, поэтикалық, жанрлық айырмашылықтары туралы таным түзу бағытындағы мол мағлұматтарды айналымға тартады. Абай ақындығындағы Шығыстық айқын белгілерді М.Әуезовше өзегіне түсе зерттеу де осы мәнде және бір жаңғырады.

«Қожа Ахмет Йассауи негізін салған хикмет жанры Орта Азиядағы түркі халықтары діни поэзиясының бастауы әрі негізгі жанры болып табылады. «Түркі тілді діни поэзия» дегеніміздің өзі сопылық поэзия болып табылатындықтан, тек йассауи жолының ғана емес, нақшабанди тарихатының түркі тілді өкілдері де хикмет жанрымен жырлауды үрдіс етіп алды. Діни бағыттың бүкіл ортағасырлық поэзиядағы басты бағыт болып саналатынын, ал «түркі халықтарының лирикалық поэзиясы сопылық поэзия негізінде туынғанын (А.Бомбичи)» ескерсек, көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев атап көрсеткендей, Әлішер Науаиге дейінгі Орта Азиядағы ақындық мектеп – Қожа Ахмет Йасауи мектебі болғанына көзіміз жете түседі» [14, 121].

Абай мұрасындағы діни ағартушылық бағытты қарастыру жөндерінде мәселенің тарихи алғышарттары; ақындық дәстүр сабақтастығы (негізгі сарын, поэтикалық өлшем үлгілер); дара шығармашылық әлеует ескеріліп отыруында мәселенің ортағасырлық түркі поэзиясы дәстүрі ауқымында ашылу өрісі кеңістік түзген, кең ғылыми алқап деп үзілді-кесілді тауысып айта алмаймыз. Әсіресе осы бір тұста зерттеуді күтіп жатқан, қарасы қалың құбылыстар бар.

Қорыта айтқанда, Абайдың ақындық мұрасын діни негіздер жөнінде зерттеу бағыттарында мұсылмандық діни ағартушылықтың бастапқы дәуірлерінен Абай тұсына шейінгі ұстаным, тәжірибеге асырылу фактілері назарға тұтас алынып отыруы маңызды. Абай мұрасында мұсылмандық ағартушылықтың елеулі, серпінді бағыттарының түпкі мұраттары мейлінше жатық үйлесімде мазмұн ашты.

Абайдың ақындық мұрасы, қарасөздері – тұтас шығармашылығы дін канондарын түсіндіру мақсатында айқын таным мазмұнында түзілді. Иманның жайы екі сөзінің бірінде қозғалады. Ойы бұзық, бойы бұлғандарды тұқырта сынауында да сол иман жөніне қарай бұру мүддесі алға озып отырады.



Мұхтар Әуезов Абайдың өскен ортасы шығармашылық қалыптасу жолындағы бала кезден орнығып, біртіндеп толыққан шығыстық танымға аса қолайлы орта болғандығын, кейін жақын ұстап, өнер ұштатқан ақын шәкірттерімен ортақтасып та шығыстық, дін негіздерін ұғындыру, дін жолындағы күрес, мұраттарын шыңдау мақсатында талай шығармашылық арналар ашқандығын Абай шығармаларына жекелеп тоқталуында да, Абай өмірбаянын дүркін-дүркін жаңғыртып жазу қажет болғанда да, Абайдың ақын шәкірттері, ақындық мектебі мәселелесінде де жүйелі сабақтастық, бекем өмірлік, тарихи, көркемдік негізде орнықтырды. Кезінде Әуезов діни ағартушылық деп айрықшалауға көлденең көзден тасалап айтқан дін қиссалары, шығыстық негіздер, ақындық кітапхана, ақындық мектеп, ақын шәкірттер сынды мәселелердің барлығында да Абайдың мейлінше толық дін ағартушысы болғандығы жоталанып, мызғмайтын, бұлжымайтын таным түзді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сәтбаева Ш. Экзегетикалық дәстүрге үлес. Кітапта: Ыбырай Алтынсарин тағылым. – Алматы: «Жазушы», 1991, 357 б.
2. Абайды оқы, таңырқа... Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Мырзахметов М. – Алматы: «Ана тілі», 1992, 160б.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістері. – Алматы: «Рауан», 1994, 160 б.
4. Қамзабекұлы Д. Руханият. Алматы: «Қазақпарат», 1997, 258 б.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: «Санат» баспасы, 1997, 350 б.
6. Жұртбай Т. Шаһабутдин Маржани және оның қазақ ой-санасына ықпалы. Жинақта: Әдебиеттану ғылымы және білім беру. Ғылыми-әдістемелік жинақ. Құрастырушылар: Қ.Мәдібаева, А.Әскербекова, А.Абдиманова. Жалпы ред. басқарған: Қ.Мәдібаева. Үшінші кітап. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2019, 322 б.
7. Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Выпуск 1. Москва: Издательская фирма восточная литература. РАН, 1998. С 159.
8. Фазыл Р. Пламенный просветитель. Звезда Востока. 1991, №4. С 103-104.
9. Қалижан У. Діни ағартушылық ағым – ол да бір мектеп: (XIX ғ. екінші жартысындағы діни ағартушылық ағым және оның өнімдері туралы) ақиқат. 1998, №9. Б 58-63.
10. Қыдырәлі Д. Исмаил-бек Ғаспыралы және жәдит мектептері.

«Жас ғалым» - 2005 атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 27-28 сәуір, 2005ж. Тараз, 2005. 1-т. 2- Б 31-35.

11. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: «Атамұра», 2008, 384

12. Мәдібаева Қ., Мүлік Д. Көркем шығармадағы тарихи тұлға. Талдықорған, 2018, 218б.

13. Абай мұражайы қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу мақалалары. Құрастырушы: Байтонова А. Абай мұражайының кітапханасы. – Семей, 2013, 200 б.

14. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йассаудің ақындық әлемі (монография). Алматы, «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007, 264 б.

15. Ахметбекова А. Қожа Ахмет Иассаудің шығармашылығы. филол.ғылым.канд.диссер. А., 1995, 163 б.

## **НАРИМАН НҰРПЕЙІСОВ,**

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ қазақ тілі мен әдебиеті  
кафедрасының аға оқытушысы, филол.ғ.к.

### **ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ**

Төл әдебиетіміздің өткен тарихын, соның ішінде сын тарихын зерттеушілердің көрсетулеріне сүйенсек өткен ғасырдың жиырмамыншы, отызыншы жылдары мұғдарында әдеби зерттеу, сыншыл ойдың темірқазығы болып ұлы ақын, хакім Абай мұрасы тұрады. Отызыншы жылдар – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ұлы ақынның ғылыми өмірбаянын қалыптастыру, жазу үстінде болған жылдары. Сонымен қатар М.Әуезовтен өзге де ақын жазушы, сыншылар кемеңгер Абайдың әдеби мұрасын әр қырынан зерттеуге көңіл бөле бастады.

Бұл дәстүр уақыт өте аз жалғасын тапты, Абайтану ғылымының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан С.Мұқанов, З.Ахметов, А.Нұрқатов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамедханов, Ы.Дүйсенбаев, Ж.Ысмағұлов, М.Мырзахметов, т.б. ондаған ғалымдарды атауға болады.

Абайтану – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы. Бұл жөнінде белгілі ғалым, академик Зәки Ахметов былай деп толғанады: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды» [1, 18].

Абайтану – үздіксіз бақылап, үзіліссіз еңбектенуді қалайтын, күннен-күнге, жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан сала. Осындай әрі қиын, әрі күрделі салада ұзақ жылдар бойы талмай еңбек еткен ғалымның бірі академик Зәки Ахметұлы Ахметов (1928-2002) болды десек қателесе қоймаспыз.

Бұл салада ғалымның еңбектері де сан алуан, солардың ішіндегі басты-бастыларын санамалап айтсақ төмендегідей болып келеді. «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Абай аудармалары орыс әдебиетімен байланыстың бір түрі» (Абай өмірі мен творчествосы, 1954), «Ойшыл, суреткер ақын» (Абай тағылымы. 1986), «Абай ұлы ақын, ағартушы, демократ» (1985), «Абайдың сегіз аяғы» (1964), «Қазақ өлеңін дамытудағы Абайдың рөлі» (1964), «Абай және оның көркемдік дәстүрі» (1978), т.б. 30-дан астам ғылыми-зерттеу еңбектерін атауға болады. Бұлардың біршамасы

орыс тілінде жазылып өзге елдердің де игілігіне айналды, мұның бәрі сол халықтардың Абай шығармашылығымен жете танысуына мүмкіндік бергенін ешқашан естен шығармауымыз қажет. Көп жылдар бойы бұл салада жемісті еңбек етіп ғұмыр кешкен З.Ахметов: «Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп Ахмет Байтұрсынов, Кәкітай Ысқақұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүние жүзі оқырмандарына толық танытып, әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек етеді. М.Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М.Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, М.Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілер, музыка мамандары және басқа ғылым салаларының өкілдерінің еңбектерімен толығы түсті. Абайтану ғылымына С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Тәжібаев, Қ.Мұхамедханов, М.Сильченко, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, Б.Ерзакович, М.Мырзахметов, Ғ.Есімов, Ж.Ысмағұлов т.б. ғалымдар салмақты үлес қосты» [2, 24] дейді, осылайша ғалымның өзі атап көрсеткендей, өткен ғасырдың алғашқы кезеңінде басталған бұл ғылым үздіксіз дамып, зерттеліп, кемелденіп келе жатқаны қуантады.

Көп жылдар бойы тынбай, үздіксіз ізденіп еңбек еткен әйгілі ғалым өзінің көптеген зерттеу еңбектерінде абайтанудың күрделі-күрделі дейтін мәселелеріне тереңдеп барды, шындап ден қойды. Әсіресе Абай еңбектерінің рухани нәр алған, қайнар көзі болған жайттарға, сондай-ақ ақын мұраларындағы өлең өнерінің әлеуметтік мәніне тереңдеп барды.

Профессор З.Ахметовтың зерттеу объектілері өте мол, соның ішінде абайтану ғылымы да орасан зор орын алады. Осы

абайтану ғылымының өзі жан-жақты, кең ауқымда екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан да біз бүгінгі айтар ойымыздың денін ғалымның: «Абайдың ақындық әлемі» [3] туралы айтқан ойларымен ғана пікір сабақтап, талдау жүргізуді мақсат еттік, себебі бір ғана ғылыми мақаланың көлемінде зерттеушінің барлық абайтануға қосқан қомақты үлесін айтып жеткізу мүмкін емес.

Академик Ахметов абайдың ақындық әлемінің темірқазығы етіп бірнеше кезеңді атап көрсетеді, атап айтқанда, «Абайтану белестері», «Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты», «Әлеуметтік әуендері», «Сыншылдық та шыншылдық», «Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар», «Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты», «Ақындық өнермен ән-күй туралы толғаныстар» және «Поэмалардың сыр-сипаты», «Қарасөздер – тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері» жайын да қамтып, байыпты, бағдарламалық пікірлер, сараптаулар айтады. «Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия», - деп пікір сабақтаған ғалым одан әрі: «Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абайдың ақындық әлемі деп соны айтамыз», - деген анықтама қағида айтады [3, 3].

Хакім Абайдың ақындық әлеміне барар баспалдақта зерттеуші «Абайтану белестері» жайында да салмақты тұжырымдар жасайды. «Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алдымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың мақалаларын ауызға аламыз. А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп Абайды аса жоғары бағалады», - деп абайтану тарихының тұма бұлағында тұрған ұлт көсемдерінің үлгілі әрекеттерін атап көрсетеді. Одан әрі ақынның 1909 жылы шыққан алғашқы жинағының тарихи маңызын, осы жинаққа кірген Абай өмірбаянын жазушы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевты, ақын шығармаларының шын мәніндегі жанашыры, бірегей жинаушысы Мүрсейіт Бікеұлы қолжазбаларының тарихи мәніне назар аударады. З.Ахметов зерттеуіндегі абайтану тарихының М.Дулатовқа қатысты айтылған келесі пікірлер де қызғылықты. XX ғасыр басындағы ұлттық ояну дәуіріне «Оян, қазақ» деген атоймен үн қосқан

қайраткер жайында: «Міржақып Дулатовтың 1914 жылы жазған «Абай» атты мақаласындағы төмендегі сөздер көңіл қоярлық: «1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастырушыға, ешкімге рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», – дейді. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады...», – деп жазды. Бұл жазбалардан тұнып тұрған тарихты, ұлы тұлғалар арасындағы рухани байланысты қапысыз аңғарасың. Өкініші сол ұлы «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп соққан үлкен жүрек соғуын шілде айында тоқтатты, ұлы тұлғалардың кездесуіне, сыр алысуына осылайша «нәсіп болмады».

З.Ахметов Абайдың ақындық әлемінен ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойларды іздеді. «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық, үзілмес желісінің біріне айналды», – деп [3, 86] бүгінгі дәуір рухымен үндес ойларды өрбітеді.

Ұлы ақын мұраларындағы басты қасиет, ерекше құбылыстың бірі сыншылдық сарындары, қара қылды қақ жарып айтатын шыншылдық. З.Ахметов ақын әлеміндегі осы құбылысты «Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шыншыл да терең. ...бұл ерекшелік Абайдың өмірді суреттеушілік тәсілін жаңаша қалыптастырды, әдебиетте сыншылдық бағытты орнықтырды, мұның бәрі сайып келгенде, қазақ әдебиетінде реалистік, сыншыл реалистік көркемдік әдістің туып, қалыптасуы еді. Абай әдебиетке әкелген аса зор жаңа сапалық өзгерістердің бірі және негізгісі – осы дейміз», – деп түсінді [3, 74]. Шынында да сыншыл да сыршыл Абай қазақ поэзиясындағы бұл құбылысты биік деңгейге көтерді және осы мектептің басында тұрды. Уақыт өте келе бұл мектеп алаш ұранды әдебиет көшін жалғастырды.

Ғалым З. Ахметов ақын шығармашылығындағы ерекше орын алатын әлемнің бірі ретінде ақындық өнер мен ән-күй толғаныстар туралы тереңдеп барды. Бұл заңды құбылыс, ақын мұраларын сөз еткенде ерекше орын алатын сала. «Абай қазақ жұртшылығы

алдында ақындық өнердің мүлде жаңа, соны жолын ашу мәселесін өзінің міндеті деп санады», - деп түсінетін зерттеуші өз ойын одан әрі былай деп жалғастырды: «Сөз өнерінің ұлы суреткері ретінде Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада: ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдында жаңа міндеттер қоятынын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілек-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендікпен сезе білді, және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған жаңа ақындық өнердің дәйекті күрескері болды, жыршының, ақынның өмір шындығын жаңа көзқараспен реалистік әдіспен терең бейнелеу керектігін паш етті. «Өлең – сөздің патшасы» өлеңінде Абай: «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» – деп, жұршылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етеді» [3, 172]. Абайдың ұлылығы сол қалың қазақ баласын сөз өнерінің құдіретімен-ақ түзеуге болады деп түсінді, сол жолда өлшеусіз еңбек етті, ақынның осы әлемін зерттеуші ғалым қапысыз көрсетіп отыр. ХХІ ғасырға қадам басқан мына заманда тек қана заң жүйесімен, тіпті жазалау жолымен ғана ел түзейміз деп жүрген біздер ойланатын мәселе аз емес сияқты.

Зерттеушінің ақын Абай әлеміндегі бұл құбылысты ертеректе жазған еңбектерінен де кездестірдік, атап айтқанда ғалымның ең бір құнды, монументалды еңбегі болып саналатын «Өлең сөздің теориясы» атты кітабындағы пікірлері де құнды. Ендігі кезекте сол пікірлердің кейбіріне ғана тоқталсақ. «Абай поэзиясы – ұлы ақын өмір сүрген замандағы қоғамдық өмірдің ең күрделі, ең жанды мәселелерін қозғаған. Қазақ топырағында адамгершілік пен әділдікті, еңбекті, өнер мен ғылымды қастерлеген басқа да ақындар аз болған жоқ. Бірақ Абай шығармаларының қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абай поэзиясының ішкі рухы мен көрініс-көркі, сипаты мен сыны бұрын әдебиетте дәл мұндай дәрежеде көрінбеген жарасымды жаңалық танытады. Ақын поэзиясына осындай күш-қуат, көркемдік сәулет беріп тұрған – оның шығармасында қазақ халқының бүкіл өмірінің, әсіресе сол дәуірдегі қоғамдық өмірінің шындығы терең бейнеленуі және оларда әдебиеттегі ұлттық көркем ой, өмір құбылыстарын сөзбен бейнелеу, мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі», – деп түсіндіреді [4, 59].

Бұл айтылған ойлардың тамыры тереңде, кеңес қоғамының

үстемдігі жүріп, ұлттық құндылықтардың қаншамасы тұтқын күйде ғұмыр кешіп, ой ойлаудың өзі Мәскеуден бастау алатын заманда абайтану әлемі арқылы Абайды, поэзия құндылықтарын насихаттауды теориялық тұжырымдармен жеткізе білген ғалым пайымдаулары бүгінгі күні де өз жемісін беріп келеді. Осылайшы мызғымас негізін М.Әуезовтің өзі қалаған абайтану ғылымын өркендету, дәстүрді жаңашылдық негізде жаңғырту бүгінгі күннің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі. Осы жерде ескере кететін бір жайт бар, ол абайтану тарихының да қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешіргендігі, бұл жөнінде абайтану ілімінің негізін салушы Мұхтар Әуезов былай деп баға берген еді: «...Абайды тану жөнінде, жоғарыда айтылғандай, анық жаңашылдық бағыт, мұраттармен қатар ілесе жүрген неше алуан зиянды, кертартпа, қастық пікірлер де болды... Абайды қазақ халқының әдебиет қазынасынан шығарып тастау керек деген сорақылыққа шейін барғандар да болды» [5]. Абайтану ғылымын қалыптастырмақ түгілі ұлы Абайдың өзін де бар қазынасымен бірге тәрк етуге дейін барған кезімізді де еске салатын бұл пікірдің үлкен тарихи маңызы бар, абайтану тарихын жасау да оңай болмағанын тарих осылайша айғақтайды.

Уақыт өте, заман түзеле, ой-санамыз, жаңғырып, жақсы күндерге жетелей бастады. Абай мұрасының жаңаша танылуы мен бағалануына бетбұрыс жасалынды. 1939 жылы академик-жазушы С.Мұқанов «Абай – халық ақыны» деген мақала жазып абайтану тарихында тұрпайы социологиялық көзқарастан арылуға батыл бетбұрыс жасады. Абайтанудың жаңа дәуірі басталды, бұл кезеңдегі еңбектер ішінен ең алдымен М.Әуезовті еске аламыз. Бұл мәселелерді тереңінен танушы ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың әдеби мұрасын жұртшылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы ғалым М.Әуезовтің зерттеулері абайтану тарихында ерекше орында тұрды» деп жазады.

Қорытынды сөзге ойыссақ, Белгілі ғалым С.Қасқабасов: «Абайтану саласында Зәки Ахметов текстологиялық та, теориялық та жұмыстар жазып, Мұхтар Әуезовпен бірлесіп, ұлы ақын шығармаларының канондық мәтінін 2 том етіп 1957 жылы жарыққа шығарды. ...Сонау 1951 жылы жазылған «Лермонтов и Абай» атты еңбегінен басталған Абайға деген құштарлық 1995 жылы «Абайдың ақындық әлемі» атты монографияны дүниеге әкелді», - деп риза көңілмен еске алады [6, 5]. Бұдан түйетініміз филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы



Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Зәки Ахметұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, соның ішінде абайтану ғылымын қалыптастырудағы еңбегі тіпті ерекше. Абайтану ғылымының ақындық әлемін жасап, өткенін ұмыттырмай, кешегі күнін танытып, бүгінгі күні мен болашағын жарқын етуге бар күш-жігерін жұмсап ғұмыр кешкен ғалымның әр ісі, әр еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге, ғибрат мектебі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. А., Қазақстан даму институты. 1999. – 750 б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушы: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. А., Ана тілі. 1998. – 384 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі. 1995. – 310 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., Мектеп. 1973. – 212 б.
5. М.Мырзахметов Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. А., «Ғылым» 1982.
6. Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері. А., Үш қиян. 2003. – 640 б.

**ЕИЛБЕК АБДИМОМЫНОВ,**  
М.Х. Дулати атындағы  
Тараз өңірлік университетінің  
аға оқытушысы

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА  
М. ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ  
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ СИПАТЫ**

М.Әуезов қазақ әдебиетін әлемдік биікке көтерген, өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар бірегей тұлға. Оның шығармашылығы – адамзаттың алтын қазынасына қосылған асыл дүниелер қатарынан мәңгілікке орын тепкен өлмес мұра. Сондықтан, әйгілі жазушының рухани мұраларын танып-білу мен жас ұрпаққа оқытудың маңызы жыл өткен сайын тамырын тереңдетіп келеді.

Бүгінгі таңда еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарының 6В01700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» және 6В02311 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерге ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы оқытылып келеді. Оның жалпы мазмұнында жазушының шығармашылық ғұмырбаяны мен рухани мұралары, «Мұхтартану» аясындағы ғылыми-теориялық, әдістемелік, ақпараттық зерттеу мәліметтерін жан-жақты қамтыған деректер тереңдете оқытылады. Дегенмен, уақыт талабынан туындап отырған жаңаша оқыту мазмұны бойынша бірқатар мәселелер де баршылық. Солардың бірі жоғары оқу орындарындағы М.Әуезовтің шығармашылығын оқытуға арналған білім беру бағдарламасындағы студенттердің оқу пәні бойынша игеруге тиісті білім, білік және дағдының мазмұнындағы ғылыми-әдіснамалық ерекшеліктері мен теориялық негіздерін қайта саралау қажеттігі болып отыр. Бұл өте терең ғылыми-теориялық талдаулар мен заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді эксперимент жұмыстарын жүргізу арқылы практикалық қажеттілігін дәлелдеген кезде ғана оқу үрдісінде қолданысқа енетіндігін анық көрсетіп отыр. Ол үшін ғылыми-әдіснамалық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайтыны белгілі. Әдіснаманы, көптеген ғалымдар, танымның жалпы әдістері туралы ілім, қоғамдық өмірді зерделеудің диалектикалық-материалистік ұстанымдары мен тәсілдеріне негізделген идеялар жиынтығы деп анықтайды. Бұл орайда Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, Б.С. Гершунский, В.Е. Гмурман, В.В. Краевский,

М.Н. Скаткин және басқалардың әдіснамалық еңбектерінің орны ерекше.

Осы уақытқа дейін ғалымдар ғылымдағы әдіснама мәселелерін шешу философиялық және ғылымтану әдебиеттерінде түрліше түсіндіріледі деп пайымдап келді. Бір авторлар әдіснаманы – әдістер туралы ғылым, басқалары – философиялық үдерістер қолданылатын сала, үшінші біреулер - әдіснама тек жалпы емес, сонымен қатар, нақтылы (басқа терминология бойынша – арнаулы) зерттеу әдістерін жинақтауға арналған деп түсіндірді. Жалпы әдіснаманың педагогикалық мәнін ашып көрсету бағытындағы алғашқы тұғырлардың бірі *гносеологиялық* деп аталады. Бұл атау педагогикалық әдіснама ұғымына туыстас «әдіснама» ұғымы ғылыми әдебиетте «гносеология» немесе «таным теориясы» ұғымдарына жақындығымен сипатталады.

Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде 2001 жылғы әдіснамалық семинардың ғылыми мақалалары жинағының алғы сөзінде В.В. Краевский былай деп жазды: «ұсынылған тұғырлардың қалыптан тыс, пікірлердің әралуандығымен бірге, өткен уақыттарда баршаға міндетті идеологиясыз елестету мүмкін емес әдіснама енді мүмкін болды. Осылайша әдіснаманың өз алдына өмір сүруге құқығы туралы ертеректе туындаған ой қолдау тапты» [1, 63-64]. Ал, белгілі әдіскер ғалым М.А. Данилов болса «Әдіснама педагогикалық ақиқатты танудың басты тәсілі» десе әдіснаманы терең зерттеген ғалым М.Н. Скаткин «Әдіснама дегеніміз теориялық негізді анықтау тәсілі» деп көрсетті.

Жоғарыда аталған әдіскер ғалымдардың пікірлерін саралай келгенде «әдіснама» дегеніміз «ғылымды тану жолы» деген мағынаны білдіреді деп айтсақ орынды болмақ. Сондықтан кез келген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізерде оның әдіснамалық ерекшеліктерін баса назарда ұстауымыз қажет. Ғылымдағы әдіснама – философиялық, педагогикалық, психологиялық, жүйелілік, іс-әрекет, аксиологиялық және т.б. болып жіктеліп, өз алдына нақты зерттеу нысаны мен пәнін айқындайтын тұғырлардан тұрады. Осы әдіснамалық тұғырларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізерде барынша тиімді әдістермен жүзеге асыру маңызды. Бұл ретте әрине ең басты мәселе тақырыптың ішкі мазмұны өз мағынасынан айырылып қалмауы тиіс. Қазіргі педагогика ғылымында анықталып отырғандай әдістеменің ең басты бес түрлі каноны бар. Соның екіншісі «мазмұн» деп ерекше атап көрсетілген. Кез келген пәнге байланысты ғылыми-теориялық тұрғыда дәлелденген

жаңашылдықтар оқу үрдісіне енгізілер алдында осы мазмұн мәселесі өз мағынасынан ауытқып, басқаша мәнге ие болмауы жіті қадағалануы қажет. Сондықтан, жоғары оқу орындарында ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын оқытқанда оның рухани мұраларының тақырыптық-идеясы мен мазмұндық ерекшеліктерін жаңаша көзқараста зерделеп, ұтымды тәжірибелерін кәсіби білім беру жүйесінде пайдаланудың маңызы зор.

Өз шығармаларында көтерген тақырыптары мен идеяларының адамзатқа ортақ құндылықтарды қамтыған кемеңгер жазушының туындыларын оқытқанда автордың шығармашылық ғұмырбаянынан кейін жазушылық лабораториясының алғашқы прозалық эволюциясын айқындаған шағын жанрдағы әңгімелерінен бастау орынды. Себебі, болашақ ұлы жазушының адамзаттық ортақ қазынасына айналған алғашқы гуманистік идеялары мен көтерген тақырыптарының мазмұндық даралығы тырнақ алды туындылары болып табылатын әңгімелерінде көрініс берген. Прозалық шығармалардың кіші жанры болып саналатын «әңгіме» жазуға М.Әуезов аса жауапкершілік пен ерекше даярлық жасап келген. Ол үшін жазу өнері кешеуілдеп дамыған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ауызша әңгімелерді саралап оқып, оларды заманға сай түрлендіріп, нақтылап, қоғамдық сұранысқа дәл уақытында жауап бере алатындай етіп жазуды көздеген. Оған жазушының «Қазақ ауыз әдебиетінде тамаша реалистік әңгімелер бар, олардың қайсы біреулері көркем әңгіме, повестерден кем емес. Қазіргі қазақ прозасы солардың дайын үлгісімен, өнегесімен өсіп жетілді» [2, 314] деп пікір білдіруі дәлел. Халық ауыз әдебиетіндегі әңгімелердің қайсыбірінің үлгісі мен мазмұнын алып қарасақ та онда тарихи адамдар мен кейіпкерлер белгілі бір қайраткерлердің төңірегіне топтасып, оқиғаның желісі сол арқылы өрбіп отыратындығын аңғарамыз. Мәселен, Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше, Аяз би т.б. негізгі қайраткер кейіпкерлер. Әңгіме жазба әдебиетімізде жеке жанр ретінде қалыптаса қоймаған ауызша дамыған кездің өзінде адамгершілік, жолдастық, ар-ұят, еңбекқорлық, достық тақырыптарын көтеріп, ел жадында ізгілікті ойлар қалыптасытырып, ертеден ақ тәрбиелік мәнге ие бола білді. Уақыт өте келе ХІХ ғасырдың екінші жартысында әңгіме жаңаша жазу сипатына біртіндеп ауысып Ы.Алтынсариннің «Атымтай жомарт», «Мейірімді бала», «Асыл шөп», «Аурудан аяған күшкітер», «Әке мен бала» т.б. әңгімелеріне ұласты. Ғасырлар бойы қалыптасып, ел жадында ерекше мәнге ие болған көркем әңгімелерді М.Әуезов аса зеректікпен зерделей келіп ХХ

ғасырдың басында өзі де осы жанрға қалам сермеуді жөн деп білді. Нәтижесінде қазақ әңгіме жанрының көркемдік бастауларына назар сала отырып оны әлімсақтан келе жатқан қазақ сөз өнерімен ұштастыра дамытып заманына сай жаңаша мазмұн мен сипатқа көтерді. Сөйтіп, «Көркем әңгімелерді байытудың бір жолы – ежелден келе жатқан қазақ өнері мен әдебиетінің біріне-бірінің ықпалдасуы» [3, 11] деген тұшымды қорытынды жасады.

Жалпы, әңгіменің жанрлық басты ерекшелігі алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, сюжеттік-композициялық құрылысы, кейіпкерлер жүйесі арқылы айқындалады. Онда әдетте бас-яғы жинақы, тиянақты бір ғана оқиға айтылады. Сюжеттік желісі бір арналы, ширақ келіп, тақырыбы мен мақсаты айқын болады. Онда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ-сонар суреттемелер беріп жатуға орын жоқ. Көркем әдебиеттің негізгі шыңының бірі оның көркем бейнелері болып табылады. Сондықтан, әңгімені баяндауда ең алдымен көркем бейнелер туралы сөз болады да алдымен тұлға сипаты айқын көрінеді. Бірлі-жарым кейіпкерлер әрекеті, оның өмірі мен тағдыры арқылы көркем дүние жасалатыны – әңгіменің басты жанрлық ерекшелігі болып табылады. Осы ерекшелікті әңгіме жазушы кез келген қаламгер басты қағида ретінде ұстанады. Классик жазушы М.Әуезов әңгімелерін жазуда осы ұстанымда болған. Оған жазушының 1920-30 жылдары жазған әңгімелерінің көркемдік сипаты мен оқиғалар желісі, кейіпкерлер тағдырлары, замана шындығын суреттеудегі жалпы фабуласы бір-бірінен арналас екендігі дәлел.

Революциядан бұрынғы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық туралы, адамдар арасындағы қым-қиғаш қайшылық, әйел басындағы ауыр хал, айықпас мұң, қайғы хақында жазушы сол XX ғасыр басындағы жемістері «Қорғансыздың күнінен», «Қараш-Қараш оқиғасына» дейінгі екі аралықта жазылған барлық әңгімелерінде баяндалды. Тоғызы жеткен кертартпа әменгерлік салтқа лағнет айтып, өзін зорлап қоспақ болған кәрі шалдан қашып жүріп ақкірпік боранға ұшыраған Рабиға («Қыр суреттері»), сүйген жігіті Исламға қосыла алмай, Жақып болысқа әйел үстіне баруға көнбегені үшін соққыға жығылып, дертке ұшырап, құсадан өлген Ғазиза («Кім кінәлі»), өзі сүймеген кісіге тұрмысқа шығуға үлкендердің күштеуімен амалсыз көніп, соның күйігінен көзі жасқа, көкірегі шерге толған Жәмила («Сөніп-жану»), дүниеқоңыз, безбүйрек ағайынсымағы Иса мен оның «ұрысқақ долы қатыны Қадишаның»

өгейлік тепкісіне төзе алмай жанжалдасып шығып, қараңғы түн ішінде ата-анасының зиратын іздеп келе жатып үрейі ұшып өлген он жасар кішкене Қасым («Жетім»)....Осылардың барлығы да өзара тағдырлас: бірінің бейнесін бірі толықтырып, бірінің мінезін бірі тереңдетіп тұрғандай көрінеді.

Тақырыбы ортақ, сюжеті желілес осы әңгімелердегі ұнамды кейіпкерлерді бір жерге жинасақ, бәрі қосылып «ескілік көлеңкесіндегі» «қорғансыздық» аянышты ауыр халін әр қырынан әсерлі танып қана қоймайды, сол ескіліктің еңбек адамдарын еркінен айырып, қараңғы қапас түнекте тұншықтырған абақты екенін, одан құтылудың жолы біреу-ақ, ол тек қана азаттық айқас екенін аңғартады. Бұл, әрине, шыншыл суреткердің шындықты шынайы суреттеуінің күші деп білген жөн [4, 262]. Осылайша әңгімелерінде жазушы өзара тағдырлас кейіпкерлердің бейнелерін жасай отырып оқырманын адалдыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке, ізгілікке үндейді. Адамдар арасында осындай құндылықтар құлазуға түскен кезде бүкіл ізгіліктік қасиеттер құрдымға кететіндігін ескертеді. Сондықтан, бүгінгі тәуелсіз еліміздің жастарын өз ұлтының рухани құндылықтарын ғана сүйіп, бағалап қоймай бүкіл адамзаттық құндылықтарды қадірлеп, қастерлеуге үйреткеніміз жөн. Себебі, біздің халық «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» (Абай) деген тамыры мен тағлымы терең гуманистік идеяны қалыптастырған елдің ұрпағы.

Бүгінгідей ғылымы мен білімі көз ілеспес жылдақпен өзгеріп, қарыштап дамып келе жатқан әлемде еліміз оқыту үрдісінде көптеген мемлекеттермен ашық интеграцияға түсуде. Нәтижесінде бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде өзінің ойып алар орны бар елге айналуы мақсат етіп қойдық. Бұл ретте еліміздің жоғары оқу орындарының міндеті әлемдік стандарттарға сай білім беруге қабілетті болу керектігі жиі айтылып та, жазылып та жүр. Осы міндеттерді орындау үшін жоғары оқу орындарында әр пәннің жаңаша стандарттары мен білім бағдарламаларына сәйкес оқытылуы маңызды болмақ. Біздің пайымдауымызша, бүгінгі ғылымның дамуы кредиттік оқу жүйесі жағдайында оқу пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері, оқытушы әдістемесі, студенттердің өздігімен үйренуі және бағалау арқылы студенттердің «не білетіндігін», яғни олардың оқу нәтижелерін анықтау қажет. Осы тұрғыдан алғанда бұрынғы тар мағынадағы «біліктілік» термині енді «құзырлылық» ұғымымен алмастырылды. Ал бұл дегеніңіз студенттің кең ауқымды контекст аумағында (рухани-моральдік, философиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси.

т.б.) оқып-үйреніп, өмірдің көлденең тартқан қандайда болмасын проблемаларын шешуге құзырлы болу керек дегенді білдіреді. Мәселе «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясының енді «өмір бойы өздігімен үйрену» ұстанымына өзгеруінде болып отыр. Нәтижеге бағытталу оқу үрдісінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсенділендіретін «оқу» «оқыту» әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу үрдісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады [5, 8]. Осыған орай М.Әуезовтің шығармашылық ғұмырбаяны мен әңгімелерін оқытқанда оқытушы сабақты тұтастай мазмұндаудан аулақ болып студенттердің өз беттерінше көркем шығарманы оқып, талдау арқылы оның идеялық бағыты мен кейіпкерлер бейнесінің табиғатын танып білулеріне бағыт-бағдар беруі қажет. Сабақта оқытушы өз мақсатына жетуде белгілі міндеттер, талаптар қойғаны орынды. Мұнда М.Әуезовтің әлемдік деңгейдегі гуманист жазушы екендігін таныту үшін қаламгердің шығармашылық әлеміне жете мән беріп, оқу бағдарламасына сәйкес ұсынылған әңгімелерінің кейіпкерлер жүйесін, мінез-құлық сипаттары талданады, оған тиісті баға беріледі. Бұл ретте студенттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен өлшемді бағалау жүйесі Бенджамин Блум таксаномиясы бойынша білу, түсіну, қолданудан талдау, синтездеу, бағалауға қарай жоғарылап, құзыреттілігін арттыруға бағытталады. Сондықтан, сабақта қойылған міндеттерді жүзеге асыруда бағалау критерийлері (өлшемдік) алдын ала ойластырылады. Ал сабақта жазушының әңгімелерін оқу бағдарламасында белгіленген күйінде өткізе отырып, студенттерді шығармашылық, сыни ойлауға үйретудің жолдары оқытушының шеберлігіне байланысты болатындығы анық. Себебі, қазіргі таңда білім беру үрдісінде бір емес бернеше түрлі технологиялардың қолданылып келе жатқандығы белгілі. Бір ғана «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының жүзден астам стратегиясының барлығын ескерсек, оқытушы солардың ішіндегі өз тақырыбы мен сабағына тиімдісін таңдап алуы маңызды. Бұл ретте Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» [6, 131] деген пікірін әдебиетті өнер деп бағалаған еліміздің әр оқытушысы есте сақтағаны жөн. Сондықтан, қазіргі педагогика әдістемесінің жаңалықтарын әр пәннің ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Осы жолда білім беру технологиялары оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Әдебиет сабағында сол әдістерді көркем шығармаларды талдағанда қолданудың маңызы ерекше. Көркем шығарма – өнер туындысы, онымен танысуда сөз өнеріне тән көркемдік тәсілдерді талдай отырып, автордың оқырманға айтар ойын, басты идеясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан ашу қажет, ал мұның өзі оқырманның әдеби сауатталығын талап етеді. Сондықтан да, жоғары оқу орындарында М.Әуезов әңгімелерін оқытудың міндеті студенттердің әдеби шығарманы талдау дағдысын қалыптастыра отырып, сыни және шығармашылық ойлауын дамыту болып табылады. Студенттер қаламгердің әр әңгімесін оқып әдеби талдаулар жасағанда ғана оның басты идеясы мен тақырыбын, образдар жүйесіндегі ерекшеліктерін, сюжеттік-композициялық сипатын түсініп оны өмір сүру барысында қолдануларына мүмкіндіктер туады. Ал, М.Әуезов әңгімелеріндегі көтерген негізгі идеялары адамгершілік, әдептілік, ізгілікке назар аудару керектігі секілді гуманистік сипатта жазылғандығымен құнды. Бұл туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым З.Ахметов «Алғашқы әңгімелерінен бастап ақ панасыз, қорғансыз, адамдардың жанашыры болуға ұмтылған, ауыр қайғы-қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін, тебірене жазған М.Әуезов өз творчествосының гуманистік сипатын ерте танытқан» [7, 26] – деп ұлы жазушы шығармаларының гуманистік сипатта жазылғандығын ерекше атап көрсеткен еді.

Қорыта айтқанда, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті, өз елінің және өзге халықтардың мәдениеті мен әдебиетін танып білу арқылы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіріп, креативті ойлай алатын тұлға болып қалыптастыруда М.Әуезовтің әңгімелерін оқытудың маңызы зор болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш.Таубаева. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 350 б.
2. Әуезов М. Шығармалар. 11 том. Алматы, 1964. – 444 б.
3. Ысқақ Б.Ә. «Қазақ әңгімесі: дәстүр және жаңашылдық (XX ғасырдың екінші жартысы) кандидаттық диссертациясы. Павлодар, 2010. – 142 б.



4. М.Әуезов тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.

5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.

6. Ф. Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.

7. Ахметов З. Даналық парасаты // М.Әуезовтің қазақ тілін дамытудағы рөлі. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 1997. – 325 б.

**САЛТАНАТ МҰҚАТАЕВА,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің докторанты,  
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы  
директорының орынбасары

## **М. ӘУЕЗОВ МҰРАЖАЙ-ҮЙІНІҢ РЕЭКСПОЗИЦИЯСЫ**

1961 жылы Мұхтар Әуезов қайтыс болғаннан кейін ҚазКСР Министрлер Кеңесі жазушы есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында оның тұрған үйін мұражай ету туралы Қаулы шығарған (1961 жылы 10 тамызда). 1963 жылы 28-інші қарашада Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйі өзінің алғашқы келушілеріне есігін ашты.

Екі қабаттан тұратын бұл үйде Мұхтар Әуезов өмірінің соңғы он жылын өткізді (1951-1961). Бұл үйдің жобасын жасаған сәулетші Г.Герасимов. Үйде жеті бөлме бар, оның төртеуі – бірінші қабатта, үшеуі – екінші қабатта орналасқан (1, 17 б.).

М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған жаңа көрме залы 1997 жылы салынған. Осы жылы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай күрделі жөндеуден өткен мұражай мен жаңа көрме залының салтанатты ашылуы болады. Осыдан 25 жылдан соң 2022 жылы жазушының 125-жылдық мерейтой қарсаңында көрме залын музейлендіру мақсатында күрделі жөндеу, қайта жаңарту, жаңғырту жұмыстары жүрді.

Музей ісіне жаңаша көзқарастар туындап, заман талабына сай ғылыми-техникалық базаларын нығайту көзделіп, музейлер жүйесінде ақпараттық технологияларды дамыту қолға алынды.

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы цифрлы технологиялардың негізінде музей экспонаттарын ақпараттандыру мәселелерін іс жүзіне асыра бастады. М.Әуезовтің осы күнге дейін ғылыми, әдеби айналымға енген және әлі күнге дейін қолжазба күйінде қалып қойған құнды құжаттарды, тарихи деректерді кеңінен пайдалану мәселесінде барлық мұрағаттың ақпараттық қызметі интеграциялануы маңызды болды. Қор материалдарын компьютерлік жүйелеу, мәліметтерді бір орталықтан ақпараттандыру айналымға енді.

М.Әуезов мұрасы – ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы ұлттық рухани құндылықтар үлгісі. М.Әуезов қазақ прозасы мен драматургиясын әлемдік биікке көтерген ұлы суреткер болумен қатар әдебиеттану, фольклор, тарих, философия, эстетика саласында да аса бай мұра қалдырған.

М.Әуезовтің ғылыми қорында жазушының шығармашылық тұлғасын танытып, қаламгерлік қасиетін жан-жақты ашатын 683 бумада әдеби мол мұрасы: өзінің жазған қолжазбалары, қойын дәптерлері, күнделіктері, көркем туындыларының нұсқалары, хаттары, баяндамалары, әр түрлі жиындарда әр түрлі елдерде сөйлеген сөздері, мақалалары, ғылыми зерттеулері, т.б. сақталған (2).

Осы бай мұра негізінде М. Әуезов мұражай-үйінің көрме залдарына реэкспозициялық жұмыстар жүргізілді.

М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған көрме залдары 2022 жылы жазушының 125-жылдық мерейтойына орай «Қаз Материалдық Мәдениет Ғылыми-Зерттеу Жобалар институты» компаниясының жобасы (авторы Р.А. Кутдусов) мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми-зерттеу тұжырымдамасы негізінде жасалып, жаңа көрмелермен толықты.

Мұражайды реэкспозициялау, музей құндылықтарын жүйелі зерттеу ұлттық сана-сезімді оятуға ықпал етіп, тарихи сананы қалыптастырады.

Музей экспозициясы 6 бөлімнен және галлереядан тұрады.

М. Әуезовтің туған, өскен ортасы, жазушылық жолы, қоғамдық қызметі, шетел сапарлары жөнінде жан-жақты мағлұмат беретін көрме залдары жасақталды.

Бұдан 25 жыл бұрын салынған ғимараттың негізгі жобасын жасаған сәулетші Ш. Матайбековтің шешімі бойынша бұл ғимарат жер астынан жартылай көрініп тұратын етіп салынған. Ғимарат төбесіне Меккедегі Қағба тасы сияқты күмбез орнатылды. Сәулетшінің негізгі идеясы – мұнда келген әрбір көрерменге музей тек қазақ әдебиетінің қасиетті мекені ғана емес, қазақ елінің рухани орны деген ойды меңзейді (3, 26 б.).

«Ұшқан ұя» көрме залы қасиетті Шыңғыстау жерінде дүниеге келген М. Әуезовтің «...Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі» деген сөздерімен ашылады. Көрмеде туған жері «Бөрілінің» суреті берілген.

Экспозиция М. Әуезовтің ататегі шежіресінен басталады. «...Мен 1897 жылы туыпмын. Туған жерім Семей уезіне қараған Тобықты іші. Шыңғыс болысында. Менің аталарым қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақшайыс дейді. Бұл – Арқадағы қожа атаулының барлығы ұран қылатын ең қадірлі, атақты қожа

болса керек...», – дейді жазушы «Өз жайымнан мағлұматында». Көрмеде туған-туыстары туралы мағлұмат берілген. Заманауи Qr код арқылы көрермендер қосымша ақпарат ала алады.

«Білім бастауы» бөлімінде алғашқы оқыған кітаптары: А. Жандыбаев. «Жас ғұмырым» (Қазан, 1907 ж.), «Марзия Шахмахи» (1903 ж.), «Орал бойы – Татар тойы» өлең-әңгіме (Орынбор, 1904 ж.), Батырғалиев. «Әдебиет Қазақия» (Қазан, 1908 ж.), «Сібір Темір жолы». (Орынбор, 1904 ж.), «Маджмуа» журналы (Қазан. 1905 ж.), «Түркі әдебиеті» (1927 ж.), «Қыйсса. Иран-Дастан» (Қазан, 1897 ж.) көрермендер назарына алғаш рет ұсынылып отыр.

Көрмеде 1914 жылы Семейде оқып жүрген қазақ-ноғай балалары бірігіп «Ярыш» футбол командасын құрған кездегі түскен суреті балалық шағының қызықты кездерінен сыр шертеді.

Осы 5 кластық училищеден кейін М.Әуезов Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып, білім алады (1915-1919 жж.). «...1915 жылы городское училищені бітіріп, күзде мұғалімдер семинариясына түстім...», – дейді М.О. Әуезов «Автобиографиясында». Көрмеге В.И. Поповтың, жас Мұхтардың суреті қойылған.

Жазушының шығармашылық жолы 1917 жылдан басталған. Осы жылы Ойқұдықта Абайдың немересі Ақыштың ұзатылу тойына арнап «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны театры жоқ қазақ даласында, киіз үйде алғаш сахналаған болатын. Пьесадағы Еңлік, Таңшолпан мен Қалампыр рөлдерін жігіттер сомдап, Еңлік рөлінде Ахмет Әуезов ойнаған. Пьесаның режиссері әрі суфлері М.Әуезовтің өзі болды. Пьеса сюжетіне ел аузындағы аңыз әңгімені арқау еткен. Көрме витриналарында М. Әуезовтің «Еңлік-Кебектің» араб әрпіндегі 1922 жылы шыққан кітабы, алғаш 1917 жылы «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылған қосарланған киіз үй макеті (қағаз, акварель, картон. Суретші: А.И. Ненашев. 1973 ж.), Мұхтарқызы Мұғамиланың анасы Райханның әшекей бұйымдары; Мұхтарұлы Ернардың әшекейлі тақиясы, қыз баланың әшекейлі тақиясы үкісімен қойылған.

«Есею жылдары» бөлімі. М. Әуезов 1919-1920 жылдары Семей губерниялық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, кейін председатели болды. Ал 1921 жылы ноябрь айында сол кездегі Қазақстан астанасы Орынбор қаласына ауысып, Қазақстан Орталық Комитетінің (КирЦИК) президиум мүшесі ретінде қызмет атқарады. Көрменің осы бір бөлігінде М. Әуезовтің алаш қайраткерлерімен (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Ғабассов, Ж. Аймауытов, А. Байтасов) бірге түскен суреті, құжаттар көшірмелері берілген.

Алғашқы қадамын көсемсөзден бастаған жазушы саҳара өмірінің тарихи әлеуметтік мәселелерін шынайы көрсету үшін көркем әңгімелер жазуға ойысты. «Қорғансыздың күні», «Сөніп жану», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Үйлену», т.б. өмір шындығын суреттеген көптеген әңгімелері жайында музей қонақтары Qr код арқылы мәлімет ала алады.

1922 жылы оқуын жалғастыру мақсатымен Орта Азия мемлекеттік университетінің еркін тыңдаушысы болып бір жылдай Ташкент қаласында болады.

1923 жылдың күзінде білімін жетілдіру мақсатымен жазушы Ленинград университетінің тарих-филология факультетіне ауысады.

В.Н. Ауэзова: «...Мұхтармен Ленинград университетінде таныстық. Біз екеуіміз де 1923 жылы сол университеттің қоғамдық ғылымдар факультетіне, әдебиет-лингвистика бөлімінің славян-орыс секциясына түстік. Ол кезде қазіргі филология факультетінің аты осыншама ұзақ болатын! Біз тек бірінші семестр бойына ғана бірге оқыдық, өйткені ол бір жарым жыл бойы Семейде қызмет етіп, оқудан үзіліс жасады. Мұхтар Ленинград университетіне 1925 жылы күзде ғана қайта оралып, 1928 жылы бітіріп шықты. Мен университетті 1926 жылы бітірдім. ...1928 жылы көктемде Мұхтар Ленинград университетін бітірді де, августе Ташкентке жүріп кеттік. Онда Мұхтар Орта Азия университетінің аспирантурасынан өтті» – деп еске алады. Экспозицияда В.Н. Ауэзованың фотосуреті көрермен назарына ұсынылып отыр.

1924-1925 жылдары М. Әуезов Петроград университетіндегі оқуын үзіп, Семейдегі Қазпедтехникумда, губерниялық партия мектебінде, мұғалімдердің білімін жетілдіру курсына сабақ жүргізген. Экспозицияда М. Әуезов Қазпедтехникумның студенттері, оқытушыларымен түскен фотосуреті қойылып отыр.

М. Әуезов Петроград университетінің студенттік матрикулын 17/IX-1925 жылы алады. Көрмеде матрикул көшірмесі, Петроград мемлекеттік университеті берілген.

М.О. Әуезов 1928-1951 жылдары қолданған сия сауыты, пресспапьесі, көзілдіріктері, жейдеге арналған жең түймелері, 1945 жылғы алтын сағаты (сыртқы бетінде «Жолдас М.О. Әуезовке ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасынан 11/V-1945» деген жазу бар) қойылған.

«Ғылым жолында» бөлімі. 1927 жылы студент М. Әуезов арнайы Алматыға келеді. Бұндағы мақсаты 1916 жылғы Албан көтерілісі мен «Қараш-Қараш оқиғасы» өткен жерлер – Қарқара, Асы, Қараш-Қараш жайлауларын аралап, жер жағдайымен, оқиғаға

қатысы бар куәгерлермен әңгімелесу еді. Жетісу сапарынан олжалы оралған М. Әуезов көп ұзатпай, жеделдете белгілі қос туындысын – «Қилы заман» мен «Қараш-Қараш оқиғасын» жазып шығады.

Экспозицияда фотосуреттер, жазушының туындылары жайлы мәліметтер берілген.

М. Әуезов 1928 жылы Ленинград университетін бітірісімен Ташкентке қайтып келіп, 1929 жылы САКУ-дің тюркология кафедрасы бойынша шығыс факультеті аспирантурасына қабылданады.

Көрмеге М. Әуезовтің жұбайы Валентина Николаевнаға Үндістаннан арнайы әкелген шарфысы, әжесінен келе жатқан түйрегіш-камеясы, Мұхтар костюмі, шляпасы, таяғы, қолшатыры, екеуінің фотосуреттері қойылып отыр.

Сондай-ақ, заманауи тач-экран қойылған. Ол арқылы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы қорындағы қолжазбалар, құжаттар, фотосуреттер, деректер жөнінде толық мағлұматтар ала алады.

Көрмеге 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» кітабының араб әрпіндегі басылымы қойылған.

1929 жылы М. Әуезов Қырхалағарком қарамағындағы қырғыздың «Манас» эпосының қолжазба материалдарымен танысу үшін Фрунзе (Бішкек) қаласына ғылыми іс-сапарға шығады.

Мұхтар Әуезов қырғыздың фольклорын, көне әдеби ескерткіштерін, ұлы эпос «Манасын» зерттеді. САКУ-дің шығыстану факультетінің аспиранты кезінде жетекшісі М.Ф. Гавриловтың тапсырмасымен шағатай, әзербайжан, түрік әдебиетін оқу үшін парсы, араб тілдерін үйренген... Ғылыми жетекшісінің фотосуреті беріліп отыр.

«Жолсыз жаза» бөлімі. 1930 жылдың 17-қыркүйегінде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспиранты М. Әуезов тұтқынға алынып, тергеу жұмыстарын жүргізу үшін жедел Алматыға жөнелтіледі. 1930 жылдың 8 қазаны күні тергеу басталады.

Экспозицияда жазушының абақты кезеңінен көрініс беретін «Жолсыз жаза» деп аталатын бөлім жасалған. Онда жазушы түрме қабырғасында жалғыз, басына түскен қиындыққа қарамастан, мойымай, өзінің жазуынан қол үзбегендігі, бостандық таңы ататындығына сенімі мол болғандығы үстел үстіндегі хаттар, қағаз, қарындаштарымен де көрсетіліп отыр. Ол жөнінде жазушының қызы Мұғамиланың естелігінен үзінді, отбасы және А. Шикібаевтың бірге түскен фотосы берілген.

1932 жылдың 20 сәуірінде бір жыл жеті ай абақтыда отырған М. Әуезов босап шығады.

«Ұстаз ұлағаты» бөлімі. Бұдан кейін жазушы 1932 жылдан қазақ драма театрының әдеби бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. М. Әуезовтің көркем әдебиетке сіңірген мол еңбегінің бір саласы – оның пьесалары. Жалпы саны жиырмадан астам пьеса жазды. Олар: «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Қобыланды», «Абай», «Түнгі сарын», «Хан Кене», «Сын сағатта», «Бекет», т.б. пьесалары.

1934 жылы «Қалқаман-Мамыр» спектаклінің либреттосын жазды. Бұл қазақтың тұңғыш балеттік қойылымы еді. Қазақ әдебиетінде драматургия жанрының туып, қалыптасуы, театр өнерінің өсіп өркендеу кезеңдері М. Әуезов есімімен тығыз байланысты. Көрмеде М. Әуезовтің театр әртістерімен және алғашқы қазақ балеті «Қалқаман-Мамырдың» шығармашылық тобымен (1938) бірге түскен суреті, афишалар берілген.

1936 жылы М. Әуезовтің аударуымен Н.В. Гогольдің «Ревизор» пьесасы қойылды.

1934-1961 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс істеді, қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы, Орта Азия республикалары әдебиеттерінің тарихы бойынша лекциялар оқыған.

Оған қоса Қазақ педагогикалық институтында қазақ фольклоры курсы бойынша лекция оқып, аспиранттар даярлау ісіне жетекшілік етті. Содан өмірінің соңына дейін педагогикалық қызметтен қол үзген жоқ.

Көрмеге М. Әуезовтің ұзақ жылдар ұстаған былғары портфелі қойылып отыр.

Келесі бөлім Алаш арыстарына арналады. Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан біз әлі ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз...

Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатқан ескерткіш – мәңгілік ескерткіш...», – деген сөздерімен ашылады. Қабырғаларда Алаш арыстарының фотосуреттері қойылған.

Ш. Құдайбердіұлының фотосуреті көрмеге беріліп отыр. 1949 жылы Балтақай Толғамбаев Шәукенді алып Алматыға келген. М. Әуезовтің үйінде он күндей қонақ болған. Сол жолы Шәукен: «Мен 31-жылы НКВД-ның үйін күзетіп, отын жаққамын. Сонда пешке жағуға берген қағаздың арасынан көріп, тығып қойдым.

Бұл Шәкәрім қажының суреті» деп ымдап түсіндірген. Шәкәрім Құдайбердиевтің фотосуретінің сақталып қалуының сыры осындай (4).

«Сол кезде Шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым – Шәкәрім!», – дейді жазушы М. Әуезов.

Осы көрме залындағы ерекше жәдігерлердің бірі Шәкәрім тасы. Бұнда «...1894 жылы мен құдық қаздым Шәкәрім» деген араб әрпімен жазылған жазу бар.

Сондай-ақ, көрмеде Қырғыз достарының 1957 жылы сыйлаған қырғыз ұлттық аспабы – жеңіл ағаштан жасалған сопақша пішінді, 3 ішекті қомыз, музей қорынан алынып бірінші рет 1937 жылғы М. Әуезовтің «Манас. Қырғыз халқының батырлық поэмасы» көрермендер назарына ұсынылып отыр.

«Мен шет елдерге барғанда қасымда болатын екі ұлттық құндылық бар. Мен солар арқылы өзге халықтардың табалдырығын аттаймын. Ол – «Манас» пен Мұхтар Әуезов. Бұл екеуі менің халқымның символдары», – деген жазушының шәкірті Шыңғыс Айтматовтың сөздері қойылған. Және де М.О. Әуезовтің Шолпан-Атадағы үйі, сол жерге қойылған М. Әуезов ескерткіші (2022 ж.), М.Әуезов қырғыз жазушысы Түгелбай Сыдықбековпен (Курорт «Қой-Сары», Ыстықкөл. 1958 ж.); М.О. Әуезов Всеволод Иванов, Аалы Тоқамбаевпен бірге; М.О. Әуезов атақты манасшы Саяқбай Қаралаевпен; М.О. Әуезов композитор А.Қ. Жұбанов, СССР ҒА-ның академигі, филолог В.М. Жирмунскиймен бірге түскен фотосуреттер экспозиция қабырғаларына ілінген.

1939 жылы Мұхтар Әуезов Семей қаласына барып, Қайым Мұхаметхановтың үйінде бір ай жатып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы деректерді жинады. Осыдан бастап ғалымның бүкіл өмірі мен ғылыми зерттеуі абайтану саласымен тікелей байланыста өтеді. Көрмеде М. Әуезов пен Қайым Мұхаметхановтың бірге түскен фотосуреті берілген.

«Абай» романы бөлімінде Бауыржан Момышұлының «...«Абайдың» бірінші кітабының жарыққа шығуына да өте қуаныштымыз – хабар қазақ әдебиетінің тұңғыш ұл баласының қайта туғанындай болып естілді, амандық болса, оқып көріп, пікірімізді адал ниетпен айтармыз деген үміттемін...» хатының мәтіні, фотосуреті қойылып отыр.

Сондай-ақ, Мәлік Ғабдуллиннің хаты беріліп отыр: «...Қадірлі Мұха! Аман-сау боларсыз. Мен де аман саумын. Осынша жүріп қалған жай бар. «Абайды» өзім оқып шыққаннан кейін, жолдастарға



беріп оқытып жатырмын. Жұрттың бәрі де романды зор табыс деп қуанышпен қарсы алды. Роман жайында «Социалистік Қазақстан» үшін біз ұйымдастырып жіберсек қайтеді деген ойымыз бар... Шамасы жолдастардың пікірін жаздырып, өзіңізге жібереміз-ау деймін. Біз жаңа адрес алдық. Ол хаттың сыртында. Басқа жаңалық жоқ. Хат жазып тұрыңыз. Хош. 28.IX.42 ж.».

1943 жылы май айында Мұхтар Әуезов қарт Жамбылға келіп сәлемдесіпті. Сонда Жәкең:

Уәлиқұммәссәләм,  
Мұхтарым!  
Оң қолымды ұстағын.  
Жиі-жиі сенімен,  
Кездесуге құштармын.  
Мен кәрімін, сен жассың,  
Қолымды артық қыспағын.  
Құтты болсын қарағым,  
Баспадан әлгі шыққаның.  
Сабасындай биенің  
Өзіңді-өзің ұстағын  
Еңбегің Абай жазғаның  
Өрлеп көкке ұшқаның...

Витринаға романның 1-томын диктовкамен жазғызған «Мерседес» жазу машинкасы қойылып отыр.

Сондай-ақ, Иракий Андроников, Олесь Гончар, Берды Кербабаев, Мирза Ибрагимовтың сөздері көрме қабырғаларында беріліп отыр.

Кеңестік кезеңде «Абай жолы» 50-ден астам тілге аударылды. Арнайы сөреге Мұхтар Әуезовтің әр жылдардағы, түрлі баспалардан жарық көрген: «Абай», «Абай жолы», «Әңгімелері мен повестері», «Көксерек», «Қилы заман», «Өскен Өркен», «Әр жылдар ойлары», «Қараш-Қараш оқиғасы» әлем тілдеріндегі нұсқалары қойылып отыр.

«...Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз, қазақ деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты», – дейді Мұхтар Әуезов.

«Абай» қолжазба көшірмесі, араб әрпімен жазылған. 1939-41 жж.; «Абай» қолжазба көшірмесі. Екінші кітабы кирилл әрпінде көрмеде берілген.

Құнанбай Өскенбайұлы (1804-1886), Абайдың әкесі. Қазақ тарихындағы дәстүрлі билік заңына жаңа жөн-жоба қосқан

көрнекті қоғам қайраткері. Көрмеге Құнанбайдың түймелері қойылған.

«Абай менің өмірлік тақырыбым болды» деп жазушы өзі айтқандай «Абай жолы» романын жазуға жиырма жыл уақытын жіберген. Романның 1942 жылы жарыққа шыққан алғашқы кітабын «Моей надежде и радости самой любимой моей Лелюсеньке. С крепкой верой в твоё светлое большое будущее. Папа» деп қызы Ләйлаға сыйлаған (5, 1 б.).

Ал романның екінші кітабы 1947 жылы жарық көрді. Осы кітабын «Мұратай мен оның Тәтесіне. Мұратай азамат боп ер жетіп ағасының осы еңбегін өзі оқып ұғатындай боп өссін деген тілекпен сыйлаймын ағаң (қолы) 23/III-48 ж.» деп жазушы ұлы Мұратқа сыйлаған қолтаңбасының көшірмесі көрме витринасына қойылған.

Осы екі кітабы үшін М. Әуезовке бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық (Сталиндік) берілді. Ал 1959 жылы Кеңестік шығыста бірінші болып «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлыққа ие болды.

М. Әуезовтің Алматыдан 1942 жылы жарық көрген түпнұсқадағы «Абай» кітабы, «Советский писатель» баспасынан 1945 жылы шыққан «Абай» кітаптары қойылған.

«Абай жолы» романына қатысты бөлімінде наградалары, әр жылдары алған ордендері, Грамоталары, Жазушылар Одағы, қоғамдық мүшелік билеттері берілген.

«Әлем таныған М. Әуезов туған жерінде» бөлімінде 1957 жылы М. Әуезовтің 60 жасқа толған мерейтойы аталып өтуі, туған жерінде болып қайтуы суреттеледі.

1955 жылы КСРО мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында Үндістанда болады, ал 1961 жылы III Халықаралық бейбітшілік қорғау конгресіне қатысып, Үндістанға екінші рет барады. Үндістандағы болған сапары жайында «Индия очерктері» деген еңбегін жазды. Осы сапар негізінде М. Әуезов қаламынан «Индия очерктерінен» басқа «Тагордың кеменгерлігі туралы» мақалалары жарық көреді. 1955 жылы жазушы Үндістаннан әкелген кәдесыйлар: піл сүйегінен жасалған, ақ мәрмәр мұнаралары бар қабір «Таджмахал», қолдан, піл сүйегінен жасалған Ансамбль, Делиден алынған былғарыдан жасалған портмоне, құмған, «India. Banaras», «India. Ellora» буклеттері тұңғыш рет ел назарына ұсынылып отыр.

1955 жылы Берлинде ГДР жазушыларының төртінші съезіне қатысады. 1956 жылы Мәдениет қайраткерлері делегациясы

құрамында Чехословакияда болады. 1957 жылы Совет делегациясы құрамында Жапонияда өткен атом және сутегі бомбаларына тыйым салу жөніндегі III Халықаралық конференцияға қатысты. Жазушы Хиросима, Нагасаки жарылыстарынан зардап шеккендердің тағдыры мен хал-ахуалын көріп-біліп, олардың қайғыларына ортақтасады. Елге келген соң жазушы кеңес жұртшылығына Жапониядағы әйелдер қауымының ауыр жағдайы, әсіре ескішілдіктің әлі күнге сақталуы туралы әңгімелейді.

Жапониядағы Бейбітшілікті қорғау митингісіне қатысушының жапон тілінде жазылған ақ және жасыл репс таспаларынан бант түрінде жасалған төсбелгісі (1957 жылғы тамыз), үш кішкентай бетперделер, геталар, жұқа қағазбен тартылған, қамыстан жасалған зауыт жұмысының веері, күріш дәні көрмеден орын алды.

М. Әуезовтің жапон жазушысы, қоғам қайраткері Муроямо Томоесимен бірге жапонның ұлттық киімін киіп түскен суреті берілген. 1960 жылы Совет жазушылары делегациясы құрамында Америка Құрама Штаттарында болып, үлкен Колорада арнасында С.Щипачев, О.Гончар, Л.Леоновтармен түскен суреті де бар.

Мұхтар Әуезовтің 1960 жылы маусым айында Америка Құрама штаттарындағы әйгілі «The Atlantic» журналында жарық көрген «Советтік эпикалық жыршылар» мақаласы (122-123 б.), «New York» кітабы, «New York», «Grand Canyon» буклеттері, «New York» ескеркіші, «New York» бостандық ескерткіші, «United States of America» тиынының үлкен көлемі, АҚШ-тың тәуелсіздігі туралы қаулысы тұңғыш рет ал назарына ұсынылуда.

М. Әуезовтің 100-жылдығына арналған «Мұхтар» тиынының үлкен көлемі, «Мұхтар» күміс, алтын тиындары (1997 ж.), 125-жылдығына арналған «Мұхтар» күміс, алтын тиыны куәлігімен (2022 ж.) қойылған.

М. Әуезов өмірінің соңғы жылдарында «Өскен өркен» романын жазды. «Өскен өркен» романының бірінші кітабы 1961 жылы жарық көрді, ал екіншісі аяқталмай қалды. Бұл роман жастар мен еңбек адамдарының өмірін суреттеуге арналған. Романға арқау болған оқиғалар туралы жалпы деректер жинау үшін жазушы Оңтүстік Қазақстан жерін аралап, жергілікті халықпен, көне көз қариялармен кездесіп, мәліметтер жинады. Осы деректер негізінде «Оңтүстік сапарынан» деген очеркін жазады.

«Мұхтар ұрпағы» бөлімінде жазушының қыздары Әуезова Мұғамила Мұхтарқызы (1918-2009), тарихшы, көрнекті қоғам және ғылым қайраткері Әуезова Ләйла Мұхтарқызы (1929-1993), ұлдары зоология ғылымдарының кандидаты, орнитолог-

ғалым Ернар Мұхтарұлы Әуезов (1943-1995), мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Әуезов Мұрат Мұхтарұлы (1943) жайлы мол мағлұмат беріліп отыр. Шежіресі де қойылған.

1973 жылы суретші В.С. Твердохлебовтің, орындаушы И.В. Поликарповичтің картон, гуашь, капрон, ағаштан жасаған М. Әуезовтің отбасымен 1951-1961 жылдары тұрған үйінің макеті қайта өңдеуден өтіп, көрермендер назарына ұсынылып отыр.

Орталық залдағы құнды экспонат – Мұхтар Әуезов үстелі. Онда жазушының «Еңлік-Кебек» трагедиясы, қазақтың алғашқы музыкалық комедиясы «Айман-Шолпан», алғашқы қазақ балеті «Қалқаман-Мамыр», көптеген пьеса, әңгіме, повестер, тамаша аудармалар дүниеге келді. Суреткер Шекспир мен Гоголь, Тренев пен Погодиннің кейіпкерлерін өз тілінде сөйлете білді. Сондай-ақ, осы үстелдің басында «Абай» романының бастапқы екі кітабын тәмамдаған, ол үшін 1949 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Үстел үстінде шамы, мүсінші Артемий Обердің «Ат үстіндегі қазақ» туындысы қойылған. Жоғары жағында заманауи үлгідегі ақшыл түспен жазушының еңбектері жоғарыдан төменге қарай өрілген. Негізгі ой – М. Әуезовтің еңбектері тек қазақ еліне ғана емес, жалпы адамзатқа әйгілі екендігін меңзеп тұр.

Ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлының «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деген ұлағатты сөзімен аяқталады.

Көрме залындағы галерея бөлімінде қазақтың белгілі кескіндемешісі Қ.Т. Телжановтың М. Әуезовтің балалық шағына арналған «Абай әндері» (1963) атты картинасы ілулі тұр. Сонымен бірге, белгілі мүсінші П.Д. Усачевтің (1930-1976) «Мұхтардың жастық шағы» деген ақ мәрмәрдан қашалып жасалған М. Әуезовтің мүсін-портреті (1963) де осы жаңа көрме залына қойылған.

ҚазССР-ның халық суретшісі К. Тельжановтың «Абай өлендері» (1962 ж.), «Мұхтар Әуезовтің портреті» (1973 ж.); ҚазССР еңбек сіңірген өнер қайраткері С. Мәмбеевтің «Мұхтар Әуезовтің портреті» (1973 ж.), Татарстанның халық суретшісі Б. Урманченің «Мұхтар Әуезовтің портреті» (1941 ж.), Қазақ КСР-нің Халық суретшісі Н. Нурмухамедовтің «Мұхтар Әуезовтің портреті» (1963 ж.), ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері А.Я. Суховтың Мұхтар Әуезовтің портреті, (1997 ж.), КСРО Суретшілер Одағының мүшесі В. Ермакованың «М. О. Әуезов портреті» (1977 ж.), ҚР

суретшілер Одағының мүшесі, театр суретшісі А.И. Осипенконың Қызылордадан келген «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің портреті» (1997 ж.), Шыны астындағы жұмыс. Гуашь, күріш. «Мұхтар Әуезовтің портреті». (1997 ж.), Павлодар қаласынан келген Бұхар жырау атындағы Әдебиет және өнер музейінің сыйы (1997 ж.) көрермен назарына ұсынылып отыр.

Сондай-ақ, экспозиция залында шағын топтарға арналған кинозал орналасқан. М. Әуезов сценарийі бойынша қойылған көркем фильмдер, өзі туралы әр жылдарда түсірілген деректі фильмдер көрсетіледі.

Қазіргі таңда «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы ҚР ҒЖБМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әуезовтану бөлімі болып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Әуезовтану бөлімінің ғылыми-зерттеу бағытының негізі М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын қазақ, әлем әдебиетімен байланыста зерттеу, насихаттау, жариялау, жинақтау болып табылады.

Орталықта ғылыми конференциялар мен әртүрлі тақырыпта мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін ұлы жазушы М. Әуезовтің шығармашылығы тәуелсіздік тұрғысынан жаңаша пайымдалып, зерттеле бастады. 1997 жылы М.О. Әуезовтің 100-жылдық мерейтойы қарсаңында жазушының елу томдық академиялық шығармалар жинағының жобасы жасалып, 2011 жылы 50 томы тұтастай жарық көрді. Бұл – Орталық Азия халықтары арасында кең көлемде атқарылған тұңғыш академиялық жинақ.

М.О. Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымын жарыққа шығарудың ғылыми өзектілігі – егемендік алған еліміздің ұлттық рухани қазынасын жаңарған құндылықтар негізінде танымдық, эстетикалық тұрғыдан байыта түсу мақсатынан туындады.

Музей – халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өткен мен бүгінді жалғап, тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекемелердің бірі. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарының ұлттық сана-сезімінің өршіл болып қалыптасуына және оларды отаншыл рухта тәрбиелеу үшін қазіргі заманға сай, ғылыми негізде жүйеленген музей ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі болды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхтар Әуезовтің мемориалдық мұражай-үйі. Мемориальный дом-музей Мухтара Ауэзова. Memorial house-museum of Mukhtar Aueзов. Алматы, 2013.
2. М.О. Әуезовтің қолжазба қоры мұрасы. Рукописное наследие М.О. Ауэзова. Алма-Ата, 1977.
3. Мұхтар Әуезовтің мемориалдық мұражай-үйі. Мемориальный дом-музей Мухтара Ауэзова. Алматы, 2013.
4. Мухтар Әуезов энциклопедиясы. Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
5. Мұхтар Әуезов. «Абай». Алматы, 1942.

**МАРЖАН ШАГИМОЛДИНА,**  
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының ғылыми қызметкері, магистр

### **ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

Текстология – әдеби туындылардың мәтінін зерттеп, танудың принциптері мен методикасын жинақтайтын арнаулы ғылыми пән. Текстология көркем шығарманың тұрақты түпнұсқасын белгілейді, оның автор қолымен жасалған ақтық редакциясын анықтайды, әр алуан вариантын өзара салыстырады, текстің автор еркінен тыс қысқарған жерлері немесе бөгде қолмен орынсыз өзгертілген тұстары болса, қалпына келтіреді, түпнұсқаны көшіріп басқандар мен әріп терушілер тарапынан кеткен, ең арғысы, емле қателері болса да ұқыппен түзеп отырады. Бұл ретте, «текстологияның ең негізгі, өзекті мәселесі екеу: бірі – ғылыми мақсатпен, екіншісі – практикалық мақсатпен байланысты.

Текстология дербес ғылым тарауы ретінде 1917 жылдан кейін ғана библиографиядан бөлініп шығып, методологиялық тұрғыдан танылады, белгілі бір көркем шығарманың тарихын анықтау үшін тексеру тәсілдерін қарастырады, түпнұсқаны айқындау мақсатында зерттеп, екшеуден өткізеді, қосымша нұсқаларды, басылымдарды қарайды. Текстология ілімінің ірі мамандарының бірі Д.С. Лихачев текстерді жарыққа шығару – оны практикада қолданудың бір саласы ғана деп таныды. Текстология библиографиямен, түпнұсқа туралы іліммен, палеографиямен, археографиямен байланысты, творчествоның психологиясын зерттеуге сүйенеді, әдебиеттанудың бір тарауы боп саналады. Қазақ әдебиеттану ғылымында жеке сала болып революциядан кейін қалыптасты [1, 156].

Қайым Мұхамедханов «Біздің міндет» мақаласында Шәкәрімнің «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш» деген қолтумасымен бастаған, Шәкәрім бұл мақаласын «Қазақ тілі» газетінің 1924 жылыдың №13-де баспаға шығарған.

Бұл еңбегімен қысқаша таныстыратын болсақ, Фзулидің өлеңіндегі үш тірлі антұрғаннан сақтанғаны туралы мәлімет келтіре отырып, өз шығармаларына да сондай қатынас орнатуын сұрайды. Сондағы үшінші антұрғаны, қате жазушыдан сақта, оның себебі: менің «көз» деп жазғанымды «көр» деп жазады, ашық

көзімді соқыр көрсетеді», - деген. Шәкәрім сөзін жалғастыра келе: «Ташкенттегі «Шолпан» журналы менің өлең қылған «Ләйлә-Мәжнүн» әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзету қайтадан бір кітап жазғаннан қиын. Кей өлең мүлде жоқ, кейіннің жартысы жоқ, әріп қатесі есепсіз көп. Өлеңімді соқыр, ақсақ, шалақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшілігім емесін білер». 1988 жылы республикалық газеттерде кеткен қателіктерге тоқталған. Мысалы ретінде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған өлеңдерін келтіреді, сонымен қатар осы баспасөз беттерінде Шәкәрімнің тоғыз өлеңі жарияланған оны дайындаған филология ғылымдарының кандидаты Сәрсенбек Дәуітов деген мәлімет келтіреді [2, 145].

Қайым Мұхамедханов Шәкәрімнің «Жуандар» өлеңінің текстологиялық қателіктерін атап көрсетеді. Шәкәрімнің «Жуандар» өлеңі 1912 жылы «Қазақ айнасы» атты кітабының 5-6-беттерінен алынғандығын мәлімдейді. Осы өлеңнің бастапқы екінші шумағының соңғы жолы газетте: «Қайраты мол екіншісі ант шашқан пара», - деп басылған (тыныс белгісі қойылмаған). Дұрысы: «Қайраты мол, ішкені ант, шашқаны пара» (Қазақ айнасы), 5-бет). Үшінші шумақтың екінші жолы газетте: «Еріксіз кісісі жоқ жерде де онікі», - деп басылған. Дұрысы: «Ерегесер кісі жоқ, жер де онікі» (Қазақ айнасы), 5-бет). Содан кейін осы өлеңнің бесінші, он бірінші, он үшінші шумағында табылған қателерді «Қазақ айнасы» еңбегін негізге ала отырып салыстырмалы түрде түзетулер енгізген. Осы қалыпта Шәкәрімнің « Піскен мен шикі» өлеңінің бастапқы шумақтың екі жолы жоқ болғандықтан, өлеңнің ұйқасы өрескел бұзылып, уақиға желісі үзіліп қалғандығын «Қазақ айнасында» берілген түпнұсқасымен дәлелдей түседі. Сонымен қатар, Қайым Мұхамедханов Шәкәрім өлеңдерінің аты өзгертіліп келгендігін атап өтеді. Мысалы, «Насихат» өлеңі «Нәсихат» делінсе, «Қош» өлеңі «Хош» екендігін ескерте кетеді. «Қош» өлеңінде өлең кұрлысы дұрыс сақталмаған, бірнеше сөзі қате басылған, екі жол өлең мүлдем жоқтығын және дұрыс нұсқасы «Шежіре» еңбегінде берілгендігін ескерте отырып, «Лениншіл жас» газетінде 1988 жылы 15 маусымда өлеңнің түпнұсқасы сақталынып, тек «Жас өтті» деген ат қойылған, тек үш сөз дәл берілмепті. Өлеңді дайындаған – Мұхтар Мағауин.

Шәкәрімнің сан алуан салалы көп шығармалары әлі басылмаған, қолжазба күйінде жатыр. Оларды баспаға әзірлеу жұмысы – аса күрделі мәселе» – деген мәліметтер келтіреді. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы 24 маусымында шыққан мақалада



газет ұжымы Қайым Мұхамедхановқа жауап жазады: «Жіберілген кателіктерді мойындай отырып, әдебиеттің, оның ішінде осынау асыл мұрамыздың шын жанашыры Қайым Мұхамедхановқа аталмыш сын- ескертпесі үшін үлкен ризашылығымызды білдіреміз», - деп өз лебіздерін білдіреді [2, 156].

Текстология мәселесіне байланысты Қайым Мұхамедхановтың екі еңбегі бар, яғни жоғарыда аталған «Біздің міндет» және «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 17 наурыздағы санында «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын...» деген мақаласы ықшамдалып жарияланған. Бұл зерттеу еңбегінде Қайым Мұхамедханов «Жазушы» баспасынан шығарылған Шәкәрімнің «Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер)» кітабы мен «Жазушы» баспасынан шығарылған «Жолсыз жаза. Өлеңдер мен поэмалар» деген кітаптарын салыстыра отырып зерттеген. «Жазушы», «Жалын» баспаларында шыққан Шәкәрімнің өлең кітаптарының көлемін, жазылған уақыты жайлы, текстологиялық жақтан көптеген қателерді атап өткен. «Жазушы» баспасынан шыққан шығармаларын 1912 жылы Семейдегі «Ярдам» деп аталатын татар баспасынан шыққан «Қазақ айнасы» атты өлеңдер жинағымен салыстыра отырып зерттеген, бірақ татар баспаханасынан араб әрпімен басылып шыққан кітапта қазақтың төл сөзі дәлме-дәл беріле бермейтінін де ескеруіміз керектігін айтқан. «Қазақ айнасынан» алынған: «Қайтқан шал», «Піскен мен шикі», «Бай мен кедей», «Қулар» өлеңдеріндегі қате басылған он төрт сөзді тізіп жатпаймыз. «Партия адамдары» атты ұзақ өлеңнің екінші шумағының бірінші жолы «Қазақ айнасында»: «Ауыз дәмін кіргізер нәрі бар ма деп басылса, «Жазушыда»: «Ауыз дәмін кіргізер дәмі бар ма. «Қазақ айнасындағы» жетінші шумағы кірмей қалған, себебі өлеңде «кәпір», «құран» деген сөз болған соң, өлеңнің тоғызыншы шумағының бірінші жолындағы «құдай» деген сөздің орнына «қазақ» деген сөз салыныпты. Шәкәрім: «Құдая, бәрі бірдей құтырған ба?» - десе, «Жазушыда»: «Қазақтың бәрі бірдей құтырған ба?»- деген. Осыдан кейін келетін өлеңнің төртінші жолындағы «мұсылман» деген сөзді «ағайын» деген сөзбен ауыстырып: «Мұсылманға ұқсайды қай арасы?»- дегенді «Ағайынға ұқсайды қай арасы?» – деп берген. Жиырма екінші шумақтың екінші жолындағы «құдайым» деген сөзді өзгертіп, «құлағым» деген. Одан кейінгі келетін төрт жол өлеңді мүлдем алып тастаған. Жиырма алтыншы шумақтың төртінші жолы «Қазақ айнасында»: «Сонда тура Құдайға жол табасын» деп басылса. «Жазушыда»: «Сонда тура шындыққа жол табасын»

деп берілгендігін мәлімдейді. Содан кейін Шәкәрім өлеңдерін салыстырмалы түрде қарастырып, жіберілген қателіктерді ашып айтқан. Мысалыға «Мұтылғанның өмірі» өлең жырында жиырма төрт қате, жиырма сегіз жол өлең кіргізілмей қалғандығын, «Еңлік-Кебек» дастанында әртүрлі енгізілген өзгертулерді атап өткен. Сөз соңында Қайым Мұхамедханов: «Шәкәрімнің асыл мұрасын мүлтіксіз жариялап, халыққа кіршіксіз жарқыратып жеткізу – біздің аса жауапты әрі құрметті борышымыз» - деген. Шәкәрім шығармаларын келер ұрпаққа түпнұсқасын сақтай отырып мұра болып қалуға Қайым Мұхамедханов ескерген зерттеу еңбектерін пайдаланып, түзу жолмен жүруді мақсат етіп, өткеннің үнін таза естуге тырысу керектігін мойындауымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Әдебиеттануға кіріспе. Терминологиялық сөздік», Семей-Новосибирск, 2005, – 286 б.
2. «Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас». – Астана: Фолиант, – 336 б.
3. Қайым туралы сөз. – Астана: Фолиант, 2006. – 376 б.
4. Омаров А. « Шәкәрімнің өмірбаяны», Алматы, 2007. – 410 б.

**БАТИХА ГАЙСИНА,**  
Ғани Мұратбаев атындағы  
орта мектеп КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## **ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ: ҰРПАҚ ТАҒЗЫМЫ**

Дүниеде адам болып келіп, жаратушының хақ жолымен тура жолдан таймайтын біртуар тұлғалар болады. Ондай адам мыңнан біреу жаратылады. Жаратылысынан бөлек болады. Қайым Мұхамедханов сірә, сондай жан балу керек. Жаратушының азан шақырып оған берген есімі де бөлек Ғабдулқайном «Алланың құлы» деген ұғым. Қазақ тарихында алтын әріппен есінің қалуына отбасы тәрбиесі мен өскен ортасы да әсер етті. Әкесі көзі ашық,көкірегі ояу, ауқатты адам болады. Мұхамедхан қария сол кезде шығып тұрған «Дала уәлаяты» газеті, «Айқап», «Шора», «Абай» журналдардың барлығын алып оқып отырған.Осы газет-журналдардың шығуына демеуші болып отырған. Сонымен қатар Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыровтардың шығармалары үй кітапханаларында болған. Ә.Бөкейхановтар бұл үйдің тұрақты қонағына айналған. Тіпті С.Торайғыров сол үйде тұрған. Сонымен қатар Қайымға әкесі үнемі: «Төңкеріс болған жылы сен аяғыңды енді ғана басқан сәби болатынсың. Сонда Семейге Әлекеңнің келгені ерекше салтанатты жағдайға ұласып еді. Бүкіл қазақ қауымы оны үлкен қуанышпен ханнан кем қарсы алған жоқ. Шындығында, Әлекең ұлт көсемі еді ғой. Мұны сол шақта Сұлтанмахмұт келістіріп жырлады емес пе? Ахаң мен Жахаң (Ахмет пен Міржақыпты айтам) сондай-ақ Мағжан мен осы Сұлтанмахмұттар Әлекеңнің қасынан табылатын. Біздің үйде қона жатып әңгіме-дүкен құратын, сөйтіп ел болашағын алыстан болжайтын сол ұлылардың сен тізесінде отырып өстің ғой, шырағым! Соны ұмытпа! деп отыратын. Балалықтың базарында осындай ұлы тұлғаларды көріп өскен Қайым Мұхамедхановтың әдебиетке келуіне үлкен себеп осы болса керек. Қайым Мұхамедханов: әкем Мұхамедхан мұсылмандардың Кеңес үкіметіне қарсы тобының белсенді мүшесі деген жалған жаламен ұсталып кеткенде менің жасым жиырмадан енді ғана асқан еді, – деп жазады. Мұхамедхан қария сол кезде 67 жаста болған. Артынан қанша іздеп барса да әкесінен жер аударылды деген деректен басқа дерек ала алмайды. Арада 50 жыл өткенде 1990 жылдары Қайым әкесінің ұсталғаннан кейіне

үш күн өткен соң атылғанын біледі. Сол кезде халық жауының баласы атанып түртпек көре бастайды. Институттан шығарылады. Қара жұмыс жасап күнін көреді. Осы кезде шәкірт пен ұстаздың арасындағы байланыс жібі бірін-біріне байланыстырады. Қайым Мұхамедхановтың әкесінің досы Мұхтар Әуезов осы кезде шәкіртке көмекке келеді. Қайымның өзі: Мұхқа тегінде, менің әкемнен жиырма жеті жас кіші болса, мен бұл кісіден жиырма жас кішімін. Оны өз үйімізде алғаш көргенде не бірі алты-ақ жаста екенмін. Әкейдің тәрбиесімен дауыстап сәлем бергенім есімде қалыпты. Ал, ес біліп ат жалын тартып мінгеннен-ақ Мұханның қамқорлығынан кенде болғаным жоқ, – деп жазады. Қайым алғашқы поэзиядағы шығармашылығы 1938 жылдан басталады. 1930 жылдары жиырмадан астам өлеңнің, екі дастанның авторы атанады. 1940 жылдары КСРО Жазушылар одағына мүшелікке өтіп, кейін әдеби сынға бет бұрады. Осы жылдары Мұхтар Әуезовтың көмегімен Абай Құнанбаевқа арналған музей құру жұмысына кіріседі. Ол отыз жасында Абай музейінің директоры болады. Оның Абайтану саласындағы үлкен жолы осылайша басталады. Ақын Абай Құнанбаевтың жазылу тарихы, қате басылып жүрген жеке сөздерді түпнұсқасына келтіру жұмысы Қайым Мұхаметханов үшін аса жауапты жылдарға созылады. Абай өлеңдерінің мың сексен алты сөзіне түзетулер енгізеді. Ол Көкбайдың он шақты өлеңін, «Сабалақ», «Абылай хан» туралы дастанының, әріптің өлеңдерін жинаудан бастайды. Шынайы мейірлі қалпымен Абайтану ғылымын зерттеуге бет түзеу арқылы Мұхтар Әуезов аманатын орындайды

1939 жылы «Абайдың ақындық мектебі» деген еңбегін жариялайды. Дәл осы тақырыппен М.Әуезовтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғайды. Ғалым Абайдың көптеген өлеңдерінің текстологиясымен қатар кімге арналғаны, қайда шыққанының тарихын да нақтылы тұжырымдар арқылы дәлелдейді. Қайым Мұхаметханов Мұхтар Әуезовтың қолдауымен 1939 жылдан бастап ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуге арнаған ғалым

Қаламгердің ұлы ақын шығармашылығын дәріптеудегі еңбектері қызыл империяның жалынына шарпылған кездері де болды. 1951 жылы М.Әуезов алғысөзін жазған «Абайдың шәкірттері» кітабы баспадан шықпай жатып жойылды. «Ұлтшыл» деген жала жабылып жиырма бес жылға сотталды. Түрмеде жендеттер тарапынан қинау мен неше түрлі азаптаулар көрді. Өзі сол кезең туралы: сегіз ай тергеуде жатқанда, жеті тергеушіні

ауыстырдым. Алған бетімнен қайтпадым. «Мұхтарды сат, ол саған диссертацияны зорлап жазғызды, ғылыми еңбектерінен бас тарт, жазаң жеңілдейді», дейді олар. Одан да өлгенім артық емес па, жалған айтып, қайтіп жер басып жүремін?, - еске алады. Күндіз-түні азапталған Қайымға тергеушілер тек «Әуезовтен, Абайдан бас тарт» деді. Бірақ Алаш зиялыларының көзін көрген, тәрбиесін сіңірген Қайым ұстаздарын сатудан бас тартты, сатқындыққа бармады. «Өлсем, өліп кетейін, бірақ шындықтан таңбаспын» деді. Түрмедегі адам шыдамас азапты күндерін «НКБД азабы» туралы естелігінде жазады. Түрмеден шығып Мұхтар Әуезовпен кездеседі. Мұхаң Қайымға «Қайым, сен түрмеде не ойлап отырдың» дегенде Қайым Мұхаметханов мына өлеңін оқи жөнелген.

Дейтұғын уақыт жетіп, соқты сағат,  
Сағынған сондай күнді қалмай тағат,  
Жарқ етіп бұлттан шығып кетті күнім,  
Ақ құсы әділеттің қақса қанат.  
Дер едім сонда дүние арманым жоқ,  
Тағдырға таба болып қалғаным жоқ,  
Көрсеттің, қорлығыңды, зорлығыңды.  
Кеудемнен жүрегімді алғаның жоқ.  
Өр зорлықпен басымнан еркімді алдың,  
Әжім салдың, бетіме көркімді алдың.  
Аңқылдап ақкөңілмен алданбасқа,  
Аузымнан айнымайтын сертімді алдың.

Шәкіртінің түрмеде көрген азаптарын естігенде Мұхтар Әуезов көзіне жас алып, өзінің де түрмеде Алаш арыстарымен отырған бір айын айтып беріпті. Түрмеден босап келген Қайымға Мұхтар Әуезов «Енді немен айналысасың» дегенде «Әрине Абайдың шәкірттерін зерттеймін, кітап жазамын» деген. Расымен де Қайым бар ғұмырын ұлы Абайдың шәкірттеріне арнады. Шәкәрімді ақтап алуға өмірінің біраз бөлігін арнады. Ол ұстазы Мұхтар Әуезов отырған отырғышты үйінде бойтұмарындай сақтаған. Қайым Мұхамедханов бар ғұмырын Абайға, оның айналасына Мұхтарға әділдігімен ақиқаттың айна жолымен арнады.

Қайым Мұхамедханов есімі дара, дана тұлғалар Абай мен Мұхтармен тығыз байланысты. Сондықтан да өскелең ұрпақ оны Абай арқылы жылы жүрек және ыстық қайратпен мәңгі ұмытпауы тиіс.

**КҮЛШАТ МУСИНА,**  
М.О. Әуезов атындағы педагогикалық  
колледжінің оқытушысы

## **АЛАШТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ**

Халқымыздың шежірелі тарихында «Алаштың білім ордасы» атанған оқу орны – М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің (1903 жылы алғаш семинария болып ашылған) жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудегі өзіндік дәстүрі бар. Оқу орнына жаңа қабылданған студенттер алдымен қала орталығындағы «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» мұражайымен және колледж мұражайымен танысады. Арнайы саяхат сабақ ұйымдастырылады. Мұнда елінің іргелі мемлекет болуын аңсаған, 1917-1920 жылдардағы ұлт азаттық қозғалыс қайраткерлері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Мұхаметжан Тынышбаев, Әлімхан Ермеков, Елдес Омаров, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрағұл Ибргимов, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар, Мұхтар Әуезов, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсекөв, Көкбай Жанатаев, Сейдазым Қадырбаев, Ғұмар Қарашев, Биәхмет Сәрсенов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Біләл Сүлеев, Асылбек Сейітов, Тайыр Жомартбаев сынды тұлғалар жайлы рухани құндылықтармен танысады [2, 3].

Оқу орны жайлы «Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ашылған Қазақстандағы оқытушылар даярлайтын тұңғыш қазақ педтехникумының тамаша тарихы бар» – деп жазыпты абайтанушы, әдебиетші – ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайым Мұхамедханов («Семей таңы» газеті, 02.06.1992 ж.). Таныған сайын тарихына тағзым етер ұлтжанды азаматтарды мұғалімдікке даярлап жатқан колледждің тағылымды істерін бұл мақаламызда толық қамти алмаспыз. Қазіргі таңда заманауи жабдықталған, әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайындағы бәсекеге қабілетті маман даярлап жатқан оқу орнымыздың тарихы елімізге танымал. Оқып жатқан жастардың оқу орны тарихымен қоса ұлт тарихын да танып шығуы жасалып жатқан игі шаралардың нәтижелілігінде. Сондай игілікті шара – оқу орнының әр кезеңінде оқып, халқына адал қызмет еткен танымал тұлғалар есімін оқу кабинеттеріне беру, атаулы кабинеттерде студенттердің шағын ғылыми зерттеу орталықтарының жұмысын ұйымдастыру.

Қайым Мұхамедханұлы – Алаштың асыл арыстарының соңғы

тұяғы, алыптар тобының кенжесі, ұлт ардақтыларын құрайтын нұрлы шоғырдың өкілі, Әуезовтің сүйікті шәкірті әрі сенімді інісі, біздің ұстазымыз. «...Сүйікті Отанына орасан зор еңбек сіңірген, туған халқының қаһармандық рухын жасытуға қарсы жанын сала күрескен, табиғи дарын қуатымен ақын болған, білімдарлығымен ғұламалыққа жеткен, тағлымы зор ұстаздыққа жеткен жан.» [4, 103] екендігі даусыз ақиқат.

Заманында елі мен жері үшін, ұлт мүддесі үшін жан байлығын да, мал байлығын да аямаған әкесі Мұхамедханның шаңырағында Алаш арыстары талай бас қосып, мәслихат жасасқан. Сондықтан Қайым Мұхамедханұлы бала кезінен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Аймауытов, Қажымұқан Мұңайтпасов, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезовтердей тұлғаларды танып-біліп өскен. Заманының ызғарына іліккенін түсінген Мұхамедхан әке Қайымды педагогтық курста сабақ беретін Ғалиакбар Төребаевқа әкеліп, қамқор болуын өтінеді. Алаш рухымен нәрленген Қ.Мұхамедханов 1939 жылы мұғалімдік институтты тамамдаған соң, Мұхтар Әуезовтың кеңесімен Ақылбайдың, Мағауияның және Әріп Тәңірбергеновтың өмірі мен шығармашылығын зерттей бастайды. 1941-1942 жылдарда әскер қатарында болып, ауру себебінен босатылады. Оқытушылықпен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасайды. 1943-1944 жылдары Қабанбай батыр мен Бөгенбай батыр туралы халықтық тарихи дастандарды зерттеп, «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына енгізілетін материал ретінде дайындайды. 1945 жылы Абайдың жүз жылдығына арналған мерекелік басылымда Қайым Мұхамедханов іздеп тапқан тоғыз өлең өз орнын алады. 1950 жылдарға дейін Абай мұражайында, пединститутта, Жазушылар Одағының Семей бөлімшесінде қызмет атқара жүріп, «Абайдың әдеби мектебі» кандидаттық диссертациясын жазады, оны 1951 жылы сәуір айында Ғылыми кеңесте қорғап шығады. Көп ұзамай сталиншіл зұлматтың азабына ілінеді. 25 жылға бас бостандығынан айрылады. Айып – ұлтшылдық. Ұлтшылдығы – Абайды қорғау, Әуезовты қорғау, Абайдың шәкірттерін қорғау, қазақтың қазақтық рухын қорғау.

Ұстазым Қайым Мұхаметханұлының сабақ арасындағы бір әңгімелесуімізде «ыстық жазалау» мен «суық жазалау» туралы айтқаны бар еді. Адам төзгісіз азап пен жазықсыз жалаға қайраттылығымен төзіп, үш жылдан соң 1955 жылы толық ақталып шығады.

Қазақ руханиятын көтеру мақсатындағы шығармалары жарық көре бастайды. Абайтану мен шәкәрімтанудағы өлшеусіз еңбектері осыған дәлел. Зерттеуші-ғалым, ұстаз Қайым Мұхамедханов еңбегін зерделеу мақсатында жыл сайын оқушы және студент жастар арасында конференция, кездесу кештердің өтіп тұру – тәуелсіздікпен келген тағылымды іс. Ұстаз есімімен байланысты ұлттық рухты көтеретін іргелі істер біздің оқу орны-М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжде де атқарылады. Ұстаз-ғалымның 95 жылдығы қарсаңында оқу орнымызда Қайым Мұхамедханов атындағы атаулы кабинет ашылып, кейін есімі оқу орнының кітапханасына берілді. Алаш арыстары ізбасарының өмірдеріне қатысты құнды деректер мен мәліметтер, ұйымдастырылатын тағылымдық шаралар болашақ мұғалімдердің ұрпақ тәрбиесіндегі ұлы істерінің бастамасы болары анық. Игілікті істің бастамашысы – Қайым Мұхамедхановтың шәкірті, колледж директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ш.А. Жанаева.

Ұлтының ұлыларын ардақтап, құрмет көрсету – педагогикалық ұжымның жас ұрпақты ұлттық құндылықтармен құнарландыра оқытып тәрбиелеудегі оң ісі. Оқу орнының 110 жылдық мерейтойы қарсаңында директор Шағангүл Алдамжарқызының тікелей ұйымдастыруымен оқу орнының тарихын түгендейтін «Алаштың білім ордасы» атты танымдық-ғылыми сипаттағы кітап жарық көрді. Кітапта өткен ғасырдың басында семинария кезеңінде білім алған, түрлі салада қызмет жасаған М.О. Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.И. Сәтпаев, Ә.З. Сәтбаев (Қазақ педтехникумы кезіндегі директоры), Қазы Нұрмұхаметұлы, Биахмет Сәрсенов, Ахметолла Барлыбаев, Халел Ғаббасов, Тайыр Жомартбаев, Ғалиақпар Төребаев сынды Алаш қайраткерлері туралы тарихи құнды деректер қамтылған. Бүгінгі күні оқу орнымызда аталған қайраткерлеріміздің есімдері ұрпақ санасында сақталуы үшін тәрбиелік-танымдық шаралар жүйелі жүргізіледі. Ең бастысы – оқу орнында оқып, Алаш идеясын ұстанған тұлғалар есімін оқу кабинеттеріне беру ісі.

Есімі ел аузында аса сақталып үлгермеген, Алаштың алғашқы құрбаны – Қазы Нұрмұхаметұлы да Семейдің мұғалімдер семинариясында оқыған. Оған дәлел – Қазы Нұрмұхаметұлының Семейдің орыс-қазақ училищесін бітіргендігі туралы Куәлік көшірмесі (1914 жыл 1 май), Мұғалімдер семинариясы 1915-1916 оқу жылының 2-жартыжылдығына ұсынылған земстволық стипендиаттар тізімі (1916 жыл 3 январь) деректері.

Алғашқы құрбаны дейтініміз – 1918 жылғы наурыздың 18



күні «Сарыарқа» газетінде Қазының өлімі туралы «Тұңғыш құрбан» атты мақала шығыпты. Авторы – Б.Майлин. 1918 жылы Семей (Жаңасемей-Алаш) қаласында ұйымдастырылған Алаш милициясының басқарушысы, семинарист Қазы Нұрмұхаметұлы большевик солдаттарының қорқытып-үркіткенінен қаймықпай, «Жазықсыз өлсек – өлейік, бәрімізді қырмас» деп, қашпақ болғандарға тоқтау айтады. Өкінішке орай, сол арада мылтық атылып, Қазыға оқ тиеді. Жүрекке тиген оқтан есіл ер сол жерде жан тапсырады.

Жаназаға жиналғандар арасынан сөз алған Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйлейді.

«Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы «құлтым деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «құлтым» деңдер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы- би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым Қазы! Өліміңе өкінбе! Арманың жоқ. Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмендер...» -деп күңіренген екен.

«... Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты қалар.

Бірақ біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы. Біз де сенің ізінде. Қош жолдасым!»- деп жазыпты мақаласында Б.Майлин [1, 107].

Иә, Қазы ұмытылған жоқ. Оқу орнымыздағы қазақ тілінің практикумы кабинетіне Қазы Нұрмұхаметұлының есімі берілді. Кабинетте шығармашылық топтың ұйымдастыруымен Қазы Нұрмұхаметұлы есімімен байланысты игілікті істер атқарылуда.

Алаш қозғалысының қайраткері болған Биахмет (Бияш) Сәрсенов атында математика пәндік кабинеті жұмыс жасайды. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасындағы

« ...Ісі де, таланты да қалыспайды,  
Жұмсаса тегіс халық пайдасына.  
Жастардың біреуінен кейін емес,  
Қазақ деп жүрегінің қайнасы да.  
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,

Шолпандыққа жарайды ай қасында...» деген Биахмет Сәрсенов – алаш қайраткері, оқу-ағарту саласының іскер ұйымдастырушысы, педагог, журналист, Семей мұғалімдер семинариясының түлегі [1, 107].

Тарихы мен шежіресі әлі талай ұрпақтың ұлттық руханиятын ізгілендіретін, өзіндік дәстүрі мен ұстаздық үлгі-өнегесі бар, биыл 120 жылдығын атап жатқан білім ошағы халқымыздың зиялы қауымын қалыптастыруға қызмет ете береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жанаева Ш.А., Мұқанов Т.К. // Алаштың білім ордасы, «Тенгри» баспасы, 2013 ж., 106-108, 110 б.
2. Жанболатова Р.Р. // «Алаш арыстары-Мұхтар Әуезов» Мақала, 2005 ж.
3. Мұхамедханов Қ. // Көп томдық шығармалар жинағы 4 том, Алматы «Алаш» баспасы, 2005 ж., 330 б.
4. Шаяхметұлы Қ. // Шарғарап, Семей-Новосибирск «Талер-Пресс» баспасы, 2006 ж., 103 б.

**АЙДАНА МҰРАТҚЫЗЫ,**

М.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты театр және кино  
бөлімінің ғылыми қызметкері, магистр

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ДРАМАТУРГИЯСЫ: ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДА АЗ САХНАЛАНҒАН ПЬЕСАЛАРЫ**

Мұхтар Әуезовтің қазақ драматургиясын дамытудағы қосқан үлесі мен оның көшбасында тұрып, қазақ әдебиетіндегі драматургия саласына зор еңбек сіңіргені белгілі. Қазан көтерілісі аяқталып, кеңес одағы күшіне анық міне бастаған кезде жазушы, драматург «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-Тоқал», «Қаракөз» сынды тырнақалды трагедияларын жарыққа шығарып, қазақ драматургиясының реалистік бағытын өрістетуге ықпал етті. Әдебиеттанушылардың зерттеулеріне сүйенер болсақ, қазақ драматургиясы отызыншы жылдары ерекше қарқынмен дами бастады. Себебі, М. Әуезовтің де шығармашылық жолының кең өрістей бастаған тұсы да осы отызыншы жылдармен тұспа-тұс келеді. Жазушы бұл жылдары өзінің алғашқы пьесаларындағы қателіктеріне түзету енгізіп, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі кейіпкерлерден құрылған шығармаларын жазуда жаңаша бір қарқынмен кіріскен болатын. Сондықтан да болар дәл осы жылдары жазушы жемісті еңбек етті. Ол өзінің түрлі тақырыптарды арқау еткен жиырмаға жуық шығармасын жарыққа шығарумен қатар, әлем әдебиеті мен орыс әдебиетіндегі пьесаларды, әсіресе классикалық шығармаларды қазақша аударумен айналысты. У. Шекспир, Н. Гоголь, Н. Погодин, К. Тренев, А. Крон сынды авторлардың сахналық шығармаларындағы кейіпкерлер қазақша тіл қатып, біртіндеп қазақ театрының сахнасына да жол тарта бастады. Бұл жылдары Әуезов бұрынғы шығармаларындағыдай тек тарихи тақырыптарды ғана арқау етіп, өткен күнді ғана суреттемей, жаңа заманның оқиғаларына, орын алған жаңалықтарына бет бұрды. «Тас түлек» (1935 ж.), «Тартыс» (1935 ж.), «Алма бағында» (1937 ж.), «Шекара» (1938 ж.) атты жаңа пьесаларында жаңа заманның келбетін суреттеп, кеңес одағында өмір сүріп отырған кейіпкерлер жаңаша сипатта кескінделді. Мысалы, «Тастүлек» пьесасында автор қазақтың жаңа заман интеллигенциясының қалыптасу жолын таныстыруды мақсат еткені байқалады. Бұрында малшы болған адамдар енді оқып, көздері ашылып, заманға басқаша көзқараспен қарай

бастайды. Соның нәтижесінде олардың жаңа тұрмысқа жеткендігі, сол тұрмысты өз қолдарымен жасағандығы көрсетіледі.

Пьесаның тағы бір жаңалығы, бұрын-соңды қазақ драматургиясындағы суреттелмеген аға мен қарындастың, әке мен баланың қарым-қатынасын көруге болады. Олар өзара екі тарапқа бөлініп, екі таптың жырын жырлап, екі топ болып таласқа түседі. Драматургиялық қақтығыстар да осы бір үйдің мүшелері арасында өрбиді. «Тас түлек» пьесасының артықшылығы, онда кісіні жалықтыратын көп сөзділік, құрғақ үгіт байқалмайды. Қазақ жастарының советтік заман дәуірінде білім алып, көзі ашылғандығын, өздерінің тап жауларымен ашық күреске шыққан әрекеттері тартымды суреттеледі. Пьесаның басты кемістігі, онда жүйелі сюжеттің болмауында еді. Батырақтардың көздері ашылып, білім алуы, тап жауларына қарсы күресі пьесада негізгі мәселе болып есептелінгенімен, оқиға тартысында драмалық конфликт біртұтас байланысты көрсетілмей, үзінді есепті әр жерде әртүрлі оқиға баяндалады» [1]. Сонымен қатар, Местің де бейнесі сәл түсініксіздеу, жеткілікті деңгейде шықпады. Пьеса оқиғаларынан байқағанымыздай Мес байларды жек көретін болғанымен, байлардың тарапына тез ауысып, солардың сойылын соғып кетуі нанымсыз әрекеттердің қатарынан болды. Осындай кемшіліктеріне қарамастан, «Тас түлек» пьесасын оқырман жақсы қабылдады. Ғаббас Тоғжанов, Қайсар Ташитов, Н. Алабин сынды авторлар пьеса туралы жақсы пікірлерге толы мақалаларын жариялады.

М. Әуезовтің «Тас түлек» пьесасына тақырыбы жағынан ұқсас кезекті бір сахналық туындысы – «Тартыс». Себебі мұнда да қазақ ортасынан шыққан жас интеллигенцияның жай күйі, ондағы орын алған оқиғалар суреттеледі. Оқиға жоғарғы оқу орындарының бірінде өтеді. Пьесада кеңестік кезеңдегі идеологиялық қыспақтың қатты болғандығы байқалады. Ұлтшылдарды кінәлап, институттағы комсомол жастар кейбір коммунистермен біріге отырып айыптайды, финалда әбден әжуалап жеңіске жетеді. Пьеса жалпы оқырманға жылы қабылданғанымен, өзінің «Тартыс» атауына сай оқиғалары тартысты шықпады. Ұлтшыл оқытушылардың Сейіткерей, Батырша, Сабырлардың шығармадағы әрекеттері бос, кейбір жерлерде ғана сөз таластырғаны болмаса атап айтарлықтай әрекет жасамайды. Одан өзге кемшіліктері де жоқ емес. «Пьеса кейіпкерлерінің тілі де кедір-бұдыр. Көркем сөздің асқан шебері М. Әуезовтің ескі тақырыпқа жазған «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» трагедияларындағы шұрайлы сөз құнарлы сөйлем тіркестері мұнда атымен жоқ деуге болады. Пьеса кейіпкерлері түгелдей

дерлік үлкені де, кішісі де сөздерін орысшалап былықтырумен болады. Тіпті фарсы, иран сөздері де, ағылшын, неміс сөйлемдері де араласып жүреді. ...«Тартыс» пьесасы автордың творчестволық мүмкіндігінен төмен туған шығармасы болды» [1], – деп С. Ордалиев сыни пікір білдірген.

Қай дәуірде болмасын жазылған заманауи шығарманың оқиғадан кейінгі негізгі көрінісі, әрине, кейіпкерімен өлшенеді. Ал кейіпкер болмысы шындықтан алыстаса бүкіл шығарманың көркемдік құндылығына нұқсан келтіреді. Кейіпкер шындығы дегеніміз – өзі сүріп отырған ортаға сай жүріп-тұруы мен киім киісі, сөйлеу мәнері. Ал кеңес кезеңіндегі кейіпкерлер Еңлік пен Қаракөздей құнарлы сөзбен сөйлей алуы мүмкін бе?! Техникалық, экономикалық қарқынды дамудың үстіндегі, Ресейдің тікелей қыспағанда өмір сүріп отырған елдің тілі мен ділі қатар жоғала бастағаны, орысша сөзбен шұбарланғаны жасырын емес. Сондықтан да сыншының жоғарыдағы пікірі орынсыздау екені байқалады. М. Әуезовтей тұлғалы драматургтен ұлы шығарма күтіп үйреніп қалған сыншылар үшін әрине бұл – үлкен кемшілік. Дегенмен, автор бұл шығармасы арқылы нағыз сол жылдардағы институт атмосферасын, оқытушы ұлтшыл топ пен коммунист студенттер тобының шынайы бейнесін аша білген. Олардың өзге тілге еліктегіш сөйлеу мәнері мен іс-қимылдары арқылы нағыз кескін-келбетін кейіптеген.

Әуезовтің көпшілік арасында тағы бір таныла қоймаған пьесасы – «Алма бағында». 1937 жылы жазылған бұл шығармада студенттердің өмірін арқау еткен. Бұл пьесаның ерекшелігі автор алдыңғы шығармаларында қолданғандай оқиғалары ұзақ уақытты қамтымайды. Керісінше классикалық драматургиядағы уақыт пен орын бірлігі шартына сай, аз уақыт ішінде орын алған оқиғаны суреттейді. Жоғарғы оқу орнын енді ғана бітірген студенттер мен аспиранттардың білімін іс жүзінде жүзеге асыруын негізге ала отырып, көтеріңкі көңіл-күй мен күлкілі водевиль стилинде жазып шыққан. Жастар арасындағы кішігірім реніштер мен қақтығыстарға құрылғандықтан үлкен конфликт жоқ. Пьеса фабуласы бойынша Мәскеудегі оқуын аяқтап келген Рая Алматы бағындағы жұмысын бастайды. Көмекшісі Әлимен сөздері жарасып, аспирант Сәлім оны қызғанып, оқиға осы үш жастың қарым-қатынасының айналысында өрбиді. Финалда барлығы ортақ тіл тауып, жақын достарға айналады. Шығармада үлкен конфликтілер жоқ болғандықтан кейіпкерлердің мінез-құлқы да толыққанды ашылмағандай әсер береді. ««Алма бағында» пьесасы

драматург қаламынан туған сәтсіз шығарманың бірі екендігі даусыз. Көркемдік дәрежесі төмен, идеясы әлсіз болғандықтан театр репертуарында көп тұрақтай алмады» [1]. Дегенмен театр зерттеушісі Н. Львов бұл пьесаны «Қазақ сахнасындағы бірінші лирикалық комедия» [2] деп үлкен баға берді. Сонымен қатар, Б. Орлов та театр зерттеушісің пікірін растап «Академиялық драма театры сахнасындағы ең құнды шығарма» [2], – деп өз бағасын берді.

Автордың кеңес одағындағы жаңа өмірді суреттеуге арналған кезекті пьесасы – «Шекарада». Бұл пьеса оқиғасы тұрғысынан басқаларымен салыстырғанда әлдеқайда құнды. Себебі шекара маңында орналасқан аудандағы жаңа өмірде қырағылық қабілеттер ұтымды суреттелген. Оқиға желісі бойынша, Қытайдан қашып келген Жомарт пен Зипаның жергілікті адамдар арасынан пана іздейді. Осы суреттеменің өзі-ақ пьесаның қаншалықты қызықты оқиғаға құрылып, қаншалықты тартысты өтетінін аңғартып тұрғандай. Пьесада драматургиялық үлкен құпия сақталған, себебі кульминациядан өткенге дейін, кімнің жау, кімнің дос екенін аңғара алмайсыз. Оқиға бірте-бірте қоюланып, тартыс та шиелене түседі. Геройлар мен анти герой арасындағы оқиға амал-айлаға құрылып, орын алған түрлі кулықтар көрермен мен оқырмандарды таңқалдырады. Екі тарап күресінің қомақты болатын жөні бар. Себебі мұндағы жаулар автордың басқа пьесаларындағыдай («Кек», «Майдан», «Шахта») колхоз шаруашылықтарындағы бай манаптар, қазақтар емес, империалистік мемлекеттердің елімізге жіберген шпиондары. Мысалы, Жомарт атты мүләйміп дос ретінде жүрген кейіпкер, жапон шпионы Түсіп Тоқсарин болып шығады. «Драматург «Шекарада» атты пьесасында оқиғаны күшті драмалық конфликтіге құрып өрбітудің, шиеленістің шыңына жеткізіп барып, шешімін табудың үлгісін жасады. Пьесаның құнды сипаттарының бірі, онда ұнамды кейіпкерлердің шынайы да типтік де бейнесі нанымды жасалуында» [1].

Мысалы, райком секретары Мұрат образын қазақ драматургиясындағы партия қызметкерінің алғашқы үлгілі бейнесі деп баға беруге болады. Себебі ол – халықтың мұң-мұқтажына шынайы күйіп-пісетін, барлық арман мақсаттарын халықтың болашағымен байланыстыра білген нағыз кәсіби тұлға. Халықтың басына қандай ауыр іс түссе де, Мұрат басқа басшылар сияқты қызбалық пен төзімсіздікке бой алдырмай, үнемі елдің белсенділерімен кеңесе отырып, ортақ шешім шығарады. Өз маңына мақсат-міндеттері ұқсас жандарды топтастыра отырып,

оларға адал басшылық жасаудың үлгісін көрсетеді. Пьесада одан да бөлек шекарадағы отрядтың бастығы Ганшин, еңбекші халықтың бір топ өкілі Мұраттың әйелі, дәрігер Хадиша, Ажар, колхозшылардан Жарқын, Садық, Қонай бейнелері де тартымды суреттелген.

Автордың драматург ретіндегі қалыптасу жолында осындай бірнеше пьесалары жазылған. Жоғарыда мысалға келтірілген пьесалардың көркемдік сипаттарының төмендеу болғанының да өзіндік себептері бар. Біріншіден, саяси ықпалдың үлкен болғандығы. Яғни, көп жағдайда жазушының қалауынан тыс саяси тапсырма ретінде жазылған пьеса екендігі байқалады. Екіншіден, бұл пьесаларды жазушының драматургиялық қызметіндегі аяқтан тұру жолындағы талпыныстар ретінде бағалауға болады. Кез келген дарын иесі алмаз сияқты жұмыс істеген сайын жалтырап, өз қызметінде жарқырай береді. Бұл пьесаларды Әуезовтің де ұлы драматург болу жолындағы жинаған тәжірибелері десек болады. «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай, біз үшін Шығыстың Шолоховы. Сол Шығыстың алып тұлғалы, аталы өмірін осы бір жазушыларға дейін дүние әлемге жұмбақ жатқан сырын ашқан адам» [3], – деп жазды Николай Погодин. «Советтік Қазақстан мәдениетінің тарихында М.Әуезовтің маңызы баға жетпестей мол. Талай жылдар өтер, сонда да жазушының жарқын бейнесі келешек ұрпақтар алдында одан сайын зор тұлғамен бұрынғыдан да жарқырап тұратын болады» [3], – деп академик Қ.Сәтбаев айтқандай, Әуезов шығармашылығы талай ғасырлардың ұрпақтары үшін жүздеген ғылыми зерттеу еңбектерінің негізгі объектісі болатыны анық.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. С. Ордалиев. Қазақ драматургиясының очеркі. Алма-Ата. 1964.
2. Н. Львов Қазақ академиялық драма театры. Алма-Ата, 1957, 159 б.
3. Ж. Қасымов. Қазақ әдебиеті // 1961, 30 маусым.

**НҮРГҮЛ ӘУБӘКІРОВА,**  
Л. Гумилев ат ЕҰУ «Абай академиясы»  
ҒЗИ бас ғылыми қызметкері, магистр,  
**НҮР МАҒАЗБЕКОВ,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының ғылыми қызметкері, магистр

## **АБАЙДЫ «СӨЗДЕН БОСАТҚАН» АҚЫН (МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА)**

Ақылбай Абайдың тұңғыш баласы болса, Мағауия ұлы ақынның кенже баласы. Мағауия 1870 жылы Абай жиырма беске келгенде Ділдә бәйбішесінен туады. Абайдың Әбдірахманнан кейінгі үлкен үміт күткен ұлының бірі Мағауия болады.

Мағауия әке ұйғарымымен ең алдымен ауылдағы «кішкене молда» атанған Мұхаметкәрімнен мұсылманша сауат ашады. «баламды медресеге біл деп бердім» деп жырлап өткен Абай Құнанбайұлы болашағынан зор үміт еткен баласын Семей қаласына әкеліп, орысша мектепке береді. Ұлы ақынның тек өз балалары ғана емес, еті тірі, оқуға қабілетті дегендерді қалаға әкеліп оқуға бергендігі баршамызға аян. 1884 жылы Мағауияның Семей қаласындағы «Семипалатинская мужская киргизская школа» деп аталатын мектепте оқып жүргендігін архив құжаттары дәлелдейді [1]. Ол құжат «Список воспитанников Семипалатинской мужской киргизской школы» деп аталады. Мектептің бірінші класында екі бөлім болған. Оның бірінші бөлімінде оқитындар мектепті бес жыл оқитын болса, екінші бөліміндегілер төрт жылда тамамдайтын болған. Осы құжат бойынша Мағауия мектептің 1884 жылы бірінші кластың екінші бөлімінде оқыған. Тізімдегі 32 баланың ішіндегі бірден – бір «өте жақсыға» оқыған Мағауия болғандығын құжат дәлелдейді. Көп шәкірттер жақсы, орташа, қанағаттанарлық, тіпті әлсіз «2» бағасын алып жатса, тек Мағауия ғана жоғары баға алған. Бұл оның өте қабілетті, зерек, білімге үлкен құлшыныспен келгендігін айқындайды. Қырдан келіп жоғары нәтиже көрсетуінің өзі ерлік. Әр шәкірттің мектепті бітірген соң қайда баратындығы, оқуларын қалай жалғастыратындығы көрсетілген тізімде он сегізінші болып тұрған Мағауияның қалалық 5 сыныптық училищеге баратындығы жазылған.

Оқудың бірінші жылының өзінде оқуға деген құштарлығын, аса жоғары қабілеттілігін, зеректігін көрсете білген Мағауияның білім алу дәрежесі ұзаққа созылмайды. Білімнің нәріне енді



ғана сусындап, қана жұтуға бет алған кезде, қаншалықты қызығушылығы мол болғанымен, қалада екі-үш жыл оқыған соң оның денсаулығы төмендеп, ауруға шалдыға бастайды. Оқудағы баласының ауруға ұшырай бастағанын байқаған Абай оны бірден тексертіп, емдету жолын қарастырады. Семейдегі сол кездегі елдің аузында құрметпен аталатын, тәжірибелі, білгір дәрігер Станов болады. Абай Мағауияны осы дәрігерге апарды. Станов Мағауияның өкпе ауруына ұшырағанын бірден байқап, енді оны қалады тұрып білім алуға болмайтындығын айтады. Сол себептен де баласының оқуын осымен тоқтатып, Абай оны аулына алып қайтады. Ел ішіне келген Мағауия әке қасында болып, ұлы Абайдың ақындық тағылымын, әкелік тәлім-тәрбиесін алады. Бұл кезде Абай төңірегіне ұлы ақынның өсиетін, ағалық, әкелік, ұстаздық ақыл-кеңестерін барынша ұғынғысы келген шәкірттер топтаса бастаған еді. Оның ішінде Мағауияның алар орны ерекше. «...Абайдың өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Қалған екеуі Көкбай, Шәкерім. Осы төрт ақын Абайдың толық мағынадағы шәкірттері», – [2, 244] деген Мұхтар Әуезов сөзінің мәнісі де осында. Сексенінші жылдардың аяқ кезінде Абайдың атақ-беделі арта түсіп, төңірегіне талантты шәкірттері ғана топталмай, алыс жерлерден де ақындар, әнші-жыршылар, өнер адамдары арнайы келіп жатады. Көкбай, Мұқа, Баймағамбеттер де үнемі Абай қасында еді. Олар Абай ақылымен өлең жазып, жазған дүниелерін бірлесе отыра талқылап жатса, оларға Абайдың айтар ел есіндегі ескі әңгіме ғана емес, өзі оқыған әлемдік әдебиеттің маржандай асыл үлгілері жетерлік еді. Міне ақын шәкірттерінің алар дәрістері де аса мол еді. Солардың қатарында Мағауия да ұлы ұстаздың талапты шәкірттерінің бірі ретінде өзінің дүниетанымдық көзқарасын кеңейтіп, ақындық талантын ұштай жүреді.

Міне ауылда мұсылманша хат танып, қалада үлкен білім мектебінің азда болса нәрін алған алғыр ойлы, дарынды Мағауияның ұстазы басшылығымен, бағыт-бағдары бойынша өз бетімен көп ізденетін уақыты келеді. Орыс мектебінен алған бастауыш білімін әкесінің өнегесімен дамытып, орыс тілін меңгерген ол енді Абай оқыған кітаптармен танысып, орыстың ақын, жазушыларының, ғалымдарының еңбектерін оқи бастайды. Петербургте оқып жүрген Әбдірахман да Мағауияға көп көмек береді.

Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, ұғынған Мағауия өзі

де Ақылбай, Көкбай сияқты ақындық еңбекке беріледі. Ол он алты-он жеті жасында қолына қалам алып, өлең жаза бастайды. Мағауияның махаббат тақырыбына жазылған, жалпы лирикалық белгілі өлеңдері. «Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп» және «Түсіме бүгін түнде кірді дұхтар». Мағауияның осы өлеңдерінен Абайдың ақындық дәстүрі айқын сезіледі.

1894 жылы Мағауияның сүйікті ағасы Әбдірахман Верный, қазіргі Алматы қаласында әскери қамалда қызмет атқарып жүрген кезінде науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Бұл хабар Абайға қатты әсер етеді. Ауырып жатқан баласының қасына Мағауия бастатқан туыс-достарын жібереді. Мағауия өмірінің ең бір қайғылы, ауыр кезеңі осы бір шақ еді. Ол бірнеше ай Әбіштің қасында болады. Қайғылы тұтқан қауіпті кезеңде ақын талай шерлі өлеңдер шығарады.

Көзінің еті қашқан арықтаған,  
Сүйек, сіңір-бәрі де анықталған.  
Ақ кенептің ішінде аппақ болып,  
Ғазиз болып жатыр-ау, қайран ағам.

Ұзақ уақыт төсек тартып жатқан Әбдірахман 1895 жылы бірінші қаңтар күні, 27 жасында қайтыс болады. Ағасын «аманат» етіп Алматыға уақытша жерлеп, қалың қайғы - қасірет арқалап, Мағауия еліне қайтады.

Мағауия әкесінен үлгі-өнеге мол тағылым алған, ұлы ақынның жолын қуған, білімді, өнерпаз шәкірті болды. Ол тек ақын ғана емес, әрі әнші, домбырашы, гармонь, скрипка сияқты музыка аспаптарын жақсы меңгерген шебер музыкант болады. Мағауия қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-ағарту, ел басқару істеріне де араласқан. Ол сол кездері Семей қаласында ұйымдасқан «Елге бастауыш білім беру қоғамына» мүше болып, ағарту саласына қаражат жағынан көмектеседі.

Мағауияның адамгершілік қасиетін Мұхтар Әуезов былайша сипаттайды: «Мағауия оқымысты жастың бірі болады. Ол әкесіне ел жұмысына да үлкен серіктік етеді. Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте бауырмал және кең мінезді, әділеті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады. Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар, бертін кездерде Мағауияның әділ көмегін де көп көреді» [3, 229].

Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов өз естелігінде: «Мағауия өте сыйлы, қыз мінезді жігіт еді. Білімді адам келсе оқыған, тағылым көрген адам деп өзіне лайықты сөз, келісімді кеңес құрады. Халық

ортасының ел ағасы ақсақалы, басшысы келсе, көпті көрген көне адамның сөзін сөйлеп, құрметін істеп ырза ғып аттандырады. Мағауия аз өмірін ұзартқан халқынан мақтау мен алғыс алған жігіт болды» [4].

Мағауия көп жасамаған. Семей қаласында оқып жүргенде жабысқан ауру оны ақыры меңдетіп женеді. 1903 жылы қараша айында ақын төсек тартып жатып қалды. 1904 жылы 14 мамыр күні 34 жасында Мағауия дүниеден озады. Абай Мағауия дүниедан өтерінде қолынан ұстап, болашағынан үміт еткен баласына қимастықпен:

Арқамды жүктен босатқан қарағым,  
Аузымды сөзден босатқан, қарағым,  
Алдымды кісіден босатқан, қарағым  
Қош бол, Мағашым қарағым, –

деп, маңдайынан сүйіп, көзінен жасын төгіп, сырт айналып күніреніп, кемсендеп үйден шығып кетіпті. Мағауия ауылы да Абай ауылы сияқты ақындар мен әнші, жыршылардың, өнерлілердің бас қосатын әдеби, мәдени ошағы, орталығы болған екен. «Мағаштың өлімі, ездiк пен ерлiктi сынайтын өлiм» - деген екен Абай. Мағауия қайтыс болған соң, 40 күннен кейін Абайдың өзі де дүниеден қайтқан. Мағауияның бейіті қазіргі Абай ауданы, Ақшоқы дейтін жерде.

Мағауияның алғаш жазған өлеңдерінің бірі – «Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп» деп басталады. Өлеңді оқып шыққанда, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты өлеңі есімізге түседі. Мазмұн, ой, сезім жағынан екі өлең ұқсас келеді. Мағауия өлеңді жазу барысында Абай өлеңінен көп үлгі алғандығы айқын аңғарылады. Ақын бұл өлеңінде екі жастың жазғы жайлауда, ай жарық бір түнде ел көзінен ұрланып, ауылдан аулақ бір сайда, бірін-бірі аңсап табысқан сәттегі көңіл-күйін, сезім-сырын сипаттайды.

Сүйген жарымен көріскенше, көңілі жай таппай, жүрегі алып ұшып тұрған жігіт бейнесін аса нанымды, әрі әсерлі етіп, әдемі суреттейді. Ауылдан ұрлана шығып, күткен жарына жан ұшырып келе жатқан қыз бейнесін де көз алдымызға әкеледі.

Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп,  
Бір сайға уағдаласқан келсең жетіп,  
Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,  
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп.

Ат терлетіп келген жас жігіт сүйген қызын кезең басына шығып, ауыл жақтан көз алмай, бойы дірілдеп, шошынып, жүрегі қағып, тағат қалмай тосады. Асыққанда бір минут сәтті бір сағаттай болып, ғашыққа деген сезім дегбірін шығарады.

Шыққан жарың көрінсе о да беттеп,  
Өрең шыққан секілді ептеп-септеп.  
Қара шапан, ақ көйлек, кәмшат бөрік,  
Көк шалғынның үстінде көлбелектеп.

Осы бір шағын өлеңнің өзінен табиғаттың жайма шуақ сәтін, жас ғашықтардың ұрланып ауыл сыртында кездесуге асығуын, бір-біріне деген ыстық сезімін, пәк махаббаттарын айқын аңғарамыз.

Ақынның келесі бір өлеңі – «Түсіме бүгін түнде кірді дұхтар» деп аталады. Өлең ақынның өз басынан кешкен жайға, махаббат, ғашықтыққа, қыз сезімі бостандығына арналған. Қызға деген сезімін көрген түсін баяндағандай етіп білдірген. Сол себептен де өлеңнің шығу тарихы, айтылу кезі туралы түсініктемесімен бірге қарасақ көп жайлардың сырына қанығамыз.

Абай замандастарының бірі, әрі жақын досы, әнші-жыршы Бейсенбай Жәнібеков дегеннің Шәкежан есімді ақылды, сұлу қызы болады. Қызды жастайынан Ырғызбайдың беделді адамдарының бірі Сатыбалды би атастырып қойған екен. Айттырып қойған күйеуін қыз өзіне тең көрмей, көңілі Мағауияға ауып, оған өлеңмен хат жазып, махаббат сырын білдіреді. Қыздың хатын оқыған соң, Мағауия әдейі арнап барып, Шәкежанға жолығып, оның бар сырын өз аузынан естіп, қанады. Шәкежанның адамгершілігі Мағауияға қатты ұнайды. Өлеңнің қысқаша тарихы осындай. Осы уақиғаны түнде көрген түсі етіп, өлең жазады. Түсінде Шәкежанмен кездесуін суреттейді. Бірақ шығармада Шәкежанның атын әдейі атамайды. Фарсы тіліндегі «дұхтар», яғни «қыз» деген сөзді қолданады.

Шығарма басында түсінде көрген қыз жайынан күні бойы бойды жинай алмай отырмын дей келе, ақын түс жайын баяндайды. «Бір үйде отыр екем жапа-жалғыз, Үстіме кіріп келді ойда бар қыз», – дейді ақын.

Нәзік сезім мағынасын байқаймыз ба,  
Белгілі бір жаспыз ғой қаны қызба.  
Қасына жетіп барып қысып, сүйіп,  
Қалжындап дедім: қалқа, амансыз ба? –

дегенде ынтықтығы бар қыз да қымсынбайды. Ол сыпайылық сақтап, ішкі сезімін білдірмей қалатын қыз емес. Шынайы сезімінің жарқын қыз іс-әрекетінен де көрініс табады. Ғашығын ақ көңіл, адал сезіммен жақсы көрген қыздың ақ білегі жігіттің мойнына артылып, басы ер кеудеде сүйеніш табады. Іштегі ытықтық әсерімен жігіт қасына келген қыз бойын жинап алып, өз орнына отырып, көз жасын сығымдай отырып, дір-дір етіп тіл қатады. Ақынның осы «дір-дір» етіп деген сөзінің өзінен қыз жүрегінің пәктігін, адалдығын, арманда кетер махаббат құрбаны болғандығын айғақтағандай.

Сен емес пе ең, соңынан ерген кісім,  
Бойымда бар қасиетін берген кісім.  
Өле-өлгенше сақтасар адам ба деп,  
Қол беріп әулиедей сенген кісім, –

деп өзін ақ көңіл, адал жүрегімен шексіз сүйген қыздың махаббат сезімін өлеңге қосады. Баяндалған түс жайы сияқты Мағауия мен Шәкежан арасында шынында да шынайы махаббат туындаған. Екеуі қосылып баянды өмір сүре алмай арманда айрылысады. Мақсатына жете алмай шерлі болған ақын жас жүректің арманын, мұң-зарын өлеңмен жеткізген. Ақын сүйіскен жастардың жүрек сырын, махаббат сезімін уақиғалы шағын өлеңмен шебер суреттеп берген.

Мағауияның бізге жеткен қалған өлеңдері өзіне қамқор болған, өте жақсы көретін ағасы Әбішке, Әбдірахманға арналған. Ақын өмірінде өшпестей өкінішпен айтылатын ең бір қиын кезең осы ағасының науқасқа ұшырап, аз уақыттан кейін жастай өмірден озуы еді. Әбіштің ауруға ұшарағаны Абай бастатқан қалың елге ауыр тиеді. Осы кезеңдерде ұлы ақынның баласына арнап жазған қаншама өлеңдері туындағанын оқырман жақсы біледі. Абай әкелік махаббатын, арманы мен тілегін жыр жолдарына қосса, енді бірде Кәкітай атынан сағынышын білдіріп жатады. Аға тағдыры үшін күйзелген Мағауия да үнсіз қала алмайды, ақын жүрегімен жыр жолдарын хатқа түзеді.

Баяғы келер ме,  
Бірге ойнап жүруге.  
Бар құдай берер ме,  
Жүзді аман көруге.

Әбіш науқасының бет алысының жаман екенін естіген Абай, 1894 жылы, Мағауияны ағасының қасына Алматыға жібереді. Мағауия Әбіштің қасында бес айдай болып, күтіп, сүйікті ағасын өз қолымен аттандырады. «Осы ауыр сапар, қайғылы хал, бес ай бойы ағасының ақырғы демін күткен қаралы күндер, ауылдан аулақта жалғыз басқа түскен ауыртпалық – Мағауияны қатты тебірентеді. Осы ауыр халдің үстінде «Бір үміт, бір хауіптің» ортасында өткізген күндер, үзілген үміт ақынның: «Ыңқылдап жатыр екен жаңа барсам», «Дейтұғын сөзің қайда «Мағатайым», «Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап», «Бірге туған бауырлас»– деген өлең-жырларын туғызды», – дейді Қ.Мұхамедханұлы.

Осы кезең Мағауияға қатты әсер етеді. Алматыға келіп, құр сүлдері қалған ағасын көрген оның жан жүрегі қайғыдан қан жылап, өзінің мұнды сезім-сырын білдіреді:

Ыңқылдап жатыр екен жаңа барсам,  
Жасымды тоқтата алмай, болдым сарсам.  
Сұп-сұр болып жатқанын шалқасынан,  
Көкірегім көреді, көзімді алсам.

Аппақ құдай болып ақ кенеп ішінде жатқан ағасының аянышты түрін көргенде көз жасы ерік бермейді. Шыңғыстауда Абай «Я, құдай, бере көр, Тілеген тілекті» деп жалбарынып жатса, Мағауия да Алматыда еттің бәрі қашып, мүлдем арықтаған, көзі шүңірейген денесі қалған Әбдірахманның жазылуын бір құдайдан ғана тілейді. Аға қасында бір өзі қалған ақын жүрегін бір үміт пен, бір қорқыныш жаулайды. Ол сезімі төмендегідей суреттелген.

Жолықсам күлкіменен құшақтасып,  
Сөйлесіп, қалжыңдасып, көңіл басып.  
Құдай-ау, өзің сақта жолығудан,  
Жыласып, шуылдасып, ойбайласып!

Меңдеп алған ауру дес бермей күн санап Әбдірахман әлсірей түседі. Ағасын жас өлімге қимаған Мағауия да жаны күйзеліп, қайғы шерін өлеңмен білдіреді. Әбіштің күйзеліп жатқан кезінде шығарған өлеңдерінің бірі «Дейтұғын сөзің қайда «Мағатайым» деп басталады.

Дейтұғын сөзің қайда «Мағатайым»,  
Жүректің тоқтауы жоқ барған сайын.

Жарқ-жұрқ етіп жайнаған жас шағында,  
Шынымен қор бола ма ағатайым!

Аға қасында жатқан Мағауия онымен бірге қиналып, ауыр күй кешеді. Бейнеттің не екенін білмеп едім, енді қайғымен дәмін таттым деп тағы да жыр толғайды.

Ыңқыл қағып жатады сұп-сұр болып,  
Сырылдап қақыра алмай кеуде толып.  
Жалғыздық, биғылаждық еске түсіп,  
Жүрек болмай ериді мұны көріп, –

дей келіп, Әбіштің ерлік, адамгершілік қасиетін сипаттайды.

Шыншыл тіл, әдебі зор, таза жүрек,  
Ақ көңіл сақталмайтын ішінде кек.  
Өмірден үміті жоқ, бейнеті көп,  
Жатады бір қозғалмай зор көкірек.

«Азабыңнан құтқар да, жаным әзір ала бер», – деп құдайдан жалбарыныш тілеген аға сөзі оның сай-сүйегін сырқыратып, жан жүрегін елжіретеді.

Ақыры өкпе ауруы Әбішті жеңіп, ол 1895 жылы бірінші қаңтар күні 27 жасында дүниеден озады. Ағасын «аманат» етіп Алматыға уақытша жерлеп, еліне қайтқан Мағауия жайын жоғарыда айтқанбыз.

Әбдірахман өлген соң, Мағауияның ағасына арнап жоқтау өлеңі бар.

Мағашым жалғыз қалар деп,  
Шыдамақ болды өлмеске.  
Шыны тағдыр келген соң,  
Бола ма шырақ сөнбеске...  
Амалың жоқ қайтесің,  
Кеткеннен соң келмеске, –

деп, тағдыр жазған іске мойын ұсынып, артында қалған жары мен баласына тек қорған, пана болмаққа серт етеді.

Мағауияның сонымен қатар «Жас шыбық жазғытұры гүлін пашқан» атты лирикалық өлеңі, «Бір кезде ел маңдайлы Күшік еді» деген әлеуметтік тақырыпқа жазған өлеңі сақталған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. Бірінші кітап. – Алматы: «Дәуір». 1994. – 224 б.
2. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы // Кітапта: Абай Құнанбаев (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы, «Ғылым», 1967. – 391 б.
3. Әуезов М. Мағауия шығармалары // Кітапта: Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.
4. Әрхам Ысқақов Абайдың өмір жолы // Кітапта: Ұлы Абайға адалдық.- Семей, «Ғалам-шар», 2005. – 304 б.



**ҚУАТ ҚИЫҚБАЙ,**  
Абайдың «Жидебай-Бөрілі»  
Мемлекеттік музей-қорығының аға  
ғылыми қызметкері, Шәкәрім атындағы  
Семей мемлекеттік университетінің оқытушысы, жазушы

**БІТІМІ – БІРЕГЕЙ, КЕСКІНІ – КЕСЕК**  
(*Қ. Мұхамедхановтың әдеби мұрасы жайында*)

Қазақ әдебиетінде өлең мен сөз жат ұғым емес, біте қайнасып кеткен егіз екені ертеден мәлім. Осының ішінде бейнелі сөзбен безендірілген әңгіме, нақтыласақ проза бертінгі дүние болып шығады да, тамырын тереңнен тартқан өлең - қазақтың халық ауыз әдебиеті арқылы сахара даласында ғұмыр кешкен ұлттың ұғымына сиятын әрі жақын дүние болып көрінеді. Сол себептен де болар қалыптасқан қабырғалы қаламгерлер де ең алғаш әдебиетке ендеп келгенде өлеңді серік еткені жасырын емес. Бұған қоса қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы данышпан ақынды, Абай хакімді қосыңыз. Әсерінің болғаны да белгілі басы ашық мәселе.

Абайтану ғылымының асқан білгірі, асқар биігі Қайым Мұхамедханов мұрасы алтын діңгекті, қазыналы қазақ руханияты мен қазақтың қамбалы әдебиетін байытқан айтулы дүниелер. Ол абайтанушы, елдің өшкенін жағып, жоғалғанын тауып, Абайға қатысты арғы-бергі тарихты қаузап қана қоймай өзгеше сипатта өрілген өлеңдері мен поэзиялық туындыларды тудырған, парасат-пайымымен ерекшеленіп тұратын драмалық шығармаларды жазған дарын еді.

Оның 1944 жылы жазылып Қазақ ССР-нің Мемлекеттік әнұранына айналған **«Қазақ ССР-нің Гимні»** және 1992 жылы Қазақстан Республкасының Мемлекеттік рәміздеріне жарияланған конкурса қатысқан **«Қазақстан Республикасының әнұранына ұсынылған нұсқа»** деп аталатын шығармалары шын мәнінде патриоттық шығармадан бұрын өн бойындағы шындығымен де, ақынның айтуға немесе айтылуға тиісті ойымен бірге тамаша өріліп шыққан. Біздің мұнда бірінші кезекте айтып отырғанымыз да сол өнер иесінің, өлең иесінің шамырқанған шабыты, терең мағына үстейтін ойы болып отыр. Сол себепті де XX ғасырдың 40-шы жылдары жария көріп, бәйгелі болған шығармасы **«Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған»** - деген өлеңіне **«Ер»** сөзінің орнына **«Біз»** сөзінің

қойылуы солақай саясаттан бұрын Ер мінезді ақынның өзі екенін, өлеңде де, өмірде де «ер» болғанын аңғарамыз. «Абай» деп атқа қонып, «Алаш» ұранымен білгенінен жаңылмай жақсылық жаршысы болғаны, осы сөзімізге өмір биографиясы да жетерлік деп ойлаймыз.

Қайымның елеулі шығармалары 1952 жылы Карлаг лагерінде жазылған «Балаларыма», «Отырдықтар тар қапаста күнді санап», «Әтімге» деп аталады. Бұлар ақынның тар қапаста отырып, басынан кешкен тағдырымен, айтқанынан айнымаған ердің жан азасы мен шырылдаған шындығы. «Балаларыма» өлеңінде атауын естісе жақын-жуықты қойып, туған-туысың теріс айналатын 58 баптың, екінші тармағымен «Халық жауы» атанған ақынның жарына, балаларына арналған аманаты аңғарылады:

**Тіршілікте не көрмейді ғазиз бас,  
Кейде шаттық, кейде қайғы, көзде жас.  
Шаттығыңа әркім ортақ, дос та көп,**

**Қайғыңа ортақ шын адал дос табылмас** - деген өлең жолдарынан ақынның азаматтық ұстанымы, күрескерлік рухы айқын менмұндалайды. «Халық жауы» болып қуғынға түсіп оралғанда өзінің аяулы ұстазы, бағдар еткен құрметті адамы Мұхтар Әуезов алдында оқылған «Отырдық тар қапаста күнді санап» өлеңінен де өн бойындағы шындығынан бұрын, тағы да ақынның мақсат-мұраты мен көппен күрескен жанның жан дауысы естіледі:

**Отқа салдың, отырдым жігер қайнап,**

Тордағы арыстандай көзім жайнап – деген жолдардағы арыстан да Қайымның өзі. Оған талас жоқ. Жан-жақтан қаумалаған жауға қарсы тұру үшін арыстанға біткен алапат күш те, жігер де керек. Сөз басында айтқан «Халық жауы» атанған адамнан өзге түгіл өз жақындары да безген болатын. Бұл қара басының қамын күйттеген кісінің кеспірі. Көпшілік ортада істі болғандарды келемеж қылғандардан бұрын, оны-мұны шаруасына қарайласпай, қара басының қамын ойлағандар жетерлік. Осы жағдай Қ.Мұхамедхановтың «Әтімге» дейтін туындысында айқын көрініс тапқан.

«Алдымда ақын Абай – Темірқазық» деп өлең толғаған Қайым өлеңдеріндегі уытты тіл, сатиралық сарын да өзі айтқандай Абай сөзінің жалғасы, хакім ұлағатының жаңғырығы болса керек. Қайым ақын «Ұстазыма», «Орындалған өсиет», «Жамбыл», «Ойнақы көз, тұрақсыз сөз», «Кітап» өлеңдерінде ашыла, ақтарыла түседі.

«Ойнақы көз, тұрақсыз сөз» деп аталатын туындысында – қазақ аруының бойындағы тұрақсыздық, сылқым сұлулық, көлгір күлкі сияқты жағымсыз қасиеттерді тілге тиек ете отырып, ақын тұла бойы ұят пен арға тұнған, жаны таза, сабыры мол сұлуды, ақылына көркі сай жанды іздейді:

Түннен қара, күннен нұрлы,

Көрем көзді терең сырлы.

Ақылы алтын, жүзі жарқын,

Терең сырлы, сегіз қырлы - деген жолдардан да оқырман өз керегін табар. Қайымның өлеңдерін, поэзиясын сөз еткенде ол тап келген заманды, сын садағын кезенген, сенің қия басқаныңды андыған цензураны да сөз еткеніміз жөн. Осы заманға дәлме-дәл келу арқылы ақындығы, поэзия патшалығында толықтай қыры мен сыры ашылмай қалды-ау деген өкініште басым. Оның социалистік реализмді жырға қосқан бірді-екілі шығармасынан саяси астар іздеп аласартпаған ләзім. Жазғаны аз өлең болғанымен де, ол туралы аз сөз қылсақ та сапа мен салмақ деген сары алтынның салмағы басып, қашанда асқақ тұрары белгілі жайт.

Абайтану ғылымы саласында аты аталып, поэзиялық туындылары мен қаламынан туған шығармалары жайында аз-маз сөз айтылатын әдеби мұрасының ішінде шоқтығы биік дүниелер көп-ақ. Қайым қазақ прозасы оның ішінде балалар әдебиетінің де дамуына бірі кісідей үлес қосқан тұлға. Көп томдық шығармалар жинағының жетінші томына енген әңгімелерден-ақ оны жазушы ретінде әспеттеп, тағы бір саты жоғары қойғымыз келеді. Халық әңгімелерінің желісі бойынша «Әділ бөліс», «Бай мен қызметшісі», «Сараң кемпір мен зейінді баласы», «Аңғал бала мен шал» шығармалары бір қарағанда балалар ұғымына лайықтап жазылған. Десе де мысал әңгімелердегі аярлық та, әдлетсіздік те, қорғаны жоқ елді қанаған мейірімсіз әрі қатыгез жандар образы танылады. Кейіпкердің бірегей бітім-болмысын шебер суреттеуде, әңгіменің тілі жатықтығымен басы бүтін, кескіні кесек дүние болып шыққан. Балалардың бойынан табылуға тиіс алғырлық пен тапқырлық та әңгіменің өзегі болып алға жетелеп отырады.

Қайым Мұхамедханов драматургия саласында да қалам тербеген айтулы қаламгерлердің бірегейі. Оның өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан басталған шығармашылық жолы тұйықталып қалмай, бертіңгі күнге дейін қазақ театр сахналарында оқырман ойындағысын дәл басып, көрермен көңілдегісін көркем

тілмен жеткізген өміршең шығармалар болып сомдалды. Бұл сөз дәл қазіргі азаттық аспанында тірлік жалғаған мына біздің емес, өткен күндердің де биік бағасы. «Майданнан майданға» немесе екінші атауы «Дауылдан соң» пьесасы 1947 жылы қағазға түскен. Осы жылдың 22 қазанында Қазақстан Жазушылар Одағы Президиумының отырысында талқылаудан өткен.

Осы шығарма жайында Ғабит Мүсіреповтің: «Қайымның «Майданнан – майданға» пьесасы қазақ совет драматургиясының жақсы табыстарының бірі есебінде театр сахнасына ұсынылуы керек», - деп ерекше баға беруі бүгінгі әдебиетші және театр майталмандарының бағасы болуы еш күмәнсіз. Пьеса оқиғасы - Ұлы Отан соғысынан кейінгі қазақ ауылында өтеді. Негізгі тақырыбы соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қамтығанымен ел мен жердің қамын ойлаған, қайраты мен қажырына сүйеніп, қандай іске болсын білек сыбана кірісіп кететін ерлер бейнесін әйгілейді.

1919-1920 жылдары Аягөз, Жарма сияқты елді-мекендерде болып өткен тарихи оқиғалар желісімен таңбаланған **«Комиссар Ғаббасов» және «Ер Білісай»** тарихи драмалары да ақын, жазушы Қайымды қаламы қалыптасқан драматург ретінде айшықтайды. **«Комиссар Ғаббасов» шығармасында** негізгі кейіпкер Кеңес Үкіметін орнатуға белсене ат салысқан Сабыржан Ғаббасов. Драмада сол заманның тарихи шындығы нанымды баяндалады. Ал, екінші *«Ер Білісай» тарихи драмасы* Жарма жерінде азамат соғысы жылдары ақ бандыларға қарсы күресте ерлік ісімен көзге түсіп, ел аузында *«Ер Білісай»* атанған әйел Білісай Байғанарова бейнесі суреттеледі.

Оқиғасы Ұлы Отан соғысының соңғы жылдарын қамтитын автордың «Перне» пьесасы тұрмыстық махаббат драмасы. Осы шығарма жайында Сәбит Мұқановтың пікіріне 1944 жылы 28 шілдеде Қазақстан Халық комиссарлары советінің жанындағы Өнер басқармасына жазған хатынан қанығуға болады: «жазушы Қайым Мұхамедхановтың «Перне» пьесасы өнер туралы жазылған сүбелі шығарма. Шынайы талантты дүние. Сондықтан Қазақстан Совет Жазушылар Одағы жолдас Қ.Мұхамедхановтың бұл пьесасын Қазақстан театрларында қойдыруды ұсынады» - дейді. Күнікей, Бұлан, Толқын мен Тоқтар, Күлтай, Шарбан, Рәш, Шалдыбай сынды кейіпкерлер арасында өрбитін «Перне» пьесасы оқырман көңілінің пернесін дөп басады деп санаймыз.

Қайым Мұхамедхановтың тағы бір қыры аударма өнеріне барын салып кіріскендігі. Шебер тіл мен түпнұсқа шығарма

авторының айтар ойын, кейіпкерлердің көркем образына қылдай қиянат жасаймай аударып шығуы шын мәнінде де жазушы Қайымның, ғалым Қайымның ыждаһаттылықпен еңбектенгені танылады. Орыс және татар поэзиясы көрнекті ақындарының өлеңдерінен бастап, драмалық туындыларына дейінгі аралықта біз сөз етіп отырған автордың көркем әлемі де, бізге беймәлім сыры мен қыры ашылып, мұхиттай тереңдігі де, шыңдай биіктігі де өзі іздеген көркем шындыққа да жақындата түседі.

Жасын жырларымен танылған ақын Қайым әлем әдебиетінде есімі танымал тұлғалардың жырларын аударды. Тағы да бір белесті бағындырып, шығармашылық кеңістігінің керегесін кеңейтіп, аудармашылық ауанының аясын айқындады. Ол аударған украин ақыны Тарас Шевченко, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың жырлары қазаққа басқаша сипатта тіл қатты.

Қайым сомдап шығарған жырлар арқылы өзгеше сипатта үн танытты. Мұнда да тағы да біз ақынның һәм аудармашының жаңашылдығын, жаңалыққа құмар қалам иесі екенін бағамдауымыздың мүмкіндігі туды. Қайым Мұхамедханов украин халқының ұлы ақыны Тарас Шевченконың айдауда жүргенде жазған «Өсиет», тар қапас, түрменің түбінде жүріп тудырған «Жалғызбын мен жалғызбын», татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың «Ащы тәжірибе дауысы», «Ақын» шығармаларынан өзін тапты.

Әдебиеттен білімі жетік, өресі биік жанның тағы бір соқпай кетпейтін тақырыбы бұл Қайым аударып шыққан орыстың әйгілі жазушысы әрі тарихшысы Николай Михайлович Карамзиннің «Бедная Лизасы». Аудармашы-ақын бұл шығармасында қазақ тілінің бай қорын өзінің пайдасына шешкен. Шығарманы тұтастай алмастан бұрын тек қана тақырыбын ғана алып қарасаңыз көп нәрсеге қанығарыңыз кәміл. «Бедная Лиза» - Қайым аудармасында «Сормандай Лиза». Таңқалып, тамсанып, бас шайқамасыңызға еш шара жоқ. Не деген тіл, не деген көркем образ?! Міне, қазақ прозасының қамбасын байытарлық аударма дәл осындай болуы керек. Бұл нағыз аударма саласының жарқын үлгісі. Бүгінгі жиырма бірінші ғасыр биігінде де біз әрдайым есте ұстайтын, аудармашылар қаперіне еш шығаруға болмайтын дәл осы дер едік. Қайым Мұхамедханов өзінің Турағұл Абайұлының Александр Неверовтан аударған «Я хочу жить» шығармасын: «Мен өмірге жерікпін» деп қалай көркем аударған» деген сыңайда сөз саптайды. Біз де Қайым аударған Карамзинның «Сормандай Лизасына» Қайым арқылы шын жанымыз ашығаны бар.

«Сормандай Лиза» қазақ прозасының жаңалығы, жаңашылдығы

дегеніміз артық сөз емес. 1792 жылы Николай Михайлович кара сөзбен жазған шығарманы Қайымның өлеңмен аударуы да, жалпы повестің бар бойындағы оқиғаны қамтуы шын мағынасында шеберлік кескіні. Бұл бір жағы оқып шығуға оңай болғанымен ежелгі дастан үлгісін қайта жаңғыртқан айтулы шығарма.

Татар драматургі Шариф Камалдың 1915 жылы жазылған «Қажы әфеңді үйленеді» комедиясын жазушы шеберлікпен аударар білген. Пьеса өткір әжуа, мысқылға құрылып, қоғамға жат, көп әйел алудың келеңсіз тұстарын, кереғар қылықтарын өткір сынға алады. Үш перделі, төрт картиналы комедияны Қайымның аудармасы арқылы Семейдің Абай атындағы драма театры бірнеше жылдар бойы сахналап, татар жазушысының көркем дүниесі Қайым тілінде – қазақ тілінде үздіксіз сахналанған болатын.

Узеир Гаджибековтың «Аршын - мал - алан» музыкалық комедиясы, поляк драматургі Ежи Юрандоттың «Уақыт сондай», әлемге әйгілі француз драматургі Пьер Огюстен Карон де Бомаршенің «Фигароның үйленуі», А.Фадеевтің «Жас гвардия» романының желісі бойынша жазылған пьесасын, А.С.Пушкиннің «Русалка» драмалық лирикасын Қайым Мұхамедхановтың тәржімалауы қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс деуіміз керек. Осы драмалық шығармалар қазақ театрының қойылымдарын байытып, қазақ әдебиеті де бір саты жоғарылады деуге толық негіз бар. Сонау Абайдан бастау алған аударма дәстүрінің де Қайым шығармашылығынан орын алуы, Абайдың ақындық өнерін мектебін насихаттаумен бірге өмірде де сол жолдың даңғыл болуына күш салғаны анық.

Арқалы ақын Қайым, қаламы жүйрік жазушы Қайым, дарынды драматург Қайым, аудармашы Қайым, ғалым әрі әдебиеттанушы, абайтанушы һәм алаштанушы Қайым тұлғасы осынау сан тарапта сан мәрте биікке көтерілді. Бір бойындағы сан адамның бойынан табылуға тиіс осынау шығармашылық қуат Иесі, Қайым Мұхамедханов мұрасы ай айналып, жылдар жылжыған сайын тарих қойнауында, ескі күндер қатпарында менмұңдалап тұрады. Қазыналы қазақ әдебиетінің қамбасын байытқан айтулы дүниелер авторы, ізденіске толы шығармашылық жолы сәт сайын айшықталып, бізді баурай береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. – 2005 жыл.

2. АБАЙ. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра. – 1995 жыл.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995 жыл.
4. Қайым Мұхамедханов көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Ел-шежіре», 2008. Т.6:– 320 бет.
5. Қайым Мұхамедханов көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Ел-шежіре», 2009. Т:7: – 312 бет.
6. Қайым Мұхамедханов көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. «Ел-шежіре», 2009. Т:8: – 320 бет.
7. Қайым Мұхамедханов Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы. «Дәуір», 1993. – 224 бет.

**АЙЖАН ҚҰРМАНБАЙ,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының ғылыми қызметкері, PhD докторант

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АВТОР БЕЙНЕСІ  
(М. ӘУЕЗОВТИҢ «ҚАСЕННИҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ»  
ӘҢГІМЕСІ НЕГІЗІНДЕ)**

Қазіргі әдебиеттану ғылымында мәтін табиғатын зерттеудің сан түрлі тәсілдері пайда болды. Мәтінге жаңаша көзқарастар туып келеді. Көптеген әдебиеттанушылардың шығармадағы өмір көріністерінің шынайылығын талдап берген пікірлеріне сыни көзқараспен қарап, көркем шығарманың ішкі бір әлемі болатынын алға тартқан ғалым Д. Лихачевтің пайымдары ғалымдардың ойына қозғау салғандай болды. Семиотиктердің мәтінді ашық жүйе ретінде қарастырып, оның тек монолог пен диалогтан тұрмайтыны, оған оқырман араласса ғана оның мазмұны толықтай ашыла түсетіндігі, шығармада «автор-мәтін-оқырман» үштігі қосылып, басы біріккенде ғана көркем мазмұн пайда болатыны туралы ойлары көркем мәтінге деген көзқарастың өзгеруіне, мәтін ішіндегі автор мәртебесінің өсуіне алып келді.

Орыс әдебиеттанушысы М. Бахтин көркем шығарманы философиялық және эстетикалық тұрғыда зерттей келе, көркем шығарманы басқарушы екі сөйлеу субъектісінің, екі үлгінің, яғни автор мен кейіпкердің болатынын көрсетеді. Көркем шығармадағы автор образы мен оның көркем мәтіндегі көрінісін сараптап, автор мен кейіпкердің мәтіндегі әрекеттерін сүзгіден өткізе келе, «бастапқы автор» және «қосалқы автор» ұғымдарын ғылыми айналымға енгізді.

Көркем мәтіндегі сөйлеу субъектісі мәтіннің кеңістіктік және уақыттық шеңберінде анықталып, сәйкесінше физикалық, уақыттық, идеялық, эмоциялық көзқарасқа ие болады. Автор сөзінің әртүрлі образдар арқылы жеткізілуі – сөйлеу субъектісін баяндаушы, жеке баяндаушы, әңгімелеуші сынды жіктерге бөліп, анықтап алуды талап етеді.

Ғалым Б. Успенский «Поэтика композиции» атты еңбегінде «көзқарас нүктесі» ұғымы «өнер туындыларын жасаудың негізгі мәселесі – өнердің әртүрлі түрлерін біріктіруші» екенігін келтіреді [1]. Мәтінді талдау барысында кімнің көзқарас нүктесі тұрғысынан мәтін баяндалғанын анықтап алған дұрыс.

Мынадай көзқарас нүктесінің түрлері бар: панорамалық,



бұлыңғыр, бір сыдырғы, суреттеу және живописі. Және ол кеңістіктік, уақыттық, фразеологиялық болып та бөлінеді. Мәтіндегі көзқарастардың молдығы шығарманың көркемдік қуатын арттыра түседі. Көзқарасты анықтау үшін, мәтіндегі баяндау инстанцияларын анықтап алу керек.

М. Әуезовтің «Қасеннің құбылыстары» атты психологиялық әңгімесіндегі негізгі баяндау инстанциясы – нарратор. Бірақ әңгіменің алғашқы басталуында сөйлеу субъектісі – бас кейіпкердің өзі. Шығарманың басты кейіпкері – Қасен. Мәтіннің басында суреттеу кейіпкердің монологу түрінде жүреді. Яғни бірінші жақтан баяндалған. Осы монолог оның бойындағы үрей мен қорқынышынан хабар білдіреді. Мәтіннің келесі абзацында баяндауға нарратор араласып, жаңағы кейіпкер көрген көріністі үшінші жақтан баяндап, кейіпкердің психологиялық күйін әсерлі суреттейді. Мәтіннің бұдан кейінгі абзацында оқиға баяны өзгереді. Оқиғаның өзгеруі шығармадағы уақыт пен кеңістіктің өзгеруіне алып келеді. Әрі тағы бір кейіпкер қосылады. Мәтін басында бейнеленген кейіпкердің психологиялық күйі онейрикалық уақыт пен кеңістікте жүріп жатты. Яғни ол кейіпкердің түсі болатын. Осыдан әңгіменің баяндалу жүйесі әртүрлі планнан тұратын аңғарамыз. Тарқатып айтсақ, реалды уақыт пен түс көру уақыты.

Жазушы түс көруді бұл жерде көркемдік деталь ретінде пайдаланып тұр. Үрейлі түс – кейіпкердің алдынан тосып тұрған шым-шытырық оқиғалардан хабар беріп, шығарманың алдағы баянына оқырманға жорамал жасауға мүмкіндік беретіндей. Түс көрудің – көркем шығарманың әсерлілігін арттыруда атқарар рөлі ерекше. Бұл жайында әуезовтанушы ғалым Г. Пірәлі: «Адамның күрделі рухани әлемін, ішкі сезімін тереңдеп талдап көрсетуге айрықша мән беретін психологиялық прозада ішкі ғаламды – монолог, ішкі монолог, ой мен сезім қайшылықтары, ішкі диалог, бейсаналы сәттегі түс көру, сандырақтау, елес, елестету т.б. арқылы суреттесе, тысқарғы ғаламды – сыртқы қимыл көріністері, ым мен ишараттар, портрет, пейзаж, заттық әлем, көркемдік детальдар т.б. бейнелейді», – деп түс көрудің кейіпкердің ішкі әлемімен тығыз байланысты екендігін айтады [2, 54].

Әңгіменің экспозициясында-ақ суреттелген перцептуалды уақыт әңгімені әсерлендіре түскен.

М. Әуезов шығармаларын оқып, оның көркемдік әлемін сараптай келгенде, жазушының шағын әңгіме жанрында түс көруді көркемдік деталь ретінде көп пайдаланбағандығын аңғарамыз. «Қасеннің құбылыстары» осы көркемдік негізге

құрылған бірден-бір әңгіме десек болады. Тағы да ғалым Г. Пірәлінің пікіріне сүйенетін болсақ: «М. Әуезов – әдеби түс көруді өз мақсатына орай тауып ойнатып, орнын тауып, ой айтамын десе де икемге келе беретін көркемдік еркіндігін, мол мүмкіндігін асқан талғампаздықпен, терең білімдарлықпен, хас қаламгерлік шеберлікпен қолдана білген жазушы» [2]. Түс көру – автордың баяндау жүйесін құрудағы өзіндік ерекшелігін де таныта түсетіндей.

Әңгіме көлемі ауқымды және бір-бірімен байланысып жатқан сюжеттік линиялар көп. Оқиғаның басым бөлігі басты кейіпкер – Қасенмен байланысты. Әңгімедегі негізгі орталық – Қасен. Қасеннің айналасындағы жары, бауыры, дос-жараны, қызметтестері Қасенмен байланыса отырып, онымен диалогқа түсіп оның ішкі сыры мен характерінен хабар береді.

Қасен тек қана басты кейіпкер ғана емес, ол баяндау инстанциясында баяншының да қызметін атқарады. Нарратология ғылымы бойынша дәйектей түссек, баяндау жүйесінде кейіпкер Қасен актер ретінде де көрінеді. «Баяндаудың жоғары деңгейінде актер персонаж рөлінде болады. ...Дискурстық деңгейде актер әңгімелеуші рөліне ие болады: кейіпкерлер диалогының арасындағы репликалардың авторы ретінде; ауыспалы әңгімелердің бір баяндаушысы» қызметін атқарады. Мәтін ішіндегі Қасен өткен шақтағы оқиғаны баяндауы – оның өзінің болмысы мен оқиғаларға деген көзқарасын, ел ішіндегі, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға деген қатынасын білдіреді, сондай-ақ бұл баяндау оған ауыспалы әңгіменің бір баяндаушысы ретіндегі функцияны да жүктеп тұр.

«18-жыл. Ақтың тұсы. Ояздық комитеттің бастығы боп жүріп ауырып ауылға келдім... Жазылғанымда ат шаптырып, той қылам деп әлек болған. 20-жыл қызылдың қолынан аман шықты деп қатын-қалаш тойын жасап, айтқан малын сойып таратты-ау, осы қатын!» [3]. Бірақ актер өз баяндауын негізгі автор-баяндаушының «Қасен ойында» деген репликасынан кейін баяндалған.

Қасен баяндауындағы осы тұстан уақыттың бірнеше сипатын таратып айтуымызға болады: өткен шақ, биографиялық уақыт, яғни Қасен өмірінің нақты бір тұсын көрсетіп тұр; тарихи уақыт – 1918-1920 жылдары Кеңестік Ресейде болған Азамат соғысы қазақ халқын да айналып өтпеген, Қазан төңкерісінің жалғасып, большевиктер мен Кеңес өкіметін жақтаушы «қызылдарға» «ақтардың» қарсы тұрған шағы болатын; оқиға өткен жылды көрсеткен, яки күнтізбелік уақыт дәл көрініп тұр.

Әңгіменің композициясынан әрекеттердің ілкінісін, суреттеу мен лирикалық шегіністерді, пейзажды молынан пайдаланып, ретордация арқылы оқырман ықыласын тарта түскендігін аңғарамыз. Соның ішінде Әуезовтің өзіндік ерекшелігі саналатын табиғатты суреттеу баяндау жүйесінде басым. Автор-баяндаушының суреттеуіне жиі ілігетін объект – Үлкен Алматы тауы. Үлкен Алматы тауының әңгімедегі символдық мәні өте зор. Қасен оңаша қалғанда ылғи түнеріп, оның көңіліне, ішіндегі күдігіне, үрейіне қарсы келіп, оның тығырыққа тірелген тұстарында тәкаппар кескінде көрінетін Үлкен Алматы тауы – Қасен құп көрмейтін социализмнің өзі.

Әңгіменің басында Қасеннің бойындағы үрейіне перцептуалды уақытта тууына әсер еткен тау оны жазушы бейнелеген концептуалды уақытта да жиі мазалап, дегбірін қашырады. Басталуында Қасеннің үрейін тудыратын таудың немен астасып жатқанын жазушы шығарма барысында жасырып қалмаған. Оның жайымен автор-баяндаушы хабардар етеді: «Үлкен Алматы биігі онан сайын алыстап, суи түсті. ...Тіпті ол емес-ау... Үлкен, берік, алып сұлу бойымен бұны басатындай боп, төне түскен сияқты. Күйкі, әлсіз шатқалақтаған жалғыздық ойына тағы бір көрініп, тағы бір теңеу елес етті.

Көп заманнан бері бұның ойына шырмауықтай оралып, қайрақпен қажап өтіп, лебімен жаныштай кетіп отыратын бір сұрақ бар емес пе?

Ол құрылып келе жатқан социализм жайы».

Бұл әңгімедегі баяндау жүйесінде кейіпкердің ойы мен сезімін білдіретін, кейіпкердің өзіне-өзі арнаған сөзі – ішкі монологтың да орны ерекше. Қасеннің социализмнен қатты үрейленіп, қолындағы барынан айыратындай күш боп көрінетіндігін оның ішкі монологы арқылы көрсеткен: «Солай ма, солай емес пе? Мен құрушылардың санында бармын ба, жоқпын ба? Әй, жоқпын-ау... Сондықтан маған алыстан қарайды, суық қарайды-ау... Шіміркентпейді, тітіренткендей... Мейірлі емес, қорқытады. Басатындай-ау... Құрушысына солай көрінер ме еді?». Кейіпкердің осы ішкі монологының мәнін автор-баяндаушының ремаркасы былайша аша түседі: «Үлкен Алматы биігі сол күйдің елесіндей... Бүгін ерекше бір мағына, мазмұн тапқандай... Қасен ойына бұл жанданғандай да, жазалайтындай да көрініп кетті... Және не ойы, не сезімі, не қылығы болса да соған мәлім. Сонадан көріп тұр. Не қылса, бар қимыл-қозғалысымен бұл соған барып сүйкене, мәлімдене кететін сияқты. Тайып кетті [3]».

Мұндағы «Табиғат тек идеялық нышан емес, реалистік дүние қабылдау нысаны да». Оған дәлел мына жолдар: «Қасеннің туып-өскен жері Алматы да, Жетісу да емес. Таусыз бірыңғай, жазық далалы жер. Болса аз-мұз адыр ғана бар. Сондықтан ол мынандай аспан құшқан, бұлтқа араласқан, қиын асқар үлкен шыңдардың сырын ұқпайды».

Үлкен Алматы тауы мен Қасен арасындағы байланысты әңгіменің бірнеше сюжеттік желісіне арқау болғанын аңғарамыз. Әуелі, шығарма экспозициясындағы түсте, Қасеннің социализм жайында ойлағанда, туыстарымен кикілжіңнен кейін, басшысы Жарасбаевтан сөз естігенде, азық-түлік үшін жанжал шығарып, өзін қазақыландырудың жақтаушысы ретінде сөйлегенінде, Жәмиланың жүдеген жүзін көріп, өзінің де баяғыдай шалқып жүрмейтінін сезініп, Сәлменге «қатты қысылған адам» бейнесін тым асыра сілтеп зат сұрай жазғанда, ағасы мен жеңгесін үйінен қуғанда және ең соңында ұрлығы ашылып, тұтқындалғанында, яғни оның барлық сәтсіздіктерінің тұсында Үлкен Алматы оған кездесіп, оның психологиялық күйімен тау бейнесі астасып жатады.

«Қасеннің құбылыстары» әңгімесінде диалогтың қызметі де жоғары. Бұл әңгімеде қосалқы кейіпкерлердің көзқарастары олардың арасындағы диалогтар арқылы көрінеді. Оларға деген автор-баяндаушы тарапынан сипаттау жасалмаған. Диалогтар қосалқы кейіпкерлер жайында хабардар ететін негізгі ақпарат көзі қызметін атқарып тұр деуімізге болады.

Диалог арқылы танылған кейіпкердің бірі – Қасеннің серігі Қасымхан. Оның Қасенмен диалогы арқылы болмысын тани түсеміз. Және әңгімедегі Қасымхан образы Қасеннің шынайы бет-бейнесін аша түсу үшін жасалған. Баяндау жүйесіндегі мына бір суреттеуден біз Қасымханмен қоса, басты кейіпкер Қасеннің нағыз жалғанды жалпағынан басқан, адамдықтан ауылынан алыстап кеткен жан екендігін ұғына түсеміз: «Қасен Қасымханды көргенде айнаға қарағандай болатын. Бірақ одан гөрі өзі қу құйрықтау, шүңеттеу... Ананың жаңағы күлкісі бұған өздеріне күлу, күлгенде бір нахалдық сезбестікпен өз перделерін жырта күлген күлкі сияқтанды».

Шығармада автордың үш кейіпкерге өз көзқарасын екшей көрсеткенін аңғару қиын емес. Олар: Қасен, Қасеннің інісі – Сәлім және Қасеннің жары – Жәмила.

Шығармадағы Сәлім бейнесін тани отырып, автор-баяндаушының рухани жан-дүниесінің әуені мен оның көңіл-күйінің үні Сәлімге

жақын ба деген ойда боласың. Сәлім – «қамсомол», Қасенге қарсы жан, ескілікті көзқарасқа жаны қас, әрі білімқұмар жас. Ол Қасеннің дүниеқоңыздығы мен туыстарын сыртқа тепкен безбүйректігіне қарсы және онысын әрдайым жеткізіп отырады.

Автор-баяндаушы Сәлімнің тұтас өмірі мен оның мінез ерекшеліктерін лирикалық шегініс арқылы өткен шаққа оралып, баяндаған. Оның әуел баста Қасеннің жақтаушысы болғанын, Жәмиланы да құп көргенінен хабар береді. осы жайларды баяндау барысындағы автор-баяндаушының ұстанған позициясынан оның Сәлімнің көзқарасымен бірдей екендігін түсінеміз. Сәлімді суреттеуде: «Дені сау, қайратты, екпіні мол. Жалғыз-ақ ұйқысы қанып тұрса болды. Педжакты желбегей салып, шашын будырата сілкіп тастап айнымайтын, аумайтын көңілді пішінмен істерін істейді.

...Кеш келеді... Төсегінің қасына орындық әкеп соған лампаны қойып, ауыз үйде кітап оқиды.

...Ол әлі кеңседе істеп көрген жоқ. Бірақ кеңсеге керек ұйыстырғыштық ісшілдік, екпінімен есіп кететін тапқыштық бәрі де бұнда көп.

Әсіресе осының бәрінің үстіне өз-өзіне сену күшті. Қай нәрсені алса да жалтақтамай, іркілмей маңдайымен жара қимылдайды, батыл-батыл кіріседі,» - деп жағымды кейіпкер бейнесін жасайды [3].

Жазушы Сәлімді Қасенге қарсы бейне ретінде сомдай отырып, оның да ішкі жан-дүниесіне үңілген. Оның ішкі монологтары арқылы Қасенмен пікірлес емес, сынаушысы екенін білеміз: «Оқыған десем... бұрын білгіш көрсем... Жаңылыс! Ешбір жайдан бірде-бір іргелі тұтас білімі жоқ. Оның үстіне еш уақытта кітап қарастырмайды. Ілгері баспаса, кейін кетпекші емес пе еді? Онан соң бұрын Маркс, Ленин жүйесін, диалектиканы оқып па? Ол кездегі оқуда бұлар жоқ. Оны бүгін ғана білуге болады... Ол жүйе жөніндегі надандығы. Және тіпті жалғыз жүйе ме екен?». Сәлімнің ішкі монологы оның ішкі психологиялық күйі мен жанындағы қым-қиғаш қарсылықтарды танытады. Бұл ішкі монолог Сәлім мен тұлғаланбаған баяндаушының көзқарасы іспетті. Бірақ басты планға кейіпкер Сәлім шығып тұр. Ал Сәлімнің ішкі монологтарының арасындағы авторлық ремаркалар оның өткен шақтағы өзіне де наразы, жаңашыл адам екендігін түсіндіреді: «Жалғыз Қасендер емес... Бұл өзінің де кейбір артқы күнін шенеу... Осы күнге шейін сынамай, талғамай, әлденеден – «тәуір еді-ау» деп жүрген балалық дәуірі, Қасеннің ығында өткен дәуірі бар

емес пе? Соның жылтырауық қабағын енді өз қолымен сындырып, аямай лақтырып келе жатыр... [3]. Сәлімнің психологиялық күйін суреттеу бұл эпизодта Сәлімнің іс-әрекетін бақылап тұрғандай әсер қалдыратын автор-баяндаушының көзқарасы тұрғысынан баяндалған. Сәлім автор-баяндаушының көзқарасы бойынша тек оң жағынан, алды жарық, болашағы бар азамат ретінде суреттелген. Оның өз ортасынан озып шығып, оқшау ой айта білгені – оның келешегінен үміт күттіретін азамат екендігін білдіреді.

Жазушы Қасен мен Сәлім арасындағы осы бір тіс қайрасуды ескі мен жаңаның тайталасындай сипатта тамаша суреттей білген.

Автор-баяндаушы Сәлім жайын суреттегенде Қасен секілді түнерген сөз бояуларын пайдаланбайды, табиғатты да сұрқай кейіпке енгізбей, оның түсін жарық-жарқын етіп жеткізеді. «Жас, сау денесі бұлтсыз ашық шағырмақ күнге де еміренеді. Әлі шаң баспаған, ашық жасыл түске боялған ұсақ, жас жапыраққа да түшіркенеді. Зәулім биік, сұлу серек теректерді ерлей бітіп, жамырап қаулаған уыз жапырақтар көше бойына қарағанда тіп-тік қарағай. Мүз беткейлі жасыл таудай көрінеді... Неткен сұлулық. Аяқ астында, басы қарлы биіктерден аққан мөлдір сулы тас бұлақтар ойнайды. Арық емес, ақын айтқан мүз бұлақ. Еріксіз күйге, жырға тартады.

... – Қалай біздің көктем?.. Өзгенікі емес, анық даусыз біздің көктем! – деп Сәлім бір омырау екпін, ағын сезеді... [3]

Автор-баяндаушының Жәмиланы суреттеген, оның әрекетін баяндаған тұстарынан оның көзқарасының Сәлімге көзқарасындай емес екендігін түсінеміз. Жәмилә – Қасеннің жары, ол да Қасен секілді пайдакүнем бейнесінде көрінеді. Автор-баяндаушы оның жайын былайша суреттейді: «...Жәмила шіретте тұрған өзге қатын-қалаштың шарай тобын алдап, жақауратып, ұрланып, шіретсіз кіріп кетуді де талап етеді. Онысы кейде іске асқанмен, кейде ұсталып қалса, артисше байқамаған, білмеген, тіл ұқпаған надан меңіреу бола қалып құбылуды ойлайды. Кей шіретте омырау, қара құрық керек. Біреуді біреу баспалап, итермелеп, сығылысып қақтығысып жатады. Жәмила ондайда қақас қалып, еседен айырыла қоймайды. Өтірік айтып, ұятсыздық қылса да тырмысып, тіс-тырнағымен жабысып көреді. Сондай-сондай мінездері көптің көзіне түсіп қап, тентектігі білініп, екі-үш шіретте жұдырық деп алғаны да бар» [3]. Қасеннің, Қасеннің жан жарының, оның жан жолдасы Қасымханның арам пиғылды, жылпос адамдар ретіндегі образдары және олардың социализмге қарсылығы – олардың жарқын болашаққа, дамуға, өсуге қарсылығын білдереді. Осы

көркем мәтінді оқу барысында, баяндау инстанциясындағы негізгі категориялар автор мен оқырманның арасындағы байланыс тұрғысынан келгенде, әрбір оқырман санасында шығарма авторының бейнесі жаңашыл, ескілікке қарсы тұлға ретінде қалыптасары сөзсіз.

Автор мұнда Қасен өмірін, оның бір сәттік сезім күйін суреттей отырып, оның дәуренінің өткенін, уақытының өтіп кеткендігіне ашынаатынын жеткізе отырып, кейіпкерінің қоғамда болып жатқан өзгерістерге, қоғамдағы қалыптасып келе жатқан жүйеге қарсы екендігін жайып салады. Қасен арқылы сол уақыттағы талай адамның ішінде жатқан құпиясын әшкерелейді. Қасеннің құбылыстары арқылы, оның психологиялық күйі арқылы аумалы-төкпелі заман жайында үлкен байлам жасайды.

Күннен-күнге салтанат құрып келе жатқан уақыт бұрынғы дәуреншіл, сауық құрып сайрандаған, құлқынының құлы болған Қасенді өз бауырына баспай, көкірегінен итеріп, шетке ысырып тұр. Яғни жаңа заман тынысы Қасен секілділерді өз иіріміне түсірмек емес. Қасен қалайтын заман, Қасен секілді жандар толықтай келмеске кеткендігін баяндайды. Ендігі заман оның інісі Сәлім секілділердің заманы екендігін көрсеткендей болады.

Бұл әңгімеде ой ағысының көркемдік қызметі ерекше. «Ой ағысы – шығарманың бейнелеу өрісіне монологқа айналған сана-сезімнің қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты мүсінделетін жарым, жартылай саналы, кейде санадан тыс сәттегі ішкі монолог». Көркемдік тәсілдің мұндай түрін жазушы кейіпкер Қасеннің ішкі әлемінен сыр шерту үшін қолданған. Ғалым Т. Жұртбайдың пікірінше қазақ әдебиетінде осы ой ағысы тәсілін көркем шығармада ең алғашқы болып пайдаланып, енгізген – М. Әуезов [4].

Әңгімесіндегі баяндаушы бейнесіне тоқталсақ, ол екіжүзділікке қарсы, қоғамда болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарамайтын, уақыт шындығын оқырманға танытушы ретінде көрінеді. Баяндаушы фикционалды мәтінде тіршіліктегі қарапайым көріністерді, адам мен заман өзгерісінің байланысын, адам мен күннен-күнге адуындап дамып келе жатқан заманның бір-біріне қарама-қарсы екендігін жеткізіп, сол уақыт жайындағы байламын жеткізеді. Уақытты, заман келбетін сол қалпында бере салмай, көркем образ арқылы айшықтай түседі.

М. Әуезов шығармашылығын зерттеп, зерделеуде сүбелі үлесін қосқан ғалым А. Нұрқатов жазушының «Қасеннің құбылыстары» деген бұл әңгімесіне былайша көзқарасын білдірелі: «М. Әуезовтің



жазушылық шеберлігі оның отызыншы жылдарда жазған басқа прозалық шығармаларынан гөрі осы «Қасеннің құбылыстары» атты әңгімесінде айқынырақ танылады. Әңгіме тілінің көркемдігін, кейіпкерлердің сөздік сипаттамалары шебер де ұтымды берілгенін айтумен бірге мұнда пейзаж әсіресе шебер жасалғанын және үлкен қызмет атқаратынын ең алдымен атап көрсету керек,» – деп бағалайды [5]. Бірақ ғалым Қасенге қарсы топтың образдары жеткілікті деңгейде ашылмаған деген сынын да айтады.

Кейін Мұхтар Әуезов шығармашылығын архив-деректердің негізінде ыждахатты түрде зерттеген әуезовтанушылардың бірі Тұрсын Жұртбай жазушының бұл әңгімесін Қалибек Қуанышбаевтың «Тора ала аяқ» шығармасының сюжеттік желісімен салыстыра келіп, әңгіменің өзгеше көркемдік кескініне оң бағасын беріп, бұл әңгіменің Әуезов шығармашылығындағы шоқтықты туынды екендігі туралы: «Адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықты дәл осындай таза психологизмге – ой ағымына құрған бірден-бір жөні бөлек шығармасы. ...Ой ағымы тәсілін қазақ прозасында тұңғыш рет М. Әуезов осы «Қасеннің құбылыстары» әңгімесінде қолданды. Ол тәсіл «Абай жолы» эпопеясында барынша қанық үйлесім тапты,» – дейді [4].

Ал әдебиеттанушы Б. Майтанов бұл ұзақ әңгімені повесть деп санауға болатындай, психологиялық проза талаптарына жауап беретін әңгіме деп бағасын береді. Ғалымдардың бұл пікірі «Қасеннің құбылыстары» әңгімесінің көркемдігі мен идея жүгінің ауыр екендігін танытатындай. Автор кейіпкер Қасен арқылы, оның ішкі психологиялық күйі арқылы сол заманның шындығын көрсетіп, оған өзіндік көзқарасын танытып отыр. Әңгімедегі баяндаушының оқиғаны жеткізу сипаты, Қасеннің ішкі монологтары, кейіпкерлер арасындағы диалогтардың барлығы да автордың өзінің көзқарасына қарай құбылып, өзгеріп отырған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Успенский Б. Поэтика композиции. – СПб.: Азбука, 2000. – 348 с.
2. Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану: 1-кітап. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 320 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014.10-том: Мақалалар, зерттеулер, әңгімелер, очерктер, аудармалар. 1932-1936. – 456 б.
4. Жұртбай Т. М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі. ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. – 379.
5. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. Шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы, 2010. – 248 б.



**ШОЛПАН ӘМІРБАЕВА,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты «Әуезов үйі»  
ҒМО-ның ғылыми қызметкері,  
магистр

## **ҰЛТТЫҚ ПЕЙЗАЖДЫҢ КӨРКЕМДІГІ (М.О. ӘУЕЗОВ ПРОЗАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Әуезовтің шығармашылық әрі көркемдік асыл мұралары біздің қазақ әдебиетінде ғана емес, кеңес әдебиетінде де, шетел әдебиеттерінде де өте жоғары бағаланатын туындылар қатарында. Өзге елдерде жазушы еңбектерінің жоғары бағалануының өзегі жазушының жаңашылдығына тікелей байланысты. Батыс әдебиеті және Шығыс әдебиеті оған қоса Азия әдебиетінің классикалық бағыттарын жақсы меңгере отырып, сол білігінің қатарына өзіміздің қазақ әдебиетінің сарқыншақтарын қоса отырып, соның алға жылжуына септігін тигізді. Өз заманына дейінгі көптеген әдебиет өкілдерінің еңбегімен таныса отырып, соларға қанық болса, оны дамыта отырып, ұрпағына үлгі етіп қалдырды. Ауыз толтыра айтып отырған еңбектің ішінді жазушының жаңалықтарының бірі ол – табиғат тақырыбы, соның концепті.

Бұл табиғат тақырыбы жалпылама адамзат үшін мәнін жоғалтпайтын пәлсапалық мәнді тақырып. Байқап отырған бұл табиғат ұғымы басқа да көптеген ұғымдармен біріге отырып өзінің мәнін толық айшықтайды. Әсіресе адам, адамның тағдыры сынды ұғым-түсініктермен тығыз байланыста болатынын аңғаруға болады және бір-бірінің мағынасы мен мәнін ашып, бір-біріне тәуелді тұстары болатынын да аңдаймыз. Осы тұста яғни адам мен қоғам арасындағы үздіксіз байланыстан бөлек табиғатпен де тұтас бір байланысты көреміз. Ал жоғарыда аталған ұғымдарды өзімізге белгілі шетел әдебиетінен болса да, қазақ әдебиетінен болса да көпшілік жазушылардың қозғап өткені белгілі. Бұны қозғамай өткен туындылар жоқтың қасы десе де артықтық етпес.

Жоғарыда атап өткен шығарма жайына оралсақ, ол шығармаларды әлем әдебиетінің әйгілі шығармаларымен астастыру заңдылық. Лондонның қасқырлар әлемінен молырақ сыр шерткен еңбегі бірден еске түсері анық, бұған Рымғали Нұрғалиев былай дейді: «Дж. Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптап, адамдар арасындағы қым-қиғаш сырларға емеурін жасап, мегзеу, әсірелеу арқылы ішіңе от тастайды, сезімің, ойың тұтанып жүре береді» [2, 54].

Ал, Әуезовтің жанынан туған «Көксеректі» оқыған кезде осы күнге дейін кездесіп жүрген бірнеше алып туындыларға ұқсас тұстарын іздеп кететініміз тағы бар. Алайда бұл тамаша

туындыдағы пейзаж үлгілеріне баса назар аударып отырып, ұлттымызға тән мінез-құлық, жерімізге, атамекенемізге тән асыл құндылықтарды көре аламыз. Арнайы бір жақсы тақырыпқа бірнеше үздік те мағыналы шығармалар мен еңбектер жазылуы заңдылық, десе де олардың әрқайсының оқырманға берер ойы мен, айтар мәні әр қилы. Стилі де, мақсаты да бір-бірінен ерек те бөлек болмақ. Мұхтар Әуезовтің жазған «Көксерегі де» белгілі біл жазушылардың еңбегіне тамсану мен танданудан кейінгі әсерінің идеяға айналуынан туғаны баршамызға мәлім болса да, оны айтары біз қойып жүрген бағамнан, дәрежеден жоғары. Шығармаға келейік:

«Қарадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп бүрленіп қалған қалың қарағай жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып, теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді» деген сұлу да, әсем табиғатты сипаттаудан бастау алатын бұл повес...

«Қозы екі қомағай ауыздың керегесінде қан жоса болып дар-дар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш күрк-күрк етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады», - деп берілетін суреттеуінде тікелей табиғат суретін бермесе де табиғат ата алда болатын сұсты сттерден ашық түрде хабар беретіндей. Себебі бұл суреттеуді оқыған кезде ақ бойың мен денң тітіткеніп, сол кездің суығын сезіне бастайсың.

«Природа – это некая праведность, без исполнения которой не может быть жизни, в том числе и жизни человеческой. Нарушите ее, и наступит суд, опять-таки настолько праведный, в котором погибнет не только правонарушитель, но и сам судья, то есть все та же Природа» [3, 322].

Жалпы алғанда «Көксерек» повесінің желісі баланың өлім құшуымен аяқталатыны рас. Ал ой ше? Шығарманың өз ойындағы жалғасы ше? Кете береді, түрлі ойларды туындатады. Шығарманы біттіге есептеу өте қиын. Адамның табиғатқа жасаған әділетсіздігін қасқырдың адам баласын өлтірумен сипаттаса, қасқырдың адам баласына жасап кеткен озбырлығын қасқырдан келген ажалмен сипаттайды. Демек бұл өмірде жасалған кез келген іс-әрекеттің қайтарымы болатынын үнсіз меңзейді, ал ұлттық пейзаж үлгілерінен ұққан ой одан да тереңірек, одан да тұңғұйық сыйды...

Әуезовтің туындылары табиғат және адам арасындағы келелі мәселелерді шешуші жолды көрсетпейтіні анық, тек қана оқырман қауымға, адамзатқа жасаған бір ескертпе, ишарасы сияқты болып көрінеді.

«Көксерек» шығармасы автордың өз туған жерінің көрінісін, табиғатын, сонда мекен ететін жан-жануарларының мінез құпиясын көкейіне барынша терең сіңіріп, мейлінші мол оқығандығы, елдің, ұлттың тұрмыс-дүниесін соншалық кемел менгеріп, толық зерделегені әр кезеңде таңқалдырады. Сұлу да сырлы мол берілген ұлттық пейзаж, өте бір байқағыштығы мен жан-жануралар тіршілігін тереңдеу танытқыштық, жазушының өзіне ғана сай бөлек көзқарас, бәрі-бәрі авторды биік деңгейге көтерді.

Әуезовтің ұлттық құндылықтарымыз бен ерекшеліктерімізді, бастан кешкен барша қиын-қыстау кез суреттерін көрсететін ерекше жазған туындыларының тағы бірі – “Қараш-қараш оқиғасы”. “Қараш-қараш оқиғасы” повестін оқып отырған кезде жазушының тарихи шындықтарды ала отырып, кейіпкерлерінің мінездерінің, іштегі көңіл-дүниесін тереңірек аша түсуде көлемді жетістікке жеткенін байқауға болады. Шығармасында сипатталған табиғат суреттері астарлы мағына мен терең ойға бейнеленген. Өмірде орын алып жатқан оқиғаларды реалистік әрі шыншыл тұрғыдан қарастырып, оны табиғаттағы өзгеше құбылыстар арқылы адамның ішкі ойларымен байланыстырады. Осылайша біз табиғаттың жұмбақ құбылыстарына назар аудара отырып, шығармадағы кейіпкерлердің тағдырының шебер түрде ашылғандығын көреміз. Ал шығармадағы ұлттық пейзаждық көріністерге назар аударсақ бір сәтте өзінің әсерлі бояуларымен көңілді толқытса ендігі кезекте қоңырқай салқын көрінетін сурттерімен немесе ызғарлы тұстарымен сондай әсерлі.

Шығармаға назар аударсақ Әуезов Бақтығұл мен пейзаждың бірлігін, қоршаған ортаның суретті тұстарын әр қырынан аша түскені байқалады. Әсіресе, бас кейіпкер Бақтығұлдың өміріндегі ең ауы кезеңдер мен белгілі бір жағдайларда қабылдаған шешімдерін суреттеген кезде ұлттық пейзаж сол кейіпкермен сондайлық бір тұтатсып кетеді.

Шығармада Бақтығұлдың інісі дүниеден өткеннен кейін Сәлмен байдан кек алуды алдына мақсат етіп қоятын тұсы бар. Бауырының соншалық азап көріп, қиянатты соққы алуы сол кек алу ісінің шешіміне алып келеді. Сол істі қолға алған Бақтығұлға таудың кей сәтте қап-қара түн, бірде алып бір диюдай көрінетін тұсы бар, сол сәттің суреті мынадай: «Сыпсың қарағай жапқан түкті беттері жақын жерден қап-қара болып үңірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияқтанады. Кей тұста екі-үш түкті тау мен қара жартасты биіктер бір араға түйісіп келіп, әлдебір обырдың қойнындай тұңғыық қара қолтық жасайды». Бұл суреттеумен кейіпкердің болашағының алға баспас бұлыңғырлығына түсінік бергендей. Бойға үрей, қорқыныш ұялатып, ары қарай «Тау ішінің жаңбырлы түні Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей

болды. Мол, ұлы тау. «Жетекке ал да бел асып, тоғайға батып кете бар» деп сыбырлап, жетелеп тұрғандай». «Бақтығұлдың ендігі ісіне қараңғы түн, тынымсыз жаңбырдың себеі тиетін болды», - деген суреттеуде табиғат-ана құдды бір бас кейіпкерге болысып, көмек қолын созып тұрғандай, әділет тарапын сезіп тұрғандай.

Әуезов байдың тепкісіне жығылған кейіпкері Бақтығұлдың енді ғана есін, жиып өз-өзіне келген жерін былай баяндайды: «Таң атыпты. Тағы да сыртылдап жүдеу жауын жауып тұр. Үй іші отсыз, сұп-сұр суық»

Жазушы ұлттық пейзажды пайдалану арқылы алдағы болар жайттарды үнемі баян етіп, меңзеп, тұспалдап отыратынын көрдік. Оқырман қауымды ұлттық бояу кескіндеріне толық қанықтырмай, әрбірінің өз еркіне қалдыратындай. Мысал ретінде пана болар жер іздеп Жарасбай атты байдың қонысына келер тұсын былай: «Тауды жүндес бөстектей орай басқан көкшіл қалың қарағай, жүргінші соның ішіне келіп кірді. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. Бірталай жүрген соң, қарағайдан шықты. Ар жағы қалың-қалың заңғар биік, серейген тектұр қызыл тастар. Тылсым бұғандай жым-жырт күйде мелшиіп қатып тұр. Атты ақырындатып, қабырғадай басқызып отырып, бір үлкен құз, қиын қызыл тастың ығына жақындап келді», - деп сипаттайды. Бұл суретке де жайлап назар салар болсақ Бақтығұлдың өз артынан тастап бара жатқан қалың да биік қарағайлар арқылы өзінің артында қалдырған ғұмырын меңзейтіндей, арғы бетіндегі тастар қолдарын билікті мықтап бекіткен болыс, билер іспетті көрінеді. Ал осы көріністің арасындағы кезіккен алып құз сол Бақтығұлдың өзі қолдаушы, пана іздеп келе жатқан бай Жарасбай сынды сезіледі. Ары қарай жазушы: «Алдында үлкен құздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайып, тереңдеп барады, ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте еш нәрсе көрінбейді», - деген суреттеу жазады. Бұл сурет тағы да сол бас кейіпкер Бақтығұлдың болашақ тағдырына бақытсыз бір сілтеме жасағаны екені айдан анық.

Бұған жалғастыра шығармада берілетін тағы бір пейзаж көрінісі: «Буалдыр күнгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай» болады. Жазушының күз суретіне берген ұғымы осы ауанда жазылады. Ал, бақсақ еңбекте берілген мезгілдердің жаңбырлылығы, құбылмалылығы, түсі түнерген ауа-рауындағы өзгерістің бәрі де сол кейіпкердің жан-дүниесімен, күйімен астарлы салғастырыла берілетіндігі тағы бар. Тамаша берілген табиғат суреттеріне тамсана, шеберлігіне сүйсіне оқысаң да, тереңіне батсаң көңілсіз күйді әшкере ететін суретті күші енді бір кездеседі.

Шығармадағы барша табиғаттың әсем де, құлазыған да суреттерінің бәрі де, бас кейіпкер Бақтығұлды айналдыра қоршаған тастар мен тау да, гүр-гүр етіп аққан өзен-көлдер де жай ғана табиғаттың суреттеуі емес, кейіпкер жан-дүниесіндегі ішкі арпалыс пен өзекті соншалық өртеген күйіктің, бойын билеген азу, ыза, кектің айнымас символы ретінде көрінеді. Осы тұста жауһар Талғар өзенінің бойындағы дүлей күш, тереңдеу баяндалып, бас кейіпкердің ішкі ой-арпалыстарымен қатар келетіндей. Тау ортасында өскен адам баласына сол тау ғана қолдау көрсетіп, үнсіз ғана бас изейтіндей.

Туындының басынан бастап, аяқ тұсына дейін автордың түрлі-түрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып, құбылта өрнектегінін көреміз. «Сары ағаштан айнала көрінетін қарағайы жоқ тақыр беттердің барлығы да үлкенді-кішілі кеуделеріне тау селінің айқын таңбасын басып алыпты: бәрінде де тау суы айғыз-айғыз қылып тастарын ақситып, жар қылып сойып кеткен таңба бар», - деу арқылы мансапты өкілдер, би-болыс, байлардың озбырлығынан, жәбірлеуінен Бақтығұл жанына батқан дертті, жүрекке түскен дақты астарлайды.

Жазушы Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасына» арнайы түрде күз мезгілін алуының өзінде де көп мағына жатқандай. Себебі, мезгілдер арасындағы ең құбылмалысы, адам бойына, өміріне араласқан мұң аралас түстер дәл сол күз мезгілінде көңілге қуаныш қимай, барлық өмір тек мұңнан ғана тұратындай әсер сыйлайтыны бар емес пе? Соны бағамдап, соны ескере отырып осы мезгіл мен бас кейіпкер ғұмырын жақсы байланыстырғандай.

Жазушының ұлттық пейзаж арқылы ұлттық ерекшеліктерді барынша аша түскен бірегей туындылар қатарына, күрес пен халықтың буырқанған өзіне тән қайраттылығын суреттеп өтетін шығармасы «Қилы заман». Әрине, не жайлы жазылған туынды екеніне көп тоқталмай әңгіменің ең дәмді жеріне өтсек. Оқиғаны белгілі жәрмеңке Қарқара мен табиғат суреттерін келтіруден басталады ғой.

«Белгілі 1916 жылдың жаз айы еді. Жаз жауынды, мол сулы, қалың шалғынды, қызықты, қалың албанның ертегідей бай сұлу жайлаулары: Үшмерке, Дөңгелек саз, Үшқара сырт, Лабас – жайлау күндерінің жасыл, торғын шымылдығы, көк жібек бесігі сияқты. Тіршілік, молдық, бақыт, байлық қызуымен буы аспанға шығып жатқан өмір жәрмеңкесін көрсеткендей. Жаз күндерінің жарастығы мен қызығы қыр баласын мас қылғандай жалынды, желікті» [4], – дейді. Аңдағанымыздай туынды қой-жайын бағып, айран-көжесін ұрттап ішіп отырған қой аузынан шөп алмас момын елдің, албан елінің қара жайлауында бейбіт те, тыныш күні көріп жатқан халық жағдаятынан бастаған жазушы ары қарай бүкіл ғұмырын мал бағыдың қызығымен толастырған елдің жазы

жайлауға, қысы қыстауға көшіп-қонып жүретін ерек өмір салтын сурет етеді. Соның өзі бір көшпелі салты қалыптасып, сақталып қалған ел үшін бір ғанибет екенін көрсетеді. Ал осы көнекі дәстүр сол дәуірде өмір кешкен жұрт үшін қайғы-мұңы қатыспайтын, қымызын сапырып ішіп, жиналып алып серке сойып, дәмді бағлан етін жеудің өзібакыт, қуыныш екенін сезіндіреді. Жаңашағұмыр кешіп, сол дәуірде өмір сүрген ата-баба мұрасындай біз кешкен осы сәттер, сол уақыттардың сарқыты іспетті. Ұлтымызға тән суреттеудерді осындай үзінділерден байқап, мағынасын түсінеміз.

«Киіздей көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күнен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қара қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. Астаудай көк жазыққа ирекке шимай салып, үлкен Қарқараның мөлдір сулы мол өзені ағады. Ол мың сан жан иесін шөлдетіп, тарықтырып, шалдықтырып көрген емес» [4, 345], – деп баяндалтын тұсы да сол тыныштық суретіндей. Жадырап тұрған жаз мезгілінің халық көңіліндегі еркіндік пен алаңсыз сәттерді бейнелегін көреміз. Біздің халықтығун, ұлттың әр алуан кездегі мәңгілік суретіндей сайрап тұр. Артынан асығып соққан ағын судың суретіндей болып, халық өміріне келетін тың өзгерістер өмірі болмайтындай көретін, болатынынан мүлде хабарсыз екендігін көрсететін әдемі сурет үзіндісі ғой.

Төнер қауіп төніп, келер залал келген соң жазушы елдің қарсылық көрсетер уақытарын былай сурет етеді: «Жәрмеңке айналасындағы үлкен тау, терең сайлар, кең жылғалардан жазыққа қарай шұбартып ақтарылып, ағылып жатыр. Ұшы қиыры жоқ шегі жоқ тасқын сияқтанып төгілуде, жиылуда. Басы қарлы, жат сырлы қалың таулар бұл заманға шейін қатпарлы қойнына тығып келген сырын ашқандай қойын-қонышының барлығынан лек-лек атылы дәмді-дәмді тау құсындай ағызып, көк даланы бастырып жатты. Тау алғашқы рет етегінде жазылып жатқан далаға қабағын түйіп, қасын сілкіп, қолын жайғандай еді» [5, 77]. Тау бойында тарамды өмір кешкен халықтың көп жылдар бойына үздіксіз көрген құқайын, зорлық-зомбылығын айтады. Еліміздің алғаш рет Ресейден көрген, көп жылғы шеккен кеселдей кермек дәмі бар құқайына көрсеткен қарсылығы осы еді.

Бұдан өзге туындыда Ұзақ атты батырымыздың қызы сұлу Бәкей қыздың өлім сәті де табиғат суретімен берілген:

«Балапан қолындай жазықсыз, күнәсіз қанының қара жерге тамған орны да осы өлкеде. Таңбалы тастың солтүстік жағы биік жар. Сол жардың басы шөпті тау болып, бір беті биік қабақ болып барып, желкедегі қарағайлы тауға жалғасады. Соңғы күндерінде ауылдың барлық жаны жатырқап, жалғыз тастаған Бәкей қара

шапанын бүркеніп, құп-қу болған жүзбенен осы қабақтан асып барып қайтқанда, екі көзі қып-қызыл боп ісініп, жасаурап келуші еді. Ауылдың тұсындағы көкбеттің орта шенінде таздың теңгеге-теңге болған аласындай қызыл-қызыл тақырлар бар. Желкедегі қарағай кей жерінде қара қошқылданып бірігіп, иықтан баспалап қарап тұрған самаладай әскер сияқтанады. Кейде бергі беттегі дән желкедегі тоғай, қара быжырық болып, жас ойға түскен қайғыдай, көлеңкеленіп, көкшілденіп жүдеп кетеді». Осы берілген үзіндіге қарап Бәкей қыздың жан-дүниесіндегі мұнды сол өлкенің табиғатымен астастыра келтіреді. Қыз жанымен табиғат ана да қайғы жегіп, азап шеге жылайтындай.

Жоғарыда талдап өткен «Қараш-қараш оқиғасында» ылғи Бактығұл істерімен қатарластыра суреттелген болса, «Қилы заман» шығармасында табиғат суреттері нағыз елдің басынан өткен кезеңдерімен, халық тағдыры мен тұрмысынан хабардар қылуға бағытталған. Шығармада суреттелген табиғат кескіндері елмен бірге мұңайып, елдің жарым қайғысын өзіне арқау еткендей көрінеді.

Осылайша, бір-бірінің ізін жалғастыра суреттелген ұлттық пейзаждардың легінен жазушының Алатау өңіріне деген ықыласты баянның лебі есіп тұрады.

«Ауылдың желкесі тіп-тік жасыл биіктер өне бойларын селдір-селдір қрағай басқан. Кей биіктің жота-жотасынан етегіне қарай құлай біткен қарағай қазақтың иегіне шыққан қара бұйра шоқша сақал сияқты. Маңайдағы биік таулардың кешкі көлеңкесі созылып түсіп, өлке бойын аламыштап, көлеңкелі, сәулелі қылып құйылып тұр. Жасыл дүние көрікті нұрын әлі жоғалтқан жоқ. Алдыңғы таулар көлденең созылған жасыл белдер қарағайсыз, жалаңаш. Бірақ ол да жасыл» бұл суреттер құбылмалы ғұмыр көшінен сыр шертіп тұра қалып, тіршілік нәрінен әуен ойнағандай күй кешіреді ары қарай: «Беттері жаңбыр суы сүйіп өткен айқын-айқын ажымдай айғыз-айғыз. Су жолы жіңішке жылдай ұзыннан созылып, кей жерінде ғана аз-аз иірілгендей барлығы да биік, тік кезеңнің етегінен басына шейін шұбатылады. Түйілген қабақтың арасындағы ежелгі суық ажымдай. Өлкенің жазығында әр жерде су сойған, жіңішке сызықтары бар. Алдыңғы белдердің кейбірінің жотасынан арғы беттегі қарағайлардың бастары қылтып көрініп иек артып баспа қылып қарап тұрғандай», - деген сурет арқылы адам баласын қоршай ғұмырласатын тау мен тасқа жанды бітіре сөйлетеді.

«Асы – Алатаудың қыр арқасында ойып алған астаудай, ұзын кең жасыл өлке өсін жоғары беріп, керіліп, түскен сұлудың оң иығын басқан қалың қара бұйра шаштай болып, Асының оң жағын қарағайлы таулар басады.



Өлке бойында көк жар болып аққан Асы суына, айналадағы қатпарлы қалың ұлы биік, қыртыс-қыртыс ұзын жоталардан сала-сала мен тұщы бұлақ, мөлдір көк сулар сарқырайды», - деп берілген ұлттық пейзаж үлгісінің иісі қылаң берер тұста, қазақ халқының өмір сүріп отырған ауыл күйбеңінен елес бергізетін осындай таң-тамаша қалғызатын суреттеу үлгілері еріксіз езуіңе күлкі ұялатып, ұлтым деген ұланның жүрегіне жылулық сыйлайтындай. Жаныңа жайдар бір сәт беретіндей. Оның бәрі де, әрине қазақ деген халықтың қай дәуір, қай кезең болмасын жадырай білген, қуана білген, мамыржай тірлік кеше білген жұрттың символдық көрінісі сияқты.

Көптеген туындылардағы ұлттық пейзаж үлгілері адам баласының жай-күйіне байланысты дамып, өзгеріс қалыбына түсіп отыратындығы білінеді.

«Жуылып тазарғандай ашылып, көк мөлдір боп тұрған аспаннан Асы өлкесіне жайлаған жарық күннің сәулесі де түсіп еді. Бірақ дәл осы шақ асаудай Асы жайлауын бұлт арасында тұрғандай, ертегі орнындай етіп көрсететін. Өйткені, айналадағы қатпарлы қалың жота, қарағайлы қалың биіктерден ақ сұр тұман әлі айыққан жоқ. Алатау басына шөгіп өткен қара қошқыл қою сұрғылт бұлттың төмендеп ұшқан жартысы қарағайға, жартасқа жабысып, аспан ұйқысындай қаптай жауып, үйіліп, үйіріліп тұр. Жалығып қалғаны ақ тұман Асы айналасындағы тауларға шұбатылған сәлдедей оралып бұралып жүр».

Осы үзіндіде берілгендей автор тұман, бұлт сынды табиғи құбылыс бөлшектеріне жанды сурет сыйлап, олардың іс-қимылдарына ерек мән сыйлағанын, әсемдегенін көреміз. Әрине, жаратушы жасаған осы сынды құбылыстардан көп өзгерістерді бағамдаймыз. Күннің күлуі ғана орын алып тұра бермейтіндігі бәріне аян болғанындай қаралы күндер төніп тұрған сәттерді де осы сынды хабарлаулардан ұғамыз.

Мәтін соңында елдің белгілі бір себептер үшін үдере қоныс аудару сәті баяндалады. Күні кеше мамыражай күн кешкен елдің бүгін ештеңесі қалмайды.

«Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды. Құлазып қыстау, қоңырсып жұрт қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күні қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген жер кіндігі – ата қоныс мекені қалды. Тау-таудың саласында иесіз шулап, қора-қора қой қалды. Тау толған арқар, бұғы, елік, қарақұйрық, тау текедей жабайы, жайын көршілері қалды», - деп суреттеген жазушы өзінің шеберлігінен де сыр шертеді.

Мамыражай сәтте деп бейнеленіп тұрғанмын бұл көріністе қимастық бар, мұң бар, басталғалы тұрған сағыныш демі бар. Алда болатын жайттармен хабар бере алған сөйлем болмаса да,



алдағы уақытта өмір заңына көндіккен адамның бойында болатын сезімдерден хабар береді.

Мұхтар Әуезовтің ұлттық пейзажи көптеген шығармаларда көріне отыруы әркез анық байқалып отырады. Б. Сахариев бұл турасында мынадай пікір айтады: «Оқырманға мақала тілмен жеткіземін деу бос әурешілік екенін былай қойғанда, бұған тіпті сыншылық көзбен түсіндірме берудің өзіне кісі жүрексінеді» [6, 37]

Әуезовтің шығармаларындағы табиғат құбылыстары арқылы суреттелген көріністер тек қана оқи салып немесе тамашалай салу үшін емес, өз алдына бір ерек қызметке ие екенін аңғарамыз. Ғалым, әдебиетші Рахманқұл Бердібаев былай дейді: «Табиғатта соншалық ғажайып көрік, таусылып, көнермес ажар бар екенін қазақ әдебиетінде Әуезов творчествосынан таныдық. Ол халқымыздың ең таңдаулы табиғат жаршысы десек ағат болмас» [7, 77]. Және бұл пікірі бірден-бір орынды шыққан пікір десек қате айтқанымыз емес.

Табиғаттың көріністері суреттелген өнердің шығармасы көзіміздің қуанышы, көңілдің көркі ғой. Жан дүниемізді әлдебір жарасқа бөлейді, көкіректің көзіне көркемдік ұялатады, қайталанбас кереметін ұсына біледі. Мұхтар Әуезовтің бейнелеулерінде табиғаттың кереметі көз алдына тұра қалады. Түрлі гүл жұпары аңқып, мұрын жарғандай, су сылдыры құлақ құрышын қандырғандай айналаңа жаңа күй бітіп, жайнап шығатындай, құстар сайрайтындай. Аяғың баспаған өңірлерге ессіз саяхат құрып, бармаған жерлерге барып, қиялмен өре түрегеліп, көруге көп құштарланасыз. Ал, бұл құбіретті сөздің өрнегі, буырқанған бояуға бай, ерек тіл кереметінің ізі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Залыгин С. Литература и природа // Нева, 1980.-№5(94 б)
2. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. «Мектеп», Алматы, 1964, 146-б.
4. Әуезов М.О. Толық шығармалар жинағы. Алматы; 1979. - 1 том
5. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы. Жазушы. Екінші кітап. 2003. – 616 б.
6. Сахариев Б. Күрескер тұлғасы. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1979. – 376 б.
7. Бердібаев Р. Мұхтар шыңы. Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.

**ОСПАНЖАН СӘУЛЕБЕК,**  
І. Жансүгіров атындағы  
Жетісу университетінің  
2-курс магистранты

## **АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ**

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық [1] деп президентіміз Қ.К. Тоқаев айтқандай, Абай мұрасының мәні мен маңызы қай кезең болсын адамзат үшін өзекті екені ақиқат. Күллі адамзаттың руханият әлеміне нұр беретін Абай мұрасының қорын сақтап қалу мен жаңа болашақтың ұрпақтарына көздің қарашығындай қорғап, жеткізу зор еңбекті талап етеді.

Абай мұрасын зерттеу, шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақынның қайтыс болған күннен көп ұзамай-ақ қолға алына бастағаны туралы нақтылы дерек көздері айғақтайды. Мысалға айтар болсақ, Абай шығармаларына қатысты жеке деректер туралы Абайдың көзі тірісінде 1903 жылы Санкт-Петербургте Ә.Бөкейханов берген мағұлматтар бойынша басылған өлеңдер жинағын айрықша тілге тиек етіп айтуға болады. 1909 жылы жарық көрген Кәкітай Ысқақұлының жинағына кірген Абайдың тұңғыш өмірбаяны Абайтанудың бастамасы деп айтуымыз қажет. Бұл жинақта Абайдың жүз қырықтай өлеңдері (аударма өлеңдерін қосып санағанда) және Ескендір мен Масғұт поэмасы басылған, яғни осы күнгі белгілі поэзиялық шығармаларының көрнектілері түгелге жуық қамтылған. Осы орны ерекше жинақты дайындап, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын.

Абайдың көзі тірісінде жарық көрген бірлі-екілі шығармалары мен өз қолымен жазған қолжазбалары сақталмай, Мүрсейіт Бекеұлының қолжазбалары арқылы жеткенін ескерер болсақ, бұл жарық көрген тұңғыш жинақтың мәні ерекше екені анық. Басқа да қолжазбалардың көлемі шағын және қолжазбада кездесетін Мүрсейіт өлеңдері өте аз, сондықтан да қосымша деректер ретінде бағалануы орынды деп санаймыз. Ал кейінгі жарық көрген жинақтарға тоқталар болсақ, ақынның бұрын жарық көрмеген бір топ жаңа өлеңдерін 1916 жылы Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесі» атты кітап жарияланды. Десе де, 1922 жылы Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар да осы 1909 жылғы жинақтағы жария болған шығармаларды қамтиды. Қолжазба түрінде және ауызша тарап келген 1903 жылы жазылған дәптер арқылы Абай өлеңдерімен А.Байтұрсынов та танысқанын айтады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов Абай шығармашылығы жайында үлкенді-кішілі мақалалар жазды.

Адамзат құндылығының айнасы саналған Абай мұрасының қорын сақтап қалу мен жаңа болашақтың ұрпақтарына жеткізу зор еңбегінің биігінде қазақ жұртына алғаш танытқан Алаш қайраткерлері тұр. Сол арқылы олар Алаш қозғалысының рухани негіздемесіне ақынның терең философиялық, ұлы гуманистік, елді бірлікке шақырған саяси-әлеуметтік ойларын негізге алды.

1923 жылы І. Жансүгіров «Тілші» газетінде шыққан жинаққа пікір білдіріп, «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екенін нанымды етіп көрсетеді.

Абай шығармаларын М.Дулатов да зерттеулер жасаған, Абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «Уақыт» газетінде 1908 жылы жарияланған. Мақалада ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен, әсіресе Лермонтовпен үндестігі айтылған. 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» мақаласы ақынның опат болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған. Мұнда әдебиеттің, оның көрнекті өкілдерінің халық тарихында алатын орны айрықша бағаланады. Абайдың қадірін білмеу, оны елеп ескермеу ұлттың үлкен кемшілігі ретінде аталады, әдебиет елдің жаны деп көрсетіледі. Абайдың ғұмыр жолын қысқаша баяндап, тұңғыш кітабының шығу тарихын, оған А. Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов және Абайдың ақын балалары мен інілерінің қатысуы, Семейде Н. Құлжанова өткізген әдеби кеш туралы сөз болады. Осы мақаласында түйіндей келе ең құнарлы ой айтады. «Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы» [2, 171] деген тұжырымды, «Алғашқы жарық жұлдыз» деген баламаны айтып, «Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас» деген салыстырма жасайды. Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мұражайлар салдыру керектігін толғана сөз етеді.

Абайды насихаттап, еліне танымал етуде көп еңбек сіңіргендердің алғашқы шоғырында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды ұлы тұлғалар болды. Солардың ішінде Абай талантына тұңғыш рет аса жоғары баға беріп, ерекше аспанға көтерген Ахан, Ахмет Байтұрсынов еді. Абайды қазақтың бас ақыны деп таныған А.Байтұрсынов ұлы ұстазының сөзін қашанда ғибрат тұтқан. Ұстаз бен шәкірт арасындағы шығармашылық байланысты А.Байтұрсынов өлеңдерінен, аудармаларынан анық көре аламыз. Ақынның «Маса» жинағына енген өлеңдерінің құрылымы «Қырық мысалмен» салыстырғанда біршама қалыптасқан. Аударма емес, төл туындылары болғандықтан, өлең құрылысы, ұйқасы жағынан әртүрлі. Оның негізгі себебін А.Байтұрсынов Абай өлеңдерінен сусындап, мазмұндық, пішіндік жағынан үлгі болатын шығармалармен танысқанында деп есептейміз. Абайдың 1909 жылы жарық көрген тұңғыш жинағын оқығаннан кейін жазған өлеңдерінде А.Байтұрсынов өлең құрылысында пішіндік

ізденіске барады. Осы орайда данышпан ақынның жақсы дәстүрінің жалғастығын А.Байтұрсынов шығармашылығында байқаймыз. Абайда кездесетін ұйқас түрлері, өлең өлшемі А.Байтұрсынов «Маса» жинағындағы туындыларда қайталанады.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» теориялық еңбегінде Абайдың мына өлеңдері аталып, көбінен мысал келтірілген: «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Келдік талай жерге енді», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Қыс», «Теректің сыйы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Ем таба алмай», «Білімдіден шыққан сөз», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Жаз», «Сегіз аяқ», «Көлеңке басы ұзарып», «Интернатта оқып жүр», «Бойы бұлған», «Мәз болады болысың», «Адамның кейбір кездері». Аталған өлеңдердің басым бөлігінен ғалым ойын дәйектеу үшін мысал алған. Бірінен бір, екі шумақтан болса, көбінен бес, алты, одан да көп шумақ үзінді ұсынған. Бұдан бөлек ғалым зерттеуінде Абайдың «Ескендір» поэмасын, қара сөздерін де атайды. Алайда олардан мысал сөз келтірмеген.

А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» мақаласында «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» [3, 144] – деп жазады.

Ұлы ақын дүние салысымен, оның өмірі мен мұрасын қазақ халқының рухани мұрасында орнын белгілеу мақсаты тұрды. Бұл мақсатты алғашқылардың бірі болып М. Дулатов орындады. Оның Абай мұрасын жаңғыртуға қосқан үлес орасан зор болды. Оны біз «Ибраһим ибн Құнанбаев» (1908) және «Абай» (1914) атты мақалаларынан көре аламыз.

Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров сияқты бір топ зиялылар Абайдың өмірі мен шығармашылығын саралап, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне өздерінің пікірін білдірді.

1-кесте Алаш қайраткерлерінің Абай шығармаларына ой-пікірлері

Рр/с	Абай туралы зерттеген Алаш қайраткерлері	Абай мұрасын зерттеушілердің ой-пікірі	Ой-пікірлер көрініс тапқан еңбек атаулары
1	Ә.Бөкейханов	Михаэлис болмаса, бұған Абай шимайлы ғұмыр жолында жолықбаса, Абай ана Қозы-Көрпеш – Баянды, Тарғынды, Қыпшақ Қобыланды батырды, Едігені шығарған ақындар аяғын құшар еді...»	1915 жылы жазған «Жаңа кітаптар» мақаласы

2	А.Байтұрсынов	«Қазақтың бас ақыны – Абай (шын есімі Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»	1913 жылы Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деген көсемсөз
3	І.Жансүгіров	Абай жазба әдебиеттің-сырлы әдебиетің басы. «Ержетпей тұрған кезіндегі» Абайдың шағатай үлгісіне еліктеуінің себебі, Құнанбай ауылы мол да, қожалы ауылда Абай өскен. Семейдегі дін мектептерінде оқыған Абайдың кітаби өлеңдер тілінен, шағатай тілінен әсер алуы заңды екенін көрсетеді.	1923 жылы «Абай кітабы» атты мақаласы. 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының № 11,12 санында «Абайдың сөз өрнегі» атты мақаласы
4	М.Дулатов	«Тілі ләззатты араб, парсы түрік, қалмақ тілдерінен хабардар болғандықтан...» деп көрсетеді.	1914 жыл «Қазақ» газеті «Абай» мақаласы
5	С.Торайғыров	«Нағыз шын айтқан уақытта қазақ тілінде деп бастырып жүрген кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ. Неге десеңіз, тілдері - бытпырақ. Бытпырақ болғандарының аңыны теріс...», - дейді. «Жақсы өлеңдер басқаларға карағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған Құрандай, соқыр кісі сыбдырынан танырлық ақ құла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді», - дейді.	1913 жылы «Айқап» журналы төртінші номерінде «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» атты мақаласы
6	Ж.Аймауытов	«Көкірегіндегі асыл қазынаны барлық ырғағымен, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы әрі ақындығы, «кызыл тілді» шешендігі» деп баға береді.	«Абайдың өнері һәм қызметі» деп аталатын еңбегі

Егер осы жоғарыда аталған авторлардың бірнешеуінің, әсіресе, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов ғылыми мақалаларына назар салсақ, екеуіне ортақ заңдылыққа көз жеткіземіз. Ол заңдылық екі Абайтанушының да мақаланы жазу барысында өз кезегінде тек жалғыз ғана зерттеушінің мәліметіне сүйенуі еді. Бұл айтып отырған зерттеушіміз – мемлекет және қоғам қайраткері, атақты ғалым, «Алаш» партиясы мен «Алаш орда» үкіметінің төрағасы – Ө. Бөкейханов.

Абайдың өскен ортасы мен шығармашылығын жүйелеп тұңғыш рет бір ізге салған, Абайтанудың негізін қалаған – Ә.Бөкейханов. Ол қазақ әдебиеттану саласының үлкен арнасы - Абайтанудың негізін салды. Кәкітай Ысқақұлы Абай өмірінің бел-белесін, шығармашылық жолын, ізденіс бағыттарын саралап, бір жүйеге мәліметтерді негіздеп, тұңғыш рет Абай туралы деректі Ә. Бөкейхановқа жиыстырып береді. Абай қайтыс болған соң жеті айдан кейін. Яғни 1905 жылы Семей қаласының Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» орыс тілінде Әлихан Бөкейхановтың азалы ғұмырнамасы (некролог) жарияланды. Оның соңында бұл деректерді ретке келтіріп, баспаға ұсынған Кәкітай Ысқақұлы екендігі туралы сілтеме бар. Осы мақала жарияланған соң Ә.Бөкейханов Патша өкіметіне қазаққа дербес құқық беру туралы мәлімдеме жазып, елге қол қойдыру үшін Кереку өңірін аралауға аттанады. Сол жақта жүріп 1906 жылы 8-январьда түрмеге қамалады.

Ғалым Қ. Мұхаметхановтың дерегі бойынша, Ә. Бөкейханов портфелінде Абай өлеңдерінің қолжазбасы болған. Оны 5 мың сомға бағалап, аман сақтауына адвокат арқылы өтініш түсірген. Сондай-ақ 1907 жылы сол Географиялық қоғамның арнайы жинағында Абайдың суреті тұңғыш рет баспа бедеріне түсті. Осымен қатар 1909 жылы Кәкітай Ысқақов Петербургтегі Бороганский баспаханасынан Абайдың тұңғыш өлеңдер кітабын жарыққа шығарып, өмірбаяны, өлеңдері тақырыпқа реттеліп, түсініктемелер берілді. Шындығында, бұл Кәкітайдың әңгімесі бойынша Ә. Бөкейханов Абай өмірі туралы толықтырылып жазған екінші мақаласы еді.

М.Дулатов «Абай» мақаласында мына жолдарды кезіктіреміз: 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географишески обществоның шығарған бір кітабында Ә. Бөкейханов Абайдың тәржімә халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909-ншы жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы...» [4, 189].

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйенсек, Ә.Бөкейханов Абайдың мұрасына ерекше көңіл бөлгенін көреміз. Егер осыған дейін ешбір зерттеуші бұл мәселеге байыпты назар аудармағанын ескерсек, онда шын мәнінде, Абайдың мұрасын зерттеп-зерделеу мәселесін Ә. Бөкейханов алғаш қолға алғанына көз жеткіземіз. Сонымен бірге, ақынның алғашқы жинағының жарыққа шығуына да Алты Алаш қосемінің жәрдемі тигені де осы жерден көрінсе керек. Мысалы, атақты ғалым, Абайтанушы Қ. Мұхаметханов 1995 жылы жарық көрген «Абай энциклопедиясында» бұл тұжырымды

дамытып, мынадай тың дерек келтіреді: «Абайдың көзі тірісінде, оны оқырман қауымға таныстырған адам – Ә. Бөкейханов...» [5, 166].

Бұл пікірді дамытып одан ары тарқату үшін, ерекше жаңа мәліметті белгілі Әлихантанушы-ғалым Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлының келтірген дерегіндегі «Ә. Бөкейханов. Шығармаларының толық жинағының» I томында жазылған «Абайтану бір хаттан бастау алды» деген қысқа ғана мақаласынан табамыз. Зерттеуші Абайтанудың бастауы туралы мынадай дәйек келтіреді: «...Қазіргі абайтанудың шыңы – М. Әуезов пен оның «Абай жолы» трилогиясы болса, абайтанудың басталар бұлағы... Ә. Бөкейхановтың бір хаты болатын. Ия-ия, қазақ әдебиетінің бүгінгі жеке саласы – Абайтану – өзіне Абай дүние салды деген қаралы хабар жетісімен, Алаш серкесінің Омбыдан марқұмның балаларына жолдаған жалғыз хатынан бастау алды. Ұлы ақын мезгілсіз қайтыс болған 1904 жылға дейін Әлихан оның шығармашылығына бір-екі мақаласында тиіп-қашты болса да тоқталып өтеді. Бірақ әлгі хатынан кейін ол Абай шығармаларын жинап бастауы мен зерттеу ісін мықтап қолына алады... Осылайша, жоғарыдағы ғалымдардың айтқан уәждері мен пікірлеріне сүйенсек, данышпан ақын Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығының алғашқы зерттеушісі – Ә. Бөкейханов екендігіне көз жеткіземіз. Қазақтың тұңғыш абайтанушысы Алаш көсемі ақынды көзі тірісінде оқырман қауымға таныстырып қана қоймай, дүние салғаннан кейін де мұрасына аса ерекше көңіл бөледі. Оған нақты дәлел мен мәлімет ретінде Ә. Бөкейханов Абай дүние салғаннан кейін арада 1 жыл уақыт өткен соң 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарық көрген «Абай (Ибрагимъ) Қунанбаевъ» атты мүнәһибін (некролог) айта аламыз. Ә. Бөкейханов бұл қазанамасы орыс тілінде жазылды. Зерттеуші бұл еңбегін жазғанда екі мақсатты көздегенін көреміз: оның біріншісі – ақынның әруағына тағзым ету болса, екіншісі – Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметті дүйім жұртшылыққа жеткізу. Осы мақсаттарға жету үшін Ә. Бөкейханов Абайдың дүниеге келуі мен шыққан тегі, өз жұрты мен нағашы жұрты, балалық шағы, қоғамдық қызметі, алғашқы өлеңдері, аудармашылығы жайлы маңызды деректер келтіреді. Көріп отырғанымыздай, Ә. Бөкейханов Құнанбайдың қайраткерлігін аса жоғары бағалады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан түсінгеніміз, Ә. Бөкейханов Абай поэзиясына ерекше назар аударды. Оның өлеңдеріне тамсанып, қызығып қана қоймай, оны дүйім жұртқа жеткізді. Қоғамның сан түрлі кемшіліктерін түзетуге жиі пайдаланды. Осылайша, Абайдың «...көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» деген өсиетін орындады. Қысқасын айтқанда, Абай Ә. Бөкейхановтың тірегіне айналды. Міне, сол Ә. Бөкейханов пен



Абайдың рухани үндестігінен болашаққа бастар үлкен даңғыл жол ашылды. Ол жол – өз іргесін осы рухани сабақтастық арқылы қалаған Абайтану ілімі еді.

Ә.Бөкейхановтың мақаласынан кейін, 1913 жылы яғни сегіз жыл өткен соң Алаштың тағы бір көрнекті тұлғасы А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы жарық көрген еді. Бұл мақалада Абай мұрасы бұрынғы жарыққа шыққан еңбектерден кеңірек зерделенген. Ақын шығармашылығының негізгі үш қайнарының бағыты сөз болатын бұл зерттеу абайтану ғылымындағы бір белес болып саналады. Онда: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын есімі Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп бірден тұжырым айтады. Алаш арысының ғылыми-шығармашылық мұрасында Абайдың алар орны бөлек.

Одан кейінірек 1918 жылдан жарық көре бастаған «Абай» журналында Ж.Аймауытовтың «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» және сол журналдың мақсат-міндеттерін түсіндіруге арналған «Журнал туралы» үш мақаласы жарық көрді.

Ж.Аймауытовтың «Абайдың өнері һәм қызметі» деп аталатын еңбегінде «Көкірегіндегі асыл қазынаны барлық ырғағымен, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі» деп баға береді. Сонымен қатар, ол өзінің еңбегінде Абайдың ақындық өнері әр тараулы, сегіз қырлы екендігін былай санамалап көрсетеді: «мінез түзететіндік, яғни ахлақ; тереңнен толғайтындық, яғни пәлсапа; сыншылдық, яғни критика; суретшілдік, яғни художественность; жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық, яғни лирика; ащы тілдік, ызалықпен күлетіндік, яғни сатира және керемет переводшиктік, яғни аудармашылық» [6, 130]. Бір сөзбен айтқанда, аталған мақаласында Абайдың пайдасыз сөзі жоқ екенін дәлелдейді.

А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, І.Жансүгіров – Абайдың шығармаларын тануда ұлттық, халықтық, эстетикалық таза талғаммен ешқашан мәнін жоймайтын бағалы байламдар жасай алды. М.Дулатов та Абайдың қазақ халқы тарихындағы мәртебелі орнын басқа елдер әдебиетімен сабақтастыра алып қарап, дәл тауып, дұрыс бағалап берді. Ол келешек заманда ұлы ақынның атақ-абыройы, мерей-даңқы өсіп, жаңа буынмен емірене табысатынын ерекше әулиелікпен көре білген.

Жоғарыдағы Алаш қайраткерлерінің пікіріне сүйенсек, Абай шығармаларындағы сарын-әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттай білген. Әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қалмагер, қоғамдық-



әлеуметтік іске жанын салып араласқан Алаш қайраткерлері өмірлік мақсатының биік нысанасы, тапжылмас темірқазығы – туған халқының бостандығы, өзін-өзі билеуі, отаршылдық езгіден құтылу болды, қуғын-сүргін көрсе де осы жолдан тайған жоқ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан мақаласы, 2020
2. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим Құнанбаев) (Ғұмырнаманың алғы сөзі Т. Жұртбайдікі). (1905) // «Жұлдыз» журн. – № 9. – 1991. – Б. 110–114.
3. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. (1913). // Шығармалары. – Дулатов М. Абай (1904). Ибраһим ибн Құнанбаев (1908) // Бір томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы : «Ана тілі», 2010, 171-172 б.
4. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. // Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: «Мектеп баспасы» ЖАҚ, 2003. – 392 б.
5. Бөкейханов Ә. (1866-1937). Шығармалары-5-т./ Ә.Бөкейханов – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018.
6. Аймауытов Ж. Абайдың өнері һәм қызметі. Абайдан соңғы ақындар, Журнал туралы. // Алты томдық шығармалар жинағы. – Т. 6. – Алматы : «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

## **АБАЙ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ**

Абай мұрасы – тұтас өркениет қазынасы. Абай халықтық қана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарды тереңнен қаузап, қозғаған ғаламдық феномен. Ол адам танымының жаңа бір тың белеске көтерілуіне жол ашқан философ. Абай шығармашылығы бір ғана бағытты емес, жан-жақты, мол салалы, кең арналы. Сондықтан да, Абай шығармашылығынан күллі адамзатқа ортақ тақырыптардың баршасы табылады. Бірақ, Абайдың телегей теңіз мол мұрасының шыңырау тереңіне бойлау үшін бізге ең әуелі Абайдың қазақ қоғамына еткен әсері мен ұлт пайдасы жолында жасаған еңбегін танып, білу шарт.

Абай шығармашылығы қазақ қоғамына, ұлт әдебиетіне әуелден-ақ жаңалық боп енді. Бұл жөнінде ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегінде: «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» [1] – дейді. Ал Ж. Аймауытұлы мен М. Әуезовтың «Екеу» деген атпен жазған «Абайдың өмірі һәм қызметі» мақаласында ұлы ақын жайында: «Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды» [2] делінеді.

Қазақ қоғамы мен әдебиетіне тап Абайдай әсер еткен адам болған жоқ. Ол өз кезіңінде шығармашылығымен ақындықтың биік үлгісін көрсетіп қана қоймай, қазақ арасында бұрын сонды болмаған жазба әдебиеттің мектебін қалыптастырды. Сондай-ақ, айналасындағы түрлі өнер иелерінің басын біріктіріп, олардың дамуына еңбек сіңірді. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінің тарихында «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың ақындық мектебі», «Абайдың ақын шәкірттері» деген ұғымдар қалыптасты.

Абайдың ақындық айналасы мен оның қоғамға еткен әсері, ықпалы жайында зерттеулер ХХ ғасырдың басында-ақ жазылды. Мәселен, 1918 жылы жазылған «Екеудің» (Ж.Аймауытов пен М.Әуезов) «Абайдың өмірі һәм қызметі» деген мақаласында Абайдың дәстүрі мен оның мұрагерлері жайында біршама құнды пікірлер айтылған. Ал «Екеудің» «Абайдан соңғы ақындар» деген

екінші мақаласы Абайдың мектебі мен дәстүрі жайында жазылған тырнақалды ғылыми дүние болып саналады.

Абайтанудың негізін қалаған М.Әуезов Абайдың айналасын, ақындық ортасын «ақынның өзі алған нәрі» және «өзгеге берген нәрі» деп екі салаға жіктейді. Ақынның өзі алған нәрі дегенде біз Абайдың үш бірдей үлкен арнадан сусындағанын ұмытпауымыз керек. Олар: қазақтың төл әдебиеті, шығыс әдебиеті және батыс әдебиеті.

Әр адамның қалыптасуында өз туған елінің рухани мұрасы қаншалықты мол әсер ететінін ескерсек Абайдың ақындық кемелденуі деген мәселеде біз де төл әдебиетке соншалық ден қоймай өте алмаймыз. Халық ауыз әдебиеті Абайдың ақын болып қалыптасуында сусындаған негізгі қайнар көзі. Әсіресе, өзінен бұрынғы ақындардың Абайдың ақын болып қалыптасуындағы орны айрықша. Атап айтқанда, Абай жасынан жырларына қанып өскен Бұхар жырау, Шортанбай мен өзі жүзбе-жүз кездескен Дулат, Сабырбай, Жанак, Шөже, Балта, Байкөкше, Біржан сал сынды халық өнерпаздарының шығармаларынан Абайдың ақындық өсу жолын бөліп қарай алмаймыз. Бұл жөнінде академик С. Қирабаев: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындылығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты. Сондықтан, ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен (атақты би болғанын еске алыңыз!), аты белгілі (өзі атайтын Бұқар, Дулат, Шортанбай) ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті» [3, 14], – деп пікір айтқан.

Қазақтың төл әдебиетінен кейін Абайдың нәр алған негізгі бұлақтары ол шығыс және батыс әдебиеті. Семейдегі Ахмет Риза медресесінен білім алып, Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз сынды шығыс шайырларының өлеңдеріне қанып өскен Абайды шығыстық әдебиеттің үлгілерін мол біліп, таныды деп толық айта аламыз. Александр Пушкин мен Михаил Лермонтовтың өлеңдерін қазақшаға аударып, батыстық айшықты меңгере өз өлеңдерін де сол үлгіде жазуы Абайдың батыс әдебиетімен жіті танысып шыққандығын білдіреді. Осы үш үлкен арна Абайдың нәр алған негізгі қайнар көздері.

Ал Абайдың «өзгеге берген нәрі» ол Абайдың тікелей ұстаздығына қатысты. Абайдың ұстаздығы жайында М.Әуезов: «Абай өзі үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын болып өсер ақынды

тәрбиеледі» [4] – дейді. Демек, Абай өзі нәр алған рухани бұлақ көздерін игеріп, ой безбеніне сала саралап, дұрысты танумен шектеліп қана қоймай шәкірттер даярлап, әдебиетте жаңа, тың жол салды. Яғни, Абай қазақ әдебиеті тарихында алғаш ақындық мектептің іргетасын қалады.

Бұл жайында «Екеудің» «Абайдың өмірі һәм қызметі» мақаласында: «Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды... Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады» [2] – дейді.

Дегенмен, әдебиет тарихында «Абай мектебі» деген ұғым нақты, дәл мағынаға ие бола қойған жоқ. Бұл ұғым қазірге дейін әдебиетте екі мағынада қарастырылып келеді. Біріншісі – кең мағына, яғни Абайдан кейінгі қазақ поэзиясының өкілдері өлеңде Абай жолын ұстанып келеді. Демек, біріншісі - поэзия жолындағы шәкірттері. Екіншісі – мектеп ұғымы. Бұл тар, әрі нақты мағынада. Бұл Абайдың алдын көріп, өзімен күнбе-күнгі қарым-қатынаста болып тәлім алған шәкірттері жайында айтылады. Әдебиет тарихында осы екі ұғым қатар қолданылып, бірге жасасып келеді. Дегенмен, бұл жөнінде М.Әуезовтің: «Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деп белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болады» [5] – деген анықтамасы бар. Демек, Абай мектебінің шәкірттері деп біз Абайдың өзінің айналысында болып, көзін көріп, тәлімін алғандарды айта аламыз.

Мұхтар Әуезов «Абай шәкірттері туралы» мақаласында: «Абайдың өзі тірісінде, оның айналасына жинаған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын жинаушылар, әнші ақындар емес, орыс мәдениетін білуге талпынған жай көзі ашық жастар аз емес еді. Бұлар әр буыннан шыққан болатын. Іштерінде жас шағынан Абайға тетелес: Көкбай, Мұқа сияқтылардан бастап, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия және інісі Кәкітай сияқты көп адамдар болды» [6], – дейді. Ал, Абайдың айналасындағы адамдарға ұстаздығы жайында: «Ол – осы шәкірт ақындардың еңбек үлгілерінен айқындап көріне түсетін, Абайдың өзіндік ерекшелігі болады. Өзге ақындар «шәкірт» деп аталған соң, Абай әрине олардың басшысы – ұстаз ақын болмаққа керек. Әрбір әдебиеттік мектеп осындай аға мен іні ақындарының екі буынынан құралатын

болса, ең алдымен сол әдебиеттік мектепте басшы ақынның бағыты, өзгеше идеялары, өз халқының әдебиет тарихына кіргізген анық тарихтық, көркемдік жаңалықтары – қысқасын айтқанда, барлық қасиеттері, әралуан түрде бой көрсететін болады» [6] – дейді. Дегенмен, Абай мектебі өз дәуірінде батыстық мектептер секілді үлкен де ордалы мектепке айнала алмады. Бұл жөнінде М.Әуезов: «Әрине, қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді» [7], – дейді.

Абай айналасы өнерпаздарға толы болды. Онда өлеңшілер де, күйшілер де, ертегі-әңгімешілер де болды. Бұларды толығымен Абай мектебінің шәкірттері деп атай аламыз ба? Қазіргі Абай мектебі жайындағы мәселеде осындай да сұрақ бар. Осы жайларды ескере отырып қазіргі таңда Абайдың айналасын шартты түрде екі топқа бөлу бар. Біріншісі – Абайдың ақын шәкірттері, екіншісі – Абай айналасындағы өнерпаздар.

Абайдың ақындық мектебі мәселесін ең алғаш М. Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты зерттеу еңбегінде саралап жазды: «Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақын төртеу, оның екеуі – Ақылбай, Мағауия Абайдың өз балалары, қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері» [8]. Абай айналасындағы өзгелерден бұл төртеуін бөліп алып, толық мағынадағы шәкірттері деп атауын М.Әуезов: «Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір себеп: бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады.

Және бір ерекшелік, бұның төртеуі де әңгімелі жырлар жазады. Әдеби мектеп деген ақынның өзі алған түр, өзі жырлаған тақырыпты ғана тебіндей беруде емес, сол басшы ақын берген екпін, бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздей өсуде. Ұстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды тереңдеп үңгіп, бірталай өріске апарып тастауда» [8] – деп түсіндіреді.

Абай өз шәкірттеріне түрлі тапсырмалар беру арқылы олардың шеберлігін шыңдауға күш салды. Мәселен, Ақылбай мен Мағауия Абай тапсырмасы негізінде романтикалық поэмалар жазды. Ал

Көкбай мен Шәкәрім Абайдың тапсыруымен тарихи жырлар жазды.

Абай шәкірттерінің ішінде Шәкәрім есімі айрықша айтылады. Себебі, Шәкәрім Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырумен қатар Абайдың терең философияға негізделген «Толық адам» ілімін «Ар ғылымына» ұштастыра дамытты. Дегенмен, Шәкәрім есімі кеңестік қатаң цензура салдарынан көп аталмады. Тіпті, Абай шәкірттерін зерттеуші Қайым Мұхамедханұлының кейбір еңбектеріне де Шәкәрім есімі енбей қалды.

Абай айналасындағылардың ішінде ең таланттысы болған ақынның және бір шәкірті – Абайдың өз ұлы Ақылбай. Ол «Дағыстан» («Кәрі Жүсіп»), «Зұлыс», «Жарақ батыр» атты поэмалар жазды. Ақылбайға Абайдың ықпалы мол болды. Нәтижесінде ол орыс ақындарының шығармаларын өз бетінше оқыды. Ақылбай 1904 жылы Семейде Абайдың қырқын берген күні қайтыс болады.

Әдебиет тарихында Абайдың ақындық дәстүрін бойына мол сіңірген шәкірті ретінде Мағауия айтылады. Мағауия әкесінің өлең жазудағы шеберлігін меңгерген. Ол әке ақылының арқасында «Еңлік-Кебек», «Абылай», «Медғат-Қасым» сынды бірнеше поэма жазады. Абайдың және бір шәкірті Көкбай. Абайдың шығармаларына шәкірттерінің ішінен тек Көкбай есімі енген. Көкбай да өз ұзтазына ең көп өлең жолдарын арнаған. Бұл төртеуі де Абайдың өзінен тәлім алған, тәрбиесінде болған шәкірттері.

Бірақ Абайдың ықпалы өз айналасына ғана емес, өзінен кейінгілерге де үлкен әсер етті. М.Әуезов «Абай ақынның төңкіріс алдында, не төңкірестен бергі қазақ ақындарына еткен әсері» деген тезисінде Абай дәстүрін жалғастырушылар ретінде XX ғасыр басындағы ояну дәуіріндегі әдебиет өкілдеріне де сілтеме жасаған. Демек, Абайдан кейін туып Абай дәстүрін жалғаушылар да белгілі бір дәрежеде Абайдың шәкірттері.

Қазірде Абайдың ақындық мектебіндегі Абайдың ұстаздық еңбектеріне, үлгі-өнегелеріне мынадай дүниелер жатқызылып жүр: «әдебиет тарихында жаңа, тың идеялық-көркемдік бағыт қалыптастыру, рухани бұлақ көздерінен алынған сюжеттер негізінде шәкірттеріне тарихи, реалистік және романтикалық эпикалық шығармалар жаздыру, мораль философиясын, толық адам ілімін адам тәрбиелеудің рухани құралы ретінде ұсыну, сөз өнерін ұлт, адамзат мүддесі жолындағы әділеттің күрес құралы ету» [4].

Абай шығармашылығы адамзат үшін рухани қуаттың,

кемелдіктің қайнары іспетті. Ал Абай дәстүрін жалғау сол қайнардың сарқылмай сақталуы үшін жасалатын абарыйлы іс. Сондықтан ұлы Абай мұраларын әлі де зерттеп, зерделей түсу қажет.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. <https://tilalemi.kz/article/3073-.html>
2. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/ekeu-abaidyn-omiri-ham-quzmeti\\_\\_19164](https://adebiportal.kz/kz/news/view/ekeu-abaidyn-omiri-ham-quzmeti__19164)
3. Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. / Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 336 б.
4. <https://wikidalka.ru/3-111229.html>
5. [https://www.dk.kz/ref\\_2984](https://www.dk.kz/ref_2984)
6. [https://semeylib.kz/?page\\_id=1018](https://semeylib.kz/?page_id=1018)
7. <https://abai.kz/post/7848>
8. <https://abaialemi.kz/post/view?id=681>
9. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
10. Мұхамедханов Ғ. Абайдың ақындық мектебі. Канд. диссерт. – Алматы, 1950.
11. Екеу. Абайдан соңғы ақындар. // Абай, 1918, №5. Б. 1-6.
12. Ысқақұлы Д. Сын талқы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 416 б.
13. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. / Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
14. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993, – 224 б.
15. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995, – 208 б.

**АБДЫБАЕВА А.Б.**

Қазақ ұлттық қыздар  
педагогикалық университетінің  
2-курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі:  
Бегманова Б.С.,  
қау. профессор, ф.ғ.к.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ АБАЙ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

Абай – қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз. Ол өзінің бойындағы бүкіл ілім-білімін, қуат-күшін, ой-өрісін қараңғылықпен күресуге жұмсаған ұлы адам. Абай бұл ұзақ күрсете ешкімнің көмегінсіз-ақ мыңмен жалғыз алысқан ағартушы. Оның бұл күрестегі мақсаты, халқының жүрегіне сәуле жағу, қараңғылық қапасынан алып шығу еді. Ұлы ақынның бұл азапты күрес жолындағы жарық іздеген жолы көзі тірісінде өз мәресіне жетпесе де, түптің-түбінде Абай көздеген мұрат, жетістікке жеткені сөзсіз. Абай жаққан сол сәуле әлі күнге дейін көптеген адамдардың санасында, жаны мен жүрегінде жанып тұр. Қазіргі уақытта Абай мұрасын зерттеушілер, жалғастырушылар, тіпті, оған еліктеушілер де көп. Бәрінің көздегені бір мақсат – Абай жаққан сәулені сөндіріп алмау.

Қазақ лирикасындағы бір ағымды Абай тенденциясы деп бөліп қарастыруымызға болады. Ал тенденция терминінің аясына тоқталатын болсақ, латын тілінен аударғанда *tendere* – бағыттаимын, ұмтыламын деген мағынаны береді. Яғни, қаламгерге құштарлық, қаламгердің көзқарасына немесе іс-әрекетіне бағыттылық, ұмтылыс. Қандай да бір құбылыстың даму барысындағы белгілі бір бағыт, біреуге танылатын идея, ой [1, 344].

Абай жаққан жарық сәулені сөндіріп алмау үшін күресіп жүрген қазіргі қазақ ақындарының бірі – Темірхан Медетбек. Ол қазіргі заман мен адамның тоғышар болып бара жатқандығын айтып, адам бойындағы рухани отты сөндіріп алмау оңай іс емес екендігін мойындайды. Ал оның шешімі тек бір ғана арна аясына тоғыстырады. Ол күрес, яғни, рухани күрес.

Күрескер ақын Темірхан Медетбек Абай мұрасын зерттеу жолында аянбай еңбек етуде. Ол ақын өлеңдерінің мәніне баса назар аударып, ол өмір сүрген заманның келелі мәселелері оның шығармашылығында қалай көрініс тапқандығы жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Абай өмір сүрген заманның көрінісін көрсете отырып, сол замандағы ойшыл Абайдың күрескерлік бейнесін танытады.

Поэзияға Абай алып келген жаңа леп, одан кейінгі ақындарға



үлкен мұра ретінде қалды. Олар Абайша жазуға, Абайша дана, мәшһүр болуға ұмтылды. Сол секілді Абай әлемін зерттеп жүрген, ол туралы кесек-кесек дүниелер жазып жүрген Темірхан Медетбек те өзінің лирикалық шығармаларында Абай тудырған жаңа лепті шебер қолдана білді.

Темірхан Медетбек – трансформатор ақын. Ол ескі мен жаңаның арақатынасын өзінің поэзиялық туындыларында шебер үйлестіріп жүрген талант. Оған ақынның «Көк түріктер» сарыны атты жыр жинағы айқын дәлел. Ол Тоныкөкше, Бұқарша, Махамбетше, Абайша қазіргі заманның мәселелерін өзінің табиғи болмыс-бітімімен үйлестіріп жырлап жүрген ақын.

Темірхан Медетбек те Абай секілді өлеңді үлкен мәнге ие қасиет деп білген. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы,-

деп өлеңді құдіретті патшаға теңесе, сол өлең жолында дүние қарбаласына түсіп жүрген Темірхан Медетбек:

Миллион рет күніне,

Қайғыға, мұңға түсірген.

Тыңышыңды алам, дүние,

Бір ғана өлең үшін мен! –

деп, Абай патша деп таныған өлең жолында үздіксіз ізденістер ізінде жүргенін аңғартады.

Ел қамын ғұмырының соңына дейін ойлаған хакім Абай, оның болашағын әрқашан уайымдаған:

Ішкені мас, жеген тоқ

Уайым айтар біреу жоқ,-

деп күйнеді, қапаланады, уайымға батады. Абайдың «уайым аз, үміт көп» деп қорқатыны сондықтан. Сол себепті де Абай уайымсыз үмітті – қажырсыз үміт деп ұққан:

Үміттің аты елеріп,

Қос тізгінді созбайды.

Қос тепкіні салсаң да,

Уайымнан озбайды.

Ал өз жанын магнитке теңеген Темірхан Медетбек, халықтың мұң-қайғысын жүрегіне магнитше тартатынын айтады:

Әлемнің күйін,

Әнін де,

қайғысын,

мұның,

тілегін... –

тартады бәрін, бәрін де

магнитті алқап – жүрегім!-

деп ішкі уайымын жырға қосқан Темірхан Медетбек, халық қамының барлаушысы сияқты, соның сырын атқарушы, құпиясына

жол салушы. Алайда Абай адам баласының ылғи да уайымның тұманына тұмшаланып, уайымның қараңғылығына батып отыру мүмкін емес екенін ұққан. Бірақ хакім уайымды адам жанын үгітер дертті қасиет деп емес, қайта, уайымсыздықты дертті қасиет деп ұғады.

Темірхан Медетбек «Қазақ қасіреті – Абай қасіреті» атты мақаласында хакім өмірінің соңына дейін отаршылдықтың кесірінен халықтың бойына тарап кеткен надандықпен күрескендігін айтады. Надандық жайлап алған адамды қайырым дегенді білмейтін, қаны қатып қалған қатыгез, мейірім дегенді сезбейтін тасжүрек деп біледі:

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,  
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іште мұзын.

Абай бір ғана надандықты мысалға ала отырып-ақ, сол уақыттағы қазақ өлкесінде белең алып жатқан жайттардан хабар берген. Ол надандықты тек хат танымау деп қана емес, пенденің құдайдан қорықпауы, иманының жоғалуы деп санаған.

Темірхан Медетбек «Қазақ қасіреті – Абай қасіреті» деген мақаласында Абай өмір сүрген кезенді қазақ халқына отаршылдық басқарудың толықтай еңіп кеткен дәуір деп атаған. Бұл уақытта халықты бұғау кісенінен босату, қарудың күшімен шешілмейтін еді. Халықтың бұл ауыр жағдайын көзбен көріп, ой елегінен өткізіп отырған дана Абай, мәңгірттеніп бара жатқан қазақты жарық жолға сілтеудің бір ғана шешімі бар деп тапты. Ол шешім – білім алу, өзге ұлттың мәдениетін үйрену, орыстың алдында өз құқығыңды қорғау үшін орыс тілін меңгеру. Абай ақ деп тапқан бұл жолды халыққа өзінің өлеңдері арқылы насихаттады.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін халық басындағы мәселелер сейілген жоқ. Қаншама жылдар орыстың отаршылдығында болған халықта «әттең-ай» дейтін сарқыншақтар қалған еді. Ол – тіл мәселесі. Осы мәселені жырлап жүрген ақындардың бірі – Темірхан Медетбек. Ол да Абай секілді өз тілің білмегендерді, оны сыйламайтындарды наданға теңейді:

Өз тіліңді өзін  
Білмегенін үшін  
Жерге кіріп кетудің орнына,  
Қорлайсың!  
Әруақ болса –  
Екі дүниеде де оңбайсың.  
Тілімді білмейсің ғой!

Туған тілінің төмендеп тұрғанына ақын жаны зар жылайды, тілдің жойылуы – ұлттың жойылуы екенін жақсы түсінетін

ержүрек акын ұлтын, тілін, дінін ұмытқан опасыз жандарға ашу-ызасын жеткізеді.

Ұлы Абай – қазақ поэзиясындағы алып бәйтерек. Оның жайған тамырлары кең өріс, жаңа белестерге бастайды. Абайдың тамырынан нәр алып, поэзия арнасын тасқындатып жүргендер көп. Абай бастаған бастама әлі күнге дейін өз жалғасын табуда. Абай жазып кеткен сөздер әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймауда.

Абай әлеміне ұмтылып жүрген Темірхан Медетбек те хакім шығармашылығымен рухани толысып жүр. Ол Абайды қазақтың қайғысы мен қасіретін көтерген алып Қартауға теңейді. Абайдың қасіретін бүгінгі ұрпақ қаншалықты жеңілдетіп жүр? Осы сұрақ ақынды қатты ойландырады. Ол хакімнің қасіретін жеңілдету, қазақтың қасіретін жеңілдету деп түсінеді. Сол себепті де акын поэзиясында көтеріліп жүрген ұлттық мәселелер бірінші орында халқының қамы үшін екендігі сөзсіз. Ол осындай ұлы адамның ұрпағы болғанына мақтана отырып, ол жаққан сәулені сөндіріп алмағанымызды қалайды. Абайдай болу ешкімнің қолынан келмесі анық. Алайда Абай салған жолды ары қарай жалғасытырып, дамыту жұртым деген әр қазақ баласының қолынан келері анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Биекенов К., Садырова М. «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі» – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
2. Есім Ғ., «Бекзада ақын» - Қазақ әдебиеті 2005. – 11 наурыз, 6-7 б.
3. Жүсіп Н., «Ұлт ұғымын ұштаған» - Астана хабары 2007. – 12 мамыр, 6 б.
4. Медетбек Т. «Қазақ қасіреті – Абай қасіреті» - Астана, 2019. – 6 наурыз.

XIX Әуезов оқулары» аясында өткен  
**«М.О. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ Қ. МҰХАМЕДХАНОВ:  
АБАЙТАНУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ МҰРАТТАРЫ»:**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында  
қабылданған ҰСЫНЫСТАР  
*26 қыркүйек 2023 жыл*

Мұхтар Әуезов пен шәкірті Қайым Мұхамедханов қазақ пен басқа да халықтардың бай мұрасын зерттеп, сақтап қалды. Аралаларындағы достық мен бір-біріне деген қамқорлық, идеяға адалдығы және ғылыми нанымдардың беріктігі мәдениеттің барлық қабаттарын сақтауда халық үшін қайғылы кезеңде шешуші рөл атқарды.

Олар бірқатар ғылымдардың берік іргетасын тұрғызды және жүздеген есімдерді сақтап қалды; көпғасырлық канондық мәтіндерді, фольклорды қалпына келтірді, Абайдың алғашқы мұражайын құрды.

М.О. Әуезов пен Қ.Мұхамедхановтың тоғысқан тағдырларыіздің еліміз үшін маңызды болды. Олардың өмірі, еңбегі мен күресі – халыққа қызмет етудің озық үлгісі. «Абай-Алаш», «Әке мен бала – Мұхамедхан мен Қайым», «Ер қазақ», «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым» - ұлт құндылықтарының көрінісі.

Олардың мұрасын орта мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында және ғылыми және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде зерттеу, сондай-ақ зерделеу қажет.

**МИНИСТРЛІКТЕРГЕ, ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР:**

- М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының және басқа да академиялық институттардың зерттеулеріне «Ұстаз бен шәкірт» көп қырлы және жан-жақты тақырыбын енгізу. «Қайымтану» – Абай, Шәкәрім, алашордалықтардың, М.Әуезов пен Қ. Мұхамедхановтың есімдері тарихи және қисынды түрде тоғысқан Қазақстан ғылымының маңызды құрамдас бөлігі.

- Жыл сайын Қайым оқуларын оның ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қызметінің әртүрлі аспектілерін талқылай отырып өткізу.

- Абайтану, алаштану, шәкәрімтану, мұхтартану, қайымтану ғылымдарынан «Ер қазақ», «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым», «Әке мен бала – Мұхамедхан мен Қайым», «Абай-Алаш» идеяларын зерттеу.

- Филология, тарих, психология, педагогика және басқа да ғылымдарда «Ер қазақ», «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым», «Әке мен бала – Мұхамедхан мен Қайым», «Абай-Алаш» идеяларын зерттеу.

- Қазақстан орта мектептеріне, колледждеріне және жоғары оқу орындарына арналған оқу бағдарламалары «Қазақстан тарихы», «Әдебиет: қазақ, орыс, әлем», «Өлкетану», «Психология», «Педагогика», «Шет тілі» және т.б. пәндерді оқытуда аталған тақырыптармен толықтыру.

- «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» ашқан және жариялаған мұрағаттық тарихи құжаттардың (1930-1950 жылдар) негізінде «Абайдың ақын шәкірттері» және «Абай мұрагерлері» еңбектері (Қайымның ғылыми тұжырымдамасында бұл алашордашылар) терең ғылыми түсіндірмелермен жеке академиялық басылыммен лайықты түрде дайындау және жариялау. Қазақ әдебиетіндегі жалғыз мектеп, халықтың мақтанышы мұғалім мен оның оқушысының тағдырына айналды.

- Қ.Мұхамедхановтың абайтану, шәкәрімтану, алаштану, әуезовтану, театр, өлкетану, түрлі халықтардың әдебиеті, оның поэтикалық, аударма және басқа да шығармашылығы бойынша барлық еңбектерін мұқият дайындау және басып шығару да осындай терең көзқарасты талап етеді.

- Қ.Мұхамедхановтың жеке мұрағатының бай материалдарында «Мұрағат кітаптарын» дайындау және басып шығару. Бұл өзі жинаған және түсініктеме берген фотосуреттер мен құжаттар, түрлі кестелердегі қолжазбалар, өзі құрастырған тағы басқа да көптеген еңбектер қазақ халқының мұрасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

- Абай мұражайында Қ. Мұхамедхановтың М. Әуезовтың жетекшілігімен Абайдың тұңғыш әдеби-мемориалдық мұражайын құруға және дамытуға қосқан үлесін көрсету. Бұл ашылуға дайындық, оның 1940 жылдан 1951 жылға дейін қамауға алынғанға дейінгі жұмысы және өмір бойы мұражайға деген адалдығы.

- М.Әуезов мұражайы экспозицияларының мазмұнын «Ұстаз бен шәкірт» тақырыбымен байыту (Құжаттар, фотосуреттер, түсініктемелер және т.б.).

- «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» жариялаған кітаптарды, бейне-таспаларды, Қайым Мұхамедхановтың жеке мұрағатынан алынған мұрағаттық құжаттарды пайдалану.

- «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығына» Қайым Мұхамедхановтың жеке мұрағатын сақтауға және осыған байланысты жұмыстарға, сондай-ақ жарияланымдарды дайындау мен олардың басылымдарында, іс-шараларды өткізуде қолдау көрсету. Олар 20 жыл бойы қоғамның игілігі үшін өз күштерімен орындаған жұмыс мәдениет, білім және ғылым үшін, патриотизмге тәрбиелеу және халқымыздың рухын сақтау үшін қажет болды.

## МАЗМҰНЫ

<b>КЕНЖЕХАН МАТЫЖАНОВ</b> КІРІСПЕ СӨЗ.....	3
<b>ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ</b> АБАЙДЫҢ БІР СӨЗІ ТУРАЛЫ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ БІР АУЫЗ ТҮСІНДІРМЕСІ.....	5
<b>ТҮРСЫН ЖҰРТБАЙ</b> ӘУЕЗОВ – «СТАЛИННИҢ ФАВОРИТІ» ЕМЕС! (М.ӘУЕЗОВКЕ ЖАБЫЛҒАН БІР ЖАЛА ЖАЙЫНДА).....	10
<b>НИЗАМИ МАМЕДОВ</b> О КНИГЕ ДИАРА КУНАЕВА «МУХТАР АУЭЗОВ И ВЗАИМОСВЯЗЬ ЛИТЕРАТУР» И О ДРУГИХ СОПУТСТВУЮЩИХ ВОПРОСАХ ПО ТВОРЧЕСТВУ ВЕЛИКОГО ПИСАТЕЛЯ.....	21
<b>ДИАР КУНАЕВ</b> «ВОПРОСЫ СООТНОШЕНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ И ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОПЛОЩЕНИЯ В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ «ПУТЬ АБАЯ» М.О. АУЭЗОВА».....	28
<b>ДИНА МУХАМЕДХАН</b> ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ТВОРЧЕСКИЙ СОЮЗ УЧИТЕЛЯ И УЧЕНИКА – МУХТАРА АУЭЗОВА И КАЮМАМУХАМЕДХАНОВА ДЛЯ НАУКИ, КУЛЬТУРЫ И ДУХОВНОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	32
<b>ҚАНИПАШ МӘДІБАЕВА</b> ҚАЙЫМТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	39
<b>ГҮЛЗИЯ ПІРӘЛІ</b> М. ӘУЕЗОВ ПЕН Қ. МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ.....	63
<b>ЖАНДОС СМАҒҰЛОВ</b> ҰЛЫЛЫҚ ҰШТАСТЫРҒАН ҰСТАНЫМ.....	75
<b>ЖҰБАЙ ОРЫНАЙ</b> АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ.....	86
<b>НҰРЖАНАТ РАХМАНОВА</b> ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ.....	95

<b>ЖҰБАЙ ОРЫНАЙ</b> ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ (ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ, РАБИҒА СЫЗДЫҚ СЫНДЫ АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	102
<b>НҰРЫШЕВА ГҮЛЖИҒАН</b> МҰХТАР МЕН ҚАЙЫМ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС.....	118
<b>СӘУЛЕ БАЙМЫРЗАҚЫЗЫ</b> М.ӘУЕЗОВТЫҢ «ҚЫР СУРЕТТЕРІ» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУДАҒЫ НАРРАТОРЛЫҚ ӘДІС.....	126
<b>СВЕТЛАНА АНАНЬЕВА</b> ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ДУХОВНОЙ ТРАДИЦИИ: МУХТАР АУЭЗОВ И КАЮМ МУХАМЕДХАНОВ.....	130
<b>ЖАБАЛ ШОЙЫНБЕТ</b> МАХАББАТЫН САТПАҒАН.....	134
<b>ЖАНДОС ӘУБӘКІР</b> ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ.....	137
<b>БЕРЕКЕ ЖҰМАҚАЕВА</b> АБАЙ МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІНДЕГІ «АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	144
<b>БОЛАТ ЖҮНІСБЕКОВ</b> М.О. ӘУЕЗОВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК МҰРАСЫНДАҒЫ АБАЙ РУХЫ.....	151
<b>АҚМАРАЛ СМАҒҰЛОВА</b> ҚАЙЫМТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	170
<b>ЭЛЕАНОРА СЕЙСЕНБИЕВА</b> М.ӘУЕЗОВТИҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ДІНИ ТҮРҒЫДА САРАЛАУЫ.....	175
<b>НАРИМАН НҮРПЕЙІСОВ</b> ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ.....	186
<b>АБДИМОМЫНОВ ЕИЛБЕК</b> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ СИПАТЫ.....	193
<b>МҰҚАТАЕВА САЛТАНАТ</b> М. ӘУЕЗОВ МҰРАЖАЙ-ҮЙІНІҢ РЕЖКСПОЗИЦИЯСЫ.....	201

<b>МАРЖАН ШАГИМОЛДИНА</b> ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ.....	214
<b>ГАЙСИНА БАТИХА</b> ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ: ҰРПАҚ ТАҒЗЫМЫ.....	218
<b>МУСИНА КҮЛШАТ</b> АЛАШТАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ.....	221
<b>АЙДАНА МҰРАТҚЫЗЫ</b> МҰХТАР ӘУЕЗОВ ДРАМАТУРГИЯСЫ: ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДА АЗ САХНАЛАНҒАН ПЬЕСАЛАРЫ.....	226
<b>НҮРГҮЛ ӘУБӘКІРОВА, НҮР МАҒАЗБЕКОВ</b> АБАЙДЫ «СӨЗДЕН БОСАТҚАН» АҚЫН (МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА).....	231
<b>ҚҰАТ ҚИЫҚБАЙ</b> БІТІМІ – БІРЕГЕЙ, КЕСКІНІ – КЕСЕК (Қ. Мұхамедхановтың әдеби мұрасы жайында).....	240
<b>АЙЖАН ҚҰРМАНБАЙ</b> КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АВТОР БЕЙНЕСІ (М. ӘУЕЗОВТИҢ «ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ» ӘҢГІМЕСІ НЕГІЗІНДЕ).....	247
<b>ШОЛПАН ӘМІРБАЕВА</b> ҰЛТТЫҚ ПЕЙЗАЖДЫҢ КӨРКЕМДІГІ (М.О. ӘУЕЗОВ ПРОЗАСЫ НЕГІЗІНДЕ).....	256
<b>ОСПАНЖАН СӘУЛЕБЕК</b> АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....	265
<b>ТҮРСЫНБАЙ ЕШІМОВ</b> АБАЙ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ.....	273
<b>АБДЫБАЕВА А.Б.</b> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ АБАЙ ТЕНДЕНЦИЯСЫ.....	279
<b>ҰСЫНЫСТАР.....</b>	283



**Компьютерлік верстка**  
Зикирбаева В.С.

Басуға 9.10.2023 қол қойылды.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Гарнитура «Times New Roman»  
Шартты баспа табағы 23,4.  
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 44